



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Г. Шоқым

ГЕНДЕРЛІК ЛИНГВИСТИКА НЕГІЗДЕРІ



Алматы, 2012

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Г. ШОҚЫМ

ГЕНДЕРЛІК ЛИНГВИСТИКА
НЕГІЗДЕРІ

Оқулық

*Қазақстан Республикасы Білім және
ғылым министрлігі оқулық ретінде бекіткен*

Алматы
2012

УДК 80/81(07)

ББК 81 я7

Ш 77

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық
орталығы бекіткен.*

Пікір жазғандар: **Н. М. Жанпейісова** – филология ғылымдарының докторы,
профессор;

Л. М. Шайкенова – филология ғылымдарының докторы,
профессор;

Ғ. Хасанов – филология ғылымдарының докторы, профессор.

Ш 77 **Шоқым Г.**

Гендерлік лингвистика негіздері. Оқулық / Г. Шоқым –
Алматы: Экономика, 2012. – 190 бет.

ISBN 978-601-225-444-0

Оқулық тіл білімінің жаңа бағыты гендерлік лингвистиканың қалыптасу жолдары мен даму бағыттары, теориялық мәселелері қарастырылады. Тілдің гендерлік жіктелімі әлеуметтік-лингвистикалық, когнитивтік-лингвистикалық және тіл деңгейлеріндегі ерекшеліктері тұрғысынан сипатталады.

Оқулық магистранттар мен студенттерге, оқытушыларға, жалпы ғылыми көпшілік қауымға арналған.

УДК 80/81(07)

ББК 81 я7

ISBN 978-601-225-444-0

© Қазақстан Республикасы Жоғары оқу
орындарының қауымдастығы, 2012.

© Шоқым Г., 2012.

© «Экономика» баспасы» ЖШС, 2012

АЛҒЫ СӨЗ

Гендерлік зерттеулер сапында гендерлік лингвистика – тіл ғылымының жаңадан қалыптасып келе жатқан саласы. Гендерлік лингвистика ғылымы жүйеге түсу үстінде, соның негізінде қазақ тіл білімінің гендерлік бағытын айқындау, сол арқылы қалыптастыру – отандық тіл теориясының бірден-бір қажеттілігі. Бұл үшін алдымен гендерлік лингвистика ғылымының әдіснамалық негізі мен зерттеу әдістемесі мен ұстанымдарын анықтау шарт.

Әйелдер мен ерлердің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени мәртебесін, гендерлік рөлдері мен гендерлік қарым-қатынасын зерттеу – уақыт талабы. Біріккен Ұлттар Ұйымы ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту үшінші мыңжылдықтағы адамзат дамуының негізгі мақсаттары ретінде айқындады. Қазақстан Республикасы Президенті жанынан Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның құрылуы, Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасының қабылдануы және Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясының әзірленуі – соның айғағы.

Тілдің гендерлік жіктелу факторы – әйел тілі мен ер тілі дамуының қозғаушы күші. Тілге құрылымдық талдаулар жасау арқылы гендердің әлемдік тілдер мен мәдениеттерде алатын орнын белгілеп, әйелдер мен ерлердің түрлі қарым-қатынастағы мінез ерекшелігін, гендерлік нормалардың уақыт пен кеңістік шеңберінде өзгеріп отыруын, әйел мен ер жынысын даралайтын тілдік, стильдік белгілер, тілді игерудегі гендердің рөлін, т.б. зерделеуге болады.

Әлемдегі күллі тіл атаулыға байланысты гендерлік сипаттама болатыны анық, бірақ оны түгел қамту мүмкін емес, сондықтан әлемдік лингвистикадағы зерттеулерді жинақтап, гендерлік лингвистиканы салыстыру мен дамыту әрбір ұлт тілі негізіндегі теориялық тұжырымдар арқылы жүзеге аспақ.

Тілдегі гендерлік зерттеулердің мақсаты: гендердің тілде қандай тәсілдермен берілетіндігі, қандай семантикалық салаларда көрініс табатынын айқындау және қандай жағдайда қалай бағаланатынын тілдік белгілерге қарап ажырату. Бұл ретте гендерлік тілдік белгілердің түрлі тілдердегі сипатталу деңгейін анықтаудың мәні зор. Демек гендерлік белгілердің тіл деңгейлеріндегі көрінісін сипаттау, «жыныс» ұғымының концептуалдануын сипаттайтын тілдік тәсілдерді анықтау, «әлемнің гендерлік тілдік бейнесін» (гендерлік концепт, гендерлік

таптаурындар) белгілеу және соларға сәйкес, мәдениетаралық салыстырулар жүргізу гендерлік зерттеулерде өзекті мәселелер қатарында қарастырылады. Тілді гендерлік қырынан зерттеудің аксиологиялық және этномәдени ерекшеліктерін ескере отырып, мәдени доминанттар рөлін танып-білудің де маңызы зор. Мәдени доминанттарды зерттеу (басқа ғылым салаларының мәліметтерін пайдаланса да) алдымен лингвистикалық білімді игеруді қажет етеді (лексикалық, фразеологиялық бірліктерді жинаптеру, сөздіктерден, мақал-мәтелдер жинағынан, көркем әдебиеттен, т.б. қажетті мәтіндер жинау).

Осыған байланысты «Гендерлік лингвистика» пәнін оқытудың қажеттілігі: біріншіден, гендер категориясының пайда болуына негіз болған, соған сәйкес жыныс пен тіл ұғымдарына қатысты туындаған жаңа көзқарастар мен пікірлермен таныс болуға; гендерлік лингвистика теориясына қатысты ұғымдарды түсінуге; екіншіден, жалпы тіл біліміндегі гендерлік зерттеулер мен қазақ тілі біліміндегі гендерлік бағыттың даму жолдарын білуге; үшіншіден, еркек пен әйелге тән қалыптасқан (*еркектік, әйелдік*) және тілде көрініс беретін ерекшеліктерді танып, гендерлік лингвистикалық сипаттама беруге үйретеді.

Оқулық тілдің гендерлік жіктелімінің ғылыми негіздерін түсінуге, оның ұстанымдары мен ұғымдарын білуге, жалпы тіл білімінің теориялық мәселелерін игеруге, қазіргі ғылымдар тоғысын құрайтын көкейтесті мәселелерді анықтауға, қазақ тілі ғылымының жаңа бағыттарын өзара байланыста ұғынуға септігін тигізеді және лингвистика ғылымына қатысты ілімдерді терең, жүйелі меңгеруге ықпал етеді.

1-ТАРАУ.

ГЕНДЕРЛІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Тілдің гендерлік жіктелімін
1-тақырып. зерттеудің жалпы ғылыми
алғышарттары

- 1.1 Гендер ұғымы жөнінде түсінік
1.2 Тіл мен гендер байланысы: философиялық тұжырымдар
1.3 Тілдің гендерлік жіктелімі: мәдени әлеуметтік және тілдік әлеуметтік мәні.

Негізгі ұғымдар

Гендер, жыныс, тілдің гендерлік жіктелімі, әлеуметтік-мәдени жыныс, гендерология, гендерлік қатынастар, гендеризм, гендерлік дисплей, маскулиндік (ерге тән белгілер), фемининдік (әйелге тән белгілер), әлеуметтік құрылымдық теория, стратификациялық категория, бейқұрылымдық талдау, гендерлік стратификация, гендерлік әлеуметтендіру, гендерлік сәйкестендіру, гендерлік рөлдер, гендерлект, жас-жыныс айырмасы.

Жаңа заман лингвистикасы парадигмасы адамды тілдік тұрғыдан жан-жақты танып білуге бағытталған. Тіл адамзаттың дамуы мен жан-жақты жетілуіне әсер етеді. Ол – тұлғаның тілдік ортадағы қарым-қатынасы барысында қалыптасқан, адамның туа біткен қабілеті арқылы жеткен жетістігі. Тіл тек денотативтік (таңбалық) сипатты құрал ғана емес, сонымен бірге коннотативтік құрал. Тілдің әлеуметтік қызметін дамыту – ХХІ ғасыр тіл білімінің бірден-бір сұранысы, уақыт уағызы.

Кейінгі кездерде ғалымдар адамның биологиялық жынысынан гөрі әлеуметтік жыныс мәселелерін сөз етуге бет алды. Мәдениет аясында еркек пен әйелге тән қалыптасқан (*еркектік, әйелдік*) және тілде көрініс беретін мінез-құлық ерекшеліктерін біліп, түюдің мәні зор. Ол жыныс өкілдерінің қоғамдағы әлеуметтік орнымен белгіленеді.

Жынысқа байланысты тілдік жіктелім туралы айтқанда, адамның биологиялық айырмашылығын емес, «мәдени-әлеуметтік құрылымын» танытатын жынысы, яғни **гендер** сөз болмақ.

1.1 Гендер ұғымы жөнінде түсінік

Гендер ұғымы адамның туа біткен жынысымен қатар қоғамда, әлеумет ішінде мәдени институттар (*тіл, отбасы, білім беру*, т.б.) ықпалы нәтижесінде қалыптасатын әлеуметтік-мәдени жынысы тағы бар екендігін білдіреді. **Жыныс** – адамдардың биологиялық айырмашылықты бітімін білдірсе, **гендер** – әйел мен ердің қоғам туғызған әлеуметтік бейнесі. Грамматикалық тек (род) категориясын білдіретін ағылшын термині «**gender**» лингвистикалық контекстен алынып, алдымен басқа ғылым салаларының – әлеуметтік философия, әлеуметтану, тарих және саясаттану ғылымдарының зерттеу нысанына айналды. Кейінірек гендерлік зерттеулер шеңбері кеңейіп, пәнаралық мәртебе алған кезеңде гендер термині тіл біліміне жаңа мағынада енді.

Тұңғыш рет гендер (тек) ұғымын ғылыми тіркеске американдық психоаналитик Роберт Столлер 1968 жылы енгізді, ғалым бұл сөзді өзінің «*Жыныс және гендер*» еңбегінің атына пайдаланды. Жыныс пен гендер арасындағы терминологиялық айырмашылықты нақты айқындап берген Г. Рубин мен Р. Унгердің еңбектері болды.

Gender терминінің өзі лингвистикалық терминологияға кейіннен енді. Сондықтан тіл білімінде *genus, sexus, gender* категориялары айқын ажыратыла бермейді. Бұл категориялар тілдегі жыныс мәселесін зерттеудің тарихи ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

«Ағылшын термині *гендер (gender)* бекітілді, көптомдық сөздіктерде, өзге де қазақ сөздіктерінде аударылмаған да түсіндірілмеген, бірақ оның қазақша баламасы жыныс екені даусыз. Сырт көзге әр қилы мәтінде бұл балама гендерге барабар бола бермейтін сияқты көрінуі мүмкін. Бір қарағанда, солай. Ал, байыбына барсақ, гендер сөзінің әрқилы ғылым саласындағы әлеуметтік жүктемесіне сай, оның қазақша баламасы жыныс сөзін де екі мағынада қолдануға болады:

1) биологиялық, яғни жалпы мағынасы. Жыныс деген – еркек пен әйел арасындағы анатомиялық айырманы білдіретін термин. Биологиялық жыныс екеу, ол – еркек пен ұрғашы;

2) әлеуметтік мағына. Бұл жерде *жыныс* термині әлеуметтік топқа тән құрылым екенін ескеріп, «*әлеуметтік жыныс*» деп атағанды жөн көрдік. Тегінде бұл өзі анатомиялық жыныс ұғымынан өрбіген,

бірақ оған сәйкес келмейтін, әлеуметтік-мәдени құрылым (орысшасы: социально-культурная конструкция)» [Хасанұлы 2005, 16 б.].

Гендер термині лингвистикалық әдебиеттерде жүйелі түрде қолданыла бермейді. Гендерлік ерекшеліктерді зерттеуші ғалымдардың көпшілігі *жыныс (пол /sexus)* сөзін пайдаланса, ағылшын тіліндегі еңбектерде екі термин де қатар жұмсалады. Кейде *гендер* термині мен *жыныс* сөзі қосарлана беріледі. Мұның бәрі гендерлік зерттеулерде терминдік түсініктердің шатасуына әкеп соғады:

1. Қоғамның жыныстық жіктеліміне байланысты жазылған еңбектердің бірталайы гендер термині шыққанға дейін жарық көрген. Сондықтан ол зерттеулерде *sex, sexus* сөздерін пайдалану орын алған. Тіпті жыныстар арасындағы қоғамдық әрекеттестік жайы да аталған ұғымдарға сүйеніп түсіндірілген.

2. *Гендер* термині ағылшын тілді ортада пайда болғандықтан, сол тілдегі грамматикалық тек (род) категориясын білдіретін гендер сөзімен омонимдес. Мұның өзі кей реттерде, әсіресе, лингвистикалық талдауларда түсінбестік тудырады.

3. Бірқатар зерттеушілер жыныстың мәдениәлеуметтік рөлі туралы айта отырып, әлі де болса *sex bias, sex role, sex difference*, т.б. терминдерін ұстанады. Ағылшын тіліндегі еңбектердің көпшілігінде екі термин жарыса қолданылып келеді. Керісінше, кейбір зерттеулерде *жыныс (пол/sexus)* сөзін жаңа терминмен ауыстырып беру үрдісі байқалады. Бұл гендер термині пайда болған тұста жарияланған еңбектерде кездеседі.

4. Терминдік түсінбестіктердің туындауының тағы бір себебі: зерттеу еңбектердің қай тілде жазылып, қай тілден аударылғанына да байланысты. Мәселен, неміс тілінде *gender* ұғымымен қатарласа қолданылатын *Geschlecht, das soziale Geschlecht* тәрізді аталымдар бар. Ал ағылшын тілінен орыс тіліне аударылып жатқан еңбектерде *sex gender* (ағыл.) мен *секпол* (орыс.) ескеріле бермейді. Екінші жағынан, батыс елдерінің бірқатарында жыныс мағынасындағы *sex* сөзін ығыстырып, орнына *гендер* терминін (ғылыми дискурстан тыс) қолданып саяси түзетулер жасап отырады.

5. Термин таңдауда автордың көзқарасының да өзіндік орны бар. Ерлер мен әйелдер тіліне тән ерекшеліктердің болу себептерін адамның физиологиялық және психологиялық табиғатымен байланыстыра қарайтын биодетерминизм бағытының өкілдері

дәстүрлі атауды (*жыныс*) сақтап қалуды мақсат тұтады. Дей тұрса да, олардың еңбектерінен *гендер* терминін кездестіруге болады.

6. Орыс тіл білімінде *гендер*, *жыныс*, *элеуметтік* (*мәдени-гендерлік*) *жыныс*, *жыныстық диморфизм*, *жыныстық жіктелім*, *адамның биоэлеуметтік* (*биомәдени*) *мінездемесі* терминдері қолданылып келеді.

Алайда *гендер* терминінен гөрі туынды сөздер (*гендерлік зерттеулер*, *гендерлік қатынастар*, *гендерлік жіктелім*, *гендеристер*, *гендерология*) жиі қолданысқа түскен. Осыған ұқсас жайт: неміс тіліндегі еңбектерде *гендер* терминімен зерттеудің жалпы бағытын атаса, қалған жағдайларда *жыныс* ұғымы пайдаланылады. Зерттеушілердің пікірінше, орыс тілінде *жыныс* сөзінің мән-мәтіндік мағынасынан оның қандай мәнде (биологиялық әлде элеуметтік) жұмсалып тұрғандығын ажыратуға болатындықтан, кірме сөз *гендермен* қатарласа қолданыла береді [Словарь гендерных терминов 2002, 24, 25 бб.].

Қазақ тіл білімінде гендерлік факторлар бұрыннан да назарға іліккен, бірақ тек қазіргі кезде арнайы зерттеу нысаны бола бастады. Осы салада зерттеу жүргізіп жүрген белгілі ғалым Б. Хасанұлы еңбектерінде *гендер* термині басым қолданылатынын атап өткен жөн. *Жыныс* сөзі ішінара (*элеуметтік жыныстық жіктелу*, *элеуметтік жыныстану*) кездеседі [Хасанұлы 2003, 284-288 бб.].

Жыныс – адамзат бойына туа біткен айырым белгі, әйелдер мен ерлер арасындағы психологиялық және элеуметтік айырмашылықтарды танудың түп негізі. Жыныс категория ретінде екі компоненттен тұрады: биологиялық жыныс (*sexus*) және элеуметтік жыныс (*gender*). Жыныс категориясына қарағанда гендерлік мәртебе соған сәйкес гендерлік иерархия, мінез-құлық ерекшеліктері табиғаттан берілмейді, қоғамда қалыптасады, элеуметтік бақылау институттары мен мәдени дәстүрлер арқылы жүзеге асады. Сонымен гендер терминінің синонимі ретінде **элеуметтік мәдени жыныс** ұғымы қолданылады.

Гендер ұғымы ХХ ғасырдың 80-жылдарынан бастап ғылыми қолданысқа еніп, жүйелі түрде зерттеле бастады. Оған себепкер болған: саяси-элеуметтік жағдай – қоғамдық қатынастардың өзгеруі мен феминистік қозғалыстың өріс алуы; лингвистикалық жағдай – структурализмді сынға алу, тілдің прагматика саласына деген қызығушылықтың артуы және элеуметтік лингвистиканың

дамуы; философиялық жағдай – таным теориясының жаңа бағыт алуы, постмодернизм мен бейқұрылымдау (деконструктивизм) идеяларының кең таралуы (М. Фуко, Ж. Деррида) [Кирилина 1999, 52 б.].

Гендер алдымен әйелдердің ерлермен салыстырғандағы әлеуметтік, мәдени, психологиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін қолданылды, содан келіп қоғамда әйел, еркек деп тануға мүмкіндік беретін типтік мінез бітістері, нормалар, таптаурындар, рөлдер ажыратылып қарастырыла бастады. Адамның табиғи жынысы мен әлеуметтік дамуын ескеретін гендерлік факторлар тұлғаның маңызды сипаттамаларының біріне айналды. 80-ші жылдардан бастап гендерлік зерттеулерде әйел тарихы, әйел психологиясы мәселелерімен қатар «әйелдік», «еркектік» белгілерінің әлеуметтік-мәдени мәніне де назар аударыла бастады. Ал 90-шы жылдары ерлерге қатысты маскулиндік зерттеулер бой көтерді. Алайда, ғылымда күні бүгінге дейін гендер табиғаты туралы тұрақты, біркелкі көзқарас жоқ. Бір жағынан, гендерді ойлау құрылымы немесе жыныстың биологиялық және әлеуметтік мәдени қызметін анықтап айырудың ғылыми үлгісі, екінші жағынан, гендер қоғамда қалыптасатын (соның ішінде тілдің көмегімен) әлеуметтік құрылым ретінде пайымдалуда [Кирилина 1999, 9-10 бб.].

О. А. Воронина гендер категориясын зерттеудің батыста қалыптасқан жалпы ғылыми тәсілдерін саралай келіп, қазіргі гуманитарлық парадигмада орын алған мынадай негізгі бағыттарды көрсетеді:

- гендер – әлеуметтік-демографиялық категория;
- гендер – әлеуметтік құрылым;
- гендер – субъективтілік көрінісі;
- гендер – идеологиялық құрылым;
- гендер – желі (сеть);
- гендер – технология;
- гендер – мәдени метафора.

Гендер мәселесі әлеуметтік құрылымдық теория, стратификациялық категория және мәдени метафора тұрғысынан қарастырылып келеді [Воронина 2001].

Гендерлік қатынастар адам қызметінің көптеген саласын қамтитындықтан, гендерді зерттеу пәнаралық сипатта гендерологиялық тұрғыдан дамуы тиіс. **Гендерология** – қазіргі ғылым

жүйесінде ерекше қарқынмен дамып келе жатқан саланың бірі. Ол әлеуметтану, психология, мәдениеттану, антропология, мәдениетаралық және бейвербалды қатынас (коммуникация), лингвистика, т.б. ғылым салаларымен бірлікте келіп, адамзат тарихы мен мәдениетін тануда кең көлемді зерттеулерге жол ашты.

Еркек пен әйелге тән мінез-құлық ерекшеліктері, олардың мәдени-әлеуметтік мәні, дәстүрге сай айырым белгілері, әлеуметтендіру жайы ғылыми зерттеулерде, соның ішінде антропология мен этнографияда ішінара айтылып келгенімен, биологиялық жыныс пен әлеуметтік жынысты (*гендер*) айырып қарау мәселесі тек гендерлік зерттеулер арқылы мүмкін болды. Гендерлік зерттеулер батыстық-гуманитарлық ғылымдардан бастау алып, қазіргі кезде кең тарай бастады. Оның пайда болып, дамуына таным мәселесіне деген жаңа көзқарас, ғылым философиясы, әлеуметтік философия, тұлғатану философиясы мен психологиясы, әлеуметтану мен антропологияның қарқынды дамуының сәйкес келуі жайдан-жай емес [Гендер и язык 2005]. Гуманитарлық ғылым салаларында антропоцентристік ұстанымға негізделген тұлғаның даралық өлшемдерін (параметрлерін) анықтауға деген қызығушылықтың артуы, тіл мен жыныстың өзара байланысын жеке-дара қарастырмай, кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік береді.

Кейінгі уақытта гендердің жүйелілік сипаты тілдесімдік және құрылымдық тәсілдердің жинақталуы, бірігуі мәселелеріне ерекше назар аударып келеді. Гендерлік жүйенің астарында институттар мен идеялар ұғынылса, енді жеке адамның мінез-құлқы мен барлық қарым-қатынастық тілдесімі қатар қарастырыла бастады. Мұндай тәсіл гендерді статикалық әрі динамикалық тұрғыдан зерттеуге жол ашады [Кирилина 2004, 15 б.]. Зерттеудің гендерлік тәсілі – бұл жыныс факторының көптүрлілігі мен көпқырлылығын ашып көрсету.

Сонымен гендер белгілі бір қоғамда, тарихи дәуірде қалыптасқан еркектік немесе әйелдіктің әлеуметтік-мәдени белгіленген үлгісіне жеке адамның ену үдерісі мен нәтижесін қатар бейнелейді. Тұлғааралық қатынастарда еркектік пен әйелдік белгілерінің қалыптасқан үлгілері (мінез-құлыққа, жыныс өкілдерінің қоғамдағы орнына, т.б. байланысты) мейлінше сақталып отырады. Осының нәтижесінде гендер үйреншікті, жалпылама қабылданған, таныс ұғымға айнала бастайды, әйел мен еркектің нақты белгілерін

айқындап, қоғамда гендерлік қатынастардың қалыптасуына ықпал етеді. Гендерлік қатынастар әлеуметтік ұйымның маңызды қыры болып табылады, яғни қоғам дамуын айқындайтын әлеуметтік қатынастарға ықпал етеді. Олар тілде мәдени концептілер түрінде бейнеленеді және тұлғаның мінез-құлқы, сөйлеу ерекшелігі, тілдік әлеуметтенуіне ықпал етеді.

1.2 Тіл мен гендер байланысы: философиялық тұжырымдар

Гендерлік зерттеулер батыстық гуманитарлық ғылымдардан бастау алып, кең тараған. Оның пайда болып, дамуына таным мәселесіне деген жаңа көзқарас, ғылыми философия, әлеуметтік философия, тұлғатану философиясы мен психологиясы, әлеуметтану мен антропологияның қарқынды дамуының сәйкес келуі кездейсоқтық емес.

Ғалымдар (Т. Парсонс, Дж. Мид) гендер мәселесін әлеуметтануда кең тараған әлеуметтік құрылымдау және символдық интеракционизм идеяларымен байланыстыра қарайды. Т. Парсонс ізбасарларының бірі И. Гоффман жыныстың мәдени-әлеуметтік мәнін ашып көрсету мақсатымен **гендеризм** және **гендерлік дисплей** терминдерін енгізді. Оны жыныстың мәдени құрылымын негіздейтін гендерлік таптаурындар, жыныстық рөлдік нормалар мен жыныстың рөлге сәйкестілігі арқылы түсіндіруді көздеді.

Жыныстық рөлдік нормалар қоғамда қалыптасады. Ол тұлғаның гендерлік әлеуметтенуі үдерісімен тығыз байланысты. Әлеуметтендіру, яғни тұлғаның қоғамға бейімделуі отбасы, мектеп, дін, саясат, бұқаралық ақпарат құралдары және еңбек нарығы сияқты институттар арқылы жүзеге асады. Олардың әрқайсысы өз кезегінде гендерлік типтенуге, гендерлік таптаурындардың қалыптасуына негіз болады. Әлеуметтену барысында адам (балалық шақтан бастап) қоғамда белгіленген мінез-құлық нормаларын игереді, соған бейімделеді. Сөйтіп, тұлғаның өзінөзі сәйкестендіруі негізінде гендерлік сәйкестілік қалыптасады. Ол адамның мінез-құлқына жас ерекшелігі сәйкестілігінен гөрі едәуір күшті ықпал етеді. Тіпті күнделікті өмір қажеттіліктерінің параллельдігі – еркек және әйел киімдерінің бөлімі, еркектерге және әйелдерге арналған журналдар, қыздар мен ұлдарға арналған ойыншықтар – барлығы гендерлік

ерекшеліктерді құрайды. Ол адам өміріне етене еніп, жыныстың мәнін айқындайтын мұрат (идеал) ретінде сіңісіп кеткен.

Ғалымның тұжырымдауынша, гендеризмнің қозғаушы күші – жыныстың институттандырылуы мен жоралануы, дәстүрленуі (ритуалдануы). Ал институттандыру мен жоралау гендерлік дисплейдің негізін құрайды. **Гендерлік дисплей** дегеніміз – әрбір адам өзінің жаратылысына қарай (әйел, еркек) дәстүрлі (әйелдік/еркектік) мінез-құлық үлгілерін меңгеріп, соған бейімделуі. Кез келген қоғамға белгілі бір гендерлік таңбалар жүйесі (семиотика) тән, сондықтан гендерлік өлшемдер таңба жүйесін зерттейтін пәндерде, оның ішінде лингвистикада қолданылуы тиіс [Кирилина 1999, 10-14 бб.].

Жыныс мәселесіне қатысты сан алуан ғылыми пікірлер мен көзқарастарды саралай келе, С. Ушакин үш түрлі теорияны бөліп көрсетеді [Ушакин 1999, 35-45 бб.]:

1) биологиялық фундаментализм теориясы. З. Фрейдтің «Анатомия – бұл тағдыр» деп келетін пікірі ең алдымен жыныстың биологиялық негізіне қатысты айтылған; 2) құрылымдық немесе рөлдік фундаментализм теориясы. Оның негізін қалаған американдық ғалымдар Т. Парсонс пен М. Мид жыныс мәнін әлеуметтік құрылым тұрғысынан қарастырған жөн деп санайды. Әлеуметтік құрылым негізінде жыныстық рөлдер туындайды, ал әлеуметтену сол рөлдерді меңгеру болып табылады. Сөйтіп, жынысқа ие болу дегеніміз – дәстүрлі әйелдік не еркектік мінез-құлық үлгілерін қабылдап, оларды жүзеге асыру; 3) символдық фундаментализм теориясы. Бұл – француз ғалымдары Мишель Фуко, Жак Лакан, Жак Деррида еңбектерінде ұсынылған, постмодернистік философияның бір тармағы.

М. Фуконың пікірінше, барлық ұғымдар, сонымен қоса жыныс ұғымы да, жеке адам алдында табиғи түрінде емес, дискурстың нәтижесі ретінде танылады. Жыныстың және оған қатысты әрекеттердің тілдегі көрінісі (вербалдануы) ерте дәуірлерден бастау алады. Жыныстың биологиялық мәні де әлеуметтік сипатқа ие. Ендеше, ол табиғи құбылыс ретінде емес, мәдени құбылыс ретінде қарастырылуы керек дейді (М. Фуко). Бұл келтірілген философиялық ізденістер мен зерттеулер гуманитарлық ғылымдар аясында постмодернистік тұжырымдарға негізделген гендерлік зерттеулердің туындауына себепші болды. Бұл ретте тілдің

басымдылығы неде десек, әлемдік лингвистикада қалыптасқан гендерлік бағыт бір жағынан, таптаурын белгілердің (фемининдік, маскулиндік) тілдегі көрінісін, екінші жағынан, еркек пен әйелдің сөйлеу әрекетіндегі гендерлік ерекшеліктерді зерттеуді нысанаға алды. Гендерлік зерттеулердің философиялық тұжырымы мен әдіснамалық негізі лингвистикалық білімдердің дамуындағы тарихи факторларға тікелей қатысты.

Ж. Деррида швейцар ғалымы Фердинанд де Соссюрдің тілдік таңбалардың еркіндігі туралы қағидасына сүйене отырып, «defferance» терминін қолдану арқылы мәтіндегі мағынаның еркіндігін түсіндіреді. Ғалым бейқұрылымдық талдаудың мақсаты – философиялық мәтінді оның формалық құрылымында зерттеу, оның мәтінді типтерінің өзгешелігін және көп нұсқалығын көрсету, философиялық мәтіннің сахналық кеңістігін, оның синтаксисін ұғыну деп түсіндіреді. Гендерлік зерттеулердің батыстық дәстүрінде гендердің дерридиандық бейқұрылымдық талдау идеясы – негізгі әдіс [Гриценко 2005, 15 б.].

Бейқұрылымдық талдау – бұл философиялық ілім, ол мағынаның мәтін тілінде қалай құрылатынын анықтайды. Ницше мен Хайдегер идеяларын дамыта отырып, Деррида ақиқатты танудың дәстүрлі философиялық әдістерін сынға алады. Ол ойдың барлық жүйесі бір ғана орталыққа негізделген, қазіргі заман адамын қалыптастыруда еркектік бастаулардың, идеологиялар мен құндылықтардың басымдығы (жынысқа қатыссыз) ықпал етеді. Барлық мәтін иерархиялық дуализм элементтеріне, жұптық қарама-қарсылықтарға негізделген деп, олардың шынайы элемент ретінде қарастырылатынын айтады. Бейқұрылымдық талдауларда нақты мәтіндердің тиянақты зерттелуіне және басқа да мәтіндермен сәйкестендірілуіне баса назар аударылады.

Қазіргі психоаналитикалық талдауларда да (Поллак) бейқұрылымдау әдісі қолданылады. Психоаналитикалық тәсілдің мақсаты баланың бастапқы дамуындағы дәстүрлі тұжырымданудың бейқұрылымдануын анықтаудан тұрады. Бұл жерде сынға ұшырайтын мәселе – жеке адамның гендерлік сәйкестілікке ие болу әрекетіндегі әлеуметтік жағдайлардың абсолюттенуі. Сондықтан гендер психологиясын зерттеудің жаңа тәсілдері бір жағынан, психологиялық субстратты айқындаушы гендерлік сәйкестілікті, екінші жағынан, белгілі бір гендерлік рөлге жеке адамның парапар

болуын қарастырады [Клецина 2004]. Бұл теория философия, тіл білімі, тарих, әлеуметтану, өнертану, т.б. ғылым салаларында қолданылатын жаңа әдістерді қалыптастыруға септігін тигізді.

М. Фуконың билік қатынасын қолдау, қалыптастыру, өзгертудегі тілдің қызметі туралы философиялық идеялары тіл білімінің жаңа бағыттарының, яғни тілді сыни тұрғыдан зерттеудің (ал оның бір бөлігі – тілді феминистік сын немесе сыни дискурстық талдау тұрғысынан зерттеу) негізіне айналды. Бұл бағыттың мақсаты – әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі жасырын ниеттер мен мүдделерді айқындау үшін әлеуметтік тілдесімдерден құралған лингвистикалық талдау жүргізу және олардың бұл жүйеге тигізген ықпалының нәтижесін анықтау. Бұл бағыттың өкілдері Н. Ферклоу, Т. ван Дейк, Р. Водак, т.б. тілді түрлі әлеуметтік мүдделерді (таптық, нәсілдік, этникалық, гендерлік, т.б.) үнемі қарама-қарсы тұратын экспликациялар ортасы ретінде қарастырады. Олар тілдің құрылымдық тұжырымдамасын қайта қарастырудан және әлеуметтік, мәдени мән-мәтіндерден тыс жүйені зерттеуден бас тартты. Осылайша тілді дискурс, әлеуметтік тәжірибе ретінде ұғыну тұжырымы келді. Бұл тұжырым әлеуметтік құрылымдармен негізделген (детерминденген) және оларды бір уақытта қалыптастырып, жүзеге асырады.

Тілді сыни тұрғыдан зерттеудің негізгі мақсаты – тілде көрініс тапқан билік пен бақылаудың, үстемдік ету мен кемсітудің айқын, жасырын құрылымдық қатынастарын талдау. Бұл талдау әйел мен еркектің тілдік теңсіздігі көрінісін қарастыратын тілдік зерттеулерге сәйкес келеді. Бұл гендерлік зерттеулер тарихи кезеңдестіру барысындағы алғашқы екі кезеңге тән: «дүрліктіру» (алармистік) кезеңі (дәстүрлі патриархат идеологиясын әшкерелеу кезеңі) мен «феминистік пайымдау» кезеңі (постмодернистік теория шеңберінде феминистік бағыттың қалыптасуы) [Смит 1997; Кирилина 1999, 27-28 бб.].

Сонымен, постмодернизм идеологиясының ықпалымен батыста гендерлік зерттеулердің қарқынды дамып, лингвистикада жаңа білімге жол ашу мүмкіндігі пайда болды. Постмодернизм идеологиясында жыныс мәселесі маңызды орын алды. Мұнда тұлғаның экзистенционалды мәртебесі ең алдымен жас пен жыныс категорияларына байланысты қарастырылды.

Ж. Дерриданың идеясына сәйкес, болмысты тану, құндылықтар жүйесін игеру адам санасына әбден сіңісті болған сынаржақты

(жынысқа қатыссыз) яғни ер адамдық көзқарас тұрғысынан қабылданып, бағаланады. Бұл идеяның кең таралуына Симона де Бовуардың «Второй пол» («Екінші жыныс»), М. Фуконың «Воля к знанию» («Білімге талпыныс») еңбектері себепші болды. Олар әлеуметтіктің биологиялық жынысқа үстемдік етуі ежелден сақталып келе жатқан ер адамдық дәстүр деп көрсетеді. Феминистер қоғамда орын алған патриархаттыққа, яғни ер адамдық құндылықтардың мәтіндер мен дискурсивтік тәжірибеде жеке адам санасына күштеп енгізілуіне наразылық білдірді (Борнеман) [Кирилина 2004].

Сонымен, ілгеріде келтірілген философиялық ізденістер мен зерттеулер гуманитарлық ғылымдар аясында постмодернистік тұжырымдарға негізделген гендерлік зерттеулердің туындауына себепші болды. Бұл ретте тілдің басымдылығы неде десек, әлемдік лингвистикада қалыптасқан гендерлік бағыт бір жағынан, таптаурын белгілердің (фемининдік, маскулиндік) тілдегі көрінісін, екінші жағынан, еркек пен әйелдің сөйлеу әрекетіндегі ерекшеліктерді зерттеуді нысанаға алды.

Қазіргі кезеңде гендерлік зерттеулердің өз ішінде бірқатар тұжырымды бағыттар орнықты. Олар авторлардың идеологиялық мақсаттары мен гендерлік зерттеулердің тарихи дамуына қатысты.

Тарихи тұрғыдан келгенде, гендерлік зерттеулердің қалыптасуының үш кезеңі ажыратылып көрсетіледі:

1. «Дүрліктіру» кезеңі. Қоғамдық ғылымдарда орын алған андроортақтық ауытқуларға назар аударылды; ер адамдық көзқарас тұрғысынан мазмұндалған әлеуметтік теорияларды сынға алды; дәстүрлі патриархаттық эпистемологияның (ғылыми таным теориясы) кемшіліктері айқындалды.

2. «Феминистік тұжырымдану» кезеңі. Феминистік теория мен практиканың бағыт-бағдары анықталды. Феминистік психология, феминистік лингвистика ғылыми бағыттары қалыптасты.

3. «Постфеминистік» кезең. Ерлерге қатысты зерттеулер жүргізіле бастады, әлеуметтік қатынастардағы гендер мәселесін зерттеу екі жыныс өкілін де қатар қамтып, олардың түрлі деңгейдегі қарым-қатынасын талдауға көшті [Кандиоти 1992, 160-163 бб.].

Ілгеріде келтірілген пайымдаулар мен жинақталған деректер негізінде гендерлік тұжырымдар жасалса да, оның ғылыми бағыт ретінде қалыптасуы постмодернизм тұсында ғана жүзеге асты.

1.3 Тілдің гендерлік жіктелімі: мәдени-әлеуметтік және тілдік-әлеуметтік мәні

Жыныстың мәдени-әлеуметтік мәнін тұжырымдау үшін алдымен қоғамның қатынастық құрылымын түзуші рөлдік қатынастар жүйесін интегралдық сипатта қарастырып, сол арқылы гендердің пәнаралық парадигмасын қалыптастырудың біртұтас үлгісін жасау қажет. Гендердің әлеуметтік құрылымы – ерлер мен әйелдер арасындағы әлеуметтік қатынастардың ұйымдасқан үлгісі. Оның даму негізіне: 1) гендерлік әлеуметтендіру, еңбек бөлінісі, қоғамда белгіленген гендерлік рөлдер жүйесі, т.б., 2) гендерлік сәйкестендіру жатады.

Гендерлік стратификация әлеуметтік стратификациядағы негізгі категория болып саналады және тап, нәсіл, жас тәрізді өзгермелі стратификациялық категориялар қатарында қарастырылады. Сонымен бірге гендер еркек пен әйелге тән белгілердің (мінез-құлықтық, ментальдік, эмоционалдық, мәдени, т.б.) қоғамдық құрылымдануын білдіретін күрделі мәдени әлеуметтік үдеріс ретінде ұғынылады.

Д. А. Нечаевский жыныстың мәдени-әлеуметтік мәні белгілі бір қоғамда еркек пен әйелге тән деп танылған, әлеуметтік (типтік рөлдер мен мәртебелер), табиғи, психикалық және мінез ерекшеліктерін қамтитын маскулиндік пен фемининдік дихотомия аясында тұжырымдалады дейді. Ол маскулиндік пен фемининдікті жұптық категорияларды құрайтын белгілеріне қарай екі деңгейде қарастырады. Бірінші деңгей екі факторды қамтиды:

Табиғи факторлар

1) Биологиялық жыныс (морфофизиологиялық айырмашылықтар, бейімделу деңгейі, иммунитет);

2) Онтогенетикалық психикалық белгілер (ашуыза мен эмоцияға берілгіштік деңгейі, психомоторлы (қозғалысты) реакциялар, ойлау әрекетінің ерекшеліктері, өсіп-жетілу кезеңіндегі айырмашылықтар, танылмаған, белгісіз айырым белгілер.

Мәдени-әлеуметтік факторлар

3) Гендерлік мұраттар (мұраттар мен антиидеалдар, әлеуметтендіру үдерісіндегі белгіленген сапалар, әлеуметтік бағалау өлшеуіштері);

4) Жыныстық рөл (әлеуметтік мәртебелер жүйесі, әлеуметтік рөлдер жүйесі).

Екінші деңгей: мінез-құлық – интегралдық сипат, қарым-қатынас стилі, мінез-құлық (іс-әрекет, жүріс-тұрыс), өмір сүру стилін қамтиды [Нечаевский 2001, 71 б.].

Гендердің мәртебелік рөлдік құрамын талдау үшін, алдымен элеуметтану мен элеуметтік лингвистиканың тірек категориялары болып саналатын *тұлға*, *тұлғаның элеуметтік мәртебесі* мен *рөлі* туралы негізгі тұжырымдарға тоқталған жөн.

Тұлға – элеуметтік өзара қимыл-әрекеттер мен қатынастардың бірінші өкілі. Ал *тұлға* дегеннің кім екенін анықтау үшін, әуелі «*адам*», «*жеке адам*», «*даралық*» («*индивидуалдық*») деген ұғымдарды түсініп алу керек. Күнделікті өмірде және ғылыми тілде бұл терминдер өте жиі кездеседі.

Адам – жалпының, ерекшеліктің және жеке өзіндіктің диалектикалық бірлігі. Бұл жерде «жалпы» дегеніміз – адамзаттық, «ерекшелік» дегеніміз – қоғам құрылыстық, таптық, ал «даралық» дегеніміз – өмір сүрудің жеке түрдегі тәсіл-белгілері.

Адамзаттың жекелеген өкілдерінің өмір сүруі «*жеке адам*» деген ұғыммен байланысты. «*Жеке адам*» дегеніміз – халық, тап, элеуметтік қауымдастықтардың, жалпы адамзаттың жеке өкілі ретінде, нақты адам ретінде түсіндіріледі. Элеуметтануда «*жеке адам*» ұғымы элеуметтік қатынастардың жеке-дара алғандағы өкілі қарастырылған жағдайда қолданылады.

Жеке адамдар қызметінің бірігуі нәтижесінде элеуметтік қатынастардың жүйесі қалыптасады. Бұл жерде «*жеке адам*» ұғымы «*нақтылы адам*» мағынасында қолданылады. Ал енді «*даралық*» түсінігін (жеке адамның өзіне тән) – жеке адамның басқаларда қайталанбайтын бірден-бір өзіндік ерекше қасиет сипаты, бір жеке адамды екіншісінен ерекшелейтін белгілердің жиынтығын қарастыру арқылы анықтауға болады. Бұл ерекшеліктер биохимиялық, нейрофизиологиялық, психологиялық, элеуметтік және, т.б. деңгейлерде байқалады. *Тұлға* ұғымы адамның және жеке адамның табиғи емес мән-мағынасын айқын көрсету үшін енгізілген, яғни бұл ұғым оның элеуметтік бастауларын айқындайды.

Басқаша айтқанда, адамның тарихи дамуының әр түрлі деңгейлеріндегі жеке алғандағы және нақтылытарихи өзгешеліктерін көрсету үшін «*жеке адам*» деген ұғыммен қатар, «*тұлға*» деген ұғымды қолданады. *Тұлға* дегеніміз – жеке адам дамуының қорытындысы және мұнда барлық адамдық сапалар неғұрлым толық көрініс табады [16, 242-243 бб.].

Тұлғаның өзіндік өзгешеліктері, саналылығы, бағалы бағдарлары мен әлеуметтік қатынастары, қоғамға қатысты бірқатар дербестіктері және өз іс-әрекеттері үшін өзінің жауапкершілігін түсіну, т.б. тұлғаның бойынан табылуға тиісті міндетті сипаттамалары болып саналады. *Тұлға* өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік ортада болып жататын әлеуметтік елеулі іс-әрекеттердің нәтижесі ғана емес, сонымен бірге олардың себепшісі де болып табылады.

Тұлғаның әлеуметтік мәнін ашып көрсету тұтас күйінде емес, қайта оның нақтылы көріністерін зерттейтін жекелеген қоғамдық ғылымдар үшін өте маңызды. Ал әлеуметтануда тұлға көбіне көп қоғамдық, әлеуметтік қатынастардың субъектісі ретінде қаралады. Әлеуметтік қатынастар адамның ішкі дүниесімен қабыса отырып, айналадағы ақиқатқа деген оның тұлғалық көзқарасы ретінде көрініс табады [16, 241, 244 бб.].

Әрбір тұлға қоғамда белгілі бір орынды иемденеді және нақты міндеттерді атқарады, ол үшін соған сәйкес, оның құқықтары мен міндеттері, яғни белгілі бір әлеуметтік мәртебесі болады. Әлеуметтік мәртебе – адамның үлкен әлеуметтік топтың өкілі ретіндегі (*мамандық, тап, ұлт, жыныс, жас мәлшері*) қоғамдағы орны. Әлеуметтік мәртебе ұғымы әлеуметтану шеңберінен шығып, қазіргі гуманитарлық ғылымдар арасында кеңінен қолданылып келеді.

А. Д. Швейцер «*мәртебе*» мен «*рөл*» терминдерін әлеуметтік жарыспалылықпен байланыстыра келіп, оның ішінде тілдің әлеуметтік жарыспалылығы және сөйлеудің әлеуметтік жарыспалылығы деп бөліп көрсетеді [32, 31 б.]. Тіл мен сөйлеудің әлеуметтік жарыспалылығы *стратификациялық* және *жағдайлық* (ситуативтік) өлшемде анықталады. Стратификациялық жарыспалылық қоғамның әлеуметтік құрылымымен тікелей байланысты, бұл *тілдің әлеуметтік жіктелімі* мәселесіне келіп тіреледі.

Стратификациялық жарыспалылық әлеуметтік топтар мен жіктер арасындағы тілдік ерекшеліктерден көрінсе, жағдайлық жарыспалылық әлеуметтік жағдайға сәйкес қолданылатын функционалды стилистикалық, диалектілік, т.б. тілдік бірліктерді қамтиды. Ғалымның пайымдауынша, стратификациялық пен жағдайлық жарыспалылықтар өзара тығыз байланысты, өйткені қоғамның әлеуметтік құрылымына қатысты айырмашылықтар әлеуметтік жағдаймен де сабақтасып жатады.

А. Д. Швейцер мәртебе мен рөл ұғымдарының арақатынасын анықтай отырып, мәртебе – әлеуметтік жарыспалылықты, рөл – жағдайлық жарыспалылықты сипаттайды. Мәртебе – адамның жас мөлшерін, жынысын, белгілі бір әлеуметтік топқа қатысын білдірсе, рөл – әлеуметтік жағдайға (оның жарыспалылығына) сәйкес адамдардың өзара қарым-қатынасы дейді [32, 33, 35 бб.].

В. И. Карасик әлеуметтік мәртебені зерттеудің бірнеше қырларын атап көрсетті [33, 8-22 бб.]:

1) *Әлеуметтік-экономикалық қыры* адамдардың өмір сүру стилінде көрініс беретін әлеуметтік-экономикалық стратификацияны зерттейді;

2) *Әлеуметтік-өлішемдік қыры* әлеуметтік топтар мен халықтарды кәсіп түрі, табыс көлемі, білімі, тұрғын үй типі, т.б. көрсеткіштер шкаласы бойынша бөліп көрсетеді;

3) *Рөлдік қыры* түрлі әлеуметтік рөлдердің жиынтығын сипаттайды. Әлеуметтік рөлдер адамға заң немесе басқа құқықтық актілер арқылы формалды бекітілуі мүмкін және ол көптеген моралдық тәртіп нормалары арқылы формалды емес болуы да мүмкін;

4) *Алиақтық (дистанционный) қыры* мәртебелердің сәйкессіздігі, әлеуметтік дәрежесі әр түрлі адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасындағы сәйкессіздікті объективті және субъективті мәртебелік бағалау (және өзін-өзі бағалау) болып табылады. Бұл ретте адамның мінез-құлқы әлеуметтік деңгейімен сәйкес келуі ескеріледі;

5) *Нормативтік (бағалауыштық) қыры* қоғамда беделі жоғары адамды құрметтеу мен бағалауды көрсетеді (мұны әлеуметтік иерархияға қатысты мәртебеден ажырата білу керек);

6) *Этномәдени қыры* түрлі мәдениеттер мен тілдерге тән мәртебелік қарым-қатынастар, дәлірек айтқанда, мәртебелік теңсіздіктің ашық (эксплициттік) немесе жасырын (имплициттік) белгілерін (қарым-қатынастық (коммуникациялық) ерекше жағдайлар, әдеп ережелері, қаратпалар, т.б.) анықтайды.

7) *Динамикалық қыры* мәртебенің ауысып, өзгеріп отыруы және ол филогенетикалық және онтогенетикалық тұрғыдан қарастырылады. Филогенетикалық (немесе диахрониялық) мәртебелік қарым-қатынастарды талдау әлеуметтік иерархиямен байланысты қоғамдық нормалар мен мінез-құлық ережелерінің тарихи

өзгерісін бақылауға мүмкіндік береді. Онтогенетикалық мәртебелік қарым-қатынастарды талдау тұлғаның әлеуметтенуіне қатысты және билингвизм, социолектілер (маңызды, маңызсыз), тілдік жетіспеушілік (дефицит) феномені, т.б. мәселелерді қамтиды;

8) *Типологиялық қыры* әрбір адамдық қауымдастықтың даму деңгейінде байқалатын қажетті және кездейсоқ, алғашқы және қосымша, негізгі және жанама түрдегі мәртебелер, олардың өзгермелілігі, бейтараптануы мен күшейтілуін сипаттайды.

Тұлғаның мінез-құлқынан, әсіресе сөйлеу әрекетінен аталған мәртебелік белгілердің барлығын да кездестіруге болады. Соның ішінде рөлдік белгілер гендердің мәдени концепт ретінде қалыптасуының әлеуметтік тетігі болып табылады.

Сонымен рөл ұғымын қалай түсінуге болады? «Әлеуметтік рөл – бұл мінез-құлықтың нұсқасы, қоғамдық жүйедегі және тұлғааралық қатынастағы тұлғаның объективті берілген әлеуметтік ұстанымы» [16, 252 б.].

А. А. Леонтьев пікіріне сүйенсек, рөл ұғымының астарында бір-бірімен өзара байланысты, бірақ гетереогендік (әр текті) үш түрлі түсінікті аңғарамыз: 1) рөлдік күтіліс (ролевые ожиданий); 2) бейтарап рөл; 3) рөлдік мінез-құлық (ролевые поведение). Рөлдік күтіліс «ойын ережесіне» сәйкес рөлді күтеді, ал рөлдік мінез-құлықты адам өз рөлінің шеңберінде нақты орындайды [34].

Әлеуметтік өзара әрекет барысында адамдар әр түрлі рөлдерді орындайды («ойнайды»), рөлдік қатынастарға түседі. Мысалы, «басшысы-қызметкері», «мұғалім – оқушы», «әке – ұл», «ері – әйелі», т.б. Сол сияқты тұлға екі немесе одан да көп әлеуметтік топтардың, институттардың, қауымдастықтардың, ұйымдардың, т.б. субъектісі болып табылады. Мысалы, тұлға: *еркек, әке, күйеу, бала, оқытушы, ғылым докторы, профессор, редколлегия мүшесі*, т.б. Бір адам әр түрлі адамдарға қатынасына сәйкес қарама-қарсы мәртебені де иеленеді, айталық, тұлға өзінің балалары үшін *әке*, ал өзінің анасы үшін ол *ұлы* болады. Бірақ сол мәртебелердің бірі адамның қоғамдағы ахуалын анықтайтын негізгі, басты мәртебе болып саналады. Мұндай мәртебе көбіне көп негізгі жұмыс орнындағы қызметпен байланысты болады.

Сонымен, қайсыбір мәртебелік рөлді алсақ та (*әке, әйел, көрші, мұғалім, жолаушы, көрермен*, т.б.), олардың әрқайсысының тілдік сипаттамасы бар. Тіпті қарапайым «атауының» өзінен-ақ адам

санасында белгілі бір рөлге қатысты ұғым, түсінік туындайды, сөйтіп бірте-бірте рөлдік мінез-құлық таптаурыны қалыптасады. Сондықтан адамның түрлі рөлдерді орындауы барысында немесе бір рөлден екіншісіне ауысуы кезінде байқалатын тілдік ауытқулар (*стильдік, лексикалық, интонациялық, т.б.*) рөлдік қарама-қайшылықтар (эмоциялық) тудырады. Мұны көбінесе кәсіби ортада, кәсіби-рөлдік сөйлеу үлгісінен аңғаруға болады, мысалы, *сіз сен* немесе *сен сіз* тәрізді тілдік ауыстырулар, т.б. Л. П. Крысиннің пікірі бойынша, рөлдер тұлғаның әлеуметтік жағдайына, кәсібіне, жас ерекшелігіне, жынысына, отбасындағы орнына сәйкес, тұрақты және уақытша (мысалы, *жүргінші, сатып алушы, т.б.*) болуы мүмкін. Адамдар рөлдерді иемденуіне (кәсіби, отбасылық, т.с.с.) әрі оларды орындау сапасына қарай ерекшеленеді [35, 45, 46 бб.].

Қоғам жеке адамнан белгіленген әлеуметтік рөлдердің дұрыс орындалуын, әлбетте, соған сәйкес сөйлеу үлгісінің болуын талап етеді. Көбіне көп адам өз мінез-құлқында әр түрлі жағдайларды еріксіз ескеруіне тура келеді, мұндайда адам бір емес, бірнеше топқа бағыт-бағдар ұстайды. Рөлдік ережеден ауытқу қоғамдық пікір туғызудан бастап заң қорғау органдарына дейінгі арада әлеуметтік тыйым жүйесі қалыптасқан. Ол айыптаушылықтан бастап күштеп тоқтатуға дейін әкеп соқтыруы мүмкін.

Алайда рөлдердің әртүрлілігіне қарамастан стильдің бір ғана түрі қолданылады. Мәселен, ресми іскер стиль басшыға да, оның қарамағындағы қызметкерлерге де тән. Демек, бұл жерде рөл – екеу, субкод – біреу. Л. П. Крысин мұндай рөлдік қарым-қатынастардың *ресми – бейтарап – достық – сырластық* тәрізді қатысушыларға ортақ стильдік түрлерін ажыратады. Әрине, өзара қатынаста тұлғаның әлеуметтік мәртебесі (әлеуметтік жағдайы, жасы, жынысы, кәсібі) де ескеріліп отыратыны белгілі. Кейбір жағдайларда әлеуметтік мәртебе үстеме стиль (доминант) қалыптасуына себепші болады [35, 50, 52 бб.].

Рөлдік күтілген жіктелім өте қатаң сақталған деуге келмейді. Рас, рөл іс-әрекетке жалпы бағыт береді, оның мақсатын айқындайды, ал оларды орындау стилі әр түрлі нұсқада көрініс беруі мүмкін. Мысалы, қазіргі әйелдердің жеке ұстанымдарында әйел рөлі аса елеулі маңызға және құндылықтарға ие бола бермейді, бірақ қоғам алдында әйелдің атқарар өз қызметі бар. Әлеумет тұрғысынан алғанда, атқаратын қызметтен ауытқу, оларды мойындамау

жөнсіздікке әкеледі. Сондықтан атқаратын қызметке қатысты мінез-құлқы ережелерін мейлінше ұстану тұлғаның қоғамда өмір сүруін жеңілдетеді, оның баянды болуына негіз қалайды [17, 253-254 бб.].

У. Герхардт болса, рөлдерді мәртебелік, қалыптық (позициялық), жағдайлық деп ажыратады. Мұндай жіктелім әсіресе ұлттық-мәдени салыстыруларда тілдік әлеуметтену жайын (білімі мен соған сәйкес біліктілігін) зерттеу үшін тиімді. Мәртебелік рөлдер рөлдік теорияда көрсетілген «*мұра болған рөлдерге*» сәйкес келеді. Олар – адамның дүниеге келген сәтінен белгіленген, яғни субъектіге тәуелсіз, туғаннан сақталатын жыныстық рөлі, нәсілдік, этникалық, ұлттық, белгілі бір мемлекеттің азаматы ретіндегі рөлі немесе адамның өмірлік кезеңдерімен қатар жүретін жас ерекшелігіне қарай иемденген рөлдері, сонымен бірге көп өзгермейтін, дінге, әлеуметтік топқа, тапқа қатысын білдіретін рөлдер [36, 49, 52 бб.].

Бір ерекшелігі, мәртебелік рөлдер ретінде ассоциацияланатын рөлдік жіктелім бірқатар этностарда айтарлықтай айырмашылыққа ие. Мысалы, жыныс пен жас мөлшеріне қатысты рөлдер. Жыныстық рөлдер тұлғаның әлеуметтенуі (қай қоғамда болса да жыныстық рөлдер еңбек бөлінісімен байланысты), жас ерекшелігімен қатысты рөлдер (*бала – жасөспірім – ересек – қарт*) қалыптық рөлдердің орындалуымен сабақтасып жатыр.

Қалыптық рөлдер – адамның иемденген орнына сәйкес атқаратын қызметі (рөлі). Мәртебелік рөлдер қалыптық рөлдердің орындалу түрін (модусын) анықтайды. Айталық, *мұғалімнің* қалыптық рөлін кім орындайтынын (*еркек/әйел, жас педагог/тәжірибелі педагог*) салыстырудың өзі жеткілікті. Жағдайлық рөлдер басқаларымен (мәртебелік, қалыптық) салыстырғанда еркін орындалады, тұлғаның белгілі бір сәттегі мінез-құлқы мен іс-әрекетін көрсетеді (мысалы, *сатып алушы, жүргінші* рөлі, т.б.).

Сөйлеушінің мәртебесі мен рөліне қатысты жан-жақты талдау әлеуметтік лингвистиканың категориялар жүйесінде басты орын алады. Адам кез-келген уақытта өзіне тән құқықтар мен міндеттерді нақты түсінеді, тиісті әрекеттерді біледі, сөйтіп, төңірегіндегі адамдар күткеніндей, өз рөлін атқарады.

Әйел мен ер жынысын даралайтын психологиялық белгілер, мінез ерекшеліктері, мамандық, кәсіп түрлері әлеуметтік-мәдени

нормалармен реттеліп отырады. Демек, қоғамда әйел немесе ер болып өмір сүру – тек анатомиялық қабілетті болу ғана емес, белгіленген талаптарға сай, гендерлік рөл атқару деген сөз. **Гендерлік рөлдер** – белгілі бір қоғамда, тарихи жағдайда қолданылатын әлеуметтік-мәдени нормаларға сәйкес ерлер мен әйелдерге берілетін әлеуметтік рөлдер, соған сай, әрбір жыныс өкілінің қоғамда міндетті деп танылған сөйлеу әдебі, мінез-құлық, дене қимылы, т.б. талаптардың орындалуы.

Гендерлік рөлдер әр қоғамда, әр түрлі этномәдени, діни, әлеуметтік топтар мен жіктер арасында бірдей емес. «Алғашқы қауымда әйел мен еркектің, қыздар мен жігіттердің топтық өзіндік тілі болған. Еңбек бөлінісі биологиялық айырмашылыққа құрылған. Қазақтың «ер адам – түздікі, әйел – үйдікі» деген сөзі ертеде айтылған болса керек. Осыдан келіп, әр жыныс өкілінің айырма сөздігі пайда болған. Аңшылық пен құрылыс лексикасын еркектер қалыптастырған, ал үй шаруашылығы лексикасын тек әйелдер түзген. Соның бір белгісі – көне әйелдер күнтізбесі (IV ғасыр күнтізбесі) болған» [Хасанұлы 2003, 284 б.].

Бір тіл аумағында әлеуметтік жынысқа – әйелдер мен ерлерге байланысты, олардың әрқайсысының сөз саптауында кездесетін тілдік бірліктер (сөз, сөйлем, сөйлемдер мен сөз тіркесі, фразеологизм, мақал-мәтелдер) **гендерлект** болып аталады. Гендерлект терминін ғылыми қолданысқа алғаш енгізген – лингвист Дебора Таннен. Бұл термин алғашқыда еркектер мен әйелдердің сөйлеу іс-әрекетіне тән үнемі болып тұратын, үздіксіз белгілердің жиынтығы ретінде түсіндірілді. Сонымен байланысты «жыныс – қарым-қатынасты (коммуникацияны) айқындаушы фактор» деген феминистік көзқарастар қалыптаса бастады. Кейінгі жылдардағы бірқатар еңбектерде еркектер мен әйелдердің кез келген сөйлеу іс-әрекетінде айырым белгі бола бермейтіндігі айтылады, сондықтан «гендерлект» жөнінде түрлі пікірлер орын алып келеді. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде: «гендерлект (ағыл. *gender* жыныс (*dia*) *lektos* диалект) ағыл. *genderlect* – бір этникалық тіл, ұлттық тіл, социолект көлемінде ер адамдар тілдерімен салыстырғанда әйелдер тілінің лексикалық, эмоциялы-экспрессиялы, грамматикалық, стильдік және басқа да ерекшеліктері» [Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі 2008, 74 б.].

Әйелдер мен ерлер әр заманда әр түрлі мәденитілдік кеңістікте өмір сүре отырып, қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, т.с.с. өзгерістерді өздерінше қабылдап, сол қабылдағанын тіл арқылы әр түрлі белгілеген реттері анық байқалады. Бұған себепші жағдайлар жетіп артылады. Тілде көрініс беретін гендерлік ерекшеліктер еркек пен әйел атқаратын қызмет (кәсіп) түрлеріне қатысты қазақ санасында қалыптасқан. Халқымыздың тұрмыс тіршілігінде өзіндік орны бар аңшылық, саятшылық, өрімшілік сондай-ақ тұрманшы, зергер тәрізді кәсіп түрлері ерлер арасында кең тарағаны аян. Әйелдер көбінесе үй ішін жасақтау, киім тігумен шұғылданған. Атадан мұра болып қалған кәсіп түрлерін сипаттау арқылы біріншіден, қазақ қоғамындағы еңбек бөлінісінің, яғни еркек пен әйелге бөлінген гендерлік рөлдердің ара салмағын анықтаудың, екіншіден, сол арқылы тіліміздегі гендерлік лексиканың (кәсіби, тұрмыстық) қалыптасуы мен гендерлектілердің қолданылу деңгейін бағамдаудың гендерлік лингвистикалық зерттеулер үшін маңызы зор.

Гендерлік қатынастарды мәдени әлеуметтік реттеудің маңызды тетігі болып табылатын дін өз қызметінде әйел мен еркектің әлеуметтік ортадағы орны мен рөлін белгілейді. Бұл сипатта діннің салт жоралық қызметінің маңызы зор. Гендерлік тұрғыдан келгенде, ислам дінінің әйел мен ер мәселесіне деген ұстанымы анық әрі берік тұжырымдалған. Ерлердің сөйлеу тіліне тән мұсылманша сәлемдесу түрі – гендерлік ерекшелік. Гендерлік діндік белгілер әйелдердің сөйлеу тілінен де байқалады. Әйелдер тілінде жиі қолданылатын «алла», «жаратқан ием», «құдайау», «құдай үшін», т.б. діни сенімнен туындаған сөздер тек жалбарыну, сиыну мәнінде ғана емес, күнделікті қарым-қатынаста түрлі сезім-күй, эмоцияны білдіріп, әйелдердің гендерлік сөйлеу стилін қалыптастырған.

Гендерлік стратификация әлеуметтік стратификациядағы негізгі категория болып саналады және тап, нәсіл, жас тәрізді өзгермелі стратификациялық категориялар қатарында қарастырылады. Әлеуметтік лингвистикада **сәйкестендіру** – жеке адамның нақты бір этноспен, тілмен, мәдениетпен, дінмен, жас мөлшерімен, мемлекетпен, кәсіппен және т.б. өзін теңдестіруі деген мағынада жұмсалады [Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі 2008, 203-204 бб.]. Дәстүрлі қоғамда адамның гендерлік сәйкестілігі оның өмірінің кезеңдерімен байланысты. Адамның табиғи негізін

оның биологиялық ерекшеліктері құрағанымен, әлеуметтік жас (социальная возраст) адам дамуының әлеуметтік сапаларын анықтауда маңызды болып табылады. Ол бірнеше сатыдан балалық, жасөспірім, жастық, есейген, қартайған шақтан тұрады және өзара байланысты екі үрдістің бірлігінде қаралады: **гендерлік әлеуметтендіру** (социализация), **гендерлік сәйкестендіру** (идентификация). Адам өмірінің әр түрлі кезеңдерінде бұлардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Жыныстар арасындағы гендерлік айырмашылықтың алғашқы белгілері бала жастан байқала бастайды. Психолог ғалымдардың пікіріне сүйенсек, балалар өздерінің ұл не қыз екенін екі жастан бастап сезінеді. Үш жаста олардың 75%-ы қай жынысқа жататынын ажырата алады. Сонымен бірге айналасындағыларды ұл не қыз, әйел немесе еркек деп айырып қарауға бейімделеді, бірақ жыныстың өзге айырмасын біле бермейді. 34 жаста балалар «әке» мен «шеше», «әйелі» мен «күйеуі» ұғымдарынан гөрі «ана», «аға» ұғымдарын тез меңгереді. Ойын кезінде қыз *әйел* рөлін, бала *еркек* рөлін таңдайды (Е. П. Ильин). Ата-ана мен ересек жанұя мүшелерінің балаларға түсінікті бола бермейтін «құпия» тілі деген болады, ұл мен қыздың, өз жынысына орай сөйлер сөзі де ерекше болып қалыптасады. Жалпы алғанда, жас ұланды ана тіліне баулу ісі олардың жыныстық жастық ерекшеліктерін ескеру негізінде жүргізілуі шарт [Хасанұлы 2005, 16 б.]. Қазірде жасөспірімдер арасында қатынастың электрондық және ұялы байланыс түрлері (SMS, интернет) кеңінен тараған. Ұялы байланысты қыз балалар да, ер балалар да бірдей пайдаланады. Алайда интернет тілін ер балалар жетік меңгерген. Демек, гендерлік лингвистикалық зерттеулерде электрондық қарым-қатынас ерекшеліктерін де ескерген абзал.

Қазақ дәстүрінде ұл әкенің, қыз шешенің баулуына бөлініп, тәрбиенің түрі өзгереді, біртіндеп гендерлік дағдыларға бейімделе бастайды. Халқымыздың салтдәстүрімен біте қайнасып жатқан гендерлік ерекшеліктер тіліміздің інжу-маржандары халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, мақал-мәтелдерде, тұрақты сөз тіркестерінде кең қамтылған. Жас, жыныс айырмасын сипаттайтын гендерлік фразеологизмдердің басым көпшілігі ұл балаға қатысты қолданылады. Мысалы: *ат ұстар, ат байлар, ат қосшы, қазан бұзар, қыз теке* (қыздармен қосылып ойнайтын ер бала), *отай иесі, ашамай міну, тоқым қағар*, т.б. Мақал-мәтелдерде көбінесе

ұл мен қыз қатар қойылып, салыстырылып беріледі: *Үй иесі – ұл, төр иесі – қыз; Қыздың ұяты – шешеге; Қызы анадан үйренбей өнеге алмас, ұлы атадан үйренбей сапар шекпес; Қызы мінезді келсін, ұлы өнерлі келсін*, т.б. Қазақ қоғамында қалыптасқан мәдени дәстүр бойынша балалық шақтың әрбір кезеңінде ересек өмірге бейімделу, әлеуметтену, дәлірек айтқанда, ұл – еркек, қыз – әйел болу қағидаларын игеріп, гендерлік нормалар мен рөлдерге машықтануы маңызды болып саналған.

Халқымыз қыздың әлеуметтік жасын көбірек ескерген. Ер жетіп, балиғатқа толған қызын ұзатылғанға дейін *бойжеткен, ұзатылатын қыз, атастырылған қыз, қалыңдық* деген гендерлектілермен атаған. Тілімізде қыз бейнесін айшықтайтын образды тіркестер жетерлік. Солардың ішінде *беті ашылмаған, он екі де бір гүлі ашылмаған, салиқалы қыз, хор қызы* тұрақты сөз тіркестерімен қатар көркем тілмен оюланған гендерлектілерді де атап өткен жөн. Мәселен, *жас ерін, нәзік бел, сәбидің білегіндей торғын тамақ, мақпалдай екі беті үлбірейді, миуалы пісіп тұрған жас алмадай*, т.с.с. Он бесте отау иесі саналған бозбала да есейіп, бойы да, ойы да өсіп, күш-қуаты артқан, жетілген, ер-азамат болып жігіт жасына да жетеді. Халық ұғымында жігіт жасына сай батыл, ер жүрек, өткір, бір сөзді, ақылды, білімді, яғни сегіз қырлы бір сырлы болуы шарт. Осы ретте мынадай гендерлектілер кездеседі: *Жігітті жігерінен таны; Жақсы жігіт: он бесінде жас емес, жүзге келсе де, нәс емес*, т.б. Бұл сияқты мақал-мәтелдер жігіттің гендерлік рөлін бекемдей түседі. Жігіттік шақты бейнелейтін *жас жігіт, зіңгіттей жігіт, қылышылдаған жігіт, жігіт-желең, күйеу жігіт, сақа жігіт* гендерлектілері жігіттің физиологиялық толысуы ғана емес, гендерлік әлеуметтенуін де білдіреді. Осы тәріздес гендерлік жас аталымдарын башқұрт тілінен де кездестіруге болады. Мәселен, башқұрт тілінде *егет* (жігіт) *«айғыр тотоп менерлек егет»* (айғыр тартып мінерлік жігіт), *«тиньэ, тимир озорлок»* (тепсе, темір үзерлік), *«кэлэш эйттерерлек»* (күйеу боларлық жігіт), т.б. түрінде келіп, жас шамасына қарай жігіт атқаратын істерді мегзейді (Ф.Ф. Фатыхова).

Адамның кемел жасқа жетіп, есейген шағында белсенділігі артады, бұл кезеңде еркек те, әйел де жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізіп, соған сәйкес гендерлік рөл атқарады. Бүгінде де әйел мен еркектің жас деңгейін бағамдайтын гендерлік өлшемдер

ұлттық дәстүрімізден алшақтай қойған жоқ. Замануи талаптармен сабақтаса келіп өмір салтынан, еңбектен және қоғамдық-саяси, мәдени-танымдық, отбасылық-тұрмыстық қатынастан көрініп отырады.

Қорыта айтқанда, тілді біліктілікпен дамыту үшін тілдің әлеуметтік жіктелуі мен адамның жыныстық айырмасы арасындағы байланысты яғни гендерлік жіктелімді зерттеу керек.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1. Гендер ұғымының пайда болуының негізі неде?*
- 2. Гендер және жыныс ұғымдарының арақатысы қандай?*
- 3. Әлеуметтік-мәдени жыныс дегенді қалай түсінесіз?*
- 4. Гендер категориясының зерттелуіне негіз болған факторларды атаңыз?*
- 5. Гендерлік қатынастар тілде қалай сипатталады?*
- 6. Зерттеудің гендерлік тәсілі дегеніміз не?*
- 7. Гендерология ғылымы жөнінде түсінік беріңіз.*
- 8. Тіл мен гендер байланысына қатысты ғалымдардың тұжырымдарына тоқталыңыз.*
- 9. Гендеризм және гендерлік дисплей терминдерінің мәнін түсіндіріңіз.*
- 10. Тілдің гендерлік жіктелімінің мәдени-әлеуметтік және тілдік әлеуметтік мәнін талдап беріңіз.*
- 11. Гендерлік рөл, гендерлік әлеуметтендіру, гендерлік сәйкестендіру ұғымдарына сипаттама беріңіз.*
- 12. Гендерлік терминінің анықтамасын түсіндіріңіз.*
- 13. Кәсіптік сала ерекшеліктеріне қарай гендерліктері анықтаңыз.*
- 14. Баланың тіл игеру деңгейлеріндегі гендерлік белгілердің көрінісіне назар аударыңыз.*
- 15. Ер мен әйелдің жас-жыныс айырмасын сипаттайтын гендерлік тілдік белгілерді әлеуметтік лингвистикалық, психолингвистикалық, когнитивтік лингвистикалық қырынан зерделеп, талдау жасаңыз.*

1. Аберкромби Н., Хилл С., Тернер Б. С. Социологический словарь (пер. с англ под ред. С. А. Ерофеева). Казань: Изд-во Казанского университета, 1997. 402 с.

2. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов / Э. Д. Сүлейменова, Н. Ж. Шәймерденова, Ж. С. Смағұлова, Д. Х. Ақанова. – Астана: «АрманПВ» баспасы, 2008.

3. Воронина О. А. Теоретикометодологические основы гендерных исследований // Теория и методология гендерных исследований: Курс лекций / Под общ. ред. О. А. Ворониной. – М.: МЦГИ-МВШСЭН-МФФ, 2001. – С. 13-95.

4. Гендер и язык / Московский гос. лингвистический унт; Лаборатория гендерных исследований / Под ред. А. В. Кирилиной. – М.: Языки славянской культуры, 2005.

5. Гриценко Е. С. Язык. Гендер. Дискурс. – Нижний Новгород: Издательство ННГУ им. Н. И. Лобачевского, 2005.

6. Нечаевский Д. Л. Маскулинность/фемининность как социокультурная характеристика (гендер как социокультурный феномен) // Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады первой международной конференции. М., 2001. С. 71-72.

7. Кандиоти Д. Эволюция гендерных исследований. Обзор // Женщины и социальная политика (гендерный аспект). – М.: ИСЭПН, 1992. – С.156-163.

8. Кирилина А.В. Гендер: лингвистические аспекты. – М.: Институт социологии РАН, 1999.

9. Кирилина А. В. Гендерные исследования в лингвистике и теории коммуникации: Учебное пособие. – М.: Российская политическая энциклопедия, 2004.

10. Клецина И. С. Психология гендерных отношений: Теория и практика. – СПб.: Алетейя, 2004.

11. Словарь гендерных терминов / Под ред. А. А. Денисовой. М.: Информация XXI век, 2002. 256 с.

12. Смит С. Постмодернизм и социальная история на западе: проблемы и перспективы // Вопросы истории, 1997. – №8. – С. 54-161.

13. Хасанұлы Б. Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері // Психолінгвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі күйі және болашағы: халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – 284, 288 бб.

14. Хасанұлы Б. Қ. Жұбановтың гендерлік әжіктелімдер жөніндегі пайымдаулары // Жұбанов тағылымы: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Ақтөбе, 2005. –15-24 бб.

15. Фатыхова Ф. Ф. Гендерный аспект возрастных категорий в башкирском языке // *Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады первой международной конференции*. – М., 2001. – С. 347-351.

16. Butler J. *Gender Trouble: Feminism and the Subversion of Identity*. – New York and London: Routledge, 1990.

17. Coates J. *Women, Men and Language: A sociolinguistic account of gender differences in communication. Third edition*. – Harlow England; New York: Longman 2004.

18. Goffman E. *Interaktion und Geschlecht*. – Frankfurt am Main, 1994 (engl. 1977).

19. Goffman E. *Gender Advertisements*. - New York: Harper Row, 1986 (1976).

20. Gumperz J. *Language and Sociol Identity*. - Cambridge: Cambridge University Press, 1982.

2-тақырып. Гендерлік лингвистиканың қалыптасуы

2.1 Тіл білімі тарихындағы тіл мен жыныс мәселелерінің зерттелуі.

2.2 Әлеуметтік лингвистика аясындағы гендерлік зерттеулер

2.3 Феминистік лингвистика және тілдегі феминистік сын

2.4 Маскулиндік және этно-лингвомәдениеттанымдық зерттеулер

Негізгі ұғымдар

Символикалық-семантикалық ілім, анимизм, антропоморфизм, ер тілі, әйел тілі, фемининдік рөл, маскулиндік мінез, «әйел тілінің тапшылығы» парадигмасы, «үстем етушілік» парадигмасы, «айырмашылық» парадигмасы, әлеуметтік лингвистика, феминистік лингвистика, тілдегі феминистік сын, жыныстық диморфизм.

2.1 Тіл білімі тарихындағы тіл мен жыныс мәселелерінің зерттелуі

Тіл білімі тарихында тіл мен жыныстың өзара байланысын зерттеудің екі кезеңі бөліп көрсетіледі:

1) биологиялық детерминистік зерттеулер – жеке-дара деректерге негізделген, ретсіз (аралас ғылымдармен байланысы жоқ), жүйесіз ізденістер;

2) гендерлік зерттеулер – ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап жүргізіліп келе жатқан кең көлемді, жүйелі зерттеулер. Тіл білімінің прагматика, әлеуметтік лингвистика салаларының қарқынды дамуы, ерлер мен әйелдердің қоғамда қалыптасқан дәстүрлі рөлдерінің елеулі өзгерісі лингвистикалық мәліметтерге жаңаша қарап, жаңа қырынан түсіндіруді қажет етті.

Тіл мен жыныстың өзара байланысын зерттеу тарихы сонау антикалық дәуірден бастау алады. Жыныстың тілге қатысы жөніндегі мәселе алғаш рет грамматикалық тек (род) категориясына байланысты көтерілді [Шахмайкин 1996, 226-273 бб.]. Ежелгі символикалық-семантикалық ілім өкілдері мифологиялық ойлаудың анимизм және антропоморфизм қағидаларына сүйене отырып, грамматикалық тек категориясын табиғи себептер әсерінен, яғни адамдардың жыныстық әртүрлілігіне сәйкес туындаған деп есептейді

[Кирилина 1998, 51-58 бб.]. Соның нәтижесінде «ер тегі» (мужской род) күш, қуат, белсенділік ұғымдарына тән келіп жоғары бағаланды да, «әйел тегі» (женский род), керісінше, әлсіздік, бағыныңқылық мағынасымен сипатталды. Сөйтіп, Эрнст Борнеманның пайымдауынша, болмысты тану, қабылдау (грамматикалық текке қатысты) тілдің даму заңына сәйкестендірілді. Дегенмен табиғи жыныс (*sexus*) пен грамматикалық жыныстың (*genus*) байланысына шүбә келтірмейтін біржақты пікірді қолдаушылар (соның ішінде белгілі ғалымдар Гердер, Гримм, Гумбольдт, т.б.) көп болды. Сол себепті болар, табиғи биологиялық *sexus* категориясының *genus* категориясымен сәйкестігі туралы ілім тіл білімінде ұзақ уақыт үстемдік етіп келді.

Кейінірек ғылымда тек категориясы жоқ тілдердің бар екендігі мәлім болып, бұл ілімге қарсы морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан күмән тудыратын пікірлер орын ала бастады. Алайда тек категориясына жіктелген сөздер мен ұғымдардың адам сана-сында персонификациялануын (жансыз заттардың адам образында кейіптелуін) түсіндіру мүмкін болмады. Айталық, әйел тегі (женский род) мен ер тегіне (мужской род) жататын сөздерге әйелге және еркекке тән қасиеттер телінді. Сөйтіп, грамматикалық тек категориясы қарапайым санада биологиялық жыныс концептіне қатысты фреймдер қызметін арттырып, соған орай жағымды/жағымсыз коннотациялар қалыптастыруға ықпал етті.

Тілдің жыныстық жіктелуіне байланысты зерттеулердің келесі кезеңі XVII ғасырды қамтиды. Ғалымдар жергілікті тайпалар тілін зерттеу барысында жыныс өкілдерінің сөйлеу тілінен байқалған белгілерге назар аударады, себебі әйелдердің сөйлеу тілі ерлердікіне қарағанда өзгешеленіп, белгілі бір тәртіпке бағынған. Осыдан келіп, сөйлеу тілінің әйел нұсқасы, ер нұсқасы (1664 жылдан бастап) тіркеле бастады, бірақ арнайы зерттеулер жүргізілген жоқ.

Жинақталған деректердің гендерлік әртүрлілігіне қарамастан, барлығына ортақ сипаттама мынадай: ер нұсқасы тілдің қалыпты түрін, әйел нұсқасы нормадан ауытқыған түрін көрсетеді. Сонымен байланысты көтерілген мәселенің негізгісі, ерлер немесе әйелдер тілі туралы емес, тек әйелдер тіліндегі ауытқулар жөнінде болды [Кирилина 1999, 33 б.]. Бұл кезеңдегі ерекшелік ерлер мен әйелдердің ой-өрісі, когнитивтік қабілеттілігі, сөйлеу тіліндегі барлық айырмашылық биологиялық жынысқа қатысты

деп есептелді. Тіл мен сөйлеу әрекетіндегі жыныстық диморфизм белгілерін түсіндіруде олардың табиғи негізіне байланыстыру болды да, жыныс өкілдерінің білім, мәдениет, жас ерекшелігі ескерілмеді. Қорытындылар дәйектелмеген материалдар негізінде жасалды.

Тек XX ғасырдың басында лингвистер мен философтар біріге келіп, тіл мен жыныстың өзара әрекеттестігі жайын, сөйлеу тілінде кездесетін жыныстық айырмашылықтардың себептерін, тілде қордаланған және т.б. гендерлік мәселелер түйінін шешу үшін алдымен «өркениетті» еуропа тілдерін зерттеуді қажет деп тапты. Бұл ретте Ф. Маутнер, Э. Сепир, О. Есперсен еңбектерін атап өтуге болады.

Фритц Маутнер жыныс өкілдерінің түрлі әлеуметтік ортадағы тілдік қарым-қатынасына талдау жасай отырып, ер мен әйелдің сөйлеу әрекетіне тән бірқатар айырмашылықтарды көрсетті. Мәселен, фабрика жұмысшылары арасында ерлер лексиканы нормадан тыс көп пайдаланса, жоғары ортада әйелдер эвфемизмдерді қолдануға бейім келеді. Әйелдер тілінде шетелдік сөздер жиі кездеседі, ал білімді ер адамдар ондай сөздердің орнына өз тіліндегі баламасын тауып қолданғанды дұрыс көреді. Ол әйелдердің ерлерге қарағанда, сауаттылығы аз, сондықтан тілдің дамып, жетілуі ерлерге қатысты, ал әйелдер сол жасаған тілді тек қолданушы ғана дей келіп, тілдің жыныстық жіктелуін әлеуметтік және тарихи жағдайлармен байланыстырады. Соның ішінде *«әйел тілінің»* пайда болуын антикалық театрдың тарихи дамуымен сабақтастырады. Онда бастапқыда әйелдер рөлін еркектер орындаған болатын. Сахнаға әйел келе бастағаннан бастап, драматургия техникасында өзгерістер бола бастады, тілдің әйелдер нұсқасын дыбыстауға мүмкіндік туды. Әйелдерге сахнаға шығып сөйлеуге құқық берілгенде ғана қоғам *«әйел тілін»* қабылдай бастады. Бұл тілдік әлеуметтену жағдайындағы жыныстар теңсіздігіне ықпал ететін тарихи тәсіл дейді ғалым. Жалпы алғанда, Ф. Маутнер идеяларын қолдап, жалғастырушылар көп болмады [Антинескул 2000, 67 б.].

Эдуард Сепир нутка, каосати сияқты үндістер тіліндегі кейбір әлеуметтік ерекшеліктерге назар аударды. Ол жыныс пен мәртебе ұғымдарын, сөйлеу тіліндегі нормадан ауытқуларды әлеуметтік сәйкестендіруге теңестірілетін өлшемдер қатарына жатқызды. Сонымен бірге бір морфема шеңберіндегі фонологиялық

ерекшеліктерді жыныстық айырмашылықтарға тән таңбалық белгі деп түсіндірді. Э. Сепир пікірлері үнді және басқа тілдерді зерттеу тәжірибесінде дәлелденіп, одан әрі қарай жалғасын тауып отырды.

Отто Есперсен болса, ерлер мен әйелдер тіліндегі кейбір айырмашылықтардың тамырын ескі салт-дәстүрлерді сақтап келген көне тайпалар тілінен іздеу керек, себебі тілде қолданылып келе жатқан табу сөздер мен олардың орнына қолданылатын неше бір парафразалар ер мен әйел тілін ерекшелейтін белгілер ретінде танылуы мүмкін деген пікір айтады. Ол «*Language: its Nature, Development and Origin*» («Тіл: табиғаты, қалыптасуы, дамуы») атты еңбегінің үлкен бір тарауын «әйел тіліне» арнаған. Ұлыбритания, АҚШ елдері қолданысындағы ағылшын тілі материалдары негізінде автор әйел тілінде жиі байқалатын гендерлік белгілерді атап көрсетеді. Солардың кейбіреуіне тоқталып өтейік:

1. Әйелдер тілінде эвфемизмдер көп. Қай халықта болса да, әйел жынысы адамның кейбір дене мүшелерінің аттарын атауға ұялады, оларды басқа сөздермен алмастырып, сыпайылап жеткізеді.

2. Әйелдердің сөйлеу тілінде бұрынғы қалыпты сақтау (консерватизм) басым. Олар тілде болып жатқан өзгерістерге көп ден қоя бермейді, жаңа сөздерді игеруге аса ықыласты емес (тек жазу тілінде пайдаланады). Әйелдер – тек қалыптасқан тілдік дәстүрді сақтап, жалғастырушы.

3. Ерлермен салыстырғанда, әйелдердің сөздік қоры аз. Әсіресе ер авторлардың шығармаларын оқып-түсіну әйелдерге қиынға соғады, өйткені ер авторлар шығармаларында әйел авторларға қарағанда, сирек кездесетін сөздер мен диалектілер, техникалық терминдер көп беріледі.

4. Әйелдердің сөйлеу тілі шапшаңдығымен, эмоциялылығымен ерекшеленеді. Олар күшейту, ұлғайту мәніндегі сөздерді көп қолданады және айтайын деген ойын үзіп-жарып, толық жеткізе бермейтіндіктен, олардың тілінде грамматикалық жағынан аяқталмаған сөйлемдер орын алған.

Мұндай ерекшеліктердің болу себебін О. Есперсен жыныстар арасындағы еңбек бөлінісімен байланыстырады. Сонымен қатар ол қоғамдағы түрлі әлеуметтік жағдайлар әсерінен ер мен әйел жынысы арасындағы тілдік қарым-қатынас өзгеріп отыруы мүмкін деп топшылайды [Антинескул 2000, 71 б.].

Алайда кейінгі зерттеушілер О. Есперсен тұжырымдары өте қарапайым, қалыптасқан таптаурындарға ғана негізделген, арнайы тәжірибелік дәлелдер келтірілмеген деген сын айтады, бірақ тілдің жыныстық жіктелуіне байланысты деректерін жоққа шығара алмайды. Әрине, бұл кезеңде ағылшын тіліндегі гендерлік ерекшеліктерді дәл көрсету мүмкін емес еді. Оған біріншіден, еркек пен әйелдің әлеуметтік теңсіздігі; екіншіден, тұжырымды ғылыми тәжірибелердің аздығы себеп болды. О. Есперсен – еркек пен әйел тіліндегі ерекшеліктерге алғаш рет назар аударған лингвистердің бірі.

Сонымен, тілдегі гендер факторына байланысты жүргізілген алғашқы зерттеулер ер тілі – норма, ал әйел тілі – нормадан ауытқу дегенге саяды.

Аталған кезеңдерге тән ерекшелік: 1) зерттеулер жүйесіз жүргізілді; 2) еркек пен әйелдің тілдік біліктілігін сипаттау барысында «әйел тілінің тапшылығы» тұжырымдамасы (концепция дефицитности) қалыптасты [Кирилина 1999, 35-36 бб.]. Дегенмен бұл кезеңде жинақталған жаңа деректер тілші-ғалымдар назарын аударып, гендерлік зерттеулердің таралуы мен дамуына елеулі ықпал етті.

2.2 Әлеуметтік лингвистика аясындағы гендерлік зерттеулер

Өткен ғасырдың 60-жылдарының соңы мен 70-жылдарының басынан бастап гендерлік зерттеулердің дамуына кең жол ашылды. Тілдің гендерлік зерттелуі жүйелі түрде жүргізіле бастады. Мұндай өзгерістер ғылыми парадигманың ауысуы (структурализмнен прагматикаға) мен әлеуметтік себептерден туындады.

Әлеуметтік лингвистика ғылымының қарқынды дамуы, постмодернистік таным теориясының қалыптасуы мен феминистік қозғалыстар үлкен рөл атқарды. Осы тұста бірнеше гендерлік лингвистикалық бағыт қалыптасты. Оларды зерттеу әдістері мен сипатына және тұжырымдық ұстанымдарына қарай жіктесек:

- әлеуметтік лингвистикалық гендерлік зерттеулер;
- феминистік лингвистика;
- гендерлік зерттеулер (жыныс өкілдерін қатар алып қарастыру);

- маскулиндік зерттеулер (XX ғасырдың 90-жылдарында қалыптасқан жаңа бағыт);
- психолингвистикалық гендерлік зерттеулер. Соңғы уақытта нейролингвистикамен тығыз байланыста қарастырылып келеді. Бұл бағыт аясында биодетерминистік (еркек пен әйелдің табиғаттан берілген әр түрлі гормондық қасиеттерінің когнитивтік ерекшеліктеріне әсерін қарастырады) және балалар тілін зерттеу мәселелері қамтылған.
- лингвомәдениеттанымдық бағыттар және гендерлік субмәдени болжамдар.

Бұл бағыттар бір-бірімен тығыз байланысты, айырмашылығы шарттылық сипатта ғана болды. Сонымен, жоғарыда аталған бағыттар мынадай мәселелерді зерттеді:

1. Тіл мен жыныстың тілдегі көрінісі: атауыштық (номинативті) жүйе, лексикон, синтаксис, тек (род) категориясы, т.б. Мұндай тәсілдің мақсаты – еркек пен әйелге қатысты қолданылатын тілдік амалдардың семантикалық таралу деңгейін анықтау, тілде жыныс өкілдерінің қалай сипатталатынын, бағаланатынын түсіндіру. Зерттеулер бір тілдің өз ішінде және салғастырмалы сипатта жүргізілді.

2. Еркек пен әйелдің сөйлеу әрекеті: тіл бірліктерін (лексикон) таңдаудағы гендерлік ерекшеліктер, қарым-қатынас кезінде жетістікке жету (сарапшы (эксперт) мәртебесін иелену, синтаксистік құрылымдарды таңдаудағы гендерлік басымдықтар) тәсілдері, белгілі бір мақсат-мүддеге жетуді айқындайтын гендерлік қатынастық ерекшеліктер [Кирилина 1999, 36-37 бб.].

XX ғасырдың 60-жылдары гендерлік зерттеулердің қарқынды әрі жүйелі дамуына әлеуметтік лингвистиканың ықпалы күшті болды. Әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулер адамдарды жасы, жынысы, кәсібі және қалада немесе ауылда өмір сүру белгілеріне қарай топтастырып, көлемді статистикалық мәліметтер ұсынып отырды.

Әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулердің бастапқы кезеңінде белгілі бір тілдік өлшемдерді белгілеу үшін алдымен сандық мәліметтер жинақталды. Бұл өлшемдер аудиотаспаға жазылып алынған ауызекі сөйлеу тілінің үлгілері арқылы және оларды (сөйлеушінің немесе жағдаяттың) әлеуметтік деңгейін өзара салыстыру арқылы анықталды. Еркек пен сөйлеу тілінен байқалатын фонетикалық айырмашылықтар жөнінде алғашқы мәліметтер У. Лабов пен П. Траджилл еңбектерінен көрініс тапты. Олар

қалыпты (стандартты) және қалыптан (нормадан) тыс қолданылатын фонетикалық тұлғалардың еркек пен әйел тіліне тән ерекшеліктерін анықтаған.

У. Лабов Нью-Йорк тұрғындарының әлеуметтік диалектісін ауызша сұхбаттасу жазбалары негізінде зерттей келіп, тілдің жарыспалылығын сөйлеушінің әлеуметтік мәртебесі мен тілдік жағдаятқа сәйкес талдады. Ол әр түрлі әлеуметтік топ ішінде әйелдердің ерлерге қарағанда, нормадан тыс тілдік тұлғаларды аз қолданатынын көрсетті. Ауызша сұхбаттасудың ұнтаспаға жазылған нұсқасын зерттеу көрсеткендей, әйел сөйлеуі орта тапқа тән сөйлеу стиліне жақын, ол жұмысшы табы қарым-қатынасы стилінен ерекше болатыны анық. Сонымен, У. Лабовтың ұсынған гендерлік ерекшеліктерді зерттеу тәжірибесі төмендегідей болды:

1. Зерттеу нысаны ретінде фонология алынды.

2. Талдау жұмысы бір немесе бірнеше ақпарат беруші (информант) мәліметіне сүйену арқылы емес, адамдар тобындағы ауызша сұхбаттарға құрылды.

3. Кез келген сөйлеуші адам тілді қолдануда құбылта алатынын (әсіресе, фонологиялық құбылтулар) және барлық жағдайда сөздің бір фонологиялық нұсқасын қолданып қана қоймайтыны дәлелденді.

Гендер мәселесіне арналған еңбектерде еркектер мен әйелдердің сөйлеу тіліндегі айырмашылықтар имплицитті (жасырын, көріне бермейтін) немесе эксплицитті (айқын көрінген) дәлелдерге негізделіп, биологиялық факторларға байланыстылығы имманенттік тұрғыдан сипатталуы жеткіліксіз болып табылды.

4. Фонологиялық нұсқалар – сөйлеушінің саналы әрекетінен (бағалауынан) туындаған айтылым түрлері екені нақтыланды. Ғалымның квантитативтік талдау әдісі кейінгі кезде де де кеңінен қолдау табуда [Кирилина 1999, 38 б.].

П. Траджилл Ұлыбритания, АҚШ және басқа елдер тұрғындары арасында түрлі әлеуметтік тілдік ортадағы ерлер мен әйелдердің тіл қолданысына сараптама жүргізген. Автор әйелдердің сөйлеу әдеби ерлерден жоғары түсіп, фонетикалық, грамматикалық нормаларға сай келіп, лингвистикалық сауаттылығымен ерекшеленетіндігін атап көрсетеді. Мәселен, Норвичте (Англия) әйелдер көп жағдайда мұрын жолды «ng» дыбысын қолдануды мәртебе санайды, ал ерлер «n» дыбысын қолданады. Сол сияқты жас деңгейі әр түрлі әлеуметтік топ өкілдерінен құралған Нориджа қаласының

тұрғындарының тілін зерттеу барысында да әйелдердің сөйлеудің «мәртебелік», яғни қалыпты нұсқасын қолдануға бейім екенін анықтады.

Ғалым тілдегі гендерлік ерекшелікті ер мен әйелдің қоғамда белгіленген әлеуметтік орнымен байланыстыра қарайды. Әйелдерге фемининдік рөл – дәлдік, әлеуметтік және лингвистикалық нормалардың қатаң сақталуы тән, ал ерлерге маскулиндік – батылдык, беріктік, дәрекілік тән. Әйелдер атқаратын кәсіп түрлері (мұғалім, шаштараз, медбике, т.б.) әр түрлі әлеуметтік топ өкілдерімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді, осының өзі кәсіп иелерінің тілдік қолданысын ерекшелейді. Маскулиндік мінез әсіресе төменгі әлеуметтік топтағы ерлер тілінен жиі байқалады. Олар «бүркеме мәртебе» таптаурынын қалыптастырып, тілдегі көп ауытқуларға жол беріп отырған [Антинескул 2000, 70-72 бб.].

Бұл кезеңде жүргізілген зерттеулерден алынған мәліметтердің қай-қайсысы болса да, гендерлік таптаурындар тұрғысынан түсіндірілді: ерлермен салыстырғанда, әйелдердің қалыпты (нормаға сай) тұлғалардың басым қолданылу себептерін, біріншіден, кәсіби ортада әйелдердің өзін-өзі таныту, өзін-өзі мойындату мүмкіндігі аз болғандықтан, олар басқа символдарға, әсіресе сыртқы сымбаты мен сөйлеу әдебіне ерекше көңіл бөледі; екіншіден, әйелдер бала тәрбиесінде маңызды рөл атқаратын болғандықтан, олар балаларына «дұрыс сөйлеу» үлгісін үйретуге тырысады [Камерон 2005, 539-563 бб.].

Кейінгі зерттеулердегі мәліметтер бойынша, сөйлеу тілінің қалыпты және қарапайым түрлерінің тұрақтануы сөйлеушінің жынысына қатысты анықталмайды, еңбек нарығындағы жағдаяттарға байланысты немесе топшілік әлеуметтік қатынастар күшіне байланысты жүзеге асады. Осы ретте П. Никольс «әйел» категориясының біржақты емес екендігіне алғаш көңіл аударған болатын: «Олар (әйелдер) барлық «әйел жағдайына» ортақ деп танылған жалпы әсердің нәтижесі арқылы емес, нақты әлеуметтік жағдаятқа таңдау жасайды [Гриценко 2005, 44 б.]. Зерттеулер нәтижесі сөйлеу тілінің стандартты түрі – әйел тіліне тән деген қағиданың жалпыға ортақ емес екендігін көрсетті.

Сонымен, ілгеріде келтірілген дәйектемелерден байқағанымыздай, еркек пен әйелдің сөйлеу әрекетінен байқалатын айырмашылық белгілері олардың тек әлеуметтік гендерлік рөліне

байланысты деу жеткіліксіз. Сондықтан тілдің жарыспалылығы себебін анықтау гендерлік рөлмен шектеліп қалмай, сол гендерлік рөлді қалыптастыратын сөйлеу тәжірибелерін де зерттеуді қажет етті.

Бұл идеялар бірнеше жылдардан соң Д. Танненнің еңбектерінде жалғасын тапты. Ол еркектер мен әйелдердің қарым-қатынасы стиліндегі айырмашылықтарды жұптық қарама-қарсылық (бинарлық оппозиция) тұрғысынан түсіндірді. Әйелдердің көпшілігі үшін қарым-қатынас – бұл достық қатынасты, ортақ мүдделерді қалыптастыру, ниеттестік білдіру құралы болып саналады. Олардың өзара қарым-қатынасы иерархиялы емес, ал еркектердің көпшілігі үшін қарым-қатынас – бұл бәсекелестік, мәртебелік иерархиясын өзінің білімімен, күшімен көп ақпараттанғандығын жариялап көрсету және күшейту болып табылады. Осы ұстаным тұрғысынан ғалым еркектер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынас стилін бір жыныс өкілінің екіншісіне үстемдік етуімен емес, жағдаятты әр түрлі түсіну, әр түрлі нәтиже күту, яғни қарым-қатынас стиліне байланысты екенін айқындайтын көптеген дәлелдер келтіреді [Таннен, 2005].

Еркек пен әйелдің сөйлеу әрекетін әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан зерттеу гендер туралы түсінікті тереңдетіп қана қойған жоқ, сондай-ақ жеке лингвистикалық білімнің жетілуіне негіз болды.

Гендерді жас ерекшелігі, мәртебе, этникалық құндылықтар сияқты әлеуметтік өлшемдер санатында қарастыру тілдік жарыспалылық себептері, сөйлеу ерекшеліктері, тұлғаралық және мәдениетаралық қарым-қатынас ерекшеліктері (сыпайылық стратегиясы, өзара түсініспеушілік мәселелері, қарым-қатынастың бұзылуы), нақты сөйлеу актілері (қошемет білдіру, т.б.) мен жанрлары (сұхбат, т.б.) туралы түсініктерді кеңейте түсті. Қарым-қатынастағы сәтсіздік, басымдық таныту, үстемдік ету (сөйлеушінің әңгімесін бөлу, ойын аяқтауға мүмкіндік бермеу, сөйлеу тақырыбынан ауытқу) және басқа да өлшемдер жаңа қырынан анықталды.

Дегенмен, аталған зерттеулердің көпшілігінің әдіснамалық жағынан кемшіл тұстары да баршылық. Себебі, олардың қорытындылары тар көлемде, шағын материалдар негізінде ғана жасалып, жалпыға тән белгілер ретінде ұғынылды. Сондықтан гендерді әлеуметтік-лингвистикалық бағытта қарастырған алғашқы еңбектерде ұсынылған зерттеу нәтижелері (еркектік пен әйелдік белгілерін (қасиеттерін) өзгермелі, көп категориялы деп тану) ғаламдық деңгейде тұжырымдау үшін жеткіліксіз болды.

1970-1980 жылдардағы гендер мен тіл мәселесін зерттеу ба-рысында әйелдер мен еркектердің сөйлеу әрекетіндегі айыр-машылықтар аксиома деп танылып, лингвистикалық зерттеулерге бастапқы негіз болды. Нәтижелерді түсіндіру (интерпретациялау) үш идеологиялық парадигма шеңберінде жүргізілді: тапшылық (дефицитность), үстем етушілік (доминирование) және айыр-машылық (различие) [Гриценко 2005, 55-59 бб.].

Тапшылық парадигмасы тілдегі әйелдер рөлінің жетіспеу-шілігін басты нысан етіп алады: еркек тілі норма ретінде қабылданып, ал әйел тілі нормадан ауытқушылық деп түсініледі. Осындай тәсіл гендерлік зерттеулердің бастапқы кезеңдеріне тән болды. Бұл О. Есперсен мен Ф. Маутнер, Р. Лакофф еңбектерінде көрініс тапқан.

Үстемдік ету парадигмасында тілдік формалар мен үлгілер әлеуметтік патриархаттық тәртіптің көрінісі ретінде түсіндіріледі. Соған сәйкес қарым-қатынастағы гендерлік асимметрия еркек-тердің дәрежесін күшейту ретінде танылады: мысалы, әңгіме бары-сында сөзді бөлу билік пен бақылау жүргізудің көрінісі деп санала-ды. Үстемдік ету парадигмасына қатысты Ч. Крамери, Д. Спендер, П. Фишман, В. Де Франсиско, т.б. еңбектерінде қарастырылды.

Үшінші парадигманың, яғни айырмашылық парадигмасын танытатын өкілдер қатарында Д. Таннен мен «*екі мәдениет*» («әр түрлі, бірақ өзара тең») тұрғысынан әйелдер мен еркектер арасындағы қарым-қатынасты қарастырған басқа да зерттеушілер бар (Д. Мальц, Р. Боркер). Бұл ұстаным Д. Танненнің зерт-теу тәсілдері арқасында әлеуметтік тіл білімі саласында да өзінің жақтастарын тапты. Д.Таннен кейін әлеуметтік тіл білімі қағидалары тұрғысынан еркектер мен әйелдер қарым-қатынасы стилине берілген ой-пікір, бағалауларынан бас тартты.

Аталған парадигмалардың ортақ кемшілігі – көрсетілген гендерлік айырмашылықтардың біржақты болуы. Бұл біріншіден, әйелдер мен еркектердің сөйлеу әрекетіндегі ұқсастық белгілерін зерттеу шеңберінен тыс қалдырғанынан болса, екіншіден гендерлік сәйкестілікті статикалық (өзгермейтін) түрде қарастырудан болды. Еркек пен әйелді үстемдік ету, бағыну, сыпайылық таныту, өзін-өзі ұстау, зияттылық, қабілет және т.б. қағидалар бойынша қарама-қарсы қоятын болса, онда бұл анықтамалардың рөлі топшілік айырмашылықтарды тануда жеткіліксіз болып білінбей қалады.

Еркек пен әйелді ішкі байланыстар бойынша әр түрлі етіп көрсету, қарама-қарсы күйде түсіндіру тілді құрылымдық тұрғыдан қарастыру тәсілінен бастау алады және гендерді эссенциалистік тұрғыдан, яғни ішкі (табиғи) әйелдер мен еркектерге тән қасиеттер жиынтығы тұрғысынан ұғынумен байланысты болады. Осыған ұқсас түсініктер тіл мен гендер байланысының әлеуметтік гендерлік таптаурындарға қатысын зерттеу барысында ғылыми таптаурындардың үстелуіне себеп болды. Таптаурындар тіл мен гендер туралы аялық білімнің бөлігі бола отырып, ғылыми ақиқаттың негізі ретінде қабылданады.

Әлеуметтік құрылымдау тұрғысынан гендер – бұл еркек пен әйелдің күнделікті қарым-қатынас әлемі; бұл қарсы тұруға келмейтін, бас тартуға болмайтын әлеуметтік тәртіптің жүйелі сипаты; ол сана құрылымында әрдайым өңделіп, қалыптасып отырады [Гриценко 2005, 67 б.]. Зерттеушінің міндеті – еркек пен әйелдің қарым-қатынасында осы әлеуметтік тәртіптің қалай қалыптасатынын анықтау. Осылайша тіл мен гендер әлеуметтік тәжірибеде берік орын алған деуге болады. Бұл дегеніміз жеке адам өз мақсаттарына жету үшін тілдік таңдау жасап қана қоймайды, сондай-ақ белгілі шектеулерді (институционалды және идеологиялық) ескере отырып, әрекет етеді.

2.3 Феминистік лингвистика және тілдегі феминистік сын

XX ғасырдың 60-жылдарының соңы мен 70-жылдардың басында Америка мен Германияда пайда болған «әйелдердің жаңа қозғалысы» әсерімен гендерлік зерттеулер феминистік сипат алды. Тіл білімінде **феминистік лингвистика** немесе **тілдегі феминистік сын** деп аталатын өз алдына арнайы бағыт пайда болды.

Феминистік лингвистика патриархатты, яғни қоғамдық және мәдени өмірдегі еркектердің басымдығын сипаттайды. Бұл зерттеу нысанына сәйкес, өзіндік әдіснамасы бар, адам туралы ғылым салаларының (психология, әлеуметтану, этнография, антропология, тарих, т.б.) нәтижелерін лингвистикалық зерттеулерге кең пайдаланатын, тіл саясатын жетілдіру идеяларын берік ұстанған, ғылыми пікірталасқа құрылған бағыт [Кирилина 2005, 21-27 бб.].

Феминистік лингвистика өкілдері Робин Лакофф, Дженифэр Коатс зерттеулерінде әйел тілі жан-жақты талданды. Атап

айтқанда, Робин Лакофф 1973 жылы жарияланған «*Language and Woman's Place*» («Тіл және әйелдің тілдегі орны») атты зерттеуінде әйел тіліне тән лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерді саралап, ағылшын тіліне «*Women's language*» (әйелдер тілі) терминін енгізді. Зерттеушілердің көпшілігі (У. О'Барр, Б. Аткинс, Дж. Коатс, т.б.) Р. Лакоффың тілдік амалдар қызметін шектеп, «әйелдер тілін» ғана бөліп көрсету ұстанымын сынға алып, «*Women's Language*» («әйелдер тілі») терминін, соған ұқсас, «*Pawerless Language*» («әлсіз тіл») атауымен алмастыруды ұсынды.

Р. Лакофф жыныс өкілдерінің бірдей сөз қолданысы стильдік тұрғыдан әр түрлі қабылданады, себебі адамның психикасы мен сөйлеу ерекшелігі арасындағы байланыс лексикалық, синтаксистік және семантикалық материалдар арқылы тілде көрініс табады. Соған сәйкес, ер адамның сөйлеу стилі нормаға сай, айқын әрі салмақты болып келсе, әйелдің сөйлеу стилінде өзінің табиғатына лайық сыпайылық басым деп түсіндіреді [Антинескул 2000, 73-76 бб.]. Сонымен қатар автор лингвистикалық сезімталдық және бақылау әдістерін негізге ала отырып, әйел тілінің бірқатар айырым белгілерін анықтады, соның ішінде:

- әйелдер мүддесі мен қызмет ету ортасына байланысты арнайы сөздік;
- айқын, дәл сипатталған түр-түс белгілері;
- жай-күйді, эмоционалды қатынасты бейнелейтін сын есім түрлері (*сүйкімді, тамаша, керемет*, т.б.);
- сенімсіздік мәнін білдіретін айырым сұрақтар (*солай емес пе? солай сияқты еді ғой?*)
- әңгімені бәсеңдету, мойындату мәніндегі сөздер мен фразалар (сол тәрізді, қалай айтсам болады екен, сол сияқты);
- эвфемизмге бейімділік және асыра сыпайылық білдіру;
- аса биязылық.

Осы аталған белгілердің біразы әлеуметтік тіл біліміндегі зерттеулерде эмпирикалық талдаулардың нысаны болды. Зерттеушілердің бірқатары Р. Лакоффың қорытындысын мақұлдаса, кейбірі келіспейтіндіктерін білдірді, теріске шығарды. Айталық, ерлі-зайыптылар арасындағы әңгіме жазбасына талдау жасау, студенттер ортасындағы семинар сабақтардағы сұхбаттарға талдау жүргізу, ересек, егде жастағы кісілердің әңгімелеріне талдау жасау барысында айырым сұрақтарын әйел қауымы жиі

қолданатыны байқалды; ал конференцияларда, пікірталастарда, кәсіби ортадағы әңгімелесу барысында айырым сұрақтарын еркектер көп қолданатыны анықталды.

Соңғы жылдары әйел тілін зерттеу басқаша бағытта, яғни әйелдер тобындағы қарым-қатынасты талдауға көшті. Бұған дейін әлеуметтік тіл білімінде респондент рөлінде тек әйелдер алынған бірде-бір зерттеу болмаған еді.

Дж. Коатс өзіне дейін жарияланған зерттеу еңбектерге шолу жасай келе, тілде жинақталған көлемді эмпирикалық материалдар негізінде «әйел тіліне» қатысты дәстүрлі ұғымға жаңаша түсінік берді. Ол алдымен, қоғамда қалыптасқан әйелдердің сөйлеу стиліне көпсөзділік пен боссөзділік тән деп есептеп, олардың әңгімеге араласпауын тиімді қатынастық саясат санайтын таптаурын белгілердің мәнін ашуға тырысты және әйел тіліндегі сыпайылық, әдептілік нышанын білдіретін тілдік құрылымдарды (қыстырма сөздер, риторикалық сұрақтар, қайталаулар, т.б.) нақты атап, олардың әрқайсысының стильдік қызметін талдап көрсетті [Коатс 2005, 146-148 бб.].

Қоғамдағы еңбек бөлінісі әсерінен әйелдер тілінде болатын нормалық өзгерістер Р. Маколке, С. Ромейн, П. Никольс еңбектерінде тәжірибелік зерттеулер арқылы дәлелденген болатын [Антинескул 2000, 86 б.].

Жалпы алғанда, феминистік лингвистикалық зерттеулер екі бағытта жүргізілді. Біріншісі – әйелдерге қарсы бағытталған¹ тілдік асимметрияларды анықтау мақсатындағы зерттеулер. Зерттеушілер Сепир Уорф тұжырымына сүйене отырып, бұған дейін патриархалды мәдениетте белең алып келген маскулиндік қалыпты өзгертіп, тілдік нормаларды қайта қарап, жаңа тілдік саясат жасауды өздеріне міндет етті.

Феминистік лингвистиканың екінші бағыты ер мен әйел арасындағы тілдік қарым-қатынаста байқалатын патриархалды таптаурын белгілерді анықтап, соған сәйкес гендерлік зерттеулер жүргізуді мақсат еткен. Зерттеулер телевизиялық ток шоу, дәрігер мен емделуші арасындағы диалогтар, отбасындағы қарым-қатынас, т.с.с. әңгіме түрлерін қамтыған [Кирилина 2005, 17-18 бб.].

Тіл білімінде феминистік лингвистиканың теориялық қағидалары төңірегінде талас пікірлер, айтыстар көп. Әсіресе,

¹ Бұл жерде әйелдерді төмен санап, жағымсыз қасиеттерін баса көрсететін, тілде кең етек жайған патриархалды таптаурын туралы болып отыр.

еркектер мен әйелдердің тілдік қатынастың ақиқат бөлігі (пре-суппозициясы) күрделі сынға ұшырады [Кирилина 2005, 21-27 бб.]. Солардың қатарына Х. Коотхофф мыналарды жатқызады: ынта (интенционализм), жыныс факторына телінген жалпыға бірдей мәнділік (омнирелеванттық), мән-мәтін рөлін ескермеу, этнолингвистикалық белгілерді жеткілікті бағаламау, гендерлік бейімделу кезеңдерін (бала жас, жасөспірім шақ) тым әсірелендіру [Коттхофф 2005].

а) Феминистік лингвистика өкілдері патриархаттық үстемдік ықпалымен әйелдердің өздерін тәуелді етіп ұстауы, ерлердің өздерін жоғары бағалауы олардың сөйлеу әрекетінен аңғарылады дейді. Көп жағдайда әйелдерге қарағанда, еркектер әлеуметтік мәртебеге және билікке ие болады. Еркектік үстемдік нақты сөйлеу әрекетінде көрініс береді. Оны бірқатар микрофеномендер деңгейінде түсіндіруге болады: ойды не сөзді бөлу, репликаларды қосарластыру, дискурстық-тақырыптық бақылау жасау, т.б. Осының барлығы феминистік лингвистикада анықталғандай, еркектер тарапынан билік үшін күрестің саналы түрде көрінуін дәйектейді.

С. Хиршауер гендерлік мәртебені нығайту үшін үздіксіз ынта (интенционалдық) талап етілмейді дей келіп, И. Гоффманның әлеуметтік конструктивтілік (конструктивизм) идеясын алға тартады. Ынтаны жақтаушылар гендердің орнығуы мен жоралануын, бүтіндей алғанда әлеуметтік құрылымның жоғары мәнге ие болатынын ескере бермейді. И. Гоффман атап көрсеткендей, еркектік пен әйелдік белгілер орнығады, дағдыға айналады, жоралық сипатқа ие болады. Осыдан келіп, әлеуметтік институттар (мектеп, шіркеу, әскер, т.б.) өз ішінде гендерлік саты қалыптастырады. Ал оны жеке адам үнемі барлық жағдайда жүзеге асыруды қажетсіңбейді [Кирилина 2005, 20-23 бб.] .

ә) Бастапқы феминистік зерттеулер жыныс – тұлғаның өзін-өзі жекелендіретін жалпыға бірдей мәнділігін айқындаушы деген тұжырымды негізге алды. К. Уэст пен Д. Зиммерманның пікірінше, жеке адамның гендерлік сәйкестілігі оның әрбір әрекетіне еніп, көрініс тауып отыратын үздіксіз үдеріс [Уэст, Зиммерман, 1997]. С. Хиршауер қоғамда жынысқа қатыссыз жағдайлар мен әрекеттер жетерлік, жас ерекшелігі, этникалық, әлеуметтік деңгей, білім дәрежесі, кәсіби факторлар тұрғанда гендерге ерекше мән

берудің, яғни жеке адамның күллі әрекетіне жаппай қатысты етудің қажеті жоқ дейді. Оған қоса аталған өлшемдердің өзара тығыз әрекеттестігі олардың бірінің екіншісіне ықпал ету шекарасын анықтауда қиындық тудырады, сондықтан ғалым «гендерлік бейтараптық» факторын ескеруді ұсынады. Гендерлік сәйкестілікті қалыптастыруда оның үздіксіз қасиетін жою үшін үздіксіз емес (дискреттік) сипатының болуын талап етеді.

Х. Коттхоффтың пікірінше, сыпайы, әдепті тіл – әйелдің сөйлеу әдебіне тән ерекшелік, бірақ ол жоғары әлеуметтік мәртебелі тұлғалардың қарым-қатынас стилін айқындайтын белгілердің де бірі. Сондықтан ғалым гендерлік тұрғыдан өзін-өзі таныту әрекетін эмпирикалық жағынан анықтау өте қиын дей келіп, осы үдерісті танытып белгілеу үшін «сатылық мәнділік» (градуированная релевантность) терминін енгізген жөн деп есептейді [Кирилина 2005, 22 б.].

Кейбір ғалымдар феминистік бағыттағы гендерлік лингвистикалық зерттеулер тіл саясатын түбірлі өзгертуде үлкен жетістіктерге қол жеткізді деп есептейді. Сөйтіп, өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап тіл білімінде (АҚШ пен Германияда) тілдік феминистік сынау немесе феминистік лингвистика бағыты пайда болды және де ол бүгінге дейін жалғасуда. Феминистік лингвистика өкілдері тіл жалпы адамға қатысты болмай, андроэектілік сипат алып, тек ер адамдық бағытты ұстанады деген тұжырымды сынға алады. Олардың тұжырымдауынша, тілде кемсітушілік басым, жыныстық шектеу бар, соның ішінде ерлерді үлгі ретінде бейнелейтін тілдік тәсілдер жеткілікті, ал әйелдер нысан түрінде, екінші реттік мәнде ұғынылады. Көптеген тілдерде еркек және адам ұғымдары теңдестірілген, әйелдер жағымсыз реңкте бағаланады. Жыныс тілдік қарым-қатынаста да шешуші фактор болып табылады [Кирилина 2005, 17-20 бб.].

Феминистер өздерінің саяси бағытын ашық жариялады: тілдегі патриархаттық пен жынысқа тәуелділіктің белгілерін айқындап, олармен батыл күресуді және тілді түбірлі өзгертуді талап етті. Дегенмен олардың «дүрліктіру» кезеңіндегі батыл қадамдарының біразы жүзеге аспады, тек кейбіреулері ғана шешімін тапты. Кейіннен феминистік пікірлер толқуы біртіндеп сейіліп, байыпты зерттеулерге орын берілді.

Гендерді жас ерекшелігі, мәртебе, этникалық құндылықтар сияқты әлеуметтік өлшемдер санатында қарастыру тілдік жарыспалылық себептері, сөйлеу ерекшеліктері, тұлғаралық және мәдениетаралық қарым-қатынас ерекшеліктері (сыпайылық стра-

тегиясы, өзара түсініспеушілік мәселелері, қарым-қатынастың бұзылуы), нақты сөйлеу актілері (қошемет білдіру, т.б.) мен жанрлары (сұхбат, т.б.) туралы түсініктерді кеңейте түсті. Қарым-қатынастағы сәтсіздік, басымдық таныту, үстемдік ету (сөйлеушінің әңгімесін бөлу, ойын аяқтауға мүмкіндік бермеу, сөйлеу тақырыбынан ауытқу) және басқа да өлшемдер жаңа қырынан анықталды.

Дей тұрғанмен, аталған зерттеулердің көпшілігінің әдіснамалық жағынан кемшіл тұстары да баршылық. Себебі, олардың қорытындылары тар көлемде, шағын материалдар негізінде ғана жасалып, жалпыға тән белгілер ретінде ұғынылды. Сондықтан гендерді әлеуметтік-лингвистикалық бағытта қарастырған алғашқы еңбектерде ұсынылған зерттеу нәтижелері (еркектік пен әйелдік белгілерін (қасиеттерін) өзгермелі, көп категориялы деп тану) ғаламдық деңгейде тұжырымдау үшін жеткіліксіз болды.

1970-1980 жылдардағы гендер мен тіл мәселесін зерттеу барысында әйелдер мен еркектердің сөйлеу әрекетіндегі айырмашылықтар аксиома деп танылып, лингвистикалық зерттеулерге бастапқы негіз болды. Нәтижелерді түсіндіру (интерпретациялау) үш идеологиялық парадигма шеңберінде жүргізілді: *тапшылық* (дефицитность), *үстем етушілік* (доминирование) және *айырмашылық* (различие) [Гриценко 2005, 55-59 бб.].

Тапшылық парадигмасы тілдегі әйелдер рөлінің жетіспеушілігін басты нысан етіп алады: еркек тілі норма ретінде қабылданып, ал әйел тілі нормадан ауытқушылық деп түсініледі. Осындай тәсіл гендерлік зерттеулердің бастапқы кезеңдеріне тән болды. Бұл О. Есперсен мен Ф. Маутнер, Р. Лакофф еңбектерінде көрініс тапқан.

Р. Лакоффтың пікірінше, әйелдер тілінің ерекшелігі оны «әлсіз», «сенімсіз» және «биліксіз» етіп танытады, мұның өзі әйелдің қоғамға толықтай тәуелді, бағынышты екенін көрсетеді. Қазіргі әйелдердің осындай сөйлеу стилін жалғастыра беруінің себебін ғалым қыз бала тәрбиесімен байланыстырады: «Отбасында, қоғамда қыз балаға қойылатын талаптар, олардың мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі мадақталатын не сыналатын жағдайлар әсерімен бірте бірте айырым белгілері де жинақтала бастайды.

Үстемдік ету парадигмасында тілдік формалар мен үлгілер әлеуметтік патриархаттық тәртіптің көрінісі ретінде түсіндіріледі. Соған сәйкес қарым-қатынастағы гендерлік асимметрия еркектердің дәрежесін күшейту ретінде танылады: мысалы, әңгіме бары-

сында сөзді бөлу билік пен бақылау жүргізудің көрінісі деп саналады. Үстемдік ету парадигмасына қатысты Ч. Крамери, Д. Спендер, П. Фишман, В. Де Франсиско, т.б. еңбектерінде қарастырылды.

Үшінші парадигманың, яғни айырмашылық парадигмасын танытатын өкілдер қатарында Д. Таннен мен «*екі мәдениет*» («әр түрлі, бірақ өзара тең») тұрғысынан әйелдер мен еркектер арасындағы қарым-қатынасты қарастырған басқа да зерттеушілер бар (Д. Мальц, Р. Боркер). Бұл ұстаным Д. Танненнің зерттеу тәсілдері арқасында әлеуметтік тіл білімі саласында да өзінің жақтастарын тапты. Д. Таннен кейін әлеуметтік тіл білімі қағидалары тұрғысынан еркектер мен әйелдер қарым-қатынасы стиліне берілген ой-пікір, бағалауларынан бас тартты.

Көп сөйлеу немесе вербалды ашу білдіру, үнсіз қалу, ойын жасырын білдіру бір жағдайларда әйелдерге тән деп түсінілді де, ал келесі бір жағдайларда бұл ерекшеліктер еркектерге тән деп танылды.

Аталған парадигмалардың ортақ кемшілігі – көрсетілген гендерлік айырмашылықтардың біржақты болуы. Бұл біріншіден, әйелдер мен еркектердің сөйлеу әрекетіндегі ұқсастық белгілерін зерттеу шеңберінен тыс қалдырғанынан болса, екіншіден, гендерлік сәйкестілікті статикалық (өзгермейтін) түрде қарастырудан болды. Еркек пен әйелді үстемдік ету, бағыну, сыпайылық таныту, өзін-өзі ұстау, зияттылық, қабілет, т.б. қағидалар бойынша қарама-қарсы қоятын болса, онда бұл анықтамалардың рөлі топішілік айырмашылықтарды тануда жеткіліксіз болып білінбей қалады.

Еркек пен әйелді ішкі байланыстар бойынша әр түрлі етіп көрсету, қарама-қарсы күйде түсіндіру тілді құрылымдық тұрғыдан қарастыру тәсілінен бастау алады және гендерді эссенциалистік тұрғыдан, яғни ішкі (табиғи) әйелдер мен еркектерге тән қасиеттер жиынтығы тұрғысынан ұғынумен байланысты болады. Осыған ұқсас түсініктер тіл мен гендер байланысының әлеуметтік гендерлік таптаурындарға қатысын зерттеу барысында ғылыми таптаурындардың үстелуіне себеп болды.

Гендерлік айырмашылықтарды анықтаумен айналысқан тілші-ғалымдар үшін кейбір таптаурындардың мәнін түсіндіру қиынға соқты. Өйткені олар дайын гендерлік түсініктерді жеткізуге қолайлы болды. Дегенмен аталған мәселелер тағы тұрындап, ғалымдардың қайтақайта қарастыруына тура келді. Бұл қарастырулардың қорытындылары кейде дәйексіз болды, кейде

теріс нәтиже берді. Алайда, зерттеу барысында тұрақты ұстанымдар берілгеннің өзінде де осы мәселеге арналған жұмыстың құрылымы, сілтемелері, дәйектемелері мен дәлелдері нәтижесі оң, мазмұны дұрыс тұжырымды дәлелдеуге тырысты: таптаурындар тіл мен гендер туралы аялық білімнің бөлігі бола отырып, ғылыми ақиқаттың негізі ретінде қабылданады.

Еркек пен әйел тілін таптаурындарға сүйене отырып талдаудан бас тартқан П. Эккерт пен С. Мк Коннел-Джине тіл мен гендердің байланысын жергілікті қауым арасында күнделікті тәжірибеде зерттеу керек дейді. Оның себебі: 1) гендерді әлеуметтік сәйкестендіру мен әлеуметтік қатынастардан бөліп алып қарастыру мүмкін емес; 2) гендер әр түрлі қауымда/мәдениетте бірдей мағына бере бермейді; 3) гендердің лингвистикалық сипаты әр қауымда/мәдениетте түрленіп, өзгеріп отыруы мүмкін [Кирилина 2005, 63-67 бб.].

Д. Камерон тіл мен гендерді *нақты* (еркек пен әйелді нақты мән-мәтіндерде зерттеу) және *кешенді* (гендерлік өлшемдерді әлеуметтік қатынас типтерімен және сәйкестендірудің басқа да түрлерімен өзара байланыста зерттеу) түрде зерттеуді ұсынады. Бұл реттегі талдау үлгілері құрылымдау мен тәжірибеге негізделеді [Камерон 2005, 539 б.].

Бұлармен қатарласа тіл ғылымында гендерді әлеуметтік лингвистикалық, психолінгвистикалық, лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеуді нысана еткен өзге де бағыттар пайда болды. Тағы бір атап өтерлігі сол – кейінірек ер адамға қатысты маскулиндік зерттеулер де бой көрсете бастады. Олар қоғамда қалыптасқан ер адамдық нормалар мен талаптарды ажыратып, белгілі бір мәдениет аясында ерге тән тілдік белгілердің ерекшеліктерін анықтап, ер жынысының әлеуметтік құрылымдануын айқындауды көздеді.

Әлеуметтік құрылымдау тұрғысынан гендер – бұл еркек пен әйелдің күнделікті қарым-қатынас әлемі; бұл қарсы тұруға келмейтін, бас тартуға болмайтын әлеуметтік тәртіптің жүйелі сипаты; ол сана құрылымында әрдайым өңделіп, қалыптасып отырады. Зерттеушінің міндеті – еркек пен әйелдің қарым-қатынасында осы әлеуметтік тәртіптің қалай қалыптасатынын анықтау.

2.4 Маскулиндік және этно-лингвомәдениеттанымдық зерттеулер

Маскулиндік зерттеулер. XX ғасырдың 80-жылдарының соңында тіл білімінде маскулиндік зерттеулер орын алды. С. Поллак, Б. Коннел, Х. Боссе, А. Хартон, Б. Ерхарт, В. Херрманн, Р. Левант, т.б. еңбектерінде еркекке тән белгілердің гендерлік тілдік сипатына баса назар аударылған. Авторлар көбінесе қоғамда ер адамға қатысты қалыптасқан гендерлік таптаурындардың (мәселен, еркектік үстемдік пен басымдық) мәнін тілдік бейнеленуі арқылы ашып түсіндіруді мақсат етеді. Сонымен бірге маскулиндік зерттеулер еркектік, әйелдік белгілердің әрбір мәдениетте түрленіп келетін, динамикалық, тарихи өзгермелі концептілер екенін дәлелдеуге тырысты [Кирилина 1999, 47-49 бб.].

Этно-лингвомәдениеттанымдық зерттеулер. Гендерлік лингвистикалық зерттеулердің ішінде аз зерттелгені – этнолингвомәдениеттанымдық бағыт. Алайда гендеристерді толғандыратын мәселенің бірі – жинақталған тілдік деректердің аздығы. Олар ағылшын тілінің америкалық нұсқасы, бірқатар еуропа тілдері, соның ішінде неміс және француз тілдерінің материалдарын ғана құрайды. Сол себепті де зерттеу нәтижелерін басқа тілдерді талдау тәжірибесіне тиімді пайдалану мүмкін бола бермейді.

Тілдің атауыштық жүйесінде еркектік, әйелдік концептілері түрлі тілдерде түрліше сипатталады. Еркектер мен әйелдердің сөйлеу әрекеті де, белгілі бір мәдениетте қалыптасқан нормаларға сәйкес, әр түрлі белгіленеді, яғни әрбір мәдениетті ерекшелейтін гендерлік қарым-қатынас түрлері болуы мүмкін. Бұл жөнінде И. И. Халеева, А. В. Кирилина, т.б. ғалымдар еңбектерінде атап айтылған.

А. Вежбицкая мәдени концептілерді салғастырмалы зерттеудің контрастивтік лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан маңызды екенін атап көрсетеді [Вежбицкая 1996]. Олай болса, еркектік, әйелдік мәдени концептілерінің мәнін ашып, түсіндірудің қажеттілігі басым. А. Вежбицкая мен В. Н. Телия [Телия 1996] еңбектерінде біршама болса да гендерлік тілдік ерекшеліктер мәдениетаралық салыстырулар жолымен түсіндірілген.

Жыныс мәселесін жан-жақты, тереңінен қарастыру бағыты еуропалық мәдениетке тән. Гендерлік фактордың басқа

мәдениеттерде қаншалықты маңызды екенін алдағы зерттеулерден және лингвистикалық талдаулар көмегімен анықтауға болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тіл білімі тарихында тіл мен жыныстың өзара байланысын зерттеу қалай жүргізілді?
2. Гендерлік зерттеулер тарихында антикалық дәуірдің ерекшелігі неде?
3. Символикалық-семантикалық ілім, анимизм, антропоморфизм деген ұғымдарды қалай түсінесіз?
4. Сөйлеу тілінің әйел нұсқасы, ер нұсқасы қай кезеңнен бастап енді және қалай зерттелді?
5. XX ғасырдың басында гендерлік зерттеулер қалай дамыды?
6. Әлеуметтік лингвистикалық гендерлік зерттеулер қандай бағытта дамыды?
7. Гендер мен тіл мәселесін зерттеу барысында танылған (әйел тілінің тапшылығы, үстем етушілік және айырмашылық парадигмаларының мәнін қалай түсінесіз?)
8. Феминистік лингвистика нені зерттейді?
9. Тілдегі феминистік сын дегеніміз не?
10. Феминистік лингвистиканың зерттеу бағыттарына талдау жасаңыз.
11. Маскулиндік және этно-лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің бағыт-бағдарын түсіндіріңіз.
12. Ф. Маутнер, Э. Сепир, О. Есперсен тұжырымдарының қазіргі гендерлік лингвистикалық зерттеулерімен байланысын көрсетіңіз.
13. У. Лабов пен П. Граджилл зерттеулерінің ерекшелігіне тоқталыңыз.
14. Феминистік лингвистика өкілдері (Р. Лакофф, Дж. Коатс, т.б.) зерттеулерінің мәнін түсіндіріп беріңіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Антинескул О.Л. Гендер как параметр текстообразования: дис. канд. филол. наук. Пермь, 2000.
2. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. М.: Русские словари, 1996.
3. Гриценко Е.С. Язык. Гендер. Дискурс. – Нижний Новгород: Издательство ННГУ им. Н.И. Лобачевского, 2005.

4. Камерон Д. *Теоретические дискуссии в феминистской лингвистике. Вопросы пола и гендера* (перевод О. А. Васьковой) // *Гендер и язык*. – М.: Языки славянской культуры, 2005. С. 539-563.

5. Кирилина А. В. *Развитие гендерных исследований в лингвистике* // *Филологические науки*. 1998. №2. С. 51-58.

6. Кирилина А. В. *Гендер: лингвистические аспекты*. – М.: Институт социологии РАН, 1999.

7. Кирилина А. В. *Гендерные исследования в лингвистических дисциплинах* // *Гендер и язык*. – М.: Языки славянской культуры, 2005. С. 733.

8. Коатс Дж. *Женщины, мужчины и язык* (перевод С. А. Коноваловой) // *Гендер и язык*. – М.: Языки славянской культуры, 2005. С. 33-235.

9. Таннен Дж. *Ты просто меня не понимаешь: Женщины и мужчины в диалоге* (перевод О.А. Васьковой) // *Гендер и язык*. – М.: Языки славянской культуры, 2005. С. 235-502.

10. Телия В. Н. *Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологические аспекты*. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1996.

11. Шахмайкин А. М. *Проблема лингвистического статуса категории рода* // *Актуальные проблемы современной русистики. Диахрония и синхрония*. – М., 1996. С. 226-273.

12. Butler J. *Gender Trouble: Feminism and the Subversion of Identity*. – New York and London: Routledge, 1990.

13. Cameron D. *Feminism and Linguistic Theory. Second edition*. – Mc.Millan Press Ltd., 1992.

14. Code L. *Encyclopedia of Feminist Theories*. – London: Routledge, 2000.

15. Connell R. *Masculinities*. – Berkeley: University of California Press, 1996.

16. Code L. *Encyclopedia of Feminist Theories*. – London: Routledge, 2000.

17. Lakoff G. *Language Language Women' Plase*. – New York: Harper and Row, 1975.

18. Lakoff G. *Women, Fire and Dangerous Things*. – Chicago: The University of Chicago Press, 1987.

3-тақырып. Гендерлік лингвистиканың даму бағыттары

3.1. Шетелдік гендерлік лингвистикалық зерттеулердің негізгі бағыттары

3.2. Қазақ тіл білімінің гендерлік бағытының даму ерекшеліктері

Негізгі ұғымдар

Гендерлік лингвистика, психолингвистика, ассоциативтік тәжірибе, сөйлеушінің гендерлік болмысы, фемининдік-аскулиндік белгілер, тек (род) категориясы, метагендерлік деңгей, тілдегі таптаурын белгілер, дискурс, гендердің дәстүрленуі.

3.1 Шетелдік гендерлік-лингвистикалық зерттеулердің негізгі бағыттары

Батыста кең қанат жайған гендерлік зерттеулердің әсерімен тіл білімінің гендерология саласы қалыптасып, дамыды. Жалпы алғанда, гендерлік тілдік зерттеулер екі мәселе төңірегінде топтасқан: 1) жыныстың тілдегі көрінісі; 2) ер мен әйелдің сөз саптауындағы гендерлік тілдік ерекшеліктер.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, гендерлік лингвистиканың теориялық базасы – гендеризм тұжырымдамасы (И. Гоффман), билік (М. Фуко) және қоғамның жыныстық жіктелімінің мәдени байланыстылығы тұжырымдамасы (М. Мид). Еркек пен әйелдің мінез-құлық ерекшеліктері тек биологиялық жынысқа қатысты деген көзқарастың кәте екендігі дәлелденді. Бір мәдениетте еркектік, әйелдік деп танылған гендерлік белгілердің екінші бір мәдениетке тән еместігі айқындалды. Дегенмен барлық мәдениетте жыныстар арасындағы айырмашылықтар сақталады.

Жыныстар әрекетіндегі мәдени және әлеуметтік шарттылықтар гендеризмнің негізі ретінде ұғынылады. Патриархат мәдениетінен кейінгі кезеңде де жыныстар мәртебесінің тең болмауы лингвистикалық зерттеулерде билік теориясына назар аударуды қажет етеді. Биліктік қатынастар және олардан туындайтын бағалаулар мен ұғымдық анықтамалар тілде белгіленіп отыратындықтан, андрозектілік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, Батыста феминистік бағыттың қарқынды дамуына белгілі бір дәрежеде ықпал етті.

Ресей тіл ғылымында гендерлік зерттеулердің бір тобы дәстүрлік бағытты, екінші бір тобы батыс еуропалық ілімдерді, атап айтқанда, М. Фуконың билік теориясы, Ж. Дерриданың бейқұрылымдау идеясы мен И. Гоффманнның гендеризм тұжырымдамасын негізге алған.

Гендерлік зерттеулер кеңес заманында феминизм идеяларынан қашық болды. Мұның екі түрлі себебі болуы мүмкін дейді А.В. Кирилина: «Біріншіден, 1917 жылғы төңкерістен кейін әйелдер мен ерлер тең құқыққа ие болды, жоғары білім алды, түрлі мамандықтарды игерді. Кеңес үкіметі әйелдер беделін көтеруге күш салды. Әйелдер тек үй шаруасында қалып қоймай, түрлі кәсіпке (ер адамдар атқаратын кәсіптерге де) жұмылдырылды, қоғамдық маңызы зор істерге тартылды. Сөйтіп бірте-бірте белгілі тұлғалар (Виноградова есімді тоқымашылар, космонавт В. Терешкова, диқаншы З. Тамшыбаева, т.с.с.) образы қалыптасты. Салыстырсақ, Швейцарияда тек 1971 жылдан бастап әйелдер дауыс беру құқығына ие болған, ФРГ-да сол жылдары журналист әйелдер саяси хабарлар жүргізу құқын алу үшін күрес жүргізген, т.б. Ал Кеңестер Одағының идеологиясы өзіндік бағыт-бағдарымен дамып отырды» [Кирилина 1999, 53-54 бб.].

Екіншіден, батыспен салыстырғанда, кеңестік тіл білімінде жыныс мәселесіне жете мән берілмеді [Рябов 2002]. Жыныс тілде грамматикалық тек (род) категориясы және экстралингвистикалық категория ретінде ғана танылды. Көбінесе морфология, грамматика, лексикология аясында қарастырылып келді. Феминистер талап еткен тілдік өзгерістердің бірқатары ішінара (*тетрадь ученика(цы)*, *родился(лась)*) кездесетіндігін айта келіп, А.В. Кирилина феминистік, постмодернистік дискурс орыс тіл білімінде орын алған жоқ. Алайда ол аталған мәселенің болмауында емес, дискурсивтік тәжірибенің сәйкесінше қалыптаспағандығынан деп түсіндіреді. Сондықтан гендерлік зерттеулер кеңес заманынан кейін пайда болған деуге келмейді дейді [Кирилина 1999]. Бұған осы салада жүргізілген зерттеу жұмыстарына талдау жасау арқылы көз жеткізуге болады.

Орыс тіл білімінде жыныс мәселелері (гендер термині пайда болғанға дейін) басқа лингвистикалық пәндер аясында қарастырылып келген. Гендерге дейінгі мұндай зерттеулер екі бағытты қамтыды.

1. Психоллингвистикалық және әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулер – әйелдер мен ерлерге тән ауызша және жазбаша мәтін-

дердің ерекшеліктері, сөйлеушінің жас-жыныс айырмашылығының тілдік қарым-қатынасқа ықпалы, ассоциативтік тәжірибе жүргізу кезіндегі жыныс факторының рөлі.

2. Әйел және еркек аталымдарына байланысты зерттеулер мен тек (род) категориясына қатысты мәселелер.

Енді осылардың кейбіреуіне тоқталып өтелік. Алғашқы еңбектердің бірі ретінде, Т.Б. Крючкованың зерттеуін атауға болады. Ол көркем проза тіліне статистикалық талдау жүргізіп, әйел авторлар мен ер авторлардың сөз таптарын қолдану жиілігін анықтады. Автор әйелдер шығармасында есімдіктер мен демеулік шылаулар, ерлер шығармасында зат есімдердің жиі қолданылатынын дәлелдеді. А.А. Вейлерт ауызекі сөйлеу тілінде әйелдер етістіктер мен жалғаулықтарды көп пайдаланса, еркектер сын есімдер мен үстеулерді және абстрактілі зат есімдерді көп қолданатынына көз жеткізді. О.А. Рыжкина мен Л.И. Реснянская бір ғана лексеманың еркек пен әйел танымында әр түрлі (жағымды/жағымсыз) қабылданатындығын анықтаса, Л.Р. Мошинская сөйлеушінің жас-жыныс ерекшелігінің тілдік қарым-қатынасқа тигізетін ықпалын зерттеген.

Кеңестік, одан кейін ресейлік гендерлік тіл білімінің айрықша белгілері ретінде еркек пен әйелдің сөйлеу тілін зерттеуге бағытталған тәжірибелерді (эксперименттерді) атауға болады.

Бастапқыда тәжірибелік зерттеулер Мәскеу зиялыларының отбасында жүргізілді. Ғалымдар [Земская, Китайгородская, Розанова 1993, 90-136 бб.] бақылау нәтижелерін талдай келіп, төмендегідей қорытынды жасады:

- тілдесім кезінде әйелдер әңгіме тақырыбын жиі өзгертіп, сөйлеушімен арадағы қарым-қатынасты үзбей, жалғастырып отырады. Ерлер жаңа тақырыпқа тез арада қосыла қоймайды, көбінесе енжарлық білдіріп, өзіне қатыссыз әңгімеге назар салмайды;
- әңгіме барысында әйелдер өзінің немесе айналасындағылардың (жақындарының, т.б.) өмір тәжірибесінен жиі мысалдар келтіріп отырады. Ал ер адамдар мамандығы, жұмысы жайында көп сөз қозғайды. Соған сәйкес, олардың тілінде терминдік сөздер басым;
- әйел тілінде де, ер тілінде де экспрессивтік сөздер қатары мол. Стилистикалық жағынан әйелдерде әсірелеу, бағалауыштық

басым болса, ерлерде қарсылық білдіру, дәрекі мәндегі сөздер орын алған;

- ер мен әйел тілінің ассоциативтік өрісі түрлі суреттеулермен байланыстырылады. Мәселен, спорт, аңшылық, кәсіби, әскери сала (ерлер үшін) және табиғат, жан-жануарлар, айнала қоршаған орта (әйелдер үшін).

Мұндай айырмашылықтарды әйел мен еркек тілінің арасындағы өткел бермес шекара емес, қолданыстағы үрдіс деп түсіну керек дейді авторлар.

Келесі топ зерттеулер (Вул, Горошко, Гомон) алдымен кеңестік кезеңде (Ресей, Украина) криминалистік сараптауларға қажетті материалдар ретінде жинақталып, кейіннен гендерлік лингвистика ғылымында ер мен әйел тілін зерттеудің практикалық бағытын қалыптастырды. Олар еркек пен әйелдің сөйлеу тіліндегі сәйкестілік белгілерді анықтап, диагностикасын жасауды көздеді. Соның ішінде тілдік ұқсастыруға (имитациялауға) қажетті ер мен әйел тілінде жиі қолданылатын, ерекше байқалатын және аса байқала бермейтін астыртын белгілерді топтастыру маңызды болды. Мәселен, әйелдерде *тамақ әзірлеу, сән үлгілері, балалар тәрбиесі, үй тірлігіне қатысты*, ал ерлерде *техника жөндеу, үйшілік құрал-саймандармен жұмыс, спорттық жаңалықтармен байланысты* қалыптасқан тілдік ерекшеліктерді аталған әдісте пайдалану қолайлы болды. Күрделісі – әйел/ер атынан құрастырылған мәтінде ердің/әйелдің жазу тіліне тән психолінгвистикалық дағдылардың болуы [Гомон 1990, 96 б.].

Алайда ілгеріде келтірілген гендерлік тілдік талдауларға қатысты қарама-қайшылықты пікірлер де баршылық. Ғалымдардың бірқатары гендерлік зерттеулерде жыныс өкілдерінің тілдік ерекшеліктері әлеуметтік топтарға қатысы, мәртебесі, білім деңгейі тұрғысынан қарастырылуы керек. Оған қоса, түрлі тілдік жағдаяттар мен қоғамдағы өзгерістер де ескеріліп отырғаны жөн деп санайды. Айталық, жапон тілінде ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша еркек пен әйел тілінің айырмашылығы сақталған. Ол ерлер мен әйелдер қолданатын қосымшалардың әртүрлілігінен, бір заттың түрліше аталуынан және т.с.с. көрінеді. Алайда жапонның жас қыздар жұмыс орнында *«әйел тілі»* нұсқасын емес, ерлерге тән тілдік амалдарды пайдаланғанды тиімді көреді [Коробцева 2001, 163-164 бб.].

Е. И. Горошко [1996] жүргізген гендерлік тәжірибе, білім деңгейі, жас ерекшелігіне қарай, тең екі топқа (60 әйел мен 60 еркек) бөлінген

(2030 жас аралығы жоғары білімді, 35-45 жас – орта, орта арнаулы техникалық білімді). Сынақ түрі бірнеше тақырыптың біреуіне шығарма жазу болды. Статистикалық талдаулармен қоса жазба мәтін 97 өлшем (параметр) бойынша анықталды. Олар: мәтіннің көлемі, синтаксистік құрылымы, сөз таптарының қолданысы, грамматикалық қателер, т.б. Зерттеу нәтижесі жыныстардың түрлілігі (множественность пола) олардың жас ерекшелігіне, білім деңгейіне, әлеуметтік белсенділігіне тәуелді екенін байқатты. Интеллектуалды қызметпен айналысатын жоғары білімді тұлғалар арасында гендерлік айырмашылықтар аз кездесетіндігі анықталды. Жоғары білімді әйелдер құрастырған мәтіндер ерлермен салыстырғанда, көлемді әрі сөз бен сөйлем саны едәуір көп болды. Сонымен қатар жыныс өкілдерінің сөз таптарын қолдану жиілігіне мән берілді (еркектер зат есім, сын есім, сан есімдерді, ал әйелдер етістіктер мен демеулік шылауларды жиі пайдаланатындығы анықталды). Орта білімді топтар арасында әйелдер сөз байлығымен және күрделі синтаксистік құрылымдарды жиі қолдануымен ерекшеленді.

Е.И. Горошко жүргізген зерттеулердің келесі бір бөлігі ассоциативтік тәжірибеге негізделген. Бұл кезеңдегі зерттеу қорытындылары алдыңғы нәтижелерімен толықтай сәйкес келмеді. Ассоциативтік әрекеттердің гендерлік ерекшеліктері ғалым зерттеулерінде жүйелі сипатталған [1996; 2001]. Ғалым 8 жыл көлемінде 2000 адам қатынасқан 11 түрлі тәжірибе жасаған. Ол гендердің тілдік санаға ықпалын зерттеу мақсатымен еркек пен әйел ассоциациясына талдау жүргізген. Нәтижесінде гендер категориясынан әлеуметтік те, мәдени-символдық та компоненттердің табылатынын және олардың бейнесі тілдік сана құрылымынан көрініс табатынын дәлелдеді. Анықталған эмпирикалық тәжірибе гендерді стратификациялық категория ретінде қарастырудың тиімді тәсіл екендігін айқындады. Бұл зерттеу А.В. Кирилинаның «тілдегі адам бейнесін жасайтын үлгі қалыптастыру» қажеттігі туралы ойымен ұштасып жатыр. А.В. Кирилинаның пікірінше, мұндай үлгі жалпыадамзаттық деңгейді де, сонымен қатар жеке гендерлік деңгейді де анықтай алады, олардың өзара қатынасын да зерттеуге мүмкіндік береді [2004, 239 б.].

Еркек пен әйелдің сөйлеу әрекетіне қатысты зерттеулерге жүгінсек, сөйлеуші тұлғаға бірнеше әлеуметтік жағдайлар әсер ететіні белгілі болды. Солардың маңыздысы мыналар:

1. Сөйлеушінің гендерлік болмысы. Гендерлік болмысы дегенде оның биологиялық жынысы емес, әлеуметтік рөлі (қоғамда әйел не еркекке тән деп танылған мәдени нормалар, сонымен қоса, тілдік белгілер) түсініледі. Бұл ретте белгілі бір мәдениетке тән еркектік, әйелдік таптаурындардың тілдегі көрінісін ескерген жөн.

2. Ауызша немесе жазбаша қарым-қатынас тілінің ерекшеліктері. Бұл мәселе гендерлік қырынан әлі қарастырылмаған. Мәселен, ағылшын тіліндегі кішірейту мәнді сыпайы формалар әйелдердің сөйлеу стилін айрықшалайды. Ал «орыс тілінде кішірейту формаларын ерлер де қолданады. Мұндай тілдік қолданыстар әдетте қонақ күтуде, азық-түлік сатып алу кезінде (тағам атауларын кішірейтіп атау), дәрігер мен науқас арасындағы медициналық тілдесуде, ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста, т.б. жиі байқалады. Ендеше, түрлі қарым-қатынаста еркек пен әйелдің сөйлеу тілінен көрінетін фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерді арнайы зерттеу қажет» [Мошинская 1978, 125 б.].

А.В. Кирилина әр түрлі зерттеулерден алынған мәліметтердің қарама-қайшылығы зерттеу әдістерін жетілдіруді талап етеді: біріншіден, адамдардың үлкен тобын құрайтын ірі жобаларды іске асыру керек; екіншіден, еркек пен әйелдің сөйлеу әрекетіне себепші факторларды (жасы, білім деңгейі, әлеуметтік мәртебесі, қарым-қатынас жағдайлары) ескеру қажет дейді [1999, 61-63 бб.].

Тағы бір атап өтерлігі, гендерлік бағыт Украинада да қарқынды дамып келеді. 1994 жылы құрылған «Адам: тіл, мәдениет, таным» атты халықаралық зерттеу орталығы гендерлік мәселелерге қатысты жинақтар шығарды. Олардың басым көпшілігі психолингвистикалық бағыттағы гендерлік зерттеулер. Соның ішінде еркек пен әйелдің сөйлеу әрекетіндегі айырмашылықтарды адам миы жарты шарларының асимметриялық қызметімен байланыстыра зерттеу қолға алынған. Осы қатарда А. Холодтың [1997] еркек пен әйелдің ассоциативтік өрісін зерттеуге арналған еңбектерін атап өтуге болады.

Зерттеушілердің ендігі бір тобы әйел мен еркек аталымдарын, олардың жасалу жолдарын, шығу тарихын және тек (род) категориясы мәселелерін қарастырған. Бұл ретте тілдегі жыныстық айырмаға байланысты А. Кронгауздың, тек категориясы мен жыныс категориясының қатыстылығы жөнінде А.М. Шахмайкиннің, әйел аталымдарын зерттеген Н.А. ЯнкоТриницкая, М.В. Китайгородская, т.б. еңбектерін атап өткен жөн.

Ал XX ғасырдың 90-жылдарының орта тұсынан бастап гендерлік мәселелер Ресей мен Украинада арнайы зерттеле бастады. Алғашқы кезеңде ғалымдар (А.В. Кирилина, Е.И. Горошко, И.Г. Ольшанский) гендердің жалпыәдіснамалық, онтологиялық мәселелеріне назар аударды. Шетелдік зерттеушілердің тұжырымдамалары сараланып, гендерлік-лингвистикалық зерттеулердің тиімді әдістері мен әдістемелері қарастырылды. Гендерге дейін жүргізілген зерттеулер жүйеленді.

Солардың ішінде гендерлік лингвистика ғылымының қалыптасуы мен даму кезеңдерін жүйелеп, негізгі бағыттарын саралаған іргелі еңбек ретінде А.В. Кирилинаның [1999] зерттеу жұмысын атауға болады. Ғалым жыныс онтологиясы, жыныс түсінігінің философиялық негіздері мәселесіне тоқтала келіп, орыс тілінің атауыштық жүйесіндегі гендерлік таптаурындарды неміс тілі материалдарымен салыстыра отырып талдау жасаған.

Тек категориясының прагматикасы мен семантикасы жөнінде диссертациялық жұмыстар (В.В. Демичева; О.И. Еременко) жазылып, психоллингвистикалық талдаулар жүргізілді.

Еуропа тілдерімен салыстыра зерттеу мәселесі О.Н. Колосова (ағылшын тілі), Е.М. Бакушева (француз тілі), т.б. еңбектерінде қарастырылды. О.Н. Колосова гендерлік категориялаудың когнитивтік актілеріне тоқталса, Е.М. Бакушева жыныстық жіктелімнің прагматикалық, құрылымдық, эмотивтік сипаттарын түсіндірген. Е.Ф. Гончаренко еңбегінде көп зерттеле қоймаған аударма мәселесі гендерлік қырынан талданады.

Әлеуметтік-психоллингвистикалық бағыттағы гендерлік зерттеулердің қатары ассоциативтік талдаулармен толығып, жаңарып отырды. Олардың бір тобы ақпарат берушілерді жынысына қарай жіктесе, екіншілері фемининдік-маскулиндік белгілеріне қарай ажыратып, гендерлік белгіленген (маркерленген) лексика мен гендерлік таптаурындарға талдау жасау арқылы түсіндіреді. Ассоциативтік зерттеулердің басым көпшілігі салғастырмалы түрде жүргізілген: орыс-неміс тілдері материалдары бойынша (А.В. Кирилина; орыс-испан (Ю.Н. Караулов); орыс-қазақ (Н.В. Дмитриук); орыс-татар (М. Р. Курбанғалиева), т.б.

Лингво-мәдениеттанымдық бағытта фемининдік және маскулиндік таптаурындардың тілдегі көрінісі (А.В. Кирилина, Д.Ч. Малишевская, С.А. Коновалова, М.Д. Городникова), «еркектік» (мужественность) және «әйелдік» (женственность) категориялары (В.Н. Телия),

гендерлік метафоралар (Е.С. Гриценко) қолданысы (еректік немесе әйелдік мағынасының жынысқа қатыссыз заттар мен құбылыстарға ауыстырылып қолданылуы) және мәдениетаралық қарым-қатынас деңгейінде (О.В. Рябов) тағы басқа зерттеулер жүргізілуде. Осы салада іргелі зерттеулер жүргізіп келе жатқан ғылыми мектеп – Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университетінің ғалымдары.

Ғалымдар гендерлік таптаурындар мен асимметриялардың әлеуметтік қатынастардың андрозектілікке қатыстылығы мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Олар андроцентризмнің өлшемі барлық тілдерде бірдей емес, яғни анық байқала бермейді, бірақ жалпыадамдық (метагендерлік деңгей) сипаттауларда айқын білінеді. Сондықтан адамның тілдегі көрінісін қарастыру метагендерлік деңгей мен маскулиндік немесе фемининдікті (гендерлік) қамтып, олардың байланысын зерттеуге мүмкіндік береді дейді.

Айталық, қазіргі орыс анекдоттарында ер адам бейнесі әлеумет иесі ретінде күшейтіліп көрсетіледі де, әйел адам оған қосыша нысан түрінде ғана көрінеді (Слышкин). Ал фразеологизмдерде, мифологияда, соның ішінде орыс халық ертегілерінде (Коновалова) әйел бейнесінің гендерлік рөлі басым. Бір ерекшелігі, орыс тілі фразеологизмдерінде неміс тілімен салыстырғанда, әйел образы (*әлеуметтік орны, туыстық қатынастары, өмірлік кезеңдері, қасиет-қабілеті*, т.б.) жан-жақты сипатталған. Осы салада іргелі зерттеу жүргізген В.Н. Телия пікірінше, «для русского обыденного самосознания нехарактерно восприятие женщины как слабого пола и противопоставление ее «сильному полу»: эти сочетание, вышедшие из книжноромантического дискурса, не стали принадлежностью обиходнобытового употребления языка» [1996, с. 263]. В.Н. Телия монографиясының бір тарауы әйел концептін зерттеуге арналған.

Ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын дөрекі, балағат сөздерді гендерлік қырынан зерттеу мәселесі де ғалымдар (В. Буй, В.И. Жельвис, т.б.) назарынан тыс қалмаған. Соңғы уақытта лингвомәдениеттанымдық бағыттағы зерттеулер гендерді ментальдік және этномәдени қырынан қарастыра бастады.

Орыс тілі мен мәдениеті материалдары негізінде тіл ғылымында маскулиндік зерттеулер (А.С. Синельников, М.Ю. Тимофеев) де бой көрсете бастады. Олар ерлерге арналған журналдардағы кейбір айдарларға (*әскери тақырыптағы анекдоттар, бизнес-сауалнамалар*, т.б.) талдау жүргізу арқылы «*мужик*», «*мужчина*»

сөздерінің мағыналық өрісін, қолданылу жиілігін зерделей отырып, ер адамның гендерлік этномәдени сәйкестілігін ашып беруді мақсат еткен. Сонымен бірге қоғамда қалыптасқан ер адамдық нормаларды ажыратып, ерге тән тілдік белгілердің ерекшеліктерін айқындап, ер жынысының әлеуметтік құрылымдануын анықтауды көздейді.

Коммуникативтік-дискурстық аядағы ізденістер, дискурстың түрлеріне қарай, жеке адамның қатысымдық әрекетіндегі гендердің лингвистикалық құрылымдануын, әлеуметтік сәйкестілік ұстанымы тұрғысынан еркек пен әйелдің сөйлеу әрекеттерін зерттеуге бағытталған. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдары материалдары негізінде жарнамалық (И.А. Гусейнова, М.В. Томская), саяси курс С.К. Табурова, Е. С. Гриценко) гендерлік қырынан талданады.

Гендерлік лингвистиканың ұғымдық аппаратын қалыптастырып, жаңа ғылыми пән ретінде теориялық негіздеу үшін лексикографиялық зерттеулер де (А.А. Попов) жүргізіліп келеді. Соның куәсі – 2002 жылы жарық көрген *«Гендерлік терминдер сөздігі» («Словарь гендерных терминов»)*. Соңғы жылдары жарияланып жатқан еңбектердің мол тасқыны, конференция, семинар, ғылыми форумдардың (*Гендер: Тіл. Мәдениет.. Коммуникация (Гендер: Язык. Культура. Коммуникация)* атты халықаралық конференция. Мәскеу, 19992003)) тұрақты өткізілуі, арнайы ғылыми бөлімшелердің ашылуы Ресей тіл ғылымында аз уақыттың ішінде өзіндік дәстүрі бар, тіл мен қарым-қатынасты гендерлік қырынан зерттеуді мақсат тұтқан ғылыми бағыт **лингвистикалық гендерология** немесе **гендерлік лингвистиканың** қалыптасуына мүмкіндік туғызды.

Қазіргі уақытта орыс тіл біліміндегі гендерлік зерттеулер бір-бірімен өзара байланысты үш бағытта көрініс береді. Атап айтқанда: **әлеуметтік-психолінгвистикалық, коммуникативтік-дискурстық және лингвомәдениеттанымдық** бағытта өрістеуде.

Қысқасы, гендеролог ғалымдар ұсынған жалпы ғылыми қағидалар мен жеке ғылыми тұжырымдардың гендерлік лингвистиканың теориясы мен әдіснамасын қалыптастыруда, терминологиялық жүйесін жетілдіруде маңызы зор.

3.2 Қазақ тіл білімінің гендерлік бағытының даму ерекшеліктері

а) Қазақ тілінің гендерлік қырының этнографиялық пайымы. Кез келген халықтың гендерлік болмысы ғасырлар бойы

қалыптасады, дамиды. Қазақ халқының гендерлік болмысы да ғасырлар жемісі. Қазақ тіл білімі қалыптасқанға дейін, қазақ тіліндегі гендерлік бірліктер (единицалар) бірден гендерлік лингвистикалық сипат алған жоқ, халықтану бағытында – қазақ халқының этнографиясы мен ауыз әдебиетін, мәдениетін зерттеушілер тарапынан гендерлік мәнбір (факт) ретінде хатқа түсті, екі жыныс орайында қазақы ерекшелік ретінде сөз болды.

Қазақ тіл білімінде гендерлік факторлар бұрын да назарға іліккен, атап айтқанда, қазақ ағартушы, зиялылары Ш.Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, т.б. ғылыми, ғылыми-этнографиялық еңбектерінде ескеріліп отырған.

Ағартушылық мәдениеттегі негізгі тетік – адам. Шоқан Уәлиханов сыртқы әлемге «дала адамын» түсіндіруді көздеді. Осы мақсатпен ол қазақ және қырғыз халықтарының аңыздарын, салт-дәстүрін, діні мен тілін зерттеді. Ғалым бұрыннан қазақтар арасында кең тараған тәңірлік дін мен шамандықтың маңызын көре білді, мұсылмандықтың мәдени-тұтастық қызметіне назар аударды. Оның *«Қазақтардағы шамандықтың іздері»*, *«Қашқария туралы жазбалар»*, *«Сахарадағы мұсылмандық туралы»*, т.б. ғылыми-этнографиялық еңбектерінде қазақ және басқа түркі халықтарының мәдениетіне энциклопедиялық талдау жасалған. Солардың ішінде жыныстың мәдени-элеуметтік мәнін айғақтайтын тілдік деректер мол. Мәселен, әйел тілінің дәстүрленуін ол былай түсіндіреді: «Қазақтарда от – үйдің киесі, шам-шырағы, сондықтан да жанадан түскен жас келіншек үлкен үйдің отына тағзым етуге (сәлем етуге) тиіс. Бұл салт (жана түскен жас келіншектің отқа тағзым етуі) моңғолдарда неке қию үрдісінде жасалады. Моңғолдарға қарағанда, қазақтарда отқа табыну үрдістері ұмытыла бастағаны сезіледі.

...Жаңа түскен жас келін әуелі өз отауына кірмес бұрын, атасының үйіне кіріп, тағзым етуі тиіс, содан соң қалыңдық атасының отына бір қасық май тамызуы керек. Бұл ырым-кәдені *«отқа май құю»* дейді. Жас келін сәлем еткенде, *«аруақ риза болсын»* деп тізе бүгіп, еңкейіп *«От ана, Май ана, шапағатыңды тигізе көр!...»* дейді. Отқа тамызған май жанып жатқанда, жас келіннің жанындағы әйелдердің бірі алақанын отқа қыздырып, келіннің бетін сипайды. Үлкен үйдің отының құрметіне деп, қалыңдық атасының иығына шапан жабады, осы кезде отағасы ошақ жақтағы тулақты нұсқап, жас келінге отыр деген белгі беріп: *«иін қандырып*

илеген тулақтай, мінезің жұмсақ болсын қарағым» деп батасын береді» [Валиханов 1985, 158 б].

Ш. Уәлиханов зерттеулерінде гендерлік атаулар да кездеседі: «Рухы бар, жоталы әйелдерді *Елті* деп атайды (олар өзінің сиқырлық өнерімен, адамдарды еліту, ұйыту – бар сана-сезімін билеп алушы, өзіне бағындырушы). Елті сөзінің тегі қазіргі тіліміздегі еліту, олар да – *«бақсы»*» [Валиханов 1985, 158 б.]. Осы тәріздес ғылыми-этнографиялық бағалы мәліметтер Ыбырай Алтынсарин еңбектерінде де кездеседі. Ол өзінің біраз еңбектерін қазақ халқының салтдәстүрлік ерекшеліктерін зерттеп, этнографиялық очерктер жазуға арнады.

Ы. Алтынсариннің *«Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрлерінің очеркі»* мен *«Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очерктері»* атты еңбектері бастанаяқ гендерлік фактор ескеріле отырып жазылған [Алтынсарин 1991, 91-99 бб.]. Ол қазақтардың өлген адамдарды жерлеу дәстүрін сөз еткенде, өлген кісінің әйелі, қызы, анасы, апа-қарындастарының дауыс айтып жоқтауы, бейіт тұрғызу (бейіттің ауыл төңірегіндегі ең биік қырат-тау, суға жақын жерге тұрғызылатыны, еркектердің моласының төбесіне найза, әйелдердің моласына бақан немесе пішпек қою) рәсімдерін, т.б. баяндаған. *«Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі»* еңбегінде [Алтынсарин 1991, 95 б.] қыз аулында болатын *«Қынаменде»*, *«Қызқашар»* ойын-сауығы, күйеу жігіт пен қалыңдықты кезіктіруде берілетін кәделер (*«желі аттар»*, *«ит ырылдамар»*, *«кемпір өлді»*, *«отқа салар»*, *«қол ұстатар»*, *«шаш сипатар»*, *«көрпе қимылдатар»*, т.б.) түгел дерлік сөз болады.

Гендердің дәстүрленуінің бастауы да ерте замандардан бері сақталып келе жатқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен мәдени-тілдік құндылықтар. Ыбырайдың қазақ халқының салт-дәстүрлерін зерттеудегі мақсаты дәстүрдің озығы мен тозығын ғылыми түрде талдап, өзінің көзқарасын білдіре отырып, мән-мағынасын ашу, озық дәстүрді тәрбиенің құралы ету еді. Сонымен бірге тілімізге Ы. Алтынсарин еңбектері арқылы енген гендерлік мақал-мәтелдер де жетерлік. Атап айтқанда, *«Ерлер көп болса – отын жоқ, әйелдер көп болса – су жоқ»*, *«Жан жолдасың – жарың»*, *«Ер – бас, қатын – мойын»*, *«Ұятсыз қатын тұзсыз ас секілді»*, *«Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу»*, т.б.

Тағы бір атап өтетін жайт: Қазақстанда қыздардың арнайы оқу орнында бөлек оқытылуы XIX ғасырдан басталады және бұл Ы. Алтынсарин есімімен тікелей байланысты. Әрбір болыста мектеп ашудың қажеттігі жөнінде 1886 жылы жазылған *«Қазақтың болыстық мектептері туралы записка»* атты жазбасында жанжақты негізделген. Көп ұзамай Ырғызда қазақ қыздарын оқытатын арнайы мектеп ашылды. Бұл қазақ халқының өміріндегі үлкен оқиға болды. Кейіннен Ыбырай патша әкімшілігіне қыздар училищесін ашу туралы да ұсыныс жасады. Тек екі жыл өткеннен соң ғана, яғни 1891 жылы Торғайда, одан кейін 1893 жылы Қостанайда, 1895 жылы Қарабұтақ поселкесінде, 1896 жылы Ақтөбеде ашылды. Аталған 5 училищеді 1896 жылы 211 қыз білім алды (оның 70-і қазақ қызы, қалғаны – орыс қоныстанушыларының қыздары). Әрине, мұндай деректердің гендер мен тіл байланысын ашып көрсетуде мәні өте зор.

ә) **Қазақ тілінің гендерлік қырының лингвистикалық пайымы.** Тіл ғылымында гендерлік бағыт бірден пайда болмағаны сияқты қазақтың гендерлік лингвистикасының тырнақалды белгілері қазақ тіл білімі аясында XX ғасырдың алғашқы жартысында пайда болды. Қазақы гендерлік бағытты қалыптастыруда Ахмет Байтұрсынұлы мен Құдайберген Жұбанов ғылыми мұраларын зерттеп-зерделеудің өзіндік орны бар.

А. Байтұрсынұлы еңбектерінде бұрынғыдай гендерлік атаулар емес, ер мен әйел тіліне тән гендерлік ерекшеліктер, атап айтқанда, «ғұрып сөзі», «қалып сөзіне» байланысты ашып көрсетілген. Соның ішінде жар-жар, беташар, жоқтау, бата (ғұрып сөзі), бесік жыры (қалып сөзі), т.б. турасындағы пікірлері гендерлік тұрғыдан пайымдалады. Ғалым зерттеулеріне сәйкес, салт-дәстүр жырларының бір тобы әйелдер ғана жырлайтын бесік жыры мен жоқтау өлең болса, енді бір тобы (беташар, бата) ерлердің үлесінде. Мәселен, «жоқтау – өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбінесе белгілі адамдарға айтылады. Өлген адамның қатыны, иә қызы, иә келіні зарлы үнмен өлген адамның тірідегі істеген істерін, өлгенінше бастарына түскен қайғы-қасірет, күйіктерін шағып, жылағанда айтатын жыр түріндегі сөз; Бата – біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз; батаны ақсақал адамдар айтады. Батагөй шалдар басы бар табақты тартуға алып келгенде, асты жеп болғанда да бата қылады» [Байтұрсынов 1991, 428-433 бб.].

Әйел мен ер тілінің бұрынғы іздері қазір де байқалады, ол әлеуметтік, экономикалық, діни факторлардың, салт-дәстүрлердің, т.с.с. әсерімен сақталып келеді. Олар тіл жүйесінде өзіндік көрініс береді. Гендерлік бірлік, белгілер XVIII ғасырда антропологтар, XIX ғасырда этнографтар зерттеулерінде аз-кем сөз болғаны, XX ғасырда Қ. Жұбанов еңбектерінде гендерлік лингвистикалық белгі бергені анық.

Қ. Жұбанов еңбектеріне жан-жақты зерттеу жүргізіп, әсіресе оның гендерлік-лингвистикалық пайымдауларына алғаш назар аударған Б. Хасанұлы: «Жалпы тіл білімінде «еректің тілі», әйелдің тілі» деген ұғым берік орныққан. Оларға көңіл аударған бірлі-жарым ғалымдар да жоқ емес» [1992, 74 б.], – дей келіп, қазақ әйелдерінің тілдік ерекшелігі туралы Қ. Жұбанов еңбектерінде алғаш гендерлік тұрғыдан сөз болғандығын атап көрсетеді [2005, 18-23 бб.].

Тіл мен адамның жыныстық айырмасына байланысты тіл қолданыс ерекшелігін Қ. Жұбанов әйел тілінің өзіндік белгілері арқылы көрсетеді: «Күншығыста әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге арнаулы түрлі әдет-ғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған әйелдердің *ым тілі*. Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға шейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдап сөйлеседі. Бұл тілді армяндар «нашнауар» дейді. Нашнауар сондай бай, сондай ұшталған тіл. Мұнымен әйелдер сумандатып ала жөнелгенде дыбыс тілінен еш кемдігі жоқ сияқты», – дей келіп, әр түрлі халық әйелдерінің өзіне тән мимикалық тілі болатынын түсіндіреді. Қазақ әйелдерінің тілдік ерекшелігі туралы Қ. Жұбанов еңбектерінде алғаш гендерлік тұрғыдан сөз болады: «Әйелдерге ғана арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі әйелдерде ғана болатын «ернін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шылып еткізу» (таңданғанда), аузын быртылдату (кекеткенде). Міне, мұның соңғы екеуінде үнсіз ым ғана емес, дыбыс шығару да бар. Бірақ дыбыс айырынды (членораздельный) емес» [Жұбанов 1999, 41 б.].

Қ. Жұбановтың кейбір сөздердің этимологиясына байланысты айтылған пікірлері де гендерлік-лингвистикалық зерттеулерге негіз болары сөзсіз. Мысалы, «Қазақта ескі кездегі шамандарды «абыз» деп атаған. Ру құрылысы дәуірінде олар ру бастықтары

болғандықтан, рудың ақсақалы, үлкені болғандықтан «абыз» сөзі барлық үлкендіктің аты болып кеткен. Әйелдің үлкенін де қазақтар – *абысын*, татарлар – *абыстай*, ағаны – *абзи* дейтіндер сол «абыз» ұғымынан шыққан сөздер». «Грузиннің *кали*, *швили* деген сөзіндегі **шв** ұл, *бала* деген сөз екен; осы мысалдағы **шв** – қыпшақ сөзіндегі **шық**; осы кішірейткіш **-шық** – *бала-шаға* деген қос сөздегі **-шаға** сыңарына тең; Қырым татарлары, түрікпендер, әзірбайжандар *бала* деген сөзді *шаға* дейді. Қазіргі тілімізде *ұғлан* сөзі көтеріңкі немесе асқақ стильде қолданылатын лексема. Ол *оғыл-оглан-оглақ-ұғыл-ұл* деген варианттарымен бірге *ер бала*, *ұлан* дегенді білдіреді. Бұл сөз *қыз* эпитетімен бұл күнде қолданылмайды» деген [1999, 115-124-284 бб.]. Ғалым *қыз* сөзімен түбірлес *қызалақ* сөзі жөнінде былай дейді: «...несомненно, образована путем прибавления к основе *қыз* слова *олақ*, употребляющегося по сей день в языках Западной Сибири в значении «дитя», мальчик» [1999, 436-437 бб.]. Тағы бір атап өтерлік, ғалымның «*қатын*» сөзінің мән-мағынасына байланысты гендерлік сипаттамасы «*қатын*» деген сөз ерте замандарда ханның әйелдеріне ғана арналған атау болған, кейін келе ханның уәзірлерінің әйелдерін де солай атаған, ақыр соңында байға тиген барлық әйелдерді *қатын* деп атап кеткен» [1999, 93 б.].

Жалпы әйел мәселесі жөнінде Қ. Жұбановтың өз пікір-байламы бар: «Ертедегі ата-бабаларымыздың ескі салт, көне дәстүрінде әйелдерге кемсітушілік көзбен қараушылық болмаған тәрізді. Күні кешеге дейін, әйелдер правосы совет заңы бойынша ерлер правосымен бірдей болғанға дейін, ел аузында: «әйелдердің жолы үлкен» дейтін үлгілі сөз болатын және сонымен әйелдердің «аң байланарлық» правосы да сақталып келген болатын. Осымен қатар, әйел мен еркек бір көлікке мінгесу керек болғанда «әйелдің жолы үлкен» деген ескіден келе жатқан ата дәстүрі бойынша көліктің алдына әйелді отырғызатын заң да сақталып келді. Міне, осылардың бәрі қазіргі қазақ халқының ата-бабаларының ежелгі салтының жұрнағы еді» [1999, 306 б.].

Қ. Жұбанов тұжырымы: «Тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгерістерге ұшырағанын білу керек. Бұрынғыны білу жай әшейін мақсат емес, тілді меңгерудің бір амалы. Біз тілді меңгеріп болғанымыз жоқ, толық меңгерсек қана оны дұрыс бағытта өзгерте аламыз» [1999, 119 б.].

Н.И. Ильминский, Г.Н. Потанин, А.Н. Самойлович, Н.И. Гродеков, Н.А. Баскаков еңбектерінде де тыйым салынған сөздер, табу,

эвфемизмдермен қатар ат тергеу салтымен байланысты әйел тілінің ерекшеліктері сөз болады. Бұл жөнінде Ә. Ахметов еңбектерінде кеңінен талданады [1995, 37-43 бб.].

Қазақ тілін тұңғыш зерттеушілердің бірі Н.И. Ильминский қазақ келіндерінің халықтың берік қалыптасқан ат тергеу салтын бұлжытпай сақтайтынына назар аударған. Н.И. Гродеков келтірген деректерге қарағанда, қазақ пен қырғыздың ізетті әйелі тіпті қыз күнінде-ақ, болашақ күйеуінің жеті атасына дейінгі қыз алыспас туыстарының есімдерін атауды ұятқа санап, оларды тергеп, басқаша атаған. А. Н. Самойлович Мұстафа Шоқай жинаған деректерге сүйене отырып, оның өзі шыққан рудың, атап айтқанда, *қытшақтың*, *қытшақ* ішінде *торыайғыр* немесе *торы*, *торының* ішінде *шапты*, *шаптының* ішінде *бошай*, *бошайдан* тарайтын *жанайдың* ішінде қалай сақталатынын анықтайды. Мәселен, сол кездерде жоғарыда аталған аталардан *жанайдан* бастап, *шаптыға* дейін бір-бірімен қыз алыспапты да, әйелдер ат тергеу салтын сол аралықпен шектеген екен. Ғалым деректерінде қазақтағы *торы руының* келіндері аталарының атының бір буыны кетіп қалмасын деген мақсатпен *торғай* деген сөзді тергеп, оның орнына *шымшық*, *шөже* немесе *жау шөже* деген эвфемистік атауларды қолданған. Ал *жылқыайдарлардың* келіндері «*жылқы*» деген жалпы есім мағынасындағы сөзді де тергеп, оның орнына *мінгіш* немесе *туар* сияқты эвфемизмдерді пайдаланған деп берілген» [Ахметов 1995, 40 б.].

Ат тергеу салты Ы. Алтынсаринде де аталған: «Бір қазақтың бес ұлы болыпты. Олардың аты: Көл, Қамыс, Қасқыр, Қой және Пышақ екен. Бір күні келіні суға барса, көлдің аржағында, қамыстың бержағында қасқыр қойды жеп жатыр екен. Сонда келіні жүгіріп келіп: *сарқыраманың* аржағында, *сылдыраманың* бержағында *маңыраманы ұлыма* жеп жатыр, тезірек *жанығыш* пен *кескішті* жеткізіндер» [Алтынсарин 1955, 256 б.] – дейтін ақылды келіннің атасына айтқан астарлы әңгімесі бұл күнде табу мен эвфемизмге қойылған ғажайып ескерткіштей, әлемдегі ең салиқалы басылымдардың бірі – Британия энциклопедиясының төрінен орын алып, дүйім дүниеге танымал болғандығын Ә. Ахметов атап көрсеткен [1995, 37 б.]. Ол: «Әлем халықтары, оның ішінде кейбір түркі халықтарының мәдениетіне де тән, адам есімдерімен байланысты тыйымдардың және бір ерекше түрі кездеседі. Бұл тыйым магиялық тыйымдардан ептеп өзгешелеу. Өйткені ол тыйымдар

негізінен адамдардың жыныс айырмашылығына байланысты тек әйелдерге тән немесе тек ер адамдарға ғана салынады», – дей келіп, табудың жыныспен байланысты түрлерін зерттеген Э. Краулей деректерін түркі тілдері соның ішінде қазақ тілі материалдарымен салыстыра көрсетеді [Ахметов 1995, 35 б.].

Олай болса, қазақ тіліндегі гендерлік факторды зерттеу тарихи сипат алуы тиіс. Екінші мәселе, жыныстық айырмаға байланысты тіл саласында пайда болған өзекті мәселелерді шешу жолдарын іздестіру қажет.

Ендеше, қазақ тілі негізіндегі гендерлік-лингвистикалық зерттеулер тарихын үш кезеңге бөліп қарауға болады:

1. Жеке-дара деректерге негізделген, тіл мен жыныстың байланысын белгілеген гендерге дейінгі зерттеулер.

2. Тіл мен жыныстың байланысына негізделген, гендерлік белгі алған зерттеулер.

3. Гендерлік-лингвистикалық сипат алған зерттеулер.

б) Қазақ тілінің гендерлік қыры, оның гендерлік-лингвистикалық сипаты.

Қазақ тіл білімінің гендерлік бағыты ХХ ғасырдың соңғы жылдары, нақты айтқанда, ХХІ ғасырдың басында жекелеген ғалымдардың қазақ тіліне байланысты зерттеулерінде, қазақ тілінің кейбір гендерлік мәселесі бойынша арнайы жазылған мақалаларында, конференцияларда белгі бере бастады.

Соңғы жылдары жарияланып жатқан еңбектердің көпшілігі тіл білімінің гендерлік лингвистика саласына деген қызығушылықтың артып келе жатқандығын көрсетеді. Гендерлік тілдік белгілер арнайы зерттеу нысанына айналды, бірнеше ғылыми мақалалар жарияланып, диссертациялық жұмыстар орындалуда. Солардың ішінде гендерлік лингвистика, әйел тілі, қыздың сөйлеу әдебі, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының гендерлік сипаты, т.с.с. мақалалар жариялап, баяндамалар жасаған, гендер мәселелері бойынша диссертациялық жұмыстарға жетекшілік еткен Б. Хасанұлы, гендерлік қарамақарсылықтардың тілдегі көрінісін зерттеген З.К. Сәбитова, қазақ концептосферасына енетін ана концептін контрастивтік-лингвомәдениеттанымдық (ана/мать) қырынан қарастырған Н.М. Жанпейісова, қазақ, орыс, ағылшын тілдері морфологиясы бойынша гендерлік салғастырмалы зерттеулер жүргізіп жүрген З.Ж. Түйебекова еңбектерін атаған жөн. Осы қатарға

З.М. Нұржанова, Г.Б. Мамаева, В.Д. Нарожная, О.Л. Сохацкая, Г.К. Исмағұлова, А.Т. Оңалбаева, т.б. зерттеулерін де қосуға болады.

XXI ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап гендер мәселесі қазақ тілі мен өзге тіл біліміндегі зерттеулер негізінде тіл теориясы тұрғысынан арнайы зерттеле бастады. Ол Б. Хасанұлы еңбектерінен бастау алады. Ғалым қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың жолдарын атап көрсетті:

1. Салыстырмалы және салғастырмалы гендерлік лингвистика (мысалы, морфология деңгейінде адамның есімі мен тегіне, әкесінің атына белгілі бір жұрнақтың, жалпы жұрнақ атаулының бір түрінің қолданылу-қолданылмауы; тек (род) категориясының қазіргі тілде, оның тарихында болу-болмау белгісі, т.б.).

2. Гендерлік паралингвистика. Бұл бағыт қазақ тіліндегі ым-ишара белгілері негізінде қалыптасуы тиіс. Қазақы гендерлік паралингвистика тұрғысынан жүргізілген зерттеулердің өмірдің көптеген салаларын (өнер, көпшілік алдындағы сөз, т.б.) дамытуға септігі тиер еді.

3. Гендерлік лексикография. Бұл бағыт қазақ тілі мен өзге тілдердің негізінде жүзеге асуы тиіс.

4. Гендер және тіл игеру. Бұл бағыттағы зерттеулер тілді жоқпарлау ісіне аса қажет [2003, 287 б.].

Ілгеріде атап өткеніміздей, Б. Хасанұлы қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым Қ. Жұбановтың ғылыми мұраларын гендерлік қырынан зерттеп, бірнеше еңбек жариялады [2002; 2005]. Сол сияқты ғалым зерттеулерінде қазақ әйелінің сөз саптау ерекшелігі, оларға байланысты қолданылатын тілдік бірліктер, т.б. арнайы қарастырылған.

Сонымен қазақ тіл біліміндегі гендерлік бағыттың қалыптасуы мен дамуына себеп болған факторларға тоқталуға болады. Айталық, саяси-әлеуметтік фактор қоғамдық сананың гендерлік парадигмасының ауысуына және еліміздің дамуындағы саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге себепкер болуда. Ал лингвистикалық фактор тілдің әлеуметтік қызметін дамыту, әлемдік лингвистикада өріс алған бағыттардың кең таралуына тікелей әсер етеді. Олай дейтініміз, әлемдік психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика, гендерлік лингвистиканың қарқынды дамуы қазақ тіл біліміне де өз әсерін тигізе бастады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шетелдік гендерлік-лингвистикалық зерттеулер қандай бағыттарды ұстанған?
2. Гендерге дейінгі зерттеулердің ерекшелігі неде?
3. Ресей мен Украинада жүргізілген гендерлік зерттеулердің лингвистикалық мәнін айқындап беріңіз.
4. Әлеуметтік-психоллингвистикалық бағыттағы гендерлік зерттеулерге талдау жасаңыз.
5. Лингвомәдениеттанымдық гендерлік зерттеулердің ерекшелігін түсіндіріңіз.
6. Коммуникативтік-дискурстық аядағы ізденістер бағыт-бағдарын көрсетіңіз.
7. Қазақ тіл біліміндегі гендерлік бағыттың қалыптасуы мен даму ерекшелігін түсіндіріп беріңіз.
8. Қазақ ағартушы, зиялылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсариннің ғылыми, ғылымиэтнографиялық еңбектеріндегі гендерлік факторларға тоқталыңыз.
9. А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов ғылыми мұраларындағы гендерлік-тілдік тұжырымдарға талдау беріңіз.
10. Қазақ тіл білімінің гендерлік бағытының қазіргі даму деңгейін анықтаңыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар / Құрастырып, баспаға дайындаған Б. С. Сүлейменов. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1955.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Рауан, 1991.
3. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол: Олеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құрастырған Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991.
5. Гомон Т. В. Исследование документов с деформированной внутренней структурой: дисс. канд. юр. наук. – М., 1990.
6. Горошко Е. И. Особенности мужского и женского речевого поведения (психоллингвистический анализ): дисс. канд филол. наук. – М., 1996. 176 с.
7. Горошко Е.И. Интегративная модель свободного ассоциативного эксперимента (Монография). – М.: Харьков: РаКаравелла, 2001.

8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.

9. Земская Е.А., Китайгородская М.А., Розанова Н. Н. Особенности мужской и женской речи // Русский язык в его функционировании / Под ред. Е.А. Земской и Д.Н. Шмелева. – М., 1993. С. 90-136.

10. Кирилина А.В. Гендерные исследования в лингвистике и теории коммуникации: Учебное пособие. – М.: Российская политическая энциклопедия, 2004.

11. Кирилина А.В. Гендер: лингвистические аспекты. – М.: Институт социологии РАН, 1999.

12. Коробцева Е. К вопросу о различиях между мужской и женской речью в современном японском языке // Язык и общество на пороге тысячелетия: итоги и перспективы: тезисы докладов международной конференции. – М.: Эдиториал УРСС, 2001. С. 162-164.

13. Кирилина А.В. Гендерные исследования в лингвистике и теории коммуникации: Учебное пособие. – М.: Российская политическая энциклопедия, 2004.

14. Холод А.М. Речевые картины мира мужчин и женщин. – Днепропетровск, 1997.

15. Рябов О.В. Гендерные аспекты межкультурной коммуникации: социальнофилософский анализ // Гендер как интрига познания: гендерные исследования в лингвистике, литературоведении и теории коммуникации. – М., 2002. С. 37-47.

16. Телия В.Н. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологические аспекты. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1996.

17. Валиханов Ч. Следы шаманства у киргизов // Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата: Каз. сов. энциклоп., 1985. Т. 4.

18. Хасанұлы Б. Ана тілі – Атамұра (Қазақ тілінің әсер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). – Алматы: Жазушы, 1992.

19. Хасанұлы Б. Қыздың сөйлеу әдебі – ана тілінің ажары // «Қазақ қызы: өткені, бүгіні, ертеңі: халықаралық ғылымипрактикалық конференция материалдары. – Алматы, 2003. Итом. 98-107 б.

20. Хасанұлы Б. Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері // Психолінгвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі күйі және болашағы: Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2003. 284-288 бб.

21. Eckert P., McConnel-Cinet S. Language and Gender. – Cambridge: Cambridge University Prees, 2003.

22. Kramarae C. Women and Men Speaking: Fundamentals for Analysis. Rowley Mass.: Newbury House 1981.

2-ТАРАУ.

ГЕНДЕРЛІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ТІЛ ҒЫЛЫМЫ ЖҮЙЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

4-тақырып. Гендерлік лингвистика: ғылыми сипаттамасы

- 4.1. *Гендерлік лингвистика, мақсаты мен міндеттері*
- 4.2. *Гендерлік лингвистикадағы биодетерминистік және социодетерминистік бағыттар*
- 4.3. *Тілдегі гендерлік асимметриялар типологиясы*

Негізгі ұғымдар

Гендерлік лингвистика, андровзектілік, антропоөзектілік, тілдегі андровзектілік, биодетерминизм, социодетерминизм, ғылыми-танымдық теория, тілдік тұлға, еркектің тілдік тұлғасы, әйелдің тілдік тұлғасы, әлемнің тілдік бейнесі, тілдік сана, менталитет, когниция, мидың асимметриялық қызметі, нейролингвистика, гендерлік асимметрия, тілдегі гендерлік асимметриялар, тіларалық асимметриялар гендерлік жүйе, гендерлік лакундар.

4.1 Гендерлік лингвистика, мақсаты мен міндеттері

Қазіргі заманда тіл білімінде жүргізіліп жатқан зерттеулердің әртүрлілігі олардың бір-бірімен байланысы мен шекарасын және негізгі өлшемдерін анықтауды талап етеді. Солардың ішінде лингвистикалық зерттеулерге ортақ төрт түрлі ұстанымды атап өтуге болады:

1. Экспансионизм ұстанымы (шекараның жойылуы, шектеудің болмауы, пәнаралық байланыстың кеңеюі);
2. Антропоөзектілік ұстанымы (тілдегі адам мәселесі);
3. Жаңафункционалдық (неофункционалдық) ұстаным (тілді әрекет деп қарастыру оның қолданыс аясын зерттеу);
4. Экспанаторлық ұстаным (түсіндірмелік) [Кубрякова 1995, 207 б.].

Бұлар гендерлік зерттеулерде де қарастырылады. Жеке пән ретінде қалыптасу барысында түрлі объективті себептер орын алады. Бір жағынан, пәннің әдіснамасын қалыптастыру, сонымен байланы-

сты зерттеу нысанына қатысты жалпы әдістемелік көзқарастардың қалыптасу үдерісі жүреді, екінші жағынан, пәннің ғылыми-танымдық теориясын (эпистемологиясын) қарқынды зерттеу жүргізіледі.

Тіл білімі үшін маңызды жалпы теориялық қағида – жыныстың әлеуметтік-мәдени байланыстылығының тіл мен сөйлеудегі көрінісі. Мұны анықтауға мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдер мен әдістемелер тіл білімінде жеткілікті. Тілшілер тарапынан көтеріліп жүрген өзекті мәселелердің бірі де осы – гендерлік лингвистика бағытын қалыптастыру, өзге де ғылым салаларының мәліметтерін пайдалана отырып, дербес пәндік білімді дамыту болып табылады [Халеева 1999, 5 б.].

Гендерлік лингвистика – (ағылш. *gender* – грамм. тек (род) және франц. *linguistiques* лат. *lingua* – тіл) гендер мен тілдің өзара байланысын зерттейтін гендер мен лингвистика аралығындағы ғылым саласы.

«Гендерлік лингвистика – біз үшін жаңа ғылым, ал жаңа саланың өзіне тән мәселелері болады және аз емес. Олар:

1. Адам жынысы гендердің тілімен анықталатындығы.
2. Тіл мен жыныстың айырмашылығы, өзара байланыстылығы.
3. Әйел мен ер адам сөзінің жалпы адамдық айырмасы;
4. Әйел мен ер адамның ұлттық-этникалық деңгейдегі айырмасы.
5. Тілдің әлеуметтік жіктелуі мен қоғамның жыныстық жіктелуінің өзара байланысы.
6. Әйел мен ер адамның тілдік бірлікті қолдану айырмасы.
7. Әйел мен ер адам сөйлер сөзінде қолданылатын тілдік және бейтілдік бірліктер.
8. Әйел мен ер адам беретін мәлімет құрамындағы тілдік және бейтілдік бірліктер, т.б.» [Хасанұлы 2002].

Тіл мен тұлғаның, тіл мен қоғамның тілдік қызметі, өзара әрекеттесу заңдылығы гендерлік лингвистиканың әдіснамалық негізі болуы шарт. Гендерлік лингвистиканы қалыптастыратын жайт – адам тілінің синкретті үш қыры: бірі – тілдің ішкі құрылысы, екіншісі – тілге әсер етуші сыртқы жүйе, әлеуметтік факторлар, үшіншісі – тілде көрініс беретін ментальді құрылым, әлемнің жанама түрдегі бейнесі. Бұл – әлемнің тілдік бейнесі, тілдік тұлғаның прагматикасы, тіл қолданушының тілдік санасы, ойлаудың этникалық құрылымы, қалыптасу үстіндегі өмір салты, ұлттық мінез-құлық, менталитет [Хасанұлы 2005, 267 б.].

Гендер мен тілдің өзара байланысын зерттеу бірнеше бағытта жүргізіледі. Атап айтқанда:

1. Әлеуметтік-лингвистикалық бағыт. Мұнда тілдің әлеуметтік жіктелуі мен қоғамның жыныстық жіктелуінің өзара байланысын, әйел мен ер адамның тілдік және бейтілдік бірліктерді қолдану айырмасы, т.б. зерттеледі.

2. Психоллингвистикалық бағыт. Мұнда жыныс психикасына сәйкес әйел мен ер адамның тілдік қарым-қатынасы үдерісіндегі тілдік және бейтілдік ерекшеліктерді ажырату, бала тілінің гендерлік дамуын зерттеу, психоллингвистика мен нейролингвистиканың байланысы анықталады.

3. Идентификациялық бағыт. Мұнда авторы жасырын (аноним) мәтіндерді тексеру арқылы автордың тілдік тұлғасы, жынысы анықталады.

4. Лингвомәдениеттанымдық және мәдениетаралық зерттеулер. Бұл бағытта белгілі бір кезеңде түрлі тілдер мен мәдениеттердегі андроэектілік деңгейі белгіленіп, гендердің алатын орны, тіл мен мәдениеттің қоғамдағы орнына сәйкес, гендердің жалпы әрі айрықша белгілері анықталады.

5. Тілдегі феминистік сын;

6. Маскулиндік зерттеулер, т.б. [Словарь гендерных терминов, 2002, 138-139 бб.].

Гендерлік-лингвистикалық зерттеулерде әлеуметтік лингвистика, психоллингвистика, когнитивтік лингвистика, лингво-мәдениеттану, т.б. ғылым салаларының әдіс-тәсілдері өзара байланыста тиімді қолданылады. Тіл біліміндегі гендерлік зерттеулер бір-бірімен тығыз байланысты диахронды және синхронды қырынан қарастырыла алады.

Әлеуметтік және гуманитарлық білімдер негізінде гендерлік теорияны қалыптастыру жай ғана қарапайым теория енгізу емес, бұл көптеген дағдылы, әдеттенген таным-түсініктерді қайта қарастыруға бағытталған мүлдем жаңа теория (Воронина). Кейбір зерттеушілер гендерлік теорияны жаңа ғылыми зерттеу парадигмасы деп таниды (Рябов). Лингвистикадағы антропоэектілік бағыт адамның тілдік тұлғасын жан-жақты зерттеуді көздейді. Ал гендер адамға қатысты негізгі өлшемдердің бірі саналады (Кирилина). Бұл ретте ғалым екі жағдайды ескеру қажет деп санайды. Бір жағынан, тілтану білімін дамытудың қазіргі кезеңінде

тілдің «антропобағыттылығын» жалпылай қабылдауға әлі ерте, жеткілікті дәрежеде емес, сондықтан олардың гендерлік және метагендерлік деңгейлер шегін ажырату қажет. Екінші жағынан, гендерлік лингвистиканың қалыптасуының бастапқы кезеңінде гендер факторының маңыздылығын әсірелеп көрсету орын алды. Қазірде гендер жеке ғылым салаларының әдіснамалық негізін құрайтын тәсілдердің бірі ретінде қарастырыла бастады [1999].

Лингвистиканың қай саласын алсақ та (семантика, әлеуметтік психоллингвистика, дискурс, тілдік қарым-қатынас теориясы) гендер факторының ықпалын анықтап, тілдік құрылымдарды гендерлік тәсіл арқылы зерттеуге болады.

О.Л. Каменская ғылымдағы салалық, салааралық, ғылымдар түйісіндегі зерттеулерді ажыратып, салалық тәсілде жүйеішілік әдістер қолданылатынын, ғылымдар түйісіндегі зерттеулерде басқа ғылым әдістері пайдаланылатынын бірақ әрқайсысы өзіндік ерекшелігін сақтап отыратынын көрсетеді. Ол тіл біліміндегі гендерлік зерттеулерді салааралық зерттеуге жатқызады, гендердің танылмаған қырларын бір ортаға тұтастыратын жүйелеуші фактор ретінде тілдік тұлғаны (языковая личность) еркектің тілдік тұлғасы, әйелдің тілдік тұлғасы деп бөліп қарастыруды негіздейді [2002, 62 б.].

О.Т. Йокояма тілдегі гендерлік зерттеулердің лингвистикалық деңгейіне назар аудара келіп, **гендерлект** ұғымын енгізуді ұсынады. Гендерлектілер белгілі бір қарым-қатынас жағдайында көрініс табады. Тілді тұтынушы оған өзінің болмысына сай «еніп, араласа алады» [1996, 38 б.]. Қазіргі уақытта ерекше гендерлік-лингвистикалық әдістер туралы айту қиын. Сол сияқты бұл бағыттың аталуына байланысты мәселелер толық шешілді деп те айта алмаймыз. Әлеуметтік ғылымдарда **гендеристика**, **гендерология**, **гендергетика** секілді ғылыми терминдер ұсынылып, пікірталас тудырып жүргені рас, бірақ осы терминдердің нақты біреуі қабылданып, тұрақталған жоқ. Батыстың ғылыми дәстүріне сүйенсек, әр ғылымға қатысты мәселен, философия (психология, әлеуметтану) саласындағы гендерлік зерттеулер делінеді [Халеева 1999, 59 б.].

Гендерлік қатынастардың тіл мен сөйлеудегі көрінісін талдау барысында гендер көбінесе әлеуметтік-лингвистикалық және прагматикалық фактор ретінде танылады. Алайда тіл білімінің басқа салаларын, лексикон мен грамматиканы, тілдік таңба мен сөйлеуші арасындағы қатынас (референция) теориясының мәселелерін, линг-

водидактика мен лингвомәдениеттануды, тіл тарихын, психолингвистиканы гендерлік қырынан зерттеп, тіл білімі үшін мәнді деректер алуға болады. Сол сияқты ілгеріде И. Гоффман, М. Фуко еңбектерінде көрсетілгендей, гендердің таңбалар жүйесі (семиотикасы) мен қалыптасқан дәстүрге сәйкестігі қоғамның мәдени ерекшеліктері мен дискурсқа талдау жасау тұрғысынан зерттегенде ғана нәтиже береді.

Гендерлік лингвистика үшін маңыздысы – әлемнің гендерлік бейнесі ұғымының енгізілуі. Әлемнің гендерлік бейнесі әрбір мәдениетке тән. Әлем бейнесі гендерлік нормалармен, идеалдармен, таптаурындармен байланыстырылады. Гендерлік метафора алуан түрлі қоғамдық және табиғи құбылыстарға баға беруде қатысады, оларға үнемі ықпал етіп отырады. О.В. Рябовтың анықтамасын келтірсек, әлемнің гендерлік бейнесі дегеніміз – адам санасында ақиқаттың, яғни заттардың, қасиеттердің, қатынастардың жұптық қарама-қарсылығы арқылы категориялануы және жұптардың аталық (еркектік), аналық (әйелдік) бастаумен ассоциацияланатынын білдіретін таным-түсініктер жиынтығы. Ендеше, әлем бейнесі, тілдік сана, әлемнің тілдік бейнесі, менталитет ұғымдарына «гендерлік» сын есімін қосып атап, оларды гендерлік қырынан зерттеп-зерделеуге әбден болады [1997, 17 б.].

Тілдік сана ретінде ең алдымен, тілдік құралдар арқылы, яғни сөздермен, тіркестермен, фразеологизмдермен, мәтіндермен, ассоциативтік өріспен, сондай-ақ осы өрістің жиынтығы ретіндегі ассоциациялық тезауруспен көрініс табатын сана бейнелері қарастырылады (Караулов). Сөздің ассоциативтік мағынасына зер сала отырып адамның тілдік санасында әлем бейнесінің құрылымдану көрінісін анықтап, адамзаттық ментальдік ерекшеліктерге талдау жасап, гендерлік компонентпен байланысын білуге болады (Леонтьев).

Көп жылдардан бері ерлер мен әйелдердің сөйлеу әрекетіндегі ерекшеліктерді психолингвистикалық қырынан зерттеп жүрген ғалым Е.И. Горошко ассоциативтік тәжірибелеріне гендер категориясын негіз етуінің себебін былай түсіндіреді: біріншіден, соңғы он жыл көлемінде әлеуметтік ғылымдар саласында, лингвистикада гендерлік зерттеулер қарқыны күшейе түсті. Қазіргі таңда тіл ғылымында бұл бағыттың бастапқы қалану сатысы толық аяқталды, гендерлік лингвистика тіл білімінің жеке ғылыми бағыты ретінде қалыптасты; екіншіден, әлеуметтік ғылымдар са-

ласында гендерлік зерттеулердің теориялық және әдіснамалық қоры жинақталып, пәнаралық сипат алды; үшіншіден, гендерлік фактордың ассоциативтік әрекеттерге ықпалын кешенді зерттеуде жүйеліліктің болмауы себебінен туындап отыр [2003].

Тіл біліміндегі гендерлік зерттеулердің ендігі бір тобы пәнаралық сипатта дамып келеді. Мәселенің маңыздылығы мен күрделілігі, ауқымдылығы ғалымдар назарына іліккен. Сонымен бірге гендерлік белгілердің тіл деңгейлеріндегі көрінісін сипаттау, «жыныс» ұғымының концептуалдануын сипаттайтын тілдік тәсілдерді анықтау, «әлемнің гендерлік тілдік бейнесін» (гендерлік концепт, гендерлік таптаурындар) белгілеу және соларға сәйкес, мәдениетаралық салыстырулар жүргізу гендерлік зерттеулерде өзекті мәселелер қатарында қарастырылады.

Тілді гендерлік қырынан зерттеудің аксиологиялық және этномәдени ерекшеліктерін ескере отырып, мәдени доминанттар рөлін танып-білудің де маңызы зор. Мәдени доминанттарды зерттеу (басқа ғылым салаларының мәліметтерін пайдаланса да) алдымен лингвистикалық білімді игеруді қажет етеді (лексикалық, фразеологиялық бірліктерді жинап-теру, сөздіктерден, мақал-мәтелдер жинағынан, көркем әдебиеттен, бұқаралық ақпарат құралдарынан қажетті мәтіндер жинау). Сол сияқты психолингвистикалық тәжірибелердің нәтижесі ретінде ассоциативтік сөздік материалдарын (әсіресе жана функционалдық сипаттағы талдауларға) пайдаланудың тиімділігі басым [Кирилина 1999, 79-81 бб.].

Гендерлік зерттеулерде қолданылатын әдіс-тәсілдер: салыстырмалы әдіс – тілдің ішкі формаларына талдау жүргізу арқылы түрлі тілдерге тән тұжырымдық ерекшеліктерді айқындау; мәдени маңызды белгілерді сипаттауда «лингвистикалық емес» амалдарды (салт-дәстүрлер, фольклорлық материалдар) пайдалану, олардың Д. О. Добровольский атап көрсеткеніндей, «бейнелілік мәртебесінен» гөрі «таңбалық мәртебесін» жоғары қою керек [1997, 41 б.]; өзінөзі бақылау әдісі, сапалық, сандық, статистикалық, әлеуметтік-психолингвистикалық зерттеулер, жобалар жасау, т.б.

Гендерлік лингвистиканың ғылым ретіндегі қалыптасуы әлеуметтік мәні зор ірі проблемаларды қамтитынын ерекше айтуымыз керек. Лингвистикалық мәні басым болып келетін материалдар осы әр этносқа гендерлік жорадан қалыптасқан таптаурындарға, дәстүрге байланысты қалыптасып, тілде берік орын алған.

4.2 Гендерлік лингвистикадағы биодетерминистік және социодетерминистік бағыттар

Гендерология ғылымында, соның ішінде гендерлік тіл білімінде гендерлік лингвистикалық ерекшеліктердің әлеуметтік әлде биологиялық факторларға қатыстылығы жөніндегі айтыс-пікірлер өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап, күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Адам миының асимметриялық қызметі, яғни еркек пен әйел миы жарты шарларының әртүрлілігі туралы психолингвистер ұсынған ғылыми болжам ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас қалыптастырып, пікірталастар тудырып, әлі де нақты шешімін таппай келеді. Солардың бірі **биодетерминистер** – еркек пен әйел тілінің айырмашылығы табиғилықтың (биологиялық) басым болуынан деп дәлелдеп, эксперименттік тәжірибе нәтижелерін алға тартады. Екіншілері, **социодетерминистер** – гендерлік тілдік ерекшеліктің болуы әлеуметтік-мәдени факторлардың әсерінен деп түсіндіреді.

Әлеуметтік-психолингвистикалық бағыттағы зерттеулердің басым көпшілігі биодетерминистік және социодетерминистік сипатта дамып келеді.

Биодетерминистер еркек пен әйел тілінің айырмашылығын когнитивтік тұрғыдан қарастырып, эксперименттік жолмен дәлелдеуге тырысады. Биодетерминистік теорияға сәйкес, ер мен әйелдің сөйлеу әрекеті гормондық жүйенің айырмашылығымен байланысты. Сөйтіп, гормондық жіктелім салдарынан болатын когнитивтік, эмоционалдық және физикалық ерекшеліктерді бөліп көрсетеді. Когнитивтік тұрғыдан алғанда, жыныстық айырмашылық – ер мен әйелдің ментальдік қабілеттерінің әртүрлілігінен көрінуі мүмкін; эмоционалдық – ер адамның агрессивтілігі мен әйел мінезінің эмоциялылығы, сезімталдығы, қамқорлығы арқылы байқалады; физикалық ерекшелік – әйел жынысына тән бала туу болса, еркектің дене күшінің басым болуы жыныстық рөлдік жіктелімге әсер етеді [Горошко 2005].

Социодетерминистер (сол қатардағы феминистік лингвистика, этнолингвистика өкілдері) түрлі мәдениеттерге тән тілдік қатынас ерекшеліктері мен адамның әлеуметтенуін дәлелге келтіре отырып, гендерлік айырмашылықтардың негізі қоғам мен мәдениет әсерінен деген пікірлерінен бұлтартпайды.

Биодетерминизм бағытын жақтаушылар еркек пен әйел миы жарты шарлары асимметриялы деп таниды әрі ғылыми дереккөз ретінде пайдаланып келеді. Мидың бір бөлігінің үнемі зақымдалуы себепті ер мен әйелдің сөйлеу тілінде түрлі өзгерістер байқалған (алғашқы мәлімет жарақат салдарынан ми құрылысы зақымданған емделушіге жүргізілген бақылаудан белгілі болды).

Ғалымдар адам миы жарты шарының нейроанатомиялық сипаттағы айырмашылығы когнитивтік үдерістерге өз әсерін тигізеді деген болжам жасады. Биологиялық айырмашылық, яғни ми жарты шарлары жұмысының ұйымдасуы мен қызметі когнитивтік әрекеттің дихотомиялық өрістеуіне жол салады. Мидың сол жақ жарты шарының нейрондық ұйымдасуы оң жағымен салыстырғанда, бұрын жинақталған мәліметті тез ұсынуға бейімді әрі ол когнитивтік әрекеттерді толық қамтамасыз етіп отырады. Әйелдерде тілдік үдерістер үшін мидың оң жақ жарты шары да қатысады. Сондықтан ерлерге қарағанда, әйелдерде сол жақ жарты шары зақымданған жағдайда да сөйлеу қабілеті сақталады. Сол сияқты қыз баланың тіл игеруге, оқуға бейімділігі тәріздес дәлелдер де әйел миы жарты шарларының қатарласып вербалдық қызмет атқаратынын нақтылай түседі. Ер адамдарда ол тек мидың сол жақ жарты шары қызметіне негізделген (Э. Гольдберг, Л.Д. Коста). С. Филипс мұндай деректердің лингвистикалық біліктілікке (лексикалық, грамматикалық білім деңгейі) қатысы жоқ деп санайды [Горошко 2005, 237 б.].

Мидың асимметриялық қызметінің ықпалын зерттеу ассоциативтік тәжірибелерде орын алған. Осындай нейролингвистикалық зерттеулер мидың асимметриялық қызметі адамның вербалды қабілеттерімен қатар оның жынысына да қатысы бар екендігін көрсетеді. Оған қоса МАҚ (мидың асимметриялық қызметі) ассоциативтік және эмоционалдық үдерістерге тікелей әсер етеді. Кейбір ғалымдар МАҚтың әсерін адамның түрлі-түсті бейнелерді қабылдауы барысында анықтаған жөн деп есептейді. Мәселен, эмоционалды стимулдар мен олардан туындайтын эмоциялық реңтер адам миының сол және оң жақ жарты шарлары арасындағы белсенділікке тәуелді болады. Бірақ бұл тәуелділіктің болуын айқындайтын басқа да факторлар бар: жыныс, жас т.б. Олардың рөлі мен қызметі әлі де толық зерттелген жоқ. Сонымен МАҚ-ты кешенді зерттеудің бағыттары:

- МАҚ пен ассоциативтік үдерістер арасындағы байланыс;
- МАҚ пен эмоционалды үдерістер арасындағы байланыс;
- МАҚ пен сөйлеу тілі арасындағы байланыс;
- МАҚ пен түр-түсті қабылдау арасындағы байланыс;
- МАҚ пен адам жынысы арасындағы байланыс;
- МАҚ пен адамның жас ерекшелігі арасындағы байланыс.

Е.И. Горошко жүргізген ассоциативтік тәжірибелерде түр-түсті білдіретін лексиканы пайдалана отырып, жынысты басқа биоәлеуметтік факторлармен (жасы, білім деңгейі, т.б.) байланыстыра қарастырды. Ғалымның дәлелдеуінше, ассоциативтік эрекетке қатысушыларға барынша күшті әсер еткен жыныс факторы содан кейін жасы мен білім деңгейі, ана тілі болды [2001].

Ал нейропсихолог Е.Д. Хомская эзірге адам миы жарты шарларының асимметриялық ерекшелігін туғаннан болатын не болмаса генотипке байланысты әлде өмір сүру деңгейінде қалыптасып я өзгеріп отыратынын, яғни динамикалық сипатын айқындайтын дәлелді қағидалар жоқ дегенді алға тартады [1995, 14-27 бб.].

Жалпы алғанда, ғылыми дискурста әр бағыттың өзіндік көзқарастары, дәлелдері, болжамдары жетерлік. Гендер – жалпы ғылыми категория, гендерлік тәсіл кез келген ғылым саласында қолданыла алады, бірақ сол саланың әдістерін ескеру қажет [Кирилина 2005, 10-12 бб.]. XX ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап Батыс Еуропа мен Америкада бастау алған гендерлік-лингвистикалық зерттеулер күні бүгінге дейін қарқынды дамып келеді. Ғалымдар екі мәселеге баса назар аударып отыр: ерлер мен әйелдер тіліндегі гендерлік ерекшеліктер және ерлер мен әйелдерге қатысты қолданылатын тілдік бірліктер. Зерттеулердің басым көпшілігі тілдік талдаулар, талдау әдістері арқылы гендердің мәнін ашып көрсетуді көздесе, бірқатары гендердің лингвистика ілімін дамытудағы қызметін анықтауды мақсат етті.

4.3 Тілдегі гендерлік асимметриялар типологиясы

Гендер (гендерлік жүйе) әлеуметтік нормалардың уақыт шеңберінде өзгеріп отыруына орай, әр қоғамда әркелкі көрініс береді, бірақ қай кезеңде болса да гендерлік асимметрия сақталып отырады. Мәселен, «ер адамдық» (мужское), яғни ерлерге тән (маскулиндік) белгілер жағымды, басым мәнінде түсініледі де, «әйелдік» (женское),

әйелге тән (фемининдік) белгілер екінші (реттік) және бағынышты мәнде ұғынылады. Гендердің құрылымдық табиғаты да осы қарама-қарсылықты қарсы қойып салыстыруға келіп саяды.

Гендерлік асимметрия – өмірдің түрлі салаларында әлеуметтік және мәдени нормаларға сәйкес ерлер мен әйелдерге белгіленген әлеуметтік рөлдердің теңгерімсіздігі. **Тілдегі гендерлік асимметрия** (тілдегі андрозектілік) – ер мен әйел жынысын ерекшелейтін тілдік бірліктердің қолданылуындағы біркелкіліктің болмауы. Феминистік лингвистика (феминистік сын) өкілдері мен белгілі постмодернист ғалымдар (Деррида) әлемнің тілдік бейнесі басым түрде ер адамдық көзқарас тұрғысынан, ер субъектісі атынан бағаланып, бағдарланады, ал әйелге қатыстылары объект түрінде ғана қаралады», басқа», «бөгде» мәнінде ұғынылады не болмаса мүлдем ескерілмейді. Демек, тілдік дүниетаным тек антропоэектілік (адамға бағытталған) ғана емес, андрозектілік (ер адамға бағытталған) сипат алған деп түсіндіреді.

Андрозектіліктің тілдегі көрінісін сипаттайтын белгілер:

1. Адам мен ер адам (еркек) ұғымдарының теңдестірілуі. Еуропа тілдерінің көпшілігінде олар бір сөзбен аталады: ағылшынша *man*, французша *home*, немісше *mann*.

2. Әйел тегін (женский род) білдіретін зат есімдердің ер тегі (мужской род) арқылы жасалатындығы, бірақ керісінше еместігі. Көп ретте мұндай туынды сөздердің мағынасы ер тегіне жанама ретінде түсіндіріледі. Ер тегі әйел референтке қолдануға тиімді әрі оның мәртебесін көтереді. Керісінше, ер аталымдарын әйел тегімен белгілеу жағымсыз мән үстейді.

3. Ер тегін білдіретін зат есімдердің жыныстардың қайсысының орнына болса да жұмсала беретіндігі. Соған сәйкес, тілдік қолданыста ер тегіне қатысты формалар жиі қолданылады. Мәселен, *мұғалімдер* мен *мұғалималар* (учительницы) туралы сөз қозғағанда, әдетте *мұғалімдер* деп жалпылама атап өту жеткілікті болып саналады. Сөйтіп көп жағдайда әйел жынысы мүлдем еленбей қалады.

4. Синтаксистік деңгейдегі байланысу амалы ретінде белгілі бір сөз табына сәйкесті грамматикалық тектің (род) негізге алынатындығы, ал референттің нақтылы жынысы ескерілмейді.

5. Фемининдік және маскулиндік бөлінудің қатаң сақталып отыратындығы. Олардың бір-біріне сапалық (жағымды, жағымсыз бағалануы) әрі сандық (ер адамдық белгілердің жалпыадамзаттық

сипат алуы) жағынан үнемі қарама-қарсы қойылуының нәтижесінде гендерлік асимметрия көрініс береді.

Сонымен, тілдегі андрозектілік – тілдің қоғамдағы әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерді сипаттауда ер адамдық белгілерді негіз етіп алуымен байланысты, соның ішінде тілде еркектің басым бейнеленуі мен әйелдің қатысын жеке әрекетімен шектеп көрсетуі [Словарь гендерных терминов 2002, 29-30 бб.].

Гендерлік асимметрия ағылшын, неміс тілдерінде жан-жақты қарастырылған. Өзге тілдердегі зерттеулерге қарағанда, андрозектіліктің деңгейі әр тілде әр түрлі дәрежеде көрінеді. Гендерді тілдік құрылымдауда асимметриялық қатынастардың мынадай түрлері қолданылады:

- категориалды контрагенттердің біреуінің қатысуынсыз берілетін асимметрия;
- категориалды контрагенттердің мағыналық деңгейінің сәйкессіздігінен көрінетін асимметрия;
- гендерлік жұптық категориялардың іштей құрылымдану асимметриясы;
- белгіленетін және белгіленбейтін категория мүшелерінің категориясы (жалған тектік атау, белгіленбейтін субкатегорияның өшірілуі).

Асимметриялық қатынастардың алғашқы екі түрі лексикографиялық талдаулар негізінде анықталады. Үшінші түрі (гендерлік категориялардың іштей құрылымдануы) лексикографиялық деректерді талдаумен қоса дискурсивтік тәжірибелерге негізделеді. Ал төртінші түрі аз зерттелген әрі сөздіктерде белгіленбеген. Ол гендерлік категориялаудың тілдік және ментальдік тетіктерінің өзара әрекеттестігін көрсетіп, көбінесе тілдік қарым-қатынаста (коммуникативтік тәжірибеде) айқындалады [Гриценко 2005, 62-70 бб.].

Гендер түрлі тілдер мен мәдениеттерде түрліше көрінгенімен, асимметриялық қатынастардың этномәдени ерекшелігі аталған үлгілердің өз ішінде белгіленіп, әмбебаптық сипатқа ие болады.

(1) Гендерлік категориалды контрагенттердің біреуінің қатысуынсыз берілетін асимметрия еркекке қатысты айтылғанда оған параллель әйелге қатысты аталымның болмауы немесе керісінше, әйелге қатысты айтылғанда еркекке қатысты аталымның болмауын білдіреді. Мұны әр тілде қамтылған әйел мен еркек

аталымдарына лексикографиялық талдау жүргізіп барып толық көз жеткізуге болады. Мысалы, *гейша, донкихот, жігіт, сұлтан, ақсақал, сәукеле, абысын, бәйбіше*, т.б. тәрізді гендерлік лакундар түрлі тілдердің этномәдени ерекшелігіне сәйкес түспеуі мүмкін.

Гендерлік лакундарды талдау барысында анықталғандай, категорияларды контрагенттердің біреуінің болмауы көбінесе тарихи және әлеуметтік жағдайлармен байланысты түсіндіріледі. Мәдени құрылымданған асимметрияларда гендерлік контрагенттердің ортақ белгілері болғанымен, тілде олардың біреуі ғана категория ретінде тұжырымдалады. Мәселен, ағылшын тілінде *family man* (отбасы бар ер адам) деп қолданылғанымен, *family woman* (отбасы бар әйел) деп айтылмайды, өйткені, *әйел, ана, жар болу* әйелдің жаратылысына тән құбылыс ретінде танылады. Патриархалдық мәдениетте отбасы табиғи саланың әлеуметтік дамуын білдіреді. Сондықтан аталған категория өзінен-өзі анық болғандықтан вербалды түсінік берілмейді, тұжырымдалмайды. Еркек үшін қамқор әке болу – ізгі іс, бұл түсінік тілдік санада жағымды мәнде тұжырымдалады. Осыған ұқсас *жұмыс істейтін әйел/ана, іскер әйел* тіркестерінің анықтаушы компоненттері әйел жынысына тән емес әлеуметтік дамуды аңғартады [Гриценко 2005, 133-134 бб.].

(2) Гендерлік категорияларды компоненттердің мағыналық деңгейінің сәйкессіздігінен көрінетін асимметрияның да өзіндік ерекшеліктері бар.

Орыс тілінде және басқа еуропа тілдерінде ер аталымдары белгілі бір мамандық иесін немесе әлеуметтік мәртебені (жағдайды) білдіреді де, әйел аталымдары бағыныңқы мәнде, яғни ер тегінен жасалған автономиялық (елеусіз, аз) категория саналады. Мысалы: «солдат» – «солдатка» (солдаттың әйелі), «декабрист» – «декабристка» (декабристің әйелі), «казак» – «казачка» (казактың әйелі/қызы), сол сияқты итальян тілінде *presidentessa* («президенттің жұбайы»), норвеж тілінде *bispinne* («епископтың әйелі»), т.б. гендерлік категориялардың әлеуметтік сатылануының тілдік көрінісі.

Гендерлік категорияларды компоненттердің мағыналық деңгейінің сәйкессіздігі қазақ тілінде «бойдақ» (орыс тіл. «холостяк»), ағылш. тіл. «*bachelor*») сөзі мен «кәрі қыз»(қазақ тіл.), «*старая дева*» (орыс тіл.), «*spinster*» (ағылш. тіл.) сөзін қолданудағы бағалауыштық асимметриядан көрінеді. Бұл жерде «кәрі қыз» лексемасы аталған тілдерде тұрмыс құрмаған әйел туралы жағымсыз

коннотация тудырады. Бағалаушытық тілдік асимметрия гендерлік аталымдардың әлеуметтік сатылануынан (социальная ранжированность) жиі байқалады. Айталық, «секретарь» (хатшы) – «секретарша» (хатшы, хатшы қыз) кәсіп иесін білдіретін аталымдар еркек пен әйелге белгіленген әлеуметтік рөлдердің теңгерімсіздігін көрсетеді. Ер тегінен жасалған сөз билік пен мансапты, әйел тегін білдіретін сөз тәуелділікті аңғартады. Италиян тілінде де «la secretaria» (секретарь) – қызметінен біртіндеп көтерілген партия жетекшісі, кәсіподақ немесе қоғамдық ұйым басшысы (*il segretario*); мектеп директоры қызметін иеленген (*la Directrice*) әйел тегін білдіретін атаумен, компания басшысы (*il Direttore*) ер тегін білдіретін атаумен аталады. Мұндай қолданыстар көп жағдайда әйелдердің белгілі бір кәсіптер аясында ер тегінен жасалған атауларды ерекше бағалайтынына байланысты [Гриценко 2005, 65 б.].

(3) Жұптық категориялаудың іштей құрылымдануынан туындайтын асимметрия бір-біріне қарама-қарсы гендерлік категориялардың түрлі өрісте түрліше тәсілдермен құрылымдануын білдіреді. Талдауда лексикографиялық материалдармен қоса, тілдік жүйелік және дискурсивтік асимметриялар да пайдаланылады.

Феминистік лингвистикалық еңбектерде ағылшын тіліндегі *Mr.* және *Mrs./Miss* тұлғаларының асимметриясы әлденеше рет сыналғанымен, қолданыста әйелге қатысты форма әйел референттің отбасылық жағдайын білдіреді, еркекке қатысты қолданылатын тұлғада мұндай мәлімет берілмейді. Тіпті *Mr.* тұлғасына ұқсас әйелге қатысты *Ms.* тұлғасы енгізілсе де, асимметрия толықтай жойылған жоқ. Зерттеушілердің пікірінше, тілдегі *Mrs.* және *Miss* тұлғалары қолданыстан шыққанда ғана симметрия болады, бірақ әзірге мұндай өзгеріс байқалмайды. Донн Аткинсон зерттеуінде Канада халқының басым бөлігі әдеттегідей тұрмыстағы әйелге *Mrs* тұлғасын, тұрмыс құрмаған әйелге *Miss*, күйеуінен ажырасқан әйелге *Ms.* деп қолданады екен. Тиісінше, бұл ортада еркекке қарағанда, әйелдің отбасылық жағдайы жоғары бағаланады.

Осыған ұқсас асимметрия түрлерін орыс тілінен де кездестіреміз, мәселен, «барин» – «барышня» (бариннің әйелі/қызы), «боярин» – «боярыня/барышня» (бояр әйелі/қызы), «князь» – «княгиня/княжна» (князь әйелі/қызы), т.б. Екі жағдайда да гендерлік жұп категориялардың әйелге қатысты сыңары референттің отбасылық жағдайын сипаттайды (тұрмыс құрған – тұрмыс құрмаған). Қазақ

тілінде мұндай ерекшелік «хан» – «ханша/ханым» мәртебелік ата-лымдары арқылы көрінеді.

Орыс тілінде «әйел» және «қыз» категориялды атауларының когнитивтік үлгісі неке құру қатынасымен айрықшалаынады. Ал «мужчина» (еркек) – *юноша/парень* (жасөспірім, бозбала, жас жігіт) жұбында «жас ерекшелігі» басты өлшем болып саналады [Гриценко 2005, 62-70 бб.].

Гендерлік асимметриялар қазақ тілінің жалқы есімдер жүйесінен де көрінеді. Тіліміздегі тілек мәнді әйел есімдері көбінесе «сұлу», «әдемі» семантикалық өрісінен туындайтын сөздерден құралады, сол сияқты әйелдің сыртқы келбетін сипаттайтын (*көз, шаш*, т.б.) компоненттерден жасалады (*Алтыншаш, Сұлушаш, Қарагөз, Ботакөз*), бірақ ер адам есімінде қолданылатын «бай» компоненті әйел есімінде кездесе бермейді.

Дискурсивтік тәжірибеде «еркек» сөзімен тіркесетін типтік үлгілерге «жақсы», «жаман» ұғымындағы бағалау тән емес, ол көбінесе «әйел» сөзімен тіркесетін үлгілерден байқалады, демек, дискурсивтік тәжірибеде әйел жиі бағаланады. Тағы бір ерекшелігі, еркек туралы түсінік бірен-саран тіркесімдерде «адам» сөзімен кодталады. Мысалы, «*тамаша әйел*» деп айтамыз, бірақ «*тамаша еркек*» деп қолданбаймыз, оның орнына сәйкесті тіркес – «*тамаша адам*» дейміз.

Зерттеушілер «еркек», «әйел» категорияларының іштей құрылымдану асимметриясының түрлі стильдік және дискурсивтік типтерін ажыратып қарастырады. Жұптық категориялардың гендерлік асимметриясын түрлі тілдердің деректерінен және дискурсивтік тәжірибелерінен де кездестіруге болады. Танысу жарнамаларында әдетте әйелдің жастығы, тартымдылығы, үй шаруасына бейімділігі, ұқыптылығы, жинақылығымен қоса, еріне жағымды, жайдары бола алатын сыпайы мінезі бағаланады да, еркектің кәсібі, білімі, бос уақытын тиімді өткізу мүмкіндіктері, экономикалық тәуелсіздігі жарнамаланады. Ал жана үлгідегі жарнамаларда әйелдің психологиялық портреті еркектің дәстүрлі бейнесіне жақындатып берілген: жоғары интеллект, мақсатқа талпынушылық, қоғамдық өмірдің түрлі саласына деген қызығушылық, мансаптық өсу, т.б. Бұл гендерлік категориялардың іштей құрылымдану ұстанымдарының өзара ықпалдастығын дәлелдейді [Городникова 2003, 39-40 бб.].

(4) Белгіленетін және белгіленбейтін категория мүшелерінің асимметриясы (жалған тектік атау, белгіленбейтін субкатегорияның өшірілуі).

Заттарды бір категорияға біріктіру оларды белгілі бір білімдік өрісте бірдей етіп қарастыруға келе бермейді. Айырмашылық категорияның өз ішінде байқалады, бірақ оның өзі қарама-қарсы категориялармен салыстырғанда мейлінше аз дәрежеде байқалады.

«Еркек» пен «әйел» категориялары арасындағы қатынас екі түрлі болады. Қатынастың бірінші түрі – бұл қарама-қарсылардың (оппозициялардың) қарама-қарсылығы. Мұнда қарама-қарсы категориялардың әрқайсысы айырым белгілеріне қарай бір деңгейде қарастырылады (лингвистикада аталған қарама-қарсылықты эквиполенттік деп атайды). Қатынастың екінші түрінде категориялардың біреуі тектік ретінде таңдалады да екіншісін, яғни белгіленетінін анықтайды. Лингвистикалық тәжірибеде бұларды белгіленетін және белгіленбейтін, яғни фондық (жасырын) категориялар деп ажыратады П. Трейчлер мен Ф. Франк бұларды жалған тектік атаулар деп атайды [Гриценко 2005, 68 б.].

Айталық, ағылшын тілінде грамматикалық тек (род) категориясы болмауы себепті мәртебелік аталымдардың, мамандық, кәсіп иесін білдіретін атаулардың жыныстық жіктелімін айқындайтын белгілері жоқ. Бұл категориялаудың аталған түріне қатысты мысалдардың көп кездесетіндігін дәлелдей түседі. Әрине, категориялаудың бұл тәсілі грамматикалық тек категориясы жоқ ағылшын тілінде кең тарағанымен, басқа да тілдер деректерін зерттеп салыстыруды қажет етеді.

«Еркек тілі – норма, әйел тілі – нормадан ауытқу» деп дәлелденетін асимметрияның бұл түрі ғылыми дискурста да кездеседі. Соның бірі О. Есперсеннің «Тіл табиғаты: дамуы мен қалыптасуы» атты еңбегінде «Әйел» деп аталатын тарау бар да, «Еркек» деген тарау жоқ. Ұқсас асимметрия 1990 жылы жарық көрген Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте («Женский язык») және Қазақ тілі сөздігінде («Әйел тілі») орын алған.

Орыс тілінде гендерлік аталымдардың басым бөлігі грамматикалық тек категориясына тән белгілері бойынша ажыратылады (*летчица* (ұшқыш әйел), *гражданка* (азаматша), т.с.с.). Демек, орыс тілінде андрозектілік деңгейі жоғары емес. Солай бола тұрса да дискурсивтік тәжірибеде кездесетін мына тәрізді мысал-

дар: «*Ол әйел емес, ол – депутат*» («*Она не женщина, она – депутат*») немесе анекдот мәтініндегі «*Поезда орыс, грузин, және әйел келе жатыр*» («*В поезде едут русский, грузин и женщина*») гендерлік асимметриялық сипат алған.

Қысқасы, ер тегінің белгіленбейтін фондық сипаты грамматикалық тәсілдермен емес, әлеуметтік себептермен түсіндіріледі. Тілралық асимметриялар жалпы болмыспен, өмірде бар не жоқ затпен ғана байланысты емес, сондайақ түрлі мәдениет өкілдерінің әлемді түрліше қабылдау, құрылымдау, тұжырымдау ерекшелігімен де байланысты. Орыс тілі мен мәдениетінде (когнитивтік үлгіге сәйкес) жас ерекшелігі мен некелік қатынастар маңызды саналса, ағылшын тілінде феминистік дискурс пен саяси әдептілік (полит-корректность) ықпалымен қалыптасқан нормаларға мән беріледі. Мысалы, жоғары оқу орнына түсетін талапкерді (абитуриент) орыс тілінде (жасы мен мәртебесіне қарай) *девушка* (қыз) десе, ағылшын тілінде жас әйелдер *young woman* (жас әйелдер) дейді, ал *girl* (қыз) лексемасын қолдану саяси әдепсіздік деп танылады [Гриценко 2005, 70 б.].

Гендерлік асимметриялардың осы тәріздес үлгілерін башқұрт тілінен де кездестіреміз. Халық санасында қыздың жасы мен күйеуге шығып, тұрмыс құру кезеңдерін қамтитын әр түрлі аталымдар қалыптасқан: *ускэн қыз* – кәмелет жасына келген қыз, *еткэн қыз* – толысқан, бойжеткен қыз, *кейэугэ бирерлек қыз* – күйеуге шығатын қыз. Кәмелетке жетіп, толысқан шағында қыз тұрмыс құрмаса онда *қарт қыз*, *ултырып қыз* (отырып қалған қыз) категориясына жатқызады. Күйеуге шыққаннан кейінгі ересек шағын *қатын* (әйел, жұбай, зайып), қартайған кезін *эбей*, *қарсық* атауларымен білдірген [Фатыхова 2001, 348 б.]. Гендерлік категориялауда этномәдени сипаттағы асимметриялар арнайы қарастыруды қажет етеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Гендерлік лингвистика ғылымы нені зерттейді?
2. Гендер мен тілдің өзара байланысын зерттеу қандай бағыттарда жүргізіледі?
3. Гендерлік зерттеулерде қандай әдіс-тәсілдер қолданылады?
4. Гендерлік лингвистикадағы биодетерминистік және социодетерминистік бағыттардың мақсаты неде?
5. Гендерлік зерттеулердегі нейролингвистиканың рөлі қандай?

6. Тілдегі гендерлік асимметрия дегеніміз не?
7. Антропоэектілік және андроэектілік ұғымдарының мәнін түсіндіріңіз.
8. Андроэектіліктің тілдегі көрінісін сипаттайтын белгілерді атаңыз.
9. Гендерді тілдік құрылымдауда қолданылатын асимметриялық қатынастардың түрлеріне талдау жасаңыз.
10. Тілралық асимметрияларды айқындайтын деректер келтіріңіз.
11. Этномадени сипаттағы асимметриялардың гендерлік тілдік мәнін анықтаңыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Воронина О.А. Теоретикометодологические основы гендерных исследований // Теория и методология гендерных исследований: Курс лекций / Под общ. ред. О. А. Ворониной. – М.: МЦГИМВШСЭНМФФ, 2001. С. 13-95.
2. Городникова М.В. Гендер в коммуникативной интеракции // Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады второй международной конференции. – М., 2003. С. 70-77.
3. Горошко Е.И. Интегративная модель свободного ассоциативного эксперимента (Монография). – М.: Харьков: РаКаравелла, 2001.
4. Горошко Е.И. Языковое сознание (гендерная парадигма). – М., 2003.
5. Горошко Е.И. Функциональная асимметрия мозга, язык, пол: Аналитический обзор. – Москва; Харьков: ИД «ИНЖЭК», 2005.
6. Гриценко Е.С. Типология асимметричных отношений в гендерной категоризации // Вестник Нижегородского гос. лингв. унта им. Н.А. Добролюбова. Вып. 1. – Н. Новгород: НЛГУ, 2005. С. 62-70.
7. Гриценко Е.С. Язык. Гендер. Дискурс. – Нижний Новгород: Издательство ННГУ им. Н.И. Лобачевского, 2005.
8. Добровольский Д.О. Национально-культурная специфика во фразеологии // Вопросы языкознания. 1997. - № 6. - С. 37-48.
9. Йокояма О.Т. Языковые модели половых различий в языке русских детей младшего возраста // Социолнгвистические проблемы в разных регионах мира: материалы международной конференции. – М., 1996. – С. 191-195.
10. Каменская О.Л. Гендергетика – междисциплинарная наука // Гендер: язык, культура, коммуникация: Доклады Второй Международной конференции. – М., 2002. С. 62-63.
11. Кирилина А.В. Гендер: лингвистические аспекты. – М.: Институт социологии РАН, 1999.
12. Кирилина А.В. Гендерные исследования в лингвистических дисциплинах // Гендер и язык. М.: Языки славянской культуры, 2005. С. 7-33.

13. Кубрякова Е.С. Эволюция лингвистических идей во второй половине XX века // *Язык и наука конца 20 века. Сб. статей под ред. Ю.С. Степанова. М.: РГГУ, 1995. - С. 144-238.*

14. Рябов О.В. *Женщина и женственность в философии серебряного века. Иваново: Ивановский гос. ун-т, 1997. 159 с.*

15. *Словарь гендерных терминов / Под ред. А.А. Денисовой. – М.: Информация XXI век, 2002.*

16. Фатыхова Ф.Ф. *Гендерный аспект возрастных категорий в башкирском языке // Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады первой международной конференции. М., 2001. С. 347-351.*

17. Халеева И.И. *Гендер как интрига познания // Гендерный фактор в языке и коммуникации. – Иваново, 1999. - С. 5-9.*

18. Хасанұлы Б. *Концепция Х.К. Жубанова в контексте гендерной лингвистики // «Жұбанов тағылымы»: материалы республиканской научно-теоретической конференции. – Актобе, 2002. С. 23-28.*

19. Хасанұлы Б. *Гендерлік лингвистика және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығының гендерлік сыны // Сборник материалов международной научно-практической конференции. – Павлодар: ПГУ им. С. Торайгырова, 2005. 264-276 бб.*

20. Хомская Е.Д. *Об асимметрии блоков мозга // Нейропсихология сегодня / Под ред. Е.Д. Хомской. – М., 1995. - С. 14-27.*

21. Coates J. *Women, Men and Language: A sociolinguistic account of gender differences in communication. Third edition. – Harlow England; New York: Longman 2004.*

22. Crawford M. *Talking Differenc: On Gender and Language. – London, Thousand Oaks and New Delhi: SAGE Publications, 1995.*

23. Talbot D. *Language and Gender: an Introduction. – Cambridge: Polity Prees, 1998.*

5-тақырып. Гендерлік лингвистиканың когнитивтік сипаты

- 5.1. Гендерлік категориялау
- 5.2. Гендерлік категориялаудағы когнитивтік үлгілер
- 5.3. Гендерлік категориялаудың метафоралық табиғаты
- 5.4. Радиалды және кластерлік үлгілер

Негізгі ұғымдар

Гендерлік категориялау, бейнелі ой (ментальді) лексиконы, когнитивтік үлгілер, таптаурындар, гендерлік таптаурындар, метонимиялық үлгілер, гендерлік қарама-қарсылықтар, формалды-грамматикалық тек категориясы, радиалды және кластерлік үлгілер.

5.1 Гендерлік категориялау

Қоршаған шындық өмірді саналы түрде тану мен адам тәжірибесін категориялау тілмен байланысты болып келеді, өйткені адамның когнитивтік қызметі барысында алынған мазмұндық ақпарат тіл мен тілдік формаларда көрініс тауып, сөйлеу арқылы білдіріледі. Күнделікті өмірде адам өзінің әрекеттері мен талап-тілектерін, наным-сенімдерін, пікірлерін табиғи түрде қабылдап гендерлік сипатына мән бере бермейді. Ал гендерлік дәстүрлер, білімдер, түсініктер адамға бала кезінен бастап айнала қоршаған орта арқылы сіңіп қалыптасады.

Гендер еркек пен әйелдің ақыл-ой санатанымын, жүріс-тұрысын, талғамын, қарым-қабілетін және тілдік қарым-қатынасын ерекшелейді. Демек, гендерлік таным-түсініктерді таныту үшін адамзат өміріндегі құбылыстарға, яғни ақыл-ой, ойлау қабілетінен бастап сүйікті ас-тағамы мен жүріс-тұрысына дейінгі болмысына сүйенуге тура келеді. Ол, әсіресе, әңгімелесу, әзілдесу, пікірталастыру барысында айқын көрінеді.

Қоршаған ортаны қабылдау, оны таныту, түсіндіру гендерлік талдаулардың біртұтас жүйесі немесе гендерлік категориялау (топтастыру) тұрғысынан қарастыруды қажет етеді. Когнитивтік тәсіл гендерді ұжымдық және жеке адамдық сананың компоненті ретінде жаңаша ұғым-түсініктер қалыптастырады, гендерлік концептілер табиғаты мен олардың ерекшеліктерін тануға мүмкіндік туғызады.

Гендерлік категориялау мәселелері ментальді лексиконға сүйене отырып қарастырылады. Ол сөздер мен олардың эквиваленттік бірліктерін оның астарында күрделі экстралингвистикалық (энциклопедиялық) білімді танытатын жүйе ретінде анықталады [Краткий словарь когнитивных терминов 1996, 97 б.]. Бейнелі ой (ментальді) лексиконы – адамның қоғаммен өзара әрекеті барысында жинақталған білімінің жадыда өңделген түрі [Залевская 1999, 158 б.], гендерлік білімнің гендерлік таптаурындар түрінде бейнеленген тілдік көрінісі.

Саяси, әлеуметтік, тарихи мән-мәтіндерде гендерлік талдау барысында негізгі гендерлектілер ретінде «ер» және «әйел» категориялары алынады. Оны патриархат мәдениетіне тән қарама-қарсылықтар қатарынан көруге болады: ерлер – күшті, әйелдер – әлсіз; ерлер – қызуқанды, әйелдер – ұялшақ; ерлер – рационалды, әйелдер – көңілшек; ерлер бәсекелесуге бейім болады, әйелдер тіл табысуға бейім келеді, т.б. Алайда көпшілігі бұл қарама-қарсылықтың ақиқаттығы шынайы болмысты дәл таныта алатынына келісе бермейді және бұл айтылғандарды мұрат (идеал) деп қабылдамайды. Бұл категориялардың қарама-қарсылық сипаты тілдік жүйеде «қарама-қарсы жыныс» (противоположный пол) тұрақты тіркесімен белгіленеді. Көбінесе олардың қарама-қарсылығы санадағы құрылымдық таным емес, белгілі бір шынайы белгіленген мәнбір ретінде түсініледі. Мұның себебін ұзақ уақыттар бойы әлемді танудың негізі болған категориялаудың дәстүрлі теориясынан іздеген жөн.

Гендер туралы қазіргі түсініктің теориялық негізі, оның әлеуметтік құрылым ретіндегі баяндалуы (белгілі бір мәдениетке тән әйелдік, еркектік категорияларын сипаттайтын таптаурындар жиынтығы) категориялаудың жаңа теориясы болып табылады. Бұл теория адамның рөлі мен тәжірибелеріне ерекше көңіл аударады, сонымен бірге категориялаудың тек оның мүшелеріне ортақ жалпы белгілер негізінде ғана қалыптаспайтындығын нақты дәйектейді. Сонымен, жаңа теорияға сәйкес категория заттардың табиғатынан немесе «жоғарыдан» берілетін емес, адамзаттың әлемді тану, түсіну әрекеті барысында және сол әлемде өзін-өзі тануы нәтижесінде қалыптасады.

Категориялаудың жаңа теориясының негізін салушылардың бірі Л. Витгенштейн категория мүшелері бір-бірімен бір жанұяның мүшелері секілді, яғни бір-біріне ұқсайтын барлығына ортақ жал-

пы белгілері болмайақ өзара қатынаста болуы мүмкін дей келіп, бұл құбылысты «жанұялық ұқсастық ұстанымы» деп атады. Э. Рош жасаған тәжірибеде категориялар құрамына енетін мүшелердің біреуінің ерекше белгісі бүтін категорияға негіз бола алатындығы дәлелденді. Ол категориялаудың бұл жаңа теориясын «түптұлғалар теориясы» деп атады (түптұлға (прототип) – категорияның ерекше танылған мүшелерінің бірі) [Гриценко 2005, 102-105 бб.].

Сонымен, гендерлік категориялау ерекшеліктерін ұғыну үшін әрі гендердің тілдік құрылымдануын түсіну үшін, алдымен, категориялаудың негізгі қағидаларын анықтаған жөн.

5.2 Гендерлік категориялаудағы когнитивтік үлгілер

Категорияларды мағынасына қарай жіктеп, жүйелеп, сәйкестендіру арқылы біз айнала қоршаған ортаны ұғынуға тырысамыз. Әрбір категорияға атау беріп, оны әлеуметтік тәжірибеде пайдаланамыз. Тіл категория нәтижесін білдірудің негізгі тәсілі әрі құралы бола алады. Жеке тұлға әлем бейнесін өзінің ана тілінде танып, айнала қоршаған орта туралы танымын ана тіліне тән құрылымдар негізінде қабылдайды.

Гендерлік категориялау біріншіден, «еректік», «әйелдік» делінетін гендердің тірек категорияларының өзі адамның физикалық табиғатынан туындаған метафоралары ретінде танылуы, екіншіден, метонимиялық когнитивтік үлгілердің түптұлға мәнінде жұмсалуды негізінде жүзеге асырылады.

Тілдік категориялаудың концептуалдық мәні әлеуметтік болмыстың ұйымдасуы жөніндегі ақпараттың іштей игерілуі болып табылады. Гендерлік түсініктер басқа да білім формалары тәрізді бейнелі құрылым түрінде ұйымдасады. Олар Дж. Лакофф атап көрсеткендей, мұрат тұтатын когнитивтік үлгілер ретінде түрлі құрылымдау қағидаларын негіз етеді. Атап айтқанда:

1) **сөйлемдік үлгі** элементтер және олардың бір-бірімен арақатынасы мен ерекшеліктерін анықтайды.

2) **бейнелердің сұлбалық үлгісі** сұлбалық (схемалық) бейнелерді айқындайды.

3) **метафоралық үлгілер** сөйлем мен бейнелі сұлбалық үлгілердің ішінде белгілі ортаға тән құрылымның басқа ортадағы құрылымға сәйкес жобалануын танытады.

4) **метонимиялық үлгілер** жоғарыда айтылған үлгілердің ішінде біреуінің (немесе бірнешеуінің) бір элементі екінші элементтің қызметін атқаратындығын анықтайды.

Дж. Лакофф сөйлемді құрылымды идеалданған когнитивтік үлгілердің бір бөлігі ретінде қарастырады. Алайда когнитивтік тіл білімінде сөйлем (пропозиция) бейнелі ой үлгілерінен өзгеше тұжырымдалады (пропозиция термині латынның сөзінен шыққан, логикада пайымдау, тіл білімінде сөйлем ұғымын білдіреді) [Лакофф 1996].

Сөйлем мағыналық түсініктің (репрезентацияның) бірлігі ретінде тұжырым сөздерден құралады. Олардың біреулері предикат қызметін атқарса, екіншілері дәйектемесін (аргументін) айқындайды. Осыған орай, дәйектемелер жеке нысандармен сәйкестендіріледі, ал предикаттар олардың өзара қатынасын, қасиеттерін білдіреді. Гендерлік сөйлемде (пропозицияда) «еркек» және «әйел», «еркектік» және «әйелдік» концептілері дәлелдеме ретінде көрініс табады, мұндағы – предикат – белгілі бір жынысқа тән белгі (әрекет, қасиет, т.б.). Мысалы: әйелдік – әйелге тән қасиеттер (*нәзіктік, сұлулық, сыпайылық*, т.б.).

Гендерді концептуалдауда маңызды болып саналатын сөйлем құрылымының түрлері:

1) мәденитілдік пайымдаулар, яғни дискурстың түрлі типтері (дін, фольклор, халықтық философия, т.б.) арқылы тілде қалыптасқан гендерлектілер: афоризмдер, ұрандар, ережелер, өсиет парыздар.

2) коммуникативті мазмұнның «жасырын компонентері», яғни мәдени үлгілерді қалыптастыратын және вербалды қатынасты тудыратын бейвербалды абстракция.

Сөйлем сұлбасы деп нақты әрекеттер мен болжамдарды бейнелі түсіндірумен (бір құбылыс шеңберіндегі жеке ұғымды жалпы ұғымдық деңгейге) сәйкестендіретін когнитивтік құрылымдар танылады. Сұлбаның басты белгісі – оның тұрақты сыртқы қабатының болуы. Гендер туралы түсінікті құрастыратын сөйлем сұлбасының үлгісі ретінде патриархат мәдениетінде орын алған еркек – субъект, әйел – объект қарама-қарсылығы және соған сәйкес туындаған түрлі ұқсатулардың тілдегі бейнесі көрсетіледі. Сөйлем сұлбаның негізі гендерлік таптаурындарда жатыр. Олар этномәдени ерекшеліктерге ие, яғни әр түрлі әлеуметтік, этникалық, нәсілдік

топтар үшін маңызды болып саналатын сөйлемдер арқылы берілуі мүмкін. Мысалы, орысқа тән *эйел – әлсіз* (жыныс) сөйлемімен қатар *эйел – қайратты* деген сөйлемі де бар.

Тілдегі сөз сұлбалармен (фрейм, скрипт, сценарий) сәйкестендіріледі, сондықтан әрбір сөзді қолдану белгілі бір сұлбаның бөлшегіне сәйкес келеді немесе өзге бір сұлбаны белсенді етеді. Сөз мағынасы оның сұлбасына сәйкес анықталады (оның бойында «құрылады»). Мысалы, «*жер*» сөзі мен «*құрлық*» сөзі бір ғана жер бетіндегі телімді (учаскені) белгілеу үшін қолданылады, бірақ «*жер*» сөзі тік сұлбаға негізделсе (яғни жерді аспаннан ажырату), «*құрлық*» сөзі көлденең сұлбаға негізделеді (құрғақ жерді теңізден ажырату).

Сөзді сөйлеушінің ойлағанындай түсініп, қолдану үшін берілген нақты мән-мәтінде бұл сөз қандай сұлбаға жататынын білу қажет. Мысалы, «*адам*» сөзі кем дегенде екі когнитивті үлгі арқылы анықталады. Бірінші үлгі тұрғысынан алғанда, ол басқа болмыстардан бөлектенген метагендерлік мағынаға ие болады (*адам – зат, адам – жануар*), екінші үлгі тұрғысынан алғанда, «*еркек*» сөзіне синоним бола отырып гендерлік белгіленген (маркерленген) мағынаға ие болады (*жас адам – жас әйел*) [Гриценко 2005, 118-123 бб.]. Мағынаны ұғынудың когнитивтік тәсілі көпмағыналылық түсінігіне жаңаша қарауға мүмкіндік береді.

Концептуалдық жүйеде әр түрлі максаттарға қолданылатын көптеген метонимиялық үлгілер бар. Соның ішінде категорияның бір мүшесінің немесе субкатегорияның бүтін бір категорияны бейнелендіретін үлгісін талдау арқылы гендерлік категориялау үдерісіндегі таптаурындардың рөлін түсінуге болады.

Таптаурындар қоршаған орта мен әлем жайындағы бейнелі (ментальді) түсініктердің қысқа әрі нұсқа сипаттамасы – тілдік категориялаудың құрамдас бір бөлігі. Тіл білімінде (лексика, фразеология, паремиология) гендерлік таптаурындарды зерттеуге арналған еңбектер аз емес. Солардың ішінде А. В. Кирилина, В.Н. Телия, И.В. Зыкова, М.С. Колесникова және шетелдік ғалымдар Д. Кэмерон, С. Галь, т.б. зерттеулерін атауға болады. Таптаурындардың көпшілігі шынайы болмысқа сәйкес келмесе де қолданыста жүр. Мысалы, *үй шаруасындағы әйел* гендерлектісі *әйел-ана* ұғымын қалыптастырады. Патриархаттық мәдениетте үй шаруасындағы, жұмыс істемейтін әйел-ана бейнесі ерекше дәріптелді. Аталған

гендерлектіге сәйкес, үй шаруасы, бала тәрбиесі тек үйде отырған әйелге ғана тән, ал жұмыс, үйден тыс орындалатын қызмет, табыс табу көзі ретінде түсініледі. Мысалы, *үздіксіз жұмыс, уақытша жұмыс, жұмысқа шығу, жұмыстан босату, жұмысқа орналасу*, т.б.

Гендерлік таптаурындар бір-бірімен және өзара көршілес гендерлектілермен тығыз байланыса отырып, әлеуметке тән мәдени түсініктер тізбегін құрайды. Белгілі бір категорияның мәнін білдіруге негізделген сөздердің мағынасын ұғынуда бұлардың маңызы зор. Мысалы, *жалғыз басты ана* таптаурыны – бұл баласын жалғыз өзі асырап, тәрбиелеп отырған әйел ғана емес, ол күйеуінен қолдау, қамқорлық болмағандықтан, баласын асырау үшін барлық материалдық қиындықтарды бастан кешіріп, соған төзе білетін әйел (танымал әртіс немесе жұлдызы жанған әншінің некесіз бала туып, оны тәрбиелеуін бұл категорияға жатқыза алмаймыз). Берілген бұл гендерлект, өз кезегінде *асыраушы – күйеу* туралы гендерлектімен (түсінікпен) уәженеді. Бұл гендерлектілік тұлға, бұрынғысынша, өзекті болғанымен, қазіргі уақытта көптеген әйелдер отбасының материалдық жағынан берекесін қамтамасыз етуді еркектерден кем атқармайды. Олай болса, гендерді құрылымдайтын таптаурындар тек түптұлғалық белгісі бойынша ғана емес, категориялардың бір-бірімен өзара қатынасы кезінде де айқындалып отырады.

Біздің қабылдауымыздағы гендерлік ерекшеліктер көп жағдайда шынайы мәнбір бейнесінен гөрі таптаурындық түсініктердің нәтижесі болуы мүмкін. Айталық, әйелдердің әлсіз, нәзіктігі туралы және еркектердің қайратты, қызуқандылығы туралы таптаурындар әсерімен жылап жатқан баланы ұл бала деп танытқанда, *«ызаланып, ренжіп жылап жатыр»* деген гендерлект қолданып, ал қыз бала деп танытқанда, *«қорқып жылап жатыр»* деген гендерлектімен сипаттайды. Таптаурындар мәдени түсініктерді бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге ой-пікір қалыптастырады.

Дж. Лакофф категориялаудың түптұлғалық белгісі ретінде таптаурындардан басқа да метонимиялық үлгілерді (типтік үлгілер, идеалдар, эталондар/үлгілер, т.б.) қарастыруды ұсынды [1996]. Санады түрде ұғынылатын, өмір ағымына қарай өзгеріп отыратын, қоғамда пікірталастар мен қайшылықтар тудыра алатын сипаты бар әлеуметтік таптаурындарға қарағанда, типтік үлгілер санадан тыс, автоматты түрде қолданылады. Олар көпшілік арасында пікірталас тудырмайды, елеулі өзгеріске түспейді.

Типтік үлгілерге жыныс өкілдерінің (біреуі арқылы екіншісінің) сырт пішіні мен мінез-құлқын бейнелейтін идиомалық тіркестерді мысалға келтіруге болады. Айталық, «*еркек шора*», «*еркекше қимылдайды*» деген гендерлектілер әйелдерге қатысты қолданылса, «*қызша ұялады*» деген гендерлектімен еркектерді сипаттайды, яғни еркектің де, әйелдің де жүріс-тұрысы (сыртқы пішіні, мінез-құлқы өз жынысына сай емес, типтік емес деп тұжырымдалады. Гендерлік білімді құрылымдаудың өзі қарама-қарсылардың қарсылығына негізделгендіктен типтік емес әйел бейнесі – типтік еркек, ал типтік емес еркек – типтік әйел ретінде танылады.

Гендерлік қарама-қарсылықтар өмірдің барлық саласынан көріне алады. Типтік еркектің бойы типтік әйелден биік, «үлкенкіші» қарама-қарсылығы еркекті әйелден ажыратып қана қоймайды, сонымен қатар әрбір категорияның ішкі құрылымында да жүзеге асып жатады. Сондықтан бойы аласа еркектер қайратсыз болып келеді, ал бойы ұзын (ірі) әйелдер дәрежі болып көрінеді. Мұны тіліміздегі гендерлектілер де нақтылай түседі.

Типтік үлгілер мен таптаурындарды бөліп көрсеткенімен, гендерлік категориялау барысында олардың барлығы бірыңғай таптаурындар қатарында қарастырылады [Гриценко 2005, 107-112 бб.]. Гендерлік түсініктер абстрактілі идеалдар арқылы да көрініс табады. Олар типтік те, таптаурындық та емес, бірақ олар туралы білім жиынтығы түптұлғалық ықпал ете алады. Идеалдарға сүйену арқылы сапалық белгілер, болашақ жоспарлар туралы, т.б. пікір қалыптасады. Мысалы, түптұлғалық отбасы – бұл әкесі мен шешесі балаларына қамқорлық жасайтын, балалары ата-аналарын құрметтейтін, барлығы да бақытты, бір-бірін жақсы көретін отбасы (үлгілі жанұя). Сол сияқты әлеуметтендіру кезінде ұлдар мен қыздар мәдениетке лайықты өздерінің әлеуметтік жынысын сипаттайтын және белгілі бір деңгейде мұраттарға негізделген мінез-құлық, жүріс-тұрыс үлгісін меңгереді. Мұндайда бір категорияның түптұлғасы рөлін түрлі үлгідегі мұраттар атқара алады.

Гендерлік категориялардың концептуалдануы эталондар (үлгілер) негізінде жүзеге асады, яғни категориялардың жеке бір мүшелерінің идеал немесе оған қарама-қарсы бейне ретінде ерекшеленеді. Түптұлға эталондар рөлінде мифтік (әдеби), тарихи кейіпкерлермен қатар шынайы тұлғалар да бейнеленеді. Мысалы, «*донжуан*» – бозбалашылық жүріс-тұрыс пен әдептілікті, әйел арын

аяққа басқан сері үлгісі, «алдаркөсе» – қу айлакер, «мырқымбай» – алды-артын ойламайтын шалағай ер адам үлгісі, т.б.

Сонымен, метонимиялық когнитивтік үлгілер категорияны бейнелендіретін түптұлғалық белгілер түрінде берілсе, метафоралық үлгілер категорияның концептуалдануын мазмұндық қырынан жүзеге асырады, яғни түптұлғалық сапа мәнінде жұмсалады.

5.3 Гендерлік категориялаудың метафоралық табиғаты

Дүниенің тілдік бейнесін эвристикалық, когнитивтік тұрғыдан сипаттайтын тәсіл ретінде метафора тілдік категориялаудың маңызды өлшемі болып саналады. Бұл орайда метафора мен гендер өзара әрекеттес, гендер метафораның дереккөзі, әрі тақырыбы бола алады. **Гендерлік метафора** мәдени, әлеуметтік және саяси реалийлердің концептуалдануын бейнелейді. Мәселен, қазақ мәдениетінде *ана-жесерана* тәрізді гендерлектіні келтіруге болады.

Гендерлік категориялаудың метафоралық табиғаты (аталық-аналық бастау) жансыз заттар мен құбылыстардың санада еркектік, әйелдік белгілермен ассоциациялануы арқылы айқын көрінеді. Мұны ғалымдардың көпшілігі формалды грамматикалық тек (род) категориясымен байланыстыра қарайды [Гриценко 2005, 114-117 бб.]. Дж. Розенталь зерттеулерінде *пышақ/шанышқы, тұз/бұрыш, ваниль/шоколад* тәрізді сөздердің тегін (ер тегі мен әйел тегі) анықтау көзделген. Нәтижесінде тәжірибеге қатысушылар *пышақ, тұз, шоколад* сөздерін ер тегіне, ал *бұрыш, шанышқы, ваниль* сөздерін әйел тегіне жіктеп көрсеткен. Әрине келтірілген зат есімдер табиғи текке (жыныс өкілдеріне) ешбір қатысы жоқ жансыз заттарды білдіреді. Д. Камерон ілгерідегі тәжірибені талдай келіп, сөз мағынасына гендерлік белгілерді таңу мәліметтік (реляциондық) сипат береді және ол екі бірлікті қатар қойып теңестіру арқылы анықталады дейді. Мәселен, ағылшын тілінде сөйлеушіге *salt* (тұз) сөзі қай текке жатады деген сұрақ қойылса, бұл сұрақ түсінбестік тудырар еді (егер *salt* (тұз) пен *pepper* (бұрыш) салыстырылған болса, онда басқаша жағдай). Ал салыстырып теңеу үшін *knife/fork* (пышақ/шанышқы) сөздерінің орнына *spoon/fork* (қасық/шанышқы) сөздерін алсақ, онда *fork* ер тегіне қатысты, ал *knife/fork* жұбында *fork* әйел тегіне қатысты таңдалғаны белгілі. Шынында, сөздің (заттың) өзінде әйелдерге не ерлерге лайықты қасиеттер байқалмайды.

Мұндай ерекшеліктер, яғни еркектік, әйелдік мәнінің басқа заттарға не құбылыстарға ауысып келуі метафоралық тек (род) болмақ.

С. Ромейн гендер мен метафораның өзара байланысын тұжырымдандыру тұрғысынан талдай отырып, формалдыграмматикалық тек категориясы бар тілдерде жансыз заттарды білдіретін зат есімдерді ер/әйел тегіне қарай еркін топтастырудың емін-еркіндігін құптамайтынын білдіреді. Оның дәйектемесі Ю.С. Степановтың «мәдениеттегі атаулардың шығу тегі кездейсоқ емес» [1997, 68 б.] деген пікірімен сабақтасып жатыр. Тілдік таңбалардың тәуелсіздігінің, емін-еркіндігінің негізі тілдік дәстүрде. Қай халықтың тілі болса да атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде беріліп ауысып отырады. Көптеген еуропа тілдерінде жер, ел ұғымын беретін зат есімдердің формалды-грамматикалық тегі гендерлік метафора арқылы уәждеделген. Мәселен, *жер*, *ел* сөздері табиғатты тұжырымдаса (*жер-ана*, *табиғат-ана*), оған сәйкес лексемалар әйел тегіне жатқызылады да, *аумақ*, *аймақ*, *мемлекет* мағынасында жұмсалса, ер тегіне қатысты болып келеді.

Қазақ тілінде грамматикалық тек (род) категориясы жоқ. Алайда ілгеріде айтылған ұғымдарға (*жер*, *ел*, *аймақ*, т.с.с.) қатысты қалыптасқан мәдени түсініктер тілімізде *ана-жерана*, *табиғат-ана*, *атақоныс* тәрізді гендерлік метафоралармен бейнеленген.

«Еркектік», «әйелдік» ұғымдары метафоралық ұғымдар ретінде ауыс мағынаны білдіре отырып, екі түрлі категорияны ассоциациялайды, сондықтан да, семантикалық тұрғыдан екіжақты болып саналады. Метафораны атауыш сөз ретінде қолдану санада нысанның екі жағын бейнелейді: біріншісі, теңестірілетін, салыстырылатын нысан түрі, екіншісі, теңелетін нысан түрі. Бұл жағдайда теңестіру теңестірілетін нысандардың ортақ сипаты, белгісі болып отыр [Лингвистический энциклопедический словарь 1990, 296-297 бб.]. Метафоралану барысында антропоморфизм қағидалары, яғни адамның мәдени тәжірибесі мен сезіну әрекеті («дене метафорасы») негізге алынады.

1) **теңестіру метафорасы**, шынайы еркек пен әйел бейнесін қалыптастыруда теңестірілетін табиғи болмыстан берілген белсенділік/әлсіздік, интеллект/эмоция, т.б. ерекшеліктер.

2) **бейнелі метафора**, жынысқа тікелей қатысы жоқ, әр түрлі сипаттағы нысандар үшін қолданылады. Мысалы, *еркектік ерен ерлік*, *әйелдік сұлулық* туралы жиі айтылады, ал кейбір тарихи-философиялық еңбектерде неміс ұлтының еркектік мінезі, орыс

халқының әйелдік қасиеті жайында сөз қозғалады [Кирилина 1999, 93 б.]. Мұндай жағдайларда еркектік, әйелдік қасиеттердің жыныс өкілдеріне тікелей қатысы жоқ. Бұл жердегі әңгіме еркектік пен әйелдік ұғымдарының жыныс өкілдеріне ортақ, жалпы, кешенді белгілерінің бірігуі, олардың жиынтығы негізінде болып отыр. Еркектік бастау форманың, идеяның, белсенділіктің, ұсыныс-бастаманың, биліктің, жауапкершіліктің, мәдениеттің, тұлғаның (тұлға болудың), зерденің, абстрактілік ойлаудың, сана мен ақылдың, әділдіктің бастамасы ретінде түсіндіріледі. Ал әйелдік бастау материяның, әлсіздіктің, бағынушылықтың, табиғаттың, ұрықтанудың, сезімнің, санадан тыс болудың (бейсаналылықтың), нақты ойлаудың, қайырымдылықтың бастамасы деп ұғынылады. Бұл белгілерді еркек пен әйелге тән қасиеттер ретінде түсіндіру философия үшін де, жалпы бұқаралық таным үшін де қалыптасқан түсінік болып табылады.

Жалпы алғанда, сөздің метафоралық мағынасы оның «тура мағынасынан» туындамайды, керісінше, соған сәйкес келетін тұжырымдық құрылымдардан, яғни белгілі бір тұжырымдық ақпараттардың көмегімен жинақталған фрейм мен сценарийлерден туындайды. Қай кезеңде болса да, еркектік пен әйелдік ұғымдарының дихотомиялық карама-қарсылығы және олардың иерархиялы құрылуы, философиялық ойлар мен тұжырымдарға тән болып келді. Олардың бірқатары аталған ұғымдар арасындағы карама-қарсы айырмашылықтарды табиғи, субстанционалды, экзистенциалды қасиеттер ретінде қарастырды. Ал кейінгі зерттеулерде олар акциденталды, кездейсоқтық қасиеттер деп танылды [Рябов 2002, 39 б.].

Көптеген тілдерде еркек пен әйел тегінің морфологиялық және лексикалық белгісінің (маркерінің) болуы, жансыз заттарды еркектік пен әйелдік тұрғыдан ұғыну, сондай-ақ түрлі мәдениетке тән еркек пен әйел бастауына қатысты дүниетанымды қозғаушы негізгі күштердің өзара байланысты болуы оларды концептілік алғашқы бейне (архетип) ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

5.4 Радиалды және кластерлік үлгілер

Гендерлік категорияларды концептуалдауда қолданылатын категориялаудың жаңа әдістері – радиалды және кластерлік үлгілер. **Радиалды үлгілер** дегеніміз – түптұлға немесе орталық мүшеден тарайтын метафоралық және метонимиялық ауыстырулардың

концептілік тізбегі. Бұл сұлбалық сипаттауды «лексикалық желі теориясы» («теория лексической сети») деп те атайды, өйткені мұнда лексикалық бірліктердің мағыналары бір-бірімен желі құрап байланысады [Ченки 1996, 68-78 бб.]. Еркектік пен әйелдіктің таза үлгісі жоқ, ол тек сөйлемдік құрылымдар арқылы берілетін белгілі бір мәдениетке тән гендерлік дәстүрлер мен мінез-құлық түрлерінің кешендік үлгісі. Гендерлік білімді ұйымдастырушы радиалды үлгілер гендерді мәдени-әлеуметтік құрылым ретінде танытатын когнитивтік негіздеме.

Кластерлік категория – еркектік пен әйелдік туралы әр түрлі түсініктерді, түрлі жағдайда түрлі адамдарға қатысты феноменологиялық айырмашылықтарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивтік үлгілер шоғыры. Дж. Лакофф алғашқылардың бірі болып кластерлік үлгілерді гендерлік мәнді «ана» категориясын мысалға алып сипаттап берді [Лакофф 1996, 150 б.]. Бұл концепт күрделі когнитивтік үлгілер кешенін құрылымдайды:

туу үлгісі – ана өмірге әкеледі, өмір сыйлайды;

генетикалық үлгі – ана тұқым қуалаушы, тек;

тәрбие беру үлгісі – ана емізеді, өсіреді;

ерлі-зайыптылық үлгісі – ана – әйел, жар;

генеологиялық үлгі – ана – шеше жағынан туыстық тек.

Назар аударатын жайт: бұл аталған үлгілердің қай-қайсысы да негізгі болып саналмайды және де олар басқа ұғымның субкатегориясы да бола алмайды. Әрбір нақты жағдайда категория бір немесе бірнеше үлгілер шоғырында анықтала алады. Мысалы:

(1) *Оны балалар үйінен асырап алған: ол өзінің туған анасын білмейді* (туу үлгісі).

(2) *Ол балаларды жақсы көрмейді: оның өз баласына аналық қамқорлық көрсетуі екіталай* (тәрбие беру үлгісі).

Еркектік және әйелдік категорияларын нақты бір терминдермен жеткілікті сипаттау әрі барлығына ортақ бірдей белгілерді көрсету (категориялардың классикалық теориясына сәйкес) мүмкін емес. Мәселен, «*Ол әйел зой*» фразасы мән-мәтіндік мағынасына қарай *нәзік, әлсіз, қылымсыған, назды*, т.с.с. болып ұғынылады. Мұндай мағыналық ауытқудың негізі соған сәйкесті категорияны концептуалдаудың кластерлік үлгісі болып есептеледі. Дж. Коатс еңбегінде әйелдер арасындағы әңгімеден байқалатын әйелдіктің (женственность) екі түрлі типі көрсетілген: (1) *әйелдік – көрік, келбет, сымбат ерекшелігі*, мұнда косметика, ерін, көз – басты өлшемдер, жақсы көріну, күтім

жасау – басты мақсат, фотомодель болу – жоғары бедел, мәртебе; (2) *әйелдік – мінез-құлық ерекшелігі*, мұнда айқындаушы белгі көзге жас алу, мысалы, *«не болғанда да қалай болғанда да біздерге жылап алуға болады»* сөз қолданысы әйелдерден басқаларға, яғни еркектерге жарамайды дегенді аңғартады. Ғалым әйел болу барлығына ортақ, бірыңғай тәжірибе деген түсініктердің қате екендігін баса айтып, түрлі мән-мәтінде (отбасында, жұмыста) әйелдіктің түрліше орын алатынына назар аударғанды жөн санайды. Демек, әмбебап әйелдіктің болмайтыны сияқты, барлығына ортақ еркектік те жоқ [Коатс 2005]. Р. Коннел еркектіктің тілде жиі көрініс беретін доминант типтерін ажыратып берген. Олар: физикалық маскулиндік және техникалық маскулиндік. Физикалық маскулиндік жұмысшы табына қатысты ассоциацияланса, техникалық маскулиндік ғылыми және саяси ортаға байланыстырылады [Гриценко 2004, 8 б.].

Еркектік пен әйелдіктің көпқырлылығы мен құбылмалылығын (өзгергіштігін) түсіндіру категориялаудың кластерлік үлгісі арқылы мүмкін болады. Когнитивтік теория мағына туралы қазіргі түсініктерді сана тетіктерімен байланыстыра отырып, ұғынудың маңызды, белсенді табиғатын, яғни дискурс бойындағы гендерлік мағынаны қалыптастырудың негізгі қырын ескере отырып тереңдете түсті.

Сонымен, тілде көрініс беретін дүние бейнесі ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан адамзаттық тәжірибе мен ойлаудың терең мазмұнын бейнелейді. Соның ішінде еркек пен әйелге қатысты сапақасиеттер мен қоғамда белгіленген нормалар, бағалаулар енеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1. Гендерлік категориялау дегеніміз не?*
- 2. Тілдік категориялаудың концептуалдық мәнін қалай түсінесіз?*
- 3. Гендерлік категориялаудағы когнитивтік үлгілерді сипаттап беріңіз.*
- 4. Гендерді концептуалдаудағы сөйлем үлгілерінің түрлерін көрсетіңіз.*
- 5. Гендерлік концептуалдық жүйеде қолданылатын метонимиялық когнитивтік үлгілерге талдау жасаңыз.*
- 6. Гендерлік категориялаудың метафоралық табиғатын анықтаңыз.*
- 7. Гендерлік метафорлардың формалды-грамматикалық тек категориясымен байланыстырылуының мәнін түсіндіріп беріңіз.*
- 8. Радиалды және кластерлік үлгілерді бейнелейтін тілдік деректерге талдау жасаңыз.*

1. Арутюнова Н.Д. Пропозиция // *Лингвистический энциклопедический словарь* / Под ред. В.Н. Ярцевой. – М.: Изд-во «Советская энциклопедия», 1990. С. 401.
2. Гриценко Е.С. Гендер и категоризация в социокультурной практике // *Женщина и мужчина в современном обществе* / Под ред. Л.Э. Семеновой. – Нижний Новгород. МГЭИ, 2004. С. 5-18.
3. Гриценко Е.С. *Язык. Гендер. Дискурс.* – Нижний Новгород: Издательство ННГУ им. Н.И. Лобачевского, 2005.
4. Гриценко Е.С. Гендер и категоризация в социокультурной практике // *Женщина и мужчина в современном обществе* / Под ред. Л.Э. Семеновой. – Нижний Новгород. МГЭИ, 2004. С. 5-18.
5. Залевская А.А. *Введение в психолингвистику: Учебник.* – М.: Рос. гос. гуманитарный ун-т, 1999.
6. Лакофф Дж. *Когнитивная семантика (из книги «Женщины, огонь и опасные предметы»)* // *Язык и интеллект.* – М., 1996. – С. 143-184.
7. *Лингвистический энциклопедический словарь* / Под. ред. В.Н. Ярцевой. – М.: Советская энциклопедия, 1990.
8. Кирилина А.В. *Гендер: лингвистические аспекты.* – М.: Институт социологии РАН, 1999.
9. Коатс Дж. *Женщины, мужчины и язык (перевод С.А. Коноваловой)* // *Гендер и язык.* – М.: Языки славянской культуры, 2005. С. 33-235.
10. *Краткий словарь когнитивных терминов* / Под ред. Е.С. Кубряковой. – М.: Издательство МГУ, 1996.
11. Рябов О.В. *Гендерные аспекты межкультурной коммуникации: социальнофилософский анализ // Гендер как интрига познания: гендерные исследования в лингвистике, литературоведении и теории коммуникации.* – М., 2002. С. 37-47.
12. Степанов Ю.С. *Константы. Словарь русской культуры: Опыт исследования.* – М.: Языки русской культуры, 1997.
13. Ченки А. *Современные когнитивные подходы к семантике: сходства и различия в теориях и целях* // *Вопросы языкознания.* 1996. № 2. С. 68-78.
14. Cameron D. *Gender, Language and Discourse: A Review Essay*// *Signs: Journal of Women in Culture and Society.* 1998. Vol 23, No 4. – P. 945-971.
15. Christie C. *Gender and Language: Towards a Feminist Pragmatics.* – Edinburgh: Edinburgh University Press, 2000.
16. Eckert P., McConnell-Cinet S. *Language and Gender.* – Cambridge: Cambridge University Press, 2003.

6-тақырып. Гендерлік концепт және концептосфера

6.1. *Гендерлік концепт*

6.2. *«Еркек» концептосферасы*

6.3. *«Әйел» концептосферасы*

Негізгі ұғымдар

Лексикалық мағына, ұғым, концепт, гендерлік концепт, концептосфера, гендерлік концептосфера, ассоциация, аталық-аналық бастау, «еркек» концептосферасы, «әйел» концептосферасы.

6.1 Гендерлік концепт

Гендерлік концепт санада танылу деңгейі мен ақиқат дүниенің болмысына, өзіндік ерекшелігіне қарай, метафизикалық (аталық-аналық бастау), адамзаттық (еркек, әйел), мәдени (еркектік, әйелдік) деп шартты түрде жіктеледі. **Гендерлік концептосфера** – халықтың дүниетанымында, рухани болмысы мен тіршілігінде, оның «ғалам бейнесінде» орын алған жыныс өкілдеріне негізделген кешенді білім жиынтығы.

А.В. Кирилинаның пайымдауынша, «егер жыныс ұғымы «еркек» пен «әйел» категориялары арқылы ұғынылса, гендер «еркектік» және «әйелдік» категориялары арқылы түсіндіріледі. Дегенмен бұл ұғымдар бір-бірімен тығыз байланысты» [1999, 90 б.]. Аталған категориялар бір-бірімен өзара байланысып жататындықтан, олардың аражігін ажырату қиын. Зерттеу барысында жыныстың тілдегі көрінісіне талдау жасау арқылы гендерлік концептінің сөз жүзінде көріну (вербалдану) ерекшелігіне назар аударылады.

Концепт когнитивтік лингвистиканың басты термині ретінде қарастырыла бастағаннан-ақ, зерттеушілер **мағына/ұғым/концепт** терминдерінің аражігін ажыратып көрсеткенді жөн көрді.

Сөздің дәстүрлі мағынасы «санада зат пен оның қасиеті, әрекеті туралы түсініктің бейнеленген, сақталған мазмұны» деп танылады [Гак 1990, 261 б.]. **Лексикалық мағына** – бұл теңеу, топтастыру, жалпылау, т.б. негізінде қалыптасатын санадағы ақпараттардың редукциясына қатысты адамның ойлау әрекетінің өнімі. Ю. Степанов көрсеткендей, «мағына тек тіл жүйесінде анықталатын тіл

білімінің термині, ал ұғым тіл білімі мен логика саласындағы логикалық қатынастар жүйесінде анықталады» [1997, 73 б.].

«Ұғым» термині тек «зат пен құбылысты, олардың қасиеттері мен қатынастарының (яғни заттар мен құбылыстардың топтарына сәйкес келетін жалпы және ерекше белгілері) белгіленуі арқылы жалпылама түрде бейнеленетін ой» ғана емес, сонымен қатар, «метонимиялы түрдегі, сол топтардың өзі, яғни грамматикалық немесе семантикалық категориялар» немесе «категориялау» қағидасы (Тейлор) [Степанов 1997, 384 б.]. Басқаша айтқанда, ұғым өз бойына біз зат туралы не білеміз, соның барлығын жинақтайды, ол затты ойша елестету, ұқсастыру (теңестіру) және нысанға сәйкес сөзді белгілеу, нәтижесінде ой қорытындысын жасау, тұжырымдау (мысалы, Ф. де Соссюр ұсынған таңба сызбасында ағаштың түбірі, бұтақтары және жапырақтары бар (жаз айларында), жерде өседі, адамға қарағанда ұзақ өмір сүру мүмкіндігі бар, отынға пайдалану үшін араланып кесілуі мүмкін деп келтірілген). Соңғы кездері мағынаны танытуда «концепт» ұғымы қолданылып жүр.

Ұғым танылатын нысанның мәнді, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы болса, **концепт** – ұлттық болмысқа негізделген ментальді білім жиынтығы. Концепт лингвистикада әр қырынан қарастырылып келеді (В.И. Карасик, З.Д. Попова, И.А. Стернин, т.б.).

Концепт ұлттық дәстүр, фольклор, дін, өнер, өмірлік тәжірибе, құндылықтар жүйесі, т.б. факторлардың өзара қатынасы нәтижесінде туындайды. Осылайша концепт адам мен әлем арасындағы мәдени ортаны бейнелейді [Арутюнова 1998]. Оның мазмұн межесі – нысан туралы ұжымдық және жеке санадағы білім ақпараттарының шоғыры болса, тұрпат межесі – тіл бірліктерінің жүйеленген көрінісі (лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық, т.б.).

Б. Хасанұлы еңбектерінде **концепт** терминінің қазақша баламасы ретінде тұжырым сөзі қолданылған. Ол тұжырым (концепт – лат. *conceptus* мысль, понятие) терминінің мағыналық астарын, тұжырымдама (концепция – лат. *conceptio* понимание, система) ұғымымен сабақтастыра қарастырып, тұжырым – адам санасына тән, ойлау қызметінің ғаламдық бірлігі, жинақталған түсінік, ұлттық болмысқа негізделген ментальді білім жиынтығы, тұжырымсаланың (концептосфераның) бірлігі деген анықтама береді. **Концептосфера** деген – халықтық ретке келтірілген концептілер жиын-тығы, ойлаудың ақпараттық негізі (базасы). Концептінің

ұлттық, әлеуметтік, топтық және жеке адамдық ерекшелігі болады, ал тұжырымдама – белгілі бір құбылысты түсіндірудің нақты тәсілі және оны баяндаудың негізгі идеясы туралы көзқарас, сындарлы ұстаным. Ғалымның 2008 жылы жарық көрген «Қазақ тілі» тұжырымы: пайымдаулардағы көрінісі» атты еңбегінде концепт (тұжырым), концептосфера (тұжырымсала) терминдерінің мән-мағынасы жете түсіндірілген [2008, 12-13 бб.]. Қазақ тілінде жазылған ғылыми зерттеулердің көпшілігінде концепт, концептісі, концептосфера, концептая нұсқалары қолданылады.

Концепт ұғымы когнитивтік психология ғылымынан енген. Ғылыми әдебиеттерде концепт термині әр түрлі түсіндіріледі: концепт «ұғымның» синонимі ретінде қолданылады; концепт «қарапайым дүние бейнесінің» ментальді құрылымын білдіреді. Оның негізінде салт-дәстүр мен фольклордың, идеология мен діннің, адамның жеке тәжірибесі мен құндылықтар жүйесінің арақатынасы анықталады; концепт – жеке және ұжымдық сананың көрінісі. Ол лексикалық мағынаға қарағанда, едәуір кең мазмұнды бейнелейді [Карасик 1996, 4 б.].

Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде мынадай анықтама берілген: «Концепт ұғымы адамның ойлау әрекеті мен тәжірибесін, білімін білдіретін, дүниені танып-білудің адамзаттық тәжірибесі мен білім «квантын» танытатын мағыналар [Краткий словарь когнитивных терминов 1996, 90 б.].

Концепт қалай зерттелу керек? Концептілік ерекшеліктерді анықтау үшін лингвистикалық талдаулар қалай жүргізілуі тиіс деген мәселелердің басын ашып алу қажет.

Тіл білімінде қолдануға тиімді деп танылатын концептінің құрылымдық үлгісін Ю.С. Степанов ұсынған болатын: «1) негізгі, өзекті белгісі; 2) қосымша (тарихи) белгісі; 3) сөз формалар арқылы берілген мағынасы (ішкі формасы)» [1997, 40 б.]. Ол әрбір мәдениеттің өз ішінде концептінің танылу деңгейі бірдей емес, сондықтан концептінің негізгі белгісі тілді қолданушылардың барлығы үшін маңызды болып саналады; қосымша (тарихи) белгісін кейбір әлеуметтік топ өкілдері ғана тани алады, ал ішкі формасын немесе этимологиясын тану ғалымдарға тиесілі дейді [1997, 44 б.].

Бірқатар ғалымдар (В.Н. Телия, Д.О. Добровольский) концептінің ішкі формасын кең не тар көлемде болсын тілді қолданушылардың да тани алатындай мүмкіндігі бар екендігін айтады. Ол әсіресе идиоматикалық саладан айқын көрінеді.

Концептінің құрылымдық үлгісін қалыптастыру зерттеудің сәйкес-ті (адекватты) әдістемесін жүзеге асыруға септігін тигізеді. Мәселен, «ішкі форма деңгейін анықтау үшін халықтық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, фольклорлық деректерге сүйену керек, яғни тура мағынасын іздеу керек» (Ю.С. Степанов). Бұл әдіс Д.О. Добровольский еңбегінде де көрсетілген. Оның пікірінше, тілдің мәдени ерекшеліктерін анықтау фольклор, мифология, ертегі, салт-дәстүр, тіл тәрізді бірнеше мәдени кодтардың негізінде жүзеге асады. Мәдени мазмұны бар символдар бірнеше мәдени кодтарда параллель айқындалған болса, жеткілікті түрде анықталған болып есептеледі. Алайда тіл үнемі басқа мәдени кодтармен параллель дами бермейді [1997, 42 б.]

Концептінің пассив қабатын зерттеу үшін тарихи (диахронды) әдіс тиімді. Ал актив қабаты алдымен, әлеуметтік қырынан, яғни синхронды талдау жолымен (ұжымдық санада қалыптасқан білім негізінде) анықталады. Бұл жерде БАҚ мәтіндері, қоғамда болып жатқан түрлі жағдайлардың тілдік түсіндірмесі (интерпретациясы), т.б. өзекті болып саналады [Кирилина 1999, 87-89 бб.].

Концептілік жүйе ішкі және сыртқы құрылымдардан тұрады. Ішкі құрылымы концептіні танытуға бағытталған құрылымдар: когнитивтік үлгі (дүниенің ассоциациялық, таптаурындық, эталондық, этикеттік, символдық, бейнелік үлгісі) және оның санада бейнеленген типтері (фрейм, сценарий, ойсурет, сұлба); ал сыртқы құрылымы – сөз, сөз тіркесі, сөйлем, фразеологизм, метафора, метонимия, т.б.

Ассоциация – дүниені тануда адам санасындағы алғаш пайда болатын бейнелі ойлы (ментальді) сигналдар, білім алудың бір тәсілі. Ассоциация арқылы тану – бұрынғы тәжірибелер мен жаңадан қабылданған түсініктер арасындағы байланысты ұғу. Таптаурын – білім алудың қайнар көзі, когнитивтік үлгі қалыптастырушы ментальді әрекет, яғни адам санасында туындайтын дүние бейнесінің бір үзігі. Символ ақиқат дүниенің аса дәріптеліп, құрметтелетін, ерекше қасиетімен танылған үзіктерін таңбалайды. Бейне – көркем мәтіндерде когнитивті үлгі қалыптастырушы таңба.

Концепт типтері санада бейнеленуіне қарай әр түрлі формада көрініс табады. Олар: қарапайым форма (фрейм), күрделі форма (скрипт), оқиғалы форма (сценарий), сызбалы форма (сұлба), бейнелі форма (ойсурет).

Еркек пен әйел бейнесі тілде бір ғана лексемамен берілетін қарапайым фреймдер емес, тақырыпқа қарай күрделеніп фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, сөз тіркестері, сөйлем құрылымдас типтермен танылады. Мәселен, «еркек» концептісі *батырлық, ерлік, төзімділік, азаматтық*, ал «әйел концептісі» *сұлулық, мейірімділік, нәзіктік*, т.б. фреймдік тармақтар арқылы толыға түседі.

Қазақ халқының дүниетанымында, рухани болмысы мен тіршілігінде, оның «ғалам бейнесінде» гендерлік концептосфераға енетін «**еркек**» концептосферасын *жігіт, күйеу, аға, әке, ата*, т.б., ал «**әйел**» концептосферасын *қыз, келін, ана, қатын, тоқал*, т.б. ұғымдар мен олардың өрісіне енетін гендерлектілер аясында қарастыруға болады.

Соған сәйкес, тіліміздегі еркек пен әйел бейнесіне қатысты гендерлік концепт қалыптастыратын лексемаларды тақырыптық-семантикалық жағынан топтастыра келіп, кешенді білім жүйесін, яғни когнитивтік үлгісін ұсынуға тырыстық. Бұл тұста «еркек», «әйел» концептілерінің фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, теңеулер түрінде көрінетін үлгілері гендерлік таптаурындар арқылы кеңірек сипатталатынын ескертеміз.

6.2 «Еркек» концептосферасы

Концептінің негізгі белгісі болып танылатын сөздіктерде берілген «еркек» сөзінің мағынасы мен түп төркіні, этимологиялық мағынасына зер салсақ, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мынадай түсінік берілген:

«**Еркек** зат. 1. *Ер жынысты адам. Стол басында Дәмештен басқа үш кісі – екі еркек, бір әйел (З. Шашкин, Доктор). Еркек бала. Еркек кіндікті. 2. Күйеу, жұбай, бай. Еркегі ашу айтса, әйелі басу айтады деуші еді. Сен тіпті ердің аузы бармайтын сөзді айттың ғой (М. Әуезов, Қараш.)*» [1974, 397 б.]. Сонымен бірге «еркек» сөзімен мағыналас «*ер*» сөзінің екі мағынасы түсіндірілген:

«**Ер** зат. *Адамның еркек жыныстылары, еркек азамат. Ерден әйел жамандық та алады, қасиет те алады (М. Әуезов, Абай). Ер бала. Ұл.*

Ер сын. *Батыр, қаһарман, жау жүрек. Бекежанның басында батырларда, ерлерде болатын мінездердің бірі де жоқ (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы)*» [1974, 386 б.].

«*Еркек/ер*» сөзінің этимологиялық мағынасы көне дәуірлерден, яғни шумерлік кезеңнен бастау алатынына көз жеткіздік. «Ежелгі шумер тілінде **ER~IR** (*ēr*) «*membrum virile*»; «еркек» көне түркі тілінде. *er* «1) еркек; 2) күйеу, жұбай; 3) күйеу, қаһарман, батыр», тува тілінде. *эр* «1) еркек; 2) еркек жынысты», алтай тіл. *эр* «1) күйеу; еркек 2) батыр, жау жүрек», хакас. *ир* «1) еркек; 2) күйеу», чуваш. *ар* «еркек; күйеу», моңғол. *эр* «1) күйеу; еркек; 2) еркек жынысты».

ERIN (*eren*) «әскер» – көне түркі тілінде *eran* «күйеу, еркек, жауынгер/жасақшы» деп келеді [Аманжолов 2003, 282 б.].

Тіліміздегі еркек/ер гендерлектісінен туындаған сөздер мен сөз тіркестері *еркек азамат; күйеу; ер, батыр* мағыналарынан өрбиді. Мысалы: еркек гендерлектісімен: *еркек басыңмен, еркек бола тұрып, еркек атаулы, еркек біткен, еркек қиық көз, еркек мінез, еркексу (еркексіп қоқаңдау), еркекше, еркексіз үй, еркек болмаған жерде, еркектік іс*, т.б. Ер гендерлектісімен: *еңіреген ер, ер басына күн туды, ердің құны, ер жетті, ер жүрек, ер мінезді азамат, ер кезегі үшке дейін, ер көкірек, ер келбетті, ер тәуекел, көзсіз ер, ердің ері, төресі, ердің сойы, ер ортасы жасқа келді, ер мұрынды, ер қара болды, ер көңіл, ер-азаматтық борыш*, т.б.

Гендерлік концептілерді тануда мифология, фольклорлық мәтіндер маңызды рөл атқарады. Айталық, «қиял-ғажайып ертегілеріндегі (*Жоя мерген, Арғы мерген, Таласпай мерген, Сұр мерген*, т.б.) аңшы – мерген образы өте ертедегі батыр бейнесін суреттейді, ол белгілі бір дәрежедегі идеалды ежелгі адамдар қауымындағы еркектің тұжырымдық түптұлғасын жасауға негіз болады [Тілеубердиев 2006, 107-109 бб.].

«Еркек» концептісінен ежелгі қатпар мифологиялық батырдың көптеген қасиеттеріне ие еркек бейнесі (*аңшы, мерген, батыр*) ерекше бөлініп көрінеді. *Аңшы – мерген* бейнесінде келтірілген ежелгі еркек бейнесі кейінгі тарихи кезеңдерде *батыр – еркек* образымен ауыстырылды. Батыр-еркек образы батырлық ертегілерде («*Ер Төстік*», «*Керқұла атты Кендебай*», «*Құйын батыр*», «*Темір батыр*», т.б.) берілген. Қазақ батырлық ертегілеріндегі классикалық батыр жауынгер қалпын иеленеді [Қондыбай 2004, 109-110 бб.]. Мифтік санада тұлға туралы түсінік жоқ, ол табиғи және қауымдық күштердің тасасында қалған. Тылсым табиғаттың алғашқы еркін жіберілген тұлғасы – Батыр. Бұл шынында да батырлық еді. Табиғи немесе құдайылық қажеттілікті жеңе білген батыр

нағыз адамзаттық мәдениеттіліктің негізін қалады. Ең бастысы – батырлық уақытта қазіргі қазақ мәдениетінің алғашқы бейнелері (архетиптері) қалыптасқан. Архетиптік уақыт мифологиялық дүниетаным қойнауынан шыққанымен, оның өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ халқының көркем шығармашылығының архетипі де, дәстүрлік басты типі де – фольклор, ауыз әдебиеті.

«Мерген», «батыр», «ер» диахрониялық концептілерінің тарихи-мәдени коннотациялары әлі күнге дейін этномәдени қауым өкілдерінің тілдік санасында сақталып келеді. Дала жауынгері – батыр мыңдаған жылдар бойы еркектің идеалы болып қала береді, еркектің-жауынгердің осы бір ментальдік образының сабақтастығы орта ғасырлардағы поэзиядан да, одан әрі XV-XVI ғасырлардағы қазақ халық поэзиясынан да жалғасын тапқан. Ақындар жауынгер-батырдың күшті қаһарман тұлғасын жырлайды [Тілеубердиев 2006, 116 б.].

«Еркек» концептін немесе халықтың еркек идеалы, батыр бейнесін танытатын мәдени кодтар (ертегі, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, лексика, шығармалар, суреттер, т.б.) батырлықты рәміздейтін метафизикалық концепт төңірегінде топтасады.

а) «**Батыр**», «**батырлық**» концептілері – ерлік жасау, батыр болу, батылдық көрсету, ержүректілік таныту, елін, жерін қорғау үшін жаумен шайқасу үлгісінде бейнеленеді. Аталған гендерлік концепт құрылымдары санада ой-сурет құрап, поэтикалық мәтіндерде жиі көрініс табады. Тілдің бұл саладағы үлкен қоймасы қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерінің тілі болып келеді. Айталық, жырдан-жырға көшіп отыратын әбден тұрақталған композициялар: *буырқанды, бұрсанды, мұздай темір құрсанды...*, *бірнеше күн жол жүріп, кірпігіне мұз тоңып, қоңыраулы найза қолға алып, қоңыр салқын төске алып* сияқты тіркестер ой-сурет формада үлгіленген.

Мұндай тілдік бейнелеулерді Махамбет ақынның поэтикалық қазынасынан да жиі кездестіреміз. Мысалы, *қызғыштай болған есіл ер, екі тарлан бөрі, құстан туған құмай, таудан мұнартып ұшқан тарланым, шамданса, шалқасынан түсер асау, шамырқанса, шатынап сынар болат, ақсұңқар құстың сойы, тауда ойнаған қарт марал*, т.б. Тіліміздегі *арыстан, батырларша, аймауыттай, ердің ері, егеудің сынығы, алтамсадай, алып ер, ердей, ел қорғаны, батырлар жыры*, т.б. бірліктер де батыр бейнесі туралы білімді толықтыра түседі.

Сонымен, «батыр – еркек идеалын жырлайтын қазақ батырлық эпосында және қазақ жырауларының поэзиясында *жауынгер-еркек* идеалы күшті, қуатты, ержүрек жыртқыш аңдар – қасқыр, арыстан, жолбарыстардың қасиеттеріне ие адам ретінде сипатталады.

Өткен дәуірлерде ер адамның ер жүректілігі, батырлық, қаһармандық қасиеттері бағаланса, көшпелі кезеңде *жігіт* гендерлектісінің этикалық, эстетикалық қырынан таныту басты рөл атқара бастады.

Жігіт – ер жеткен, кәмелетке толған ер-азамат, бозбала. Жергілікті тіл ерекшеліктерінде *бозбалдақ, боздақ, дондықша* жас жігіт мағынасында, *қосшы бала* жігіт мағынасында жұмсалады [Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі 1996, 129 б.]. «Жігіт» сөзінің ертедегі, алғашқы мағынасы өзгешерек болған. Орхон Ене-сей жазба ескерткіштеріндегі Күлтегін немесе Тоныкөк жазуларына көңіл аударсақ, «ігід» сөзін оқып, қолдау, көтермелеу» деген түсінік аламыз. Ал Юсуп Баласағұнның «Құтадғу білігі» еңбегінде «ігід» – тәрбиелеу, дағдыландыру, өнеге беру мағыналарына ие. Осы деректерге қарағанда, қазіргі қолданылып жүрген «жігіт» деген сөзінің алғашқы мағынасы «қолдау, көтермелеу», одан бері келе «өнеге беру, тәрбиелеу» мағынасына дейін жетіп, ең соңында, өнеге көрген, тәрбие алған, ой-өрісі қалыптаса бастаған адамға айтылатындығын көріп отырмыз» [Нұрмағамбетов 1994, 123-124 бб.].

Жігіттің гендерлік бейнесі жастықтың, адамгершіліктің ұлттық өлшемдерімен егіз өріледі. Мұны сипаттайтын тілдік бірліктер жігіттікті рәміздейтін гендерлік концепт төңірегінде топтасқан. Жігіттік – жігіт болушылық, жігітке тән қасиет (ерлік, адамшылық, қайырымдылық). Алғашқы балалық шағын және *жігіттікке* жеткен кезін Ақылбай өз әкесінің үйінде өткізді (М. Әуезов, Әр. жыл.) [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1979, 3-36 бб.].

ә) «**Жігіттік**» концептісінде бастапқы ұғым – жастық кезеңмен, жас ерекшелігімен байланысты өрбіген гендерлектілер: *жігіт болу, жігіт-желең, бозбала, бала жігіт, жасөспірім жігіттер, балаң жігіт, жас жігіт, жігітше, жігітшілік, құрды, жігіттіктің базары, жастықтың әуеніне салды, жігітсіну, жігіт болғансу, жігітімсу, дүр жігіт, күр жігіт, ер түлегі, ер жігіт*, т.б; аралық ұғым – некелік және туыстық жағдайынан туындайды: *бойдақ жігіт, үйленген жігіт, күйеу жігіт, күйеу бала, өкіл күйеу, күйеушілеу, үйленді, әйелі бар, көп қатын алған, талақ, әйел та-*

стады, жігіттің үш жұрты («Балалығыңды сағынсаң – нағашыңа бар, жігіттігіңді сағынсаң – қайныңа бар»), т.б; қорытынды ұғым – мәртебелік рөлін бағамдайды: *жігіт ағасы, ел ағасы, «ақылы асса – аға тұт»* (мақал), *ағалық етті*, т.б.

Жігіт – жас жігіт – жігіт сыны. Жігері мен талабы зор, ат құлағында ойнап, тулаған тұлпарын тақымдап, қанат қаққан сұңқарын тұмарлап ұстай алатын жігіттік шақ эстетикалық-көркемдік танымда үлгіленген. Халық танымында жігіт екі жікке бөлініп *«жақсы»*, *«жаман»* деп бағаланады. Жақсы жігітке тән сипаттар ретінде іскерлік, адамгершілік, жайдары-жайсаң мінез, білімділік, ақыл-парасаттылық, еліне, халқына деген адал ниет, қажыр-қайраттылық дәріптеледі. Олардың басым бөлігі ақын-жыраулар тілінде тұжырымдалған. Мәселен, көркем мәтіндегі жігіт образы:

Наркескен қайырылмастай қылыш болса,

Мінезі, ақылы, өнері дұрыс болса.

Бір сырлы, сегіз қырлы болса жігіт

Жорғадай тілі майда, жүріс болса.

Ақылды, сабырлы ер деп соны айтамыз –

Еткені берекелі жұмыс болса... (Ақан сері).

Поэтикалық мәтінде дүниенің көркемдік бейнесі тілдегі ұғымның үлгіленуіне ықпал етеді. Демек, көркем бейне арқылы абстрактілі ұғымдардың суреттемелі үлгілері мен әмбебаптық комбинацияларын ұғынуға болады.

Жігіт – күйеу жігіт – күйеу бала – күйеу. Тіліміздегі жігіттің некелік жағдайын айқындайтын гендерлектілер: *бойдақ жігіт, үйленбеген жігіт, салт басты және күйеу жігіт, үйленген жігіт, әйелі бар (жігіт), күйеу бала, күйеу*, т.б.

Күйеу – әйелдің ері, жұбайы. *Күйеу* – қызды айттырған және алған жігіттің қыз еліне туыстық қатысы [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1980, 278 б.]. **«Күйеу»** гендерлектісінен *күйеулік, күйеусымақ, күйеуі бар, күйеусіз, күйеуше қырындау, күйеу іздеу, күйеусіре(у), күйеу жолдас, күйеу қазық, күйеушіле(у), күйеу жігіт, күйеу түсті, айттырған күйеу, бесік күйеу, күшік күйеу, кірме күйеу*, т.б. тәрізді сөздер мен тіркестер жасалған.

Күйеу баланың гендерлік бейнесі халықтық салт-дәстүрлерге негізделген этнолингвистикалық белгілер арқылы үлгіленеді. Мұның өзі бірнеше фреймдік тармақтар арқылы танылады:

қалыңдық айттыру, құда түсу, қалың мал беру, ұрын бару, т.с.с. Гендерлік концепт құраушы бұл салт-дәстүрлер күйеу туралы білімді толықтыра түседі.

«Әйелдің ері, жұбайы» мағынасындағы күйеу сөзі **байы, ері** гендерлектілерімен синонимдес жұмсалып, көбінесе, ерлі-зайыпты жұбында үлгіленеді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «бай» сөзіне «әйелдің некелеп қосылған күйеуі, ері» деген анықтама берілген [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1976, 28 б.]. «Бай» гендерлектісінен *байлы, байсыз («Байсыз қатын – баусыз оймақ»), байсыздық, байсымақ; «ері»* гендерлектісінен *ерлі-байлы, ерлі-қатын («Ерлі қатын – бір түтін»), ер жанды* тіркестері жасалған.

Ерлі-зайыпты жұбында ер/еркек – үйдің отағасы, әйелінің сүйеніші, балалардың әкесі. Бұл топта әке бейнесі таптауырынданған. Тілімізде «**әке**» концептің білдіретін тілдік бірліктер мақал-мәтелдер, фразеологиялық бірліктер, көркем мәтіндер арқылы жиі беріледі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «**әке**» гендерлектісінің төрт мағынасы көрсетілген:

1. *Балалы болған ер адам.* Абайдың өз әкесі – Құнанбай, атасы – Өскенбай, арғы атасы – Ырғызбай (М. Әуезов, Әр. жыл.);

2. *Малдың, т.б. жан-жануарлардың еркегі аталық мал.* Құлагер *әкең* – тұлпар, шешен – сұңқар, соғып ең дөненінде сегіз арқар (Ақан сері. Шығ.);

3. *Ауыс. Бір нәрсенің ең зоры, үлкені.* Қуырдақтың *әкесін* түйе сойғанда көрерсің (мақал);

4. *Сөйл. Өзінен жасы кіші адамға қарағым, шырағым деген мағынадағы айтылатын сөз. – Әкем-ау! – деп Марийка саңқ етті...* (М. Бубеннов, Ақ қайың)» [1974, 597 б.].

«Әке» сөзінің негізгі мағынасынан *әкедей, әкей, әкелі, әкелес, бір әкеден, өкіл әке, әкелік қамқорлық, өгей әке, әкесінше, әкесінің аузынан түскендей, әкесі базардан келгендей қуанды, әкеңнің құны бар ма?, т.б.* сөздер мен сөз тіркестері және *әке-баба, әкелі-балалы, әке-шеше* деген қос сөздер жасалған.

«Әке» гендерлектісінің концептілік жүйесі: *Әке* – қамқоршы, пана; *Әке* – ақылшы, тәрбиеші; *Әке* – ырыс, ризық («*Жақсы әке жаман балаға қырық жыл ризық*»); *Әке* – асқар тау («*Әкең жақсы кісі еді, Жел жағыңа пана еді*») құрылымдарда анықталады.

Ал ата-ана жұбында *әке, ата* гендерлектілері өзара синонимдес. Сөздікте берілген **ата** гендерлектісінің бірінші мағынасы да «*туған*

әке, өз әкесі» дегенді білдіреді. *Атадан алтау, анадан төртеу, Жалғыздық көрер жерім жоқ* (Абай, Тол. жин.). Екінші қатарлас жүретін мағынасы «*үлкен әке, әкесінің әкесі, бергі ата*» [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1974, 415 б.]. Аталған мағыналарға сәйкес *әке/ата* бейнесі *қайын ата, нағашы ата, аталас туыстар, атасы бар, аталық ақы, атасыз, аталастық, арғы ата, түп ата (баба)*, т.б. тілдік қолданыстар арқылы туған-туысқандық мәнін үстейді.

Жалпы алғанда, «*ата*» концептінің ұлттық-мәдени маңызы жоғары. Өйткені, *ата* – адамдардың туыстық-қандастық жігі, ру; ата-тегі, тұқымы, жеті ата; *ата* – аталы сөз (*қарт, қария, ақсақал*); *ата* – бастау (*аталық-аналық бастау, атам заманғы*); *ата* – ата мұра, туған жер, туған ел (*ата қоныс, ата жұрт, ата салт, ата кәсіп, атадан қалған мал, атадан мирас, ата жолы*).

Жігіт – аға, жігіт ағасы, ел ағасы. *Аға* – ағайынды адамдардың жасы үлкені, жалпы жасы үлкен ер адам. «*Аға*» гендерлектісі аталған тура мағынасымен қатар «*бас, басшы, ел (ру, тайпа, халық) басшысы, әскери басшы (қол басы)*» деген ауыспалы мағынада да жиі қолданылып, терминдік сипатқа ие болған. Ертеректе қазақ қауымында *аға* сөзі басшыға оның ішінде әскери басшыға айтылатын дәреже мағынасын бергенге ұқсайды. Орта ғасырлардағы хан сарайларында *есік аға (ишик аға)* жоғары лауазым болған (Р. Сыздық). *Аға* сөзінің бір кездегі «*бас, басшы*» деген ауыспалы мағынасы ертеректе қалыптасқан *ел ағасы, от ағасы* деген тіркестердің бар екендігімен дәлелдене түседі

Қазіргі уақытта «*аға*» гендерлектісінің мағыналық өрісі кеңейіп, көп қырлы ментальді құрылым ретінде қарастырылып келеді. Ол алдымен, еркек идеалының санадағы мәдени, рухани этикалық, әлеуметтік танымын айқындайтын бірлік ретінде танылады. Ендеше «*ағалық*» гендерлік концептін құраушы тілдік бірліктерді топтастырып, когнитивтік үлгі ретінде мыналарды ұсынуға болады: *Ағалық* – туысқандық: ағайын тұтты, ағайынды; *Ағалық* – қамқорлық: *аға-іні, аға-қарындас; Ағалық* – үлкендік, үлгі-өнеге: *жігіт ағасы, ел ағасы, аға ұрпақ, аға буын, аға тұтты, ағалық айтты, ағалық борыш, «Рулы елге жарысқан үлгі айтатын ағасы...»* (С. Сейфуллин, Шығ.), *аға жазушы, аға ақын, ағадай көріну; Ағалық* – басшылық, басқару, мәртебе: *ауыл ағасы, аға сұлтан, болыс аға, төраға, кеңес ағасы, аға лейтанант, аға оқытушы, т.с.с. Аға* – ағайынды адамдардың жасы үлкені, жалпы жасы үлкен ер адам. Сөйлеген *аға* тұрып, ініден

без, Ежелден елде сондай бар еді сөз (Жамбыл) [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1974, 49 б.].

Қысқасы, «еркек» ментальді образынан келіп шығатын (*батыр, жігіт, күйеу, әке, ата, аға* бейнелерін тұжырымдау арқылы халық танымында «еркектің» гендерлік үлгісі «*батырлық*», «*жігіттік*», «*ағалық*» қасиеттеріне сәйкес тұжырымданатынына көз жеткіздік.

6.3 «Әйел» концептосферасы

Қазақ тілінде «**әйел**» сөзінің екі мағынасы бар: 1. *Адам болмысының ұрғашы жыныстылары*; 2. *Жұбай, зайып. Әйел бала. Әйел баласы, әйел заты, әйел атаулы* – барлық әйел жыныстылар.

«Әйел» сөзінің араб тілінен енгендігі белгілі (араб. *әйшл*, көптік мағ. *әйал*). Қазақ тіліне өткен кезде *әйал* болып өтуі мүмкін. Кейін келе үндестік заңына байланысты *әйел* болып өзгерген. *Айал//аял, айым, әйкеш* жергілікті халық тілінде әйел сөзінің орнына жұмсалады. Түркі тілдерінде «*үй*» сөзінің «*ев*», «*өп*» сияқты дыбыстық нұсқалары бар. Аталған түбірге *-лік* жұрнағы қосылып *өплік (евлүг)* – *әйел* деген мағынаны, жазба ескерткіштерде *үйлік* сөзі – *үйі бар, үй иесі* деген мағынаны береді. Ал алтай тілдерінде: «*епчи*» – *әйел*», «*әйел жынысы*» деген мағынада қолданылады. Көне түркі тілдерінде *кіс-кісі-кіші* гендерлектілері болған, оның бір мағынасы «*адам, кісі*» болса, екінші мағынасы «*әйел*». *Кіші* сөзі «*біреудің әйелі*» дегенді білдірген (Р. Сыздық), «*үйлену*» дегенді *кіші алу* деген (қазақ тіліндегі *қатын алу*, қазіргі *әйел алу* дегенге келеді).

«**Ұрғашы**» гендерлектісіне қатысты «*ұр-ғашы*», «*ұрық-ашы*», «*уруғ-ашы*» дегендегі «*ашы*» мен көне түркі тілдеріндегі «*ешә*» (үлкен апа), «*ашы*» (кексе қатын), «*іші*» (жасы үлкен апа, бастапқыда апа), «*әге*» (әпке, үлкен апа) сияқты сөздерді және ежелгі шумер тіліндегі *sal<шал* (чуваш тіл.)*<іші<ашы* сөздері арасындағы тілдік байланыстың мазмұндық қатпарларын салыстыруға болады. Әйел сөзімен қатар қолданылып жүрген синоним сөздің бірі – «*қатын*».

«**Қатын**» гендерлектісі үш мағынада қолданылады: 1. *Жалпы әйел атаулы, ерге тиген әйел*; 2. *Зайып, жар, жұбай*; 3. Ауыс. *Қорқақ, су жүрек*». Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде *қатын/хатын* гендерлектісінің бастапқы мағынасы – *ханым, бәйбіше, әйел*, кейін – *күйеуге шыққан әйел, зайып* деп көрсетілсе, М. Қашқари сөздігінде «*ақ сүйек (хан, төре, бек) қызы*» деген

мағынада берілген, кейін «ерге шыққан әйел» дегенді білдіретін болған. «Қатын» сөзі ерте замандарда ханның әйелдеріне ғана арналған атау болғандығын Қ. Жұбанов та атап өткен болатын. Бұл сөз кейбір түркі тілдерінде жоғарыда көрсетілген мағыналардан басқа қосымша ұғымға ие болған, қырғыз, алтай, хакас, қазақ тілдерінде – әйелді кеміту мақсатымен айтылатын өрескел сөз ретінде қолданылатындығы айтылады. Қазақ тілінде қатын сөзі көбінесе сөйлеу тілінде қолданылады да, ал әдеби тілінде оның орнына *әйел, зайып, жамағат, жұбай* сөздері жұмсалады.

Келтірілген атаулар «әйел» концептінің ежелгі шумер, көне түркі дәуірлерінде, орта ғасырларда болсын, тіптен қазірде де осы аталған кезеңдерге тән когнитивтік-ментальдік кеңістікке тән өзіндік ерекшеліктерге ие екенін дәлелдей түседі. Тіліміздегі *әйел/қатын* бейнесін сипаттайтын гендерлектілер: *әйел/қатын басымен, әйел теңдігі, әйел жазушылар, қалжа жеген әйелдей, әйелдік сұлулық/мейірім, әйелсін* («Хан түгілі халқы сүйіп Құралайды, Әрдайым әйелсінбей ақылдасқан»), «Адамдық негізі – *әйел*» (М. Әуезов), *әйелдер киімі, әйелдер журналы, қатын болды, қатын бесін, қатын өсек, қатын үстіне барды, тоқал қатын, қатындық*, т.б. және қос сөздер *әйел-еркек, қатын-қыз, қатын-қалаш, қатын-бала*, т.б.

«*Әйел*» концептосферасына енетін *қыз, ана* бейнелері қазақтың рухани мәдениетінде, дүниетанымында, ділінде (менталитетінде) барлық кезде адамгершілік, этикалық, эстетикалық құндылықтар қатынасы тұрғысынан қарастырылып келеді. Қазақ тілінде «**ҚЫЗ**» гендерлектісінің мағынасы: 1. *Әйел бала, сәби*; 2. *Күйеуге тимеген, бойжеткен*; 3. *Жігіттің көңілі қосқан, жүріп жүрген адамы, қалыңдық. Қыз біткен. Қыз атаулы*. Бұл сөз түркі тілдерінің көпшілігінде «*қыз бала, бойжеткен қыз*» мағынасында жұмсалады. Кейбір түркі тілдерінде *қыз* сөзінің қосымша мағыналары бар: туваша *қыс* – ұрғашы, шор тілінде *қысчак* – жиен қыз, қайын сіңлі, якутша *қыыс* – немере қыз. Түркі-моңғол тілдерінің көпшілігінде *гыйз, киз, хыс, қыс, қыз, хыр* сияқты әр түрлі тұлғада келетін сөздер әйел жынысты баланы білдіреді. «*Қыз*» концептінде бастапқы ұғым – *бойжеткен* образын бейнелеп, *сұлулық, жастық, махаббат* метафизикалық концептілерімен сабақтастықта ашылады; аралық ұғым – *қалыңдық* бейнесін сипаттап, ұлттық-мәдени танымдық ақпараттармен жүйеленеді; қорытынды ұғым – *ана* образында сомдалады, жалпыадамзаттық құндылықтың ұлттық болмысқа

негізделген ментальді білім жиынтығын танытады. *Қыз – бойжеткен, ару*. Тілімізде *ару қызды* сипаттайтын, «*ақ еркем*», «*тотым*», «*үкітайым*», «*перизатым*», «*айым*», «*ботагөзім*», «*сәулетайым*», «*бал қаймағым*», «*айнам*», «*киіктің лағы*», «*құралай*», «*қызыл гүл*», «*аққу*», «*марал*» сияқты сұлулықты бейнелейтін гендерлектілер жетерлік; *Қыз – балғын жас, сұлу: нәзік бел, үлбіреген жас тән, аршыған жауқазын, қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, жайнаған көк балдырған* (Абай), т.с.с; *Қыз – арман, махаббат*. *Қыз – жігіт жұбында үлгіленетін махаббат* концептінен танылады; *Қыз – қалыңдық – келін*. Ұлттық-мәдени ерекшелікте белгіленген *қалыңдық – келін* туралы концептілік түсініктер халықтық салт-дәстүрлерде кең қамтылған. Тіліміздегі *қыз айттырды, қыз алып, қыз берісті, қыз танысу, қыз ұзатты, қыз алып қашты, қыз жас ауы, қыз ұзату тойы, сәукеле кигізу, сыңсу, беташар, қыз төркіндеп келді, төркіндес* (бір елдің қыздары), т.с.с. қолданыстар қалыңдық образындағы ментальді қыз бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді. Ал келін түсуге байланысты жасалатын жол, ырымнан туған гендерлектілер: *жүрек жарды, шашу шашты, беташар, қолтық ұстар, босаға аттар, сәлем салу, отқа май құю, көрімдік беру*, т.б.

Халқымыз қашанда әйелдің отбасындағы рөлін жоғары бағалаған. Бұған әйел тілін ерекшелейтін немесе әйелге қатысты қолданылатын тілдік бірліктерді гендерлік тұжырымдау арқылы көз жеткізуге болады.

1. Әйел – адал жар, отбасының берекесі. Әр үйдің ырысын молайтатын да, ер азаматтың даңқын зор-айтатын да – әйел. Сөз мәйегі мақал-мәтелдерде әйелдің осы гендерлік рөліне айрықша мән берілген: *Әйел – үйдің көркі, еркек – түздің көркі; Жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс; Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады; Әуелгі байлық – денсаулық, екінші байлық – он саулық, үшінші байлық – ақ жаулық* деген мысалдардан халқымыздың әйелді үйдің құты, дәулеттің, байлықтың басы деп ерекше қадірлейтінін аңғаруға болады.

Қазақ отбасында ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас көбінесе ұлттық дәстүрге, әдет-ғұрыпқа негізделіп құрылады. Ерін сыйлау, әйелін құрметтеу, шаңырақ шаттығын сақтау – ата салты. Осыдан келгенде, қазақ әйелдері арасында тіпті күйеуінің атын тура атамай, сыпайылап *отағасы, мырзам, төрем* немесе балаларының бірінің есімін қосып, *бәленнің көкесі, бәленнің әкесі* не болмаса

күйеуінің бауырларының есімдерін қосып *ағасы, көкесі*, кейде *аған (ағаекең)* қаратпаларымен атаса, сыртынан *біздің үйдің кісісі* деген. Ал күйеуінің құрдасын – *құрдас*, аттасын – *адас* деп ат тергеген.

Отбасының ынтымағын, береке-бірлігін сақтау дәстүріне айналған өнегелі салтымыздың тілдік көрінісі тек әйелдер ғана қолданатын, яғни әйел тіліне тән гендерлік лексиканы ерекшелейді.

Халық өміріндегі түрлі әлеуметтік жағдайларға байланысты қазақ отбасында әйелдерге қатысты *бәйбіше, тоқал, жесір, алғаным, құма* тәрізді өзіндік атаулар қалыптасқанын да айта кету керек. Отбасының ынтымағын, береке-бірлігін сақтау дәстүріне айналған өнегелі салтымыздың тілдік көрінісі әйел тіліне тән гендерлік ерекшеліктерді айқындай түседі.

2. Әйел – әдепті, сыйлы келін, сүйікті жеңге. Қазақ отбасында келіннің ата-енесімен, қайын-жұртымен тіл табысып, олардың көңілін тауып сыпайы қарым-қатынас жасауына үлкен мән берілген. Отбасының әр уақытта тату-тәтті болуы *келін мен ене* арасындағы сыйластыққа байланысты. *Келіні жақсы үйдің керегесі – алтын; Келіннің өнегелі болу – енеден; Қызым саған айтам, келінім сен тыңда* мақалдарының астарында да сол сый-құрмет, өнеге жатыр. Келін қайын-жұртының табалдырығын аттаумен бірге сол отбасындағы жастары күйеуінен кіші балалардың барлығына *жеңге* болып кіреді. Сөйтіп *жеңге – қайын іні/қайын сіңлі, ата/ене – келін, қайын аға/ана – келін* арасындағы қарым-қатынастар жүйесі қалыптасады. Әйел тілінің гендерлік белгілері әсіресе *жеңге* мен *қайын іні, қайын сіңлі* арасындағы әзіл-қалжыңы аралас сырласымды, сыйласымды қарым-қатынаста айқын көрінеді.

Сонымен бірге отбасында келіннің абысындарымен өзара татулығын және ел ішіндегі беделін ойлаған халқымыз *Әдепті келін – ауылдың көркі; Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса, ас көп; Келін, келін, келін бақ, келмей жатып сөзін бақ; Отқа барған қатынның отыз ауыз сөзі бар* деп мақалдап, орынсыз сөзге әуес болмауын талап етеді.

Қазақ қоғамында келінге қатысты қалыптасқан гендерлік тап-таурын белгілері бейвербалды (тілдік емес) қатынаста да орын алған. Айталық, қайын ағаларын көргенде келіннің сонадайдан тоқтап тұрып, тізесін бүгіп, екі қолын оң тізесіне қойып *ишарат білдіруі*, қонаққа келген үлкен кісілердің табак қайтқанда *сәлем етуі* қайын жұртына ілтипат ретінде қабылданады. Ым-ишара,

мимика, сөйлеу қалпы – бейлингвистикалық қатынастың ажырамас бөлігі. Бұлар әдетте сөйлеу тіліне қосымша қолданылып, көптеген физиологиялық, психологиялық, ұлттық, әлеуметтік ерекшеліктерді тануға мүмкіндік береді.

3. **Әйел – ардақты ана, ұрпақ тәрбиешісі.** «Ана» гендерлектісі *туған шеше, жалпы шеше* және ауыспалы мағынада *негіз, түп, тамыр* дегенді білдіреді. Осы мағыналарынан *анадан туғандай, ана сүтін ақтады, ақ сүтін ақтады, ақ сүтін кешті, ақ сүтін көкке сауды, ана сүті аузынан кетпеген, ана сүтімен сіңген, көп балалы ана, аналы-балалы, ата-ана, «Ардақты ана», «Батыр ана»* ордені, *ана тілі, аналық бастау, ана-жер-ана*, т.б. сөздер мен тіркестер туындаған.

Ана сөзімен мағыналас **шеше, апа** гендерлектілері баланың туған анасы (*туған шеше, әке--шеше*) мәнінде жұмсалуды қабат семантикалық жағынан түрленіп келіп *кіндік шеше* (жаңа туған жас нәрестенің кіндігін кескен әйел), *кіші шеше* (әкесінің бәйбішеден кейінгі алған әйелі немесе әкесінің інісінің әйелі), *нағашы шеше, өгей шеше, үлкен /ұлы шеше* және де жасы үлкен әйел адамға айтылатын қаратпа сөз (*шеше/шешей, ана/анай*) түрлерімен ерекшеленеді. Халық санасында **кіндік шеше** берік орын алған. Ол баланың екінші шешесі ретінде есептелген. Оның тәрбиелік мәні ерекше.

Әйел-ананың бала тәрбиесіндегі әлеуметтік рөлін бағалау, анаға құрмет көрсету, мәртебесін көтеру – халқымызға ежелден сіңісті қасиет. Тіліміздегі гендерлік мақал-мәтелдердің, фразалық тіркестердің бір тобы *Ана болған дана болады; Бала – ананың бауыр еті, көз нұры; Ердің анасы – елдің анасы; Ананың тілегі балада, баланың тілегі далада; Ақ жасулығы ананың – ақ көрпесі баланың; Ананың басқан жерінде пейіш бар; Жұмақ аналардың табаны астында* деп ақ тілек, ақ ниет ақ пейілді анаға байланыстырады.

Отбасының алтын діңгегі, берік тұғыры әке мен шеше десек те, ұрпақ тәрбиесінде ананың алатын орны ерекше. Ананың тілі, ананың махаббаты, ананың тілегі балаға құндақта жатқан күнінен бастап-ақ бесік жырымен дариды. *Бесік жыры* – әйелдің сөз саптау стиліне тән гендерлік фольклор жанрының бір түрі. Қазақ әйелдері сәбилеріне арнап түрлі жырлар ойлап тауып отырған. Атап айтсақ, *шілдехана жыры, уату өлеңдері, бесікке бөлеу, тұсау кесу, майлап-сылау* тәрізді ырымға байланысты өлеңдер. Жас бала өсе келе,

әжелерінен ертегі, аңыз, жұмбақ, жаңылтпаш үйреніп, ойы мен тілін дамытқан. *Ана тілі* – отбасындағы рухани-эстетикалық тәрбиенің кілті. Б. Хасанұлының тұжырымдауынша, «әйел тілі – бірінші кезекте, ана тілінің негізі. Әйел – үйдегі монолингвизмді сақтаушы. Әйел тілі – ішкі жанұялық қатынас құралы. Ана тілін меңгеруде әйелдер – негізгі тірек болып табылады. «Ана тілі» ұғымында екі түсінік бар: бірі – тар мағынада алғанда ананың сөз саптау салты, тілдік ерекшелігі, екіншісі – кең мағынада ұлттың тілі. «Ана тілі» ұғымы ғылымда кездесетін «әйел тілі» ұғымымен мәндес. Әйел тілі – тілдік бірліктің вербалдық жіктелуі (тілдік) және ым тілі амал-тәсілі (тілдік емес) құбылысының атауы, соның ішінде тек қана әйелдерге қатысты тілдік қолданыстар мен хабарлауға кіретін, сондай-ақ әйел жынысымен әдепті сөйлесуге болатын тіл» [2003, 99 б.]. Атадан балаға мұра болып келе жатқан тіл, салт-дәстүр, мәдениет, әлеуметтік, экономикалық, діни факторлардың бәрі әйел тілінің (ана тілі) қызметі арқылы күні бүгінге дейін жалғасын табуда.

Сонымен, «**әйел**» концептосферасының көп қырлы құрылымын гендерлік тұжырымдау үшін бірнеше фреймдік тармақтар арқылы (*сұлулық, әдептілік, сыйластық, мейірімділік, т.б.*) когнитивтік үлгісін жасағандаймыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. *Концепт, концептосфера дегеніміз не?*
2. *Мағына, ұғым, концепт терминдерінің айырмашылығы неде?*
3. *Концепт қалай зерттеледі?*
4. *Концептілік жүйенің ішкі және сыртқы құрылымдары қандай?*
5. *Ассоциация терминіне анықтама беріңіз.*
6. *Концепт типтерін атаңыз.*
7. *Гендерлік концепт, гендерлік концептосфера ұғымдарын түсіндіріп беріңіз.*
8. *«Еркек» концептосферасына талдау жасаңыз.*
9. *«Әйел» концептосферасына талдау жасаңыз.*
10. *Гендерлік концептілердің әлем тілдеріндегі көрінісіне назар аударыңыз.*
11. *Қазақ және орыс тілдеріндегі гендерлік концептосфераға салыстырмалы талдау жасау.*
12. *Қазақ және түркі тілдеріндегі гендерлік ерекшеліктерді зерделеу.*

1. Аманжолов А.С. *История и теория древнетюркского письма*. – Алматы: Мектеп, 2003.
2. Арутюнова Н.Д. *Языки мир человека*. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1998.
3. Гак В.Г. *Лексическое значение слова // Лингвистический энциклопедический словарь / Под ред. В.Н. Ярцевой*. – М.: Изд-во «Советская энциклопедия», 1990. С. 261-263.
4. Добровольский Д.О. *Национально-культурная специфика во фразеологии // Вопросы языкознания*. 1997. - № 6. - С. 37-48.
5. Нұрмагамбетов Ә. *Бес жүз бес сөз*. – Алматы: Рауан, 1994. 304 б.
6. Карасик В.И. *Культурные доминанты в языке // Языковая личность: Культурные концепты*. – Волгоград – Архангельск, 1996. С. 3-15.
7. Кирилина А.В. *Гендер: лингвистические аспекты*. – М.: Институт социологии РАН, 1999.
8. *Краткий словарь когнитивных терминов / Под ред. Е.С. Кубряковой*. – М.: Издательство МГУ, 1996.
9. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. – Алматы, 1996. 1 том.
10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (он томдық). – Алматы: Ғылым, 1974-1980. – 1-5 томдар.
11. Қондыбай С. *Арғы қазақ мифологиясы. Екінші кітап*. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
12. Степанов Ю.С. *Константы. Словарь русской культуры: Опыт исследования*. – М.: Языки русской культуры, 1997.
13. Тілеубердиев Б. *Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері*. – Алматы: Арыс, 2006.
14. Хасанұлы Б. *Қыздың сөйлеу әдебі – ана тілінің ажары // «Қазақ қызы: өткені, бүгіні, ертеңі: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары*. Алматы, 2003. 1-том. 98-107 б.
15. Хасанұлы Б. *«Қазақ тілі» тұжырымы: мемлекет, қоғам, қалам қайраткерлері санасындағы көрінісі // «Жаңа ғасырдағы Қазақстанның тілдік кеңістігі және әлемдік лингвистиканың өзекті мәселелері»: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары*. – Алматы, 2008. 1-том. 10-38 бб.
16. Footitt H. *Women, Europe and the New Languages of Politics*. Continuum: – London, New York 2002.
17. Holmes J. *Women, Men and Politiness*. – London: Longman 1995.
18. Talbot D. *Language and Gender: an Introduction*. – Cambridge: Polity Prees, 1998.

7-тақырып. Гендерлік таптаурындардың тілдегі көрінісі

7.1. *Гендерлік таптаурындар*

7.2. *Қазақ тілінің лексика-паремологиялық жүйесіндегі гендерлік таптаурындар*

Негізгі ұғымдар

Таптаурын, гендерлік таптаурындар, ер бейнесі, әйел бейнесі, гендерлік фразеологизмдер, гендерлік сипатты мақал-мәтелдер, гендерлік мәнді теңеулер.

7.1 Гендерлік таптаурындар

Гендер ұжымдық және жеке адамдық сана компоненті ретінде тілде таптаурындар арқылы көрініс табады. Таптаурын термині біржақты анықталмайды. Бірқатар зерттеулерде таптаурындар білім мен бағалаудың ерекше формасы, яғни адамның мінез-құлық, әрекетіне негізделген тұжырымдар делінеді [Матурана 1996, 141 б.]. Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде таптаурындар ақпаратты өңдеу мен білім деңгейінің көрсеткіші ретінде түсіндіріледі [1996, 177 б.].

Көп жағдайда таптаурындарды мәдени дәстүр мен этникалық ерекшеліктерге сәйкес қалыптасқан тұрақты мінез-құлық белгілері деп тану жиі кездеседі. Ғалымдар таптаурындардың таңбалық сипатын мойындай отырып, олардың барлық уақытта сөзбен (вербалды) білдіріле бермейтінін айтады. Бейнелі ойлы таптаурындар тілдік және басқа семиотикалық код арқылы (кинесика, көру бейнелері, т.б.) белгіленуі мүмкін [Щепанская 1991, 17-29 бб.].

Таптаурындарды ассоциацияның сұрыпталып, жадыда дағдылы түрде сақталып, санада белгілі бір ақиқат дүниені таныту үшін қолданылатын тұрақты таңбаға ие болған түрі деп анықтайды. Алдымен ақиқат дүниені тану барысында ассоциация қалыптасады. Жалпыадамзаттық сипатқа ие болған деңгейінде ассоциация таптаурынға айналады. Демек, білімнің (когницияның) көрсеткіші болып саналатын ассоциация жеке адамға тән болса, таптаурын жалпыадамзаттық, ұжымдық санаға тән.

Таптаурын көбінесе адамды, адамның мінез-құлқын, адамға тән ерекшеліктерді тануда қолданылатын білім құралы болса, ассо-

циация кез келген зат пен құбылысты танытуда қолданылады. Бірақ екеуі де санадағы когнитивтік үлгіні қалыптастыратын құрылымдық мүше болып саналады [Маслова 2004]. Таптаурындардың ішінде біз үшін маңыздысы – гендерлік таптаурындар. Таптаурындар – бұл әлеуметтік феномен. Олар әлеуметтік-мәдени тетіктермен байланысты. Мінез-құлық қалпы қоғамдық стратификацияға қатысты. Сондықтан гендерлік таптаурындарды бір жағынан, еркек пен әйелдің таным-түсінігі тұрғысынан, екінші жағынан, ұжымдық қоғамдық сана тұрғысынан қарастыру заңды құбылыс. Олар бір-бірімен тығыз байланысып келетіндіктен, айырмашылығын тек ғылыми түрде ерекшелеп көрсетуге болады [Байбурин 1985, 8 б.].

Ілгеріде атап көрсетілгендей, жыныс тұлғаның тек биологиялық ерекшелігі ғана болып табылмайды. Ол институттуалданған және жоралғыланған (ритуалданған). Сондықтан гендерлік таптаурындардың тілдегі көрінісін зерттеу орынды. Белгілі бір мәдениетте әрбір жынысқа белгіленген бірқатар міндетті нормалар мен бағалаулар гендерлік мінез-құлықты реттеп отырады. Сонымен бірге ол жыныс өкілдерінің өмір сүру жағдайына, этникалық ерекшеліктеріне, білім деңгейіне байланысты көп түрлі болуын анықтауды қажет етеді. Мұның барлығы мінез-құлықтың вариативті (түрлендіруші) және реттеуші (регламинтивті) нормалары бар екенін көрсетеді.

Феминистік және маскулиндік концептілер әрбір мәдениетте кездеседі, олар салт-дәстүр, фольклор, мифологиялық санада, тілде, т.б. көрініс табады. Гендердің аксиологиялық шкаласы мен таптаурындануы барлық мәдениетте бірдей емес. Сондай-ақ әр мәдениетте еркек пен әйелдің әлеуметтік рөлі де әр түрлі болып келеді. Олар қоғамдағы түрлі нормаларға сәйкес реттеліп отырады. Сөйтіп, реттелген мінез-құлық әрекеті адам санасында таптаурынданады, кейін ол «дұрыс/дұрыс емес» жүйесі бойынша ұжымдық санада жүзеге асады.

Гендерлік таптаурындар деп әлеуметтік-мәдени тұрғыдан белгіленген ой-пікірлерді танимыз, сондай-ақ жыныс өкілдерінің мінез-құлық нормалары қасиеттері, атрибуттық пікірдің ақиқат бөлігінің тілдегі көрінісі деп білеміз. Демек, еркектік пен әйелдік ұғымдарын зерттеуде ұжымдық санаға тән тілде қалыптасқан гендерлік таптаурындарды анықтау қажет.

Гендерлік таптаурындар тілдің барлық деңгейін қамтиды. Қазақ тіліндегі гендерлік таптаурындар көбінесе халықтың атадан

балаға көшіп отыратын әдет-ғұрып, мінез-құлқы, салт-дәстүрлері арқылы үлгіленген. Ол әсіресе өмір құбылыстарын жан-жақты қамтып, қоғамдағы әр түрлі қарым-қатынасты нақыштап жеткізетін тіл қазынасы фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден, тұрақты теңеулерден көрініс табады.

7.2 Қазақ тілінің лексика-паремологиялық , жүйесіндегі гендерлік таптаурындар

а) **Фразеологиялық сипаттағы гендерлік таптаурындар.** Халықтың басынан өткен, өмір шындығына сай туған, талай дәуірден елес беретін тіл қазынасы фразеологизмдерде әйел мен ер жынысын бейнелейтін гендерлік образды тіркестер мол қамтылған [Кеңесбаев 1977]. Енді солардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

Тілімізде **қызға** байланысты (қызға қарата айтылатын) гендерлект фразеологизмдер ерекше орын алады:

1) Қызға әдетте сұлулық пен әсемдік тән. Тұрақты сөз тіркестерінің басым көпшілігі қыздың сұлулығын, жан-дүние, сезімкүй, мінез-құлық әдептілігін дәріптеген: *күлім көз, құралай көз, қалам қас, қизаиш қас, қаймақ ауыз, оймақ ауыз, алма бет, ақша маңдай, қолаң шаш, ақ тамақ, бұраң бел, ауызға үріп салғандай, жамалына көз алмасты, атқан таңдай, хор қызындай, айдай сұлу, айдай таза, күндей нұрлы, кірпік астынан көз тастады, көзін сүзді, қызда қырық есекке жүк болатын айла бар, қызға қырық үйден тыю, салиқалы қыз, он екі де бір гүлі ашылмаған, наз көрсетті*, т.б.

2) Гендерлік фразеологизмдердің келесі бір тобы қызды **бойжеткен, қалыңдық** (*жігіттің көңіл қосқан сүйген адамы, жүріп жүрген қызы*) бейнесінде дараландырған. Мысалы: *айттырған қыз, ақ шымылдық (жас ару мүлкі), жат жұрттыққа жаралған, күйеуге тиді, қалың мал, қыз жасауы, қыз енші, қыз көші, қыз танысу, қыз ояту, қыз қашар, сыңсу, тұрмысқа шықты, тесік моншақ жерде қалмас, оң жақ, обалы 41 жылқыға (ұзатылған, қалың малға сатылған қыз туралы), отау үйі, отауға салды, шаш сипар*, т.б.

3) Қыз мінезіне жат қылықтарды атап, кекесін мәнде жұмсалатын гендерлектілер: *еркек шора, қыз теке (еркекше киінетін қыз), шүйке бас, шөп желке*.

Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, халық ұғымында қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерінен қыздың өзгелерден ерекше гендерлік бейнесін (**қыз – ару, қыз – бойжеткен, қыз – қалыңдық**) саралауға болады.

Әйел бейнесіне қатысты гендерлектілік фразеологизмдер де жеткілікті. Бұл топтағы тұрақты сөз тіркестерін өз ішінен *әйел – ана, жұбай, келін, қатын* лексемаларына жіктеп көрсетуге болады. Гендерлект фразеологизмдердің басты бөлігі әйелдің ана болу, дүниеге сәби әкелу рөлімен байланыстырылған. Атап айтқанда: *аман-есен қол-аяғыңды бауырыңа алдың ба? ақ сүт берді, айы-күні жақындады, аяғы ауыр, бір кіндіктен, бала тапты, бедеу болды, жылы құшақ, (ана құшағы), құрсақ шашу, құрсақ көтерді, құрсақ той, қалжа жеді, толғағы жетті, шілдеhana күзетті*, т.б. Бұл келтірілген гендерлектілер астарында бір жағынан халқымыздың салт-дәстүр, жоралары бейнеленген. Сонымен қатар әйелдің кескін-келбеті, жүріс-тұрысы, мінез ерекшелігін (жағымды-жағымсыз) сипаттайтын гендерлектілерді де ажыратуға болады: *ару шешей, алтын басты әйел, мініскер әйел; ер жанды, майлы қолтық, салпы етек, сарыкідір әйел, көкәйыл, ошақтың үш бұтынан шықпады*, т.б.

Ендігі бір топ гендерлік фразеологизмдер стильдік жағынан ерекшеленіп, әйелге қарата айтылатын алғыс (тілек, бата) және қарғыс сөздерді қамтиды:

а) алғыс мәнді гендерлік фразеологизмдер: *менің қолым емес, Бибіфатиманың (Бибатпаның) қолы (толғатып жатқан әйелге айтылатын тілек), ұл тап (бата-тілек);*

ә) қарғыс мәнді гендерлік фразеологизмдер: *Ақша бетің тілінсін! Жүзі қара! Марту басқыр! Қара шашы жайылсын! Тұл қалғыр! Салдақы қар! Шұнақ қар! Ақша бетің тілінсін!*, т.б.

Әйел – ата-енесіне, ауылына **келін**. Тіліміздегі гендерлік фразеологизмдердің бірқатары келінге (келіншекке) қатысты. Мәселен, *босаға аттады, бет ашар, жас иіс, жас жауқазын сарымсақтай (уыз келіншек), желегі желкілдеді (жаңа түскен келінге айтылады), келіншек көші, келіншек түсті, шашу шашты, қайын сіңлі*, т.б.

Қазақ әйел жынысының ішінде **қатынды** төмендеу қойған. Әйел бойындағы жағымсыз қылықтар мен әрекеттерді қатынға балаған, қатын ұғымымен түсіндірген. Мұны мына мысалдардан байқауға болады: *күндес қатын, қатын өсек, қатынның қырық жаны бар, қара қазан бұрын пісе ме, қара қатын бұрын таба ма? төмен етекті қатын*, т.б.

Әйелдің сөйлеу әрекетінде жиі кездесетін кинемалар (*ым-шара, дене қозғалысы*, т.б.) тұрақты сөз тіркестеріне негіз болған, гендерлік айырмашылықтар тудырған. Мысалы: *беті шиі болды (ерін жоқтап, бетін жыртып қан етті), бетін шымшыды, ернін шығарды, ернін шүйірді, жоқтау салды, шашын жайды*, т.б.

Әйелге тән гендерлік фразеологизмдердің бір тобы *«етек»* образымен сабақтастырылған. Олар көбінесе әйел жынысының жағымсыз іс-қылығын, мінез-құлқын бейнелейді. Мысал келтірелік: *етегі ашылды, кең балақ, жалпы етек, сары ала етек сарпылтаң, салпы етек* т.б.

Гендерлік фразеологизмдердің үлкен бір тобын **ер бейнесін** сипаттайтын гендерлектілер құрайды. Ерге қатысты гендерлік фразеологизмдердің ішінде батыр образын сомдаған халық ауыз әдебиетіне тән тіркестер басым. Олар: *аңғал батыр, батырдан сауға, мергеннен сыралғы, ер қаруы – бес қару, жеке батыр, жалаң төс, жүнді балақ батыр, кеуде соғар батыр, қапсағай денелі, нар бурадай шабынды, сайып қыран*, т.б.

Ер жынысына тән фразеологизмдердің көпшілігі **жігіттің** гендерлік бейнесін ерекшелеп көрсетеді. Мысалы: *алпамсадай жігіт, аруақты жігіт, бағлан жігіт, жігіт ағасы болды, жұпар кіндік, жастық шақ, (жігіттік кез), зіңгіттей жігіт, жігіттің сырттаны (ең жақсысы), күйеу жолдас, қылышлдаған жігіт, сұр бойдақ, сомадай жігіт, ұрт жігіт, от жігіт, омыртқасы түзу жігіт, (білімді, ақылды, іскер жігіт)*, т.б. Ер адамның бітім-тұлғасын, қарым-қабілетін, мінез-қасиеттерін ерекшелейтін портреттік фразеологизмдер де баршылық. Атап айтқанда: *қу мұрт, қияқ мұрт, дудар шаш, қылаң сақал, ақ сұңқар, есіл сабаз, арыстан жүректі, ерлік буды, марқасқа, өрен ер, атқа мінер (пысық, белсенді), сегіз қырлы бір сырлы, сылқым сері*.

Бір алуан гендерлектілер ер жынысын **әйелдің ері, жұбай, еркек** бейнесінде суреттейді. Мысалы: *аяқ шырмады, әйелжанды, қатыны күмәнды (әйелі екі қабат), қатын алды, қатын өлді – қамшының сабы сынды (ер адамға көңіл айту), төсек жаңғыртты, тізесі жылып қалды, талақ етті, тақымы жарымаған, үйі түсті, үйі сынық, шымалдығың желбіреп тұр ма?*, т.б. Ерге қарата айтылатын алғыс-қарғыс мәнді гендерлектілерді де атап өткен жөн. Олар: *ақ сақалды, сары тісті бол! Ат ұстарың өзіңе тартсын! Алғаның (алған жарың) адал болсын! Ер маңдайын баққа бер!*

Көкірегі жаулы өссін! Тұқымың түптесін, қатының жүктесін! Алғаның (алған жарың) адал болсын! тәрізді алғыс (тілек, бата) сөздер мен Қатын-балаң шулап қалғыр! сияқты қарғыс сөздер.

Гендерлектілік фразеологизмдер қатарынан ерлер ғана қолданатын инвектив сөздер мен кинемаларды ұшырастыруға болады. Мысалы: *енесін ұрайын, қызталақ (боқтау, тіл тигізу) жұдырығын түйді, қолын шығарды, төс қағысты.*

Ер бейнесін ерекшелейтін гендерлік белгілер **күйеуге** (күйеу жігіт, күйеу бала) тән тіркестер түрінде ажыратылады. Қазақ халқының күйеуге деген өз таным-түсінігі, талғам-талабы бар. Күйеу жігіттің (күйеу баланың) қайын жұртына үлкен құрметпен қарауы – халқымыздың ежелгі салты. Бұл дәстүр тілдік нормада тұрақты сөз тіркестерімен айшықталған. Мысал келтірелік: *босаға аттар, бесік кертті күйеу, есік көрсетті (күйеу ірге көрді, ұрын барды), еңсе қара, ит ырылдар, бақан аттар* (күйеу кәделер), *күшік күйеу, күйеу аттандырар, өкіл күйеу, күйеу мұңлық, бұзау мұңлық, күйеу жігіт, күйеу – жүз жылдық, құда – мың жылдық*, т.б.

Халқымыз «*Озар елдің қызы мінезді, ұлы өнерлі келеді*», «*Ұл – өмір жалғасы*», «*Ұл – ата жолын қуушы*», «*Ұл – елдің көркі, халықтың тірегі*» деп қарап, ұл тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлген. Мұны тіліміздегі **ұл балаға** (ер бала, бозбала) тән гендерлектілерден көруге болады. Мысалы: *ат байлар, ат жалын тартып мінді, бота тірсек бозбала, бел бала, еркек кіндікті, жан дегенде жалғыз ұлы, көк өрім, көген көз, қырмызы қызыл жібек бозбала, қыз теке (қыздармен қосылып ойнайтын ер бала), қыз мінезді (мінезі жайлы сызылып тұратын жас бала), қазан бұзар*, т.б.

Гендерлектілік тұрақты сөз тіркестерінен байқалатын тағы бір ерекшелік – ер адамның жас шамасын болжалдау және соған сәйкес мінездеме беру. Мәселен, *болат қайтты (қайрат-жігері тасыды), күлге шөккен кәрі бура (қаруы қайтқан, қуаты қайтқан), көк сақал, кәрі тарлан, сақалды басымен, сақалы сапсып, сақалын сатты*, т.б.

Аталғандарға қоса айтарымыз, тілімізде **қыз, әйел** (ана, шеше, ана, келін, қатын, кемпір, бәйбіше, тоқал) және **ер** (әке, ата, аға, жезде) сөздерімен келген образдық мағынада жұмсалатын, жыныстарға ортақ қолданылатын тұрақты сөз тіркестері де мол кездеседі. Мысалы: *анасынан қайта туғандай, байдан шыққан әйелдей алаңы көп, жетім қыздың тойындай, жалпақ шешей, ол бәйбішеден, біз тоқалдан туыппыз ба? әкесі базардан келгендей*

қуанды, бірі ана, бірі жезде, жеті атасынан түк көрмеген, ер шекіспей бекіспейді, т.б.

Екі жыныс өкіліне де тән гендерлік ерекшелік ретінде әйел, ер атауларымен мағыналас гендерлектілерді атауға болады:

әйел – *ақ жаулық, нәзік жан, ұзын етек, үй кісісі;*

ер – *ақ сұңқар, ақиық, бөрік киген, еркек кіндікті.*

Қысқасы, тіліміздегі гендерлік тұрақты сөз тіркестерінің басым бөлігі әйел образымен сабақтастырылған, әйелдің (қыздың) кескін-келбетін, жүріс-тұрысын, мінезін (жағымды-жағымсыз) және ана болу бейнесін ерекшелеген. Ал ерге қатысты фразеологизмдердің көпшілігі ер ісіне сүйсіну, мәртебесін көтеру, даңқын асыру мәнінде жұмсалады.

ә) Гендерлік таптаурындардың мақал-мәтелдердегі көрінісі.

Қазақ тіліндегі ерлер мен әйелдердің сөз қолданыстарындағы гендерлектілерге халық даналығы мақал-мәтелдер де негіз болады. Қазақ мақал-мәтелдерінің гендерлік мәні **ер** (*еркек, жігіт*) – ел қорғаушы, батыр, жанұяның асыраушысы әрі білімді, өнерлі, абырой, бедел иесі. Оның қасында **әйелі** – сүйікті жар, ана, үйдің берекесі, иесі, ақылшысы, ал **әке-шеше** – қамқоршы, кеңесші, ақылшы, жасы үлкен, сыйлы адамдар, **ұл-қыз балалары** – тәрбиелі, сыпайы, жасөспірім сипатында тұжырымдалады. Енді солардың әрқайсысына тоқталып көрелік:

Тіліміздегі мақал-мәтелдердің көпшілігі **ердің, ер адамның** гендерлік бейнесін өрнектеген.

1. Ерлік тақырыбындағы сөздер – қазақ мақал-мәтелдерінің ең көлемдісі, көркемі, мазмұндысы. Ел қорғау, ерлік жасау – абыройлы әрі ауыр іс. Сондықтан ер адамның гендерлік образы халық ұғымында алдымен туған жерін, елін жоғары санайтын абзал мұратты азамат болуы керек. Атап айтсақ:

а) Ер – ел қорғаушы: *Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі; Ер елдің ық жағының қаласы, жел жағының панасы; Ел үшін еркек кіндік құрбандық; Жүк ауырын нар көтереді, ел ауырын ер көтереді; Отан үшін күрес – ерге тиген үлес;*

ә) Ер – елдің айнасы: *Елдің көркі ерімен, жердің көркі шөбімен; Ел барда ер қор болмас, ер барда ел қор болмас; Елдің ерлігі ерінен танылар, елдің байлығы жерінен танылар; Ер атағын ел сақтар, ел үмітін ер ақтар; Ел намысы – ер намысы.*

2. Ерге байланысты гендерлік мақал-мәтелдердің келесі тобы оның ерлік қасиеттерін, батыр тұлғасын дәріптейді.

а) **Ердің аты – ер:** *Ер – қайыспас қара нар; Ердің ері егеудің сынығы; Ат басына күн туса ауыздықпен су ішер, ер басына күн туса, етігімен су кешер; Ермен жауласпа, елмен дауласпа.*

ә) **Ер – батыр:** *Батыр – елдің сәулеті, бал құрақ – көлдің сәулеті; Батырдың қаһары – еліне қорған; Айлалы батыр алдырмас; Батыр туса, ел ырысы, жаңбыр жауса, жер ырысы; Батыр қол бастар, көсем жол бастар; Батырға оқ дарымайды, батылға жау жоламайды. Батыр сөзі атақ сияқты қызмет атқарып, ер сөзі жауға аттанып, майданға түскен азаматтың аты, азамат ұлдың синонимі ретінде қолданылған. Олай болса, батыр – ер мәртебесі. Ер сөзінің тіркес аясы әр тарап: ардақты ермен бірге өлсе; ер Қобыланын жөнелтіп; асыл ердің баласы; тарығып келген ерлерге; еңіреп жүрген ер едік; кесекті ердің сойымен; мұңдас ерлер болмаса; қызғыштай болған есіл ер, т.б.*

б) Сонымен бірге халық нағыз ерлерді қадірлей білуге шақырады: *Ер елінде қадірлі, гүл жерінде қадірлі; Ер қадірін білмеген ел қадірін білмейді; Асты көрсең қадір тұт, ерді көрсең қыдыр тұт.*

3. Халық даналығында ер-азаматтың гендерлік бейнесін өзгелерден ерекшелендіріп, яғни ер асынатын қару-жарақ, сауыт-сайманы, астына мінген тұлпар аты, жанына ерген дос-серігімен қатар алып сипаттайды. Айталық:

а) **Ер қаруы – бес қару:** *Алтын кемер белге сән, алтын қылыш ерге сән; Қайқы қылыш – ер сәні, қалы кілем – жер сәні; Ер аруағы – қаруы.*

ә) **Ер қанаты – аты:** *Ерге лайық ат туар, жерге лайық шөп шығар; Құс қанатымен, ер атымен.*

б) **Ер серігі – досы:** *Ер қадірін ер білер, зер қадірін зер білер; Жолдасын таппаған ер азады, басшысын таппаған ел азады; Шын жолдас – сөзге берік, ерге серік; Құс қанатымен, ер жолдасымен.*

4. Гендерлік мақал-мәтелдердің бір алуаны ер адамның қоғамда алатын орнын, мінез-қасиеттерін, қимыл-әрекеттерін түйіндеген.

а) **Ер тірегі – намыс:** *Ер намысқа шабады, намысқа шапса алысқа шабады; Ер айтпас, айтса қайтпас; Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді; Ердің ұялғаны – өлгені, еменнің майысқаны – сынғаны; Ер – намыстың құлы.*

ә) **Ердің сәні – білім, өнер:** *Жердің сәні – егін, ердің сәні – білім; Ердің өзіне қарама, сөзіне қара; Талаптымен таласпа, өнер*

– ердің қанаты; Ер өнерімен мақтансын; Ер талабы өр мегзер; Сарман тауда салқын жоқ, саналы ерде ұйқы жоқ.

б) **Ер беделі – аға-іні арасындағы сыйластық:** Жақсы аға үлкендік қылмайды; Ағаның үйі – ақ жайлау; Жасы кіші ініні ақылы артса аға тұт; Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар; Ізет ініден, әділдік ағадан; Ағадан – ақыл, атадан – нақыл.

в) Ерге қатысты мақал-мәтелдердің бірсыпырасы **Ер дәулеті – еңбек;** Еңбек – ер азығы, жауын – жер азығы; Еңбек – ердің көркі, ер – елдің көркі; Ер еңбегімен озады, еріншек егілумен тозады; Ер тынысы – еңбек, ез тынысы – ермек; Азығымен жер мүсінді, еңбегімен ер мүсінді деп келіп, ерді күні бұрын еңбекке ширатады, шындайды.

г) Кейбір мақал-мәтелдерде ер мінезіне жат әдеттер сынға алынған: Тымырық болса ер оңбас, тоңға жатса мал оңбас; Саздау жердің ағашы, сабырсыз ердің сазасы; Егінді жабайы шөп аздырар, ерді еріншектік аздырар; Қауғадан шошыған мал оңбас, жаудан шошыған ер оңбас.

Ер жынысына тән мақал-мәтелдердің ішінде **жігіттің** гендерлік бейнесі ерекше сипатталған.

1. Жігіт – ер жеткен, кәмелетке толған ер азамат. Халық ұғымында жас жігіт, ер жігіт, батыр жігіт, нар жігіт қайсар жігіт образында қалыптасқан. Мәселен, Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі; Жігіт жанған от болсын, от болмаса жоқ болсын; Нар маяның жүні – жібек, сүті – бал, нар жігіттің аймағы – ел, алды – мал; Батыл жігіт жол бастар, ақын жігіт той бастар; Арыстанды арыстандай жігіт алар.

2. Жігіт сегіз қырлы бір сырлы, яғни өнерлі, талапты, ақылды, білгір. Жігітке жетпіс өнер де аз; Сегіз қырлы балықты, тоғыз қырлы жігіт алады; Ақылды жігіт атқа да мінер, таққа да мінер; Сиырдың сүті – тілінде, жігіттің құты – білімде; Өнерлі жігіт өрде озар, өнерсіз жігіт жер соғар.

3. Қазақ қоғамында жігітті жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, тәртібіне қарап бағалап отырады. Мысалы: Жақсы жігіт досының қамын ойлайды, жаман жігіт басының қамын ойлайды; Алғыр жігіт ақылына қарай іс қылар, олақ жігіт оңай жұмысты күш қылар; Жаман теке – сүзіскек, жаман жігіт – ұрысқақ; Пайдасы мол жігіттер – дария шалқар көлмен тең, пайдасы жоқ жігіттер – ел қонбаған шөлмен тең; Жаман жігіт қыз таңдайды; Селтеңдеген – жігіттің соры, секеңдеген – серкенің соры.

4. Жігіт таңдаған жары мен жолдасына қарай сыналады. *Адам болар жігіттің жары өзіне лайық; Керуен бастар жігіттің нары өзіне лайық; Жігітке жар қымбат, намыс пен ар қымбат немесе жігіт жолдасымен белгілі; Жолдассыз жігіт – қанатсыз бүркіт; Сырт жерде жігіт жолдасымен сыйлы; Жолдасың жаман болса, алыс жүріп тұн қатпа, қатының жаман болса, кісі алдында тіл қатпа.*

Мақал-мәтелдердің гендерлік мәні *аталы-балалы әулеттің* үй ішіндегі орны, бірімен-бірінің қарым-қатынасы арқылы тереңдей түседі.

1. **Әке** – үйдің қамқоршысы, асыраушысы және балаға үлгі-өнеге, тәрбиеші ұстаз. Сондықтан халық даналығында *Әке – терек, бала – жапырақ; Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық; Баланың балалығында әкенің даналығы бар; Әкеден – ақыл, анадан – мейір* дей отырып, әкенің балаға ықпалын, бала тәрбиесіне жауапкершілігін алға тартады.

2. Ал **ата** бейнесінде *туған әке* (ата-ана), *үлкен әке* (әкенің әкесі), *бергі ата, арғы ата, жеті ата*, т.б. гендерлік образдары астарланып келіп, атаны құрмет тұту, сыйлау, атадан үлгі алу, өнеге үйренуді өсиеттейді. Мысалы: *Ата өнері – балаға мұра; Атасын сыйлаған абыройға бөленер; Ата – баланың қорғаны; Жеті атасын білмеген – жетесіз; Алты жыл аш болсаң да атаңның салтын ұмытпа; Ата кәсібі – бала нәсібі* дейді.

3. Ұл – ата жолын қуушы. Халқымыз **ұлға** (*ер бала, еркек бала*) үлкен үміт артып, туғаннан бастап ел қамын ойлайтын, есті, ер көңілді ер-азамат деп тәрбиелеген. Мақал-мәтелдердің гендерлік ерекшелігі де сол дәстүр көрінісімен сабақтасып жатыр. Атасақ: *Ұлтының қамын ойлаған ұл болады, құлқынның қамын ойлаған құл болады; Білімі жоқ ұл – жұпары жоқ гүл; Ұлды ұясында баулы; Бірысқа қарай ұл өсер, қонысқа қарай мал өсер; Ұл – өнерімен көркем.*

Тілімізде **әйелдің** әлеуметтік рөлін оның өмірдегі, отбасындағы орнын сипаттайтын гендерлік мақал-мәтелдер жеткілікті. Әйелге қатысты сөз мәйегі *әйел-ана, шеше, қыз, келін, қатын* образдарына тарамдалып келіп, олардың әрқайсысына тән гендерлік белгілерді жинақтап көрсетеді.

1. Халқымыз әйелдің дүниеге сәби әкеліп, бала өсіріп, тәрбиелеудегі рөліне мән берген. Мәселен, *Ана болған дана болады; Әйелді жаман десең, анаң соның ішінде; Бала – ананың бауыр еті; Алты ұл таппай ана болмайды, бес бала таппай белгілі әйел*

болмайды; Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш деп ана рөлін жоғары бағалайды.

2. Қазақтың байырғы тұрмысында сыртқы істерді еркек басқарған да, үй тіршілігін әйел билеген. Мақал-мәтелдердің өміршендік мазмұны осы дәстүрді сақтап келеді. *Әйел – үйдің қазығы; Әйел – үйдің көркі, еркек – түздің көркі; Жақсы әйел – үй дәулеті, жақсы шапан – той сәулеті; Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады; Ер – елдің иесі, әйел – үйдің иесі; Әйелі жоқ үй – суы жоқ диірмен* деген гендерлік мақал-мәтелдер әйелдің отбасындағы рөлін көрсеткен.

3. Мақал-мәтелдердің ендігі бір тобы әйелді мінез ерекшелігіне сай дараландырып, гендерлік тілдік бейнесін көріністеген.

а) Халқымыз *Ерін сыйлаған әйел елін де сыйлайды; Бақа жарығы сумен, әйел жарығы ермен; Әуелгі байлық – денсаулық, екінші байлық – он саулық, үшінші байлық – ақ жаулық* дегенде, әйелді байлықтың басы, азамат ердің қолқанаты, адал жар деп құрмет тұтқан.

ә) Бірақ әйелдердің де «жақсы», «жаманы» бар. Әйелдің жақсылығы тек көркінде ғана емес, ісінде, адамгершілігінде, ақылы мен өнерінде. Мысалы: *Жақсы әйел жарының жақсысын асырар, жаманын жасырар; Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді; Асыл әйел әрі еркек, әрі қатын; Білімді әйел басыңа қарайды, білімсіз әйел жасыңа қарайды*, т.б.

б) Гендерлік мақал-мәтелдердің бірқатары әйел бойындағы кейбір жағымсыз мінез-құлықты, талапсыздықты мансұқтайды. Мәселен, *Долы қатын – жылауық, сұғанақ қатын – сұрауық; Жаман қатынның мінезі қиық келер, сөзі сұйық келер; Жалқау қатынның төсегі тал түске дейін жиылмас; Күндес қатын күнде ауру, қала берді түнде ауру; Жаман көлдің суы – ащы, жаман қатынның тілі – ащы* деген мақалдардан байқағанымыздай, қазақ әйел жынысының ішінде қатынды төмендеу қойған. Әйелдің нашар қылықтары мен әрекеттерін қатынға телген.

4. Мақал-мәтелдерде *жесір әйелдің* де гендерлік бейнесі назардан тыс қалмаған. Феодалдық қазақ аулында, әулетінде жесір әйел күйеуінің руынан басқа руға, тіпті төркініне көшіп кетуге, не басқа рудан қалаған ерге шығуына еркі болмаған [Адамбаев 1996, 42 б.]. Осыдан келіп, *Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді; Жетім бала – кекшіл, жесір әйел – кекшіл; Жесір қатын – жел*

буаз; Әйелдің ақылын жесірінде көр, баланың ақылын жетімінде көр тәрізді мақал-мәтелдер туындаған.

Әйелге қатысты мақал-мәтелдердің ішінде **қыздың** гендерлік образы айрықша сипат алған. Халық талғамында қыз өзінің ұстамдылығымен, сыпайылығымен, ибалылығымен, әдептілігімен, өнерлілігімен, ісмерлігімен ерекшеленуге тиісті. Сонымен, қыз үшін ең басты нәрсе оның ақыл-парасаты, мінез-кұлқы, ар-ұяты, әдеп-инабаты.

1. **Қыз** – әке-шешенің, елінің еркесі, ауыл көркі. Қазақ қызын әлпештеп, сәндеп, еркелетіп, еркін өсірген және сан түрлі өнерге баулыған. Сондықтан гендерлік мақал-мәтелдерде қыз тәрбиесіне үлкен мән берілген. Мысалы: *Қыз әкесіне – жұлдыз, шешесіне – күн; Гүл өссе – жердің көркі, қыз өссе – елдің көркі; Келінім саған айтам, қызым сен тыңда; Қызға қырық үйден тиым, қырық үйден қарауыл; Қызды ауыл – көңілді; Өсектен сау сонау қыз, шайқалмаған сары уыз; Сыпайы қыз сұлу көрінер* сияқты мақал-мәтелдерден қыздың сүйкімді, сұлу, сыпайы бейнесіне қанық боламыз, әрі ұлттық тәлім-тәрбие берудің гендерлік қырларын тани түсеміз.

2. **Қыз – жат жұрттық, Қыз – қонақ** деп келген халқымыз қыз бала дүниеге келгеннен бастап, жасауын жинап, алдын-ала айттырып, қызды ұзатуға, отау иесі болуға дайындайды. Тіліміздегі қызға байланысты мақал-мәтелдердің біразы **қыз – қалыңдық** гендерлік бейнесін сабақтайды. Айталық, *Қыз бала – өріс; Күйеу келсе, қыз тұрмас; Қызды таныс алады, таныс алмаса қоныс алады; Ата даңқымен қыз өтер, мата даңқымен бөз өтер; Қыз жігіттікі, қымыз көптікі; Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды.*

3. Ауылында сыпайылап «қалыңдық» атанған қыз күйеуінің ауылына келісімен **«келін»**. Қазақ шаңырағында келіннің гендерлік рөлі басым. Ата салтын ұстанған келіннің жүріс-тұрысы, мінез-кұлқы, сөйлеу әдебі қазақ әйелінің гендерлік үлгісін ерекшелейді. Соған сәйкес халқымыз мақал-мәтелдерде *Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан; Жақсы келін – келін, жаман келін – келсап; Әр елден келін келер, әр түрлі ырым келер; Келіні жақсы үйдің керегесі алтын; Асты келін – аналы келін; Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп* деп келіннің әдепті, ибалы болуын тілеп, жамандықтан сақтандырып, жақсылыққа бағдарлайды.

Еркек пен **әйелді** қарсы қойып салыстыру немесе қатарластыра сипаттау қазақ мақал-мәтелдерінде жиі кездесетін гендерлік ерекшелік. Мысал келтірелік: *Еркек – бас, әйел – мойын; Еркек-*

ке жүрек керек, әйелге тірек керек; Ер айласы бір, қатын айласы мың; Еркек дауысты қатында ұят болмас, әйел дауысты еркекте қуат болмас; Ердің асылы күшінен білінеді, әйелдің асылы ісінен білінеді, т.б.

Қоғамның даму сатысында әйел мен еркектің әлеуметтік рөлінің күрделіленуі олардың тілінің қолданыс аясын кеңейте түсері аян. Ендеше, әйел – еркек, әйелдік – еркектік гендерлік категориялары тұрғысынан тілдік жіктелудің (тілдік бірліктердің) өзгешеленуін зерттеудің маңызы зор.

б) Тұрақты теңеулер – гендерлік таптаурындар бейнелілігі. Ер мен әйел бейнесін көркемдеген теңеулерді іріктеп, жүйелеп, гендерлік мәнін ашып көрсетуге әбден болады, ол үшін «Қазақ тілінің тұрақты теңеулер сөздігі» материалдарын пайдаландық [Қоңыров 1990].

Тіліміздегі гендерлік теңеулердің басым көпшілігі **әйел бейнесін сұлулық** ұғымымен, **ер адам бейнесін** үлкендік, ірілік ұғымымен байланыстыра сипаттап дараландырған. Теңеулерге образ болып қолданылып, әйел, ер бейнелерімен ассоциацияланатын халық ұғымындағы бейнелілік негізі – табиғат құбылыстары, төрт түлік, андар мен құстар, өсімдіктер, аспан шырақтары, шаруашылық-тұрмыс, кәсіпке қатысты атаулар, т.б. болса, осылардың әрқайсысы жыныс өкілдерінің гендерлік болмысын ажыратып суреттеуде өз ішінен іріктеліп келіп, сан түрлі стильдік реңк алған. Айталық, *нардай, атандай, өгіздей* образдары тек ер адамға ғана қолданылса, *сыырдай* образы тек әйел адамға ғана тән. Мысалы: *Сонадай жерде қара нардай қаңқайып Игілік кетіп барады* (Ғ. Мүсірепов); *Сыырдай қызыңды неге жұмсамайсың?* (Ө. Қанахин). Бұл теңеулердің мағыналары бір-біріне жақын болғанымен, стильдік реңктері, эмоциялық бояулары әр түрлі. Ендеше тұрақты теңеулерді көркемдік мазмұнына қарай халық түсінігінде қалыптасқан образдарға сәйкес, әйелге немесе ерге қатыстылығын жіктеп көрсетуге болады.

Қазақ халқының байырғы дәулеті – мал. Төрт түліктің әрқайсысының түрі-түсі, ерекшелігі, шаруашылық мәні жан-жақты анықталған. Халқымыздың сан ғасыр мал өсіру кәсібімен айналысуы ер мен әйелге қатысты көркем образдар тудыруға түрткі болды. Атап айтқанда, ерге қатысты гендерлік теңеулер: *атан өгіздей, ерттеулі аттай, таң асырған тұлпардай*, т.б. образдарымен келсе, әйелге қатысты гендерлік теңеулер: *бес биенің сабасындай, бо-*

тадай, ту биедей бұлықсу, сиырдай, жетім лақтай, т.б. түрінде келген. Мысал келтірілік: Таң асырған тұлпардай тұр қалишып жалғыз жігіт (Қ. Аманжолов); Өгіздей дөңкиген қара жон Дондағұл мынау екі балуан грузчиктің қатар соққысына төзе алмады (М. Әуезов); Бәйбіше енді түрленді, Ту биедей бұлықсып (Батырлар жыры); Ботадай нәзік, сүйкімді екені анадайдан байқалып тұр (Ғ. Мұстафин).

Қазақ баласының сүйегіне сіңісті салт-дәстүрлердің бірі – аңшылық, саятшылық, құсбегілік өнер. Әуелде қыран құс атып, аң аулау тіршілік етудің күн көрудің қамы болса, кейін келе сауық-сайранға ұласып көркем өнер ретінде дамыған. Осыған байланысты тіліміздегі гендерлік теңеулердің бірқатары аңдар мен құстардың табиғи ерекшеліктеріне, қимыл-әрекеттеріне негізделген. Олар: қырдың қызыл түлкісіндей, бұлғындай бұраң бел, ағашқа өрмелеген ақ тиіндей, сүйіріктей сұлу, тоты құстай сылану, үкідей желкілдеу, ақ қанатты көгершіндей, айдындағы аққудай деп әйелге тән сұлулықты, нәзіктікті ерекшелесе; жолбарыстай долдану, барыстай атылу, ақ тұйғындай құнтию, түлкіге төнген бүркіттей түйілу, тұрымтайдай алғыр деп ерге біткен қайтпас жігер мен мұқаусыз қайратты суреттеуде кеңінен қолданылады. Мысалдарға жүгінсек: Қырдың қызыл түлкісіндей құлпырып тұрған сұлу келіншек (І. Есенберлин); Бұрала басқан басқан сайын бұлғындай бұраң белді қыздың тар мықыны былқсылқ тербеле түсті (Ө. Қанахин); Шеркес Қали жігіттер арасында түлкіден епті, тұрымтайдан алғыр (І. Жансүгіров); Жәнібек барыстай атылып, Қарабайды ат үстінен жұлып алған (І. Есенберлин).

Қай ұлт болмасын, өзінің ұзақ дамуы тарихында эстетикалық ұғым-түсініктеріне, шаруашылық кәсібіне, мінез-құлық, ырым-наным, салт-дәстүр ерекшеліктеріне байланысты сүйкімді образдары, сөз символдары болады [Негимов 2001]. Мәселен, гүл – нәзіктіктің, күн – асқақтықтың, рухани нұрлылықтың, хор қызы – көркемдіктің, аққу – сұлулықтың, әсемдіктің символы болып есептеледі. Мұндай образ-символдар әсіресе қыздың, сұлу қыздың, жалпы әйелдің гендерлік бейнесін суреттегенде жарқырай түседі. Мысалы: «қыз өңі бейне бір үлбіреген қырдың қызғалдағына ұқсап кетті», «таң гүлі секілді әдемі қыз», «шырайлы кескіні бұлт арасынан шыға келген күн сияқтанып», бәйшешектей балауса қыздар», «гүлдей ару

қыз», «ай мен күндей нұры бар жалғыз ару», «жаннаттан шыққан хорлардай», «бітіпті хор қызындай саған көрік», т.б. теңеулерді келтіруге болады. Қазақ түсінігінде әйелдің сыртқы әдемілігімен қоса ішкі жан-дүниесі де әсем болуы керек. Сонда ғана ол шын сұлу бола алады.

Әйел образының көркемдік әлемінің қыртыс-қабаттары, ағыс-толқындары, құпия астарлары мейлінше мол. Әйел сұлулығының мың құбылған сан-салалы сыры қазақ ұғымындағы ең қасиетті нәрселерге теңеледі, ең «сүйкімді» нәрселермен салыстырылады. Мәселен, «жібектей үлбіреп тұрған ақ келіншек», «ақ мамықтай қыз», «ақ жүзі ақықтың асыл көркіндей», «піскен алма секілді тәтті қыз», «сұлу денесі қызғалдықтың үлбіреген жапырақтарындай әдемі», «әйелдің судан тұнық, сүттен ақ көңілі» тәріздес гендерлік теңеулер әйелге тән көріктілік, нәзіктік, жұмсақтық, жадыраңқылық қасиеттерді айшықтаған.

Ал ер адамның, жігіттің гендерлік тұлғасы батылдық қасиетпен, ерлік қимыл-әрекетпен көріктеліп, табиғат құбылыстарының ішкі динамикасымен астасып жатады. Табиғат құбылыстары, жаратылыс суреттері (ай жарығы, күннің нұры, тау мен тастың жаңғырығы, самал лебі, су гүрілі, шөп сыбдыры, құстар үні, т.б.) гендерлік теңеулерде жиі ұшырасады. Мұндай теңеулердің қатарын *арқадан соққан борандай, алатаудай айбат, теңіздің толқын шашиқан селіндей, мұздай болып қату, екпіні қатты дауылдай, асқар белдей ерлер, соққан желдей екпіндеу*, т.с.с. толықтыра түседі.

Гендерлік теңеулердің бірқатары **жігіттікке тән** жастық албырттықты, алғырлық пен өткірлікті ерекшелеген. Айталық, *болаттай берік, өткір кездіктей, қорғасын құйылғандай зіл-зәрлі, қылыштай қылпылдау, семсердей өткір*, т.б. Мысал келтірелік: *Жарболат атына сай болаттай берік, құрыш білек, асқан шебер, талантты, ер жүрек болып өсті* (Қазақ ертегілері); *Мынау қалың бермеген, жүзіктің көзінен өткендей, қылыштай жас жігіт, анау аққудың көгілдіріндей желкілдеп өсіп келе жатқан бүлдіршін қыз* (С. Мұқанов); *Клим өсті, жетті, жігіт болды, Семсердей өткір, өжет, болат берен* (Жамбыл). Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, жігіттің қайрат-жігері, өжеттігі, өтімділігі аталған заттардың беріктігімен, мықтылығымен, өткірлігімен ассоциацияланып, жігіттің гендерлік бейнесін күшейте көрсеткен.

Қазақ теңеулерінің гендерлік тілдік өрнегі портреттік суреттеулермен нақыштала түскен. Әйел мен ерге тән мінез-құлық, қимыл-әрекет, тұлға-тұрпат ерекшеліктерін көркемдік қырынан тануда портреттік теңеулердің рөлі күшті. Атап көрсетсек,

а) әйелдің гендерлік портреті:

- **дидар жүзі (беті):** *айнадай ай жүзі, ақша беті айдындай, майдағы қызыл гүлдей беті, аршыған ақ жұмыртқадай аппақ өңді;*
- **шашы:** *торғындай толқынды, тал шыбықтай өрілген қолаң шашы, жібектей қап-қара қалың шашы, сүмбілдей қара шашы;*
- **мойны:** *аққу құстың мойнындай, ақ торғындай мойны;*
- **қасы-көзі, кірпігі:** *қарлығаштың қанатындай қап-қара қасы, айдай сызылған қастары, шолпандай алтын кірпігі, қос жұлдыздай қос жанары, тұнжыраған қарақаттай көздері;*
- **ерні:** *оймақтай, ерте піскен бүлдіргендей, қызғалдақтың үлбіреген жапырақтарындай әдемі;*
- **тісі:** *меруерттей тісі, ақ маржандай тісі;*
- **төсі:** *ақ көбіктей, қос алмадай, бұзылмаған алмұрт тәрізді ақ төсі;*
- **саусағы:** *мақпалдай ақ саусағы, сүйріктей нәзік саусағы;*
- **белі:** *қылдай жіңішке, көк шыбықтай солқылдайды аш белі, тал шыбықтай бұраңдайды нәзік бел, тартқан сымдай нәзік белі;*
- **тұлға-тұрпаты:** *жайықтың боз талындай, қамыстай әдемі тұлғасы, аппақ қардай денесі, ақтығы наурыздың ақша қарындай;*
- **лебізі, күлкісі:** *жаздың лебіндей лебізі, сыбызғыдай жіңішке даусы, күмістей сыңғырлаған үн, күлкісі күміс қоңыраудай;*
- **қимылы:** *жібектей жеңіл, ақ мамықтай, ақша бұлттай нәзік, оттай ойнақы, сұқсырдай сыланған, қаздай майпаңдаған;*
- **мінезі:** *уыздай таза, балға ашытқан қымыздай тәтті, жаздағы таңдай сызылған мінез, аршылған күмістей ақ жарқын, үлбіреген толқындай нәзік жүректі, бұлтсыз күндей ашық жайдары, т.б. түрінде бейнеленген.*

Тілімізде әйелге арналған тұрақты теңеулердің басым көпшілігі ақ түспен, ақ түсті заттармен ассоциацияланады. Мәселен, ақ

маралдай керілген, атқан таңдай аппақ ақ етің, аппақ нұрдай аққу қыз, жұмыртқадан ақ келін, ақ күмістей сенің жүзің, жібектей үлбіреп тұрған ақ келіншек, ақ мамықтай қыз тәріздес теңеулер әйелдің дидар сұлулығы мен жан-дүние әсемдігін сипаттауда ерекше орын алады.

ә) **ер адамның гендерлік портреті:**

- **дене тұлғасы:** оқтай түзу, сұр жебедей тіп-тік тұлға, бітімі, екі иіні қақпақтай, жолбарыстай келбетті тұлға, кеудесі есіктей кең;
- **сақал-мұрты:** сақалы күректтей, айғырдың қылындай сақалы, нар күмістей қара бұйра сақалы, қияқтай мұрты, тікенектей көк сақалы;
- **мінезі:** ердің көңілі күнмен тең, мінезі құйған қорғасындай салмақты деп сипатталған.

Ерге қатысты қолданылатын гендерлік теңеулердің ішінде соқтауылдай, соқтандай, соқталдай, сайдауыттай, арыстай, алпамсадай, еңгезердей, қарқарадай сияқты үлкендік, ірілік ұғымын білдіретін образдарды мол кездестіреміз. Сонымен бірге төңкерген астау тәрізді үлкен, өгіздей дөңкиген, аюдай қорбаңдаған, сүзеген бұқадай тоң мойын, екі иығына екі кісі мінгізгендей, бойы есектің қодығындай деп келген стильдік мәндегі теңеулер ер адамның іс-әрекетіндегі кейбір ебедейсіз, қолапайсыз қимылдарды айрықшалаған.

Бұл айтылғандармен қатар халық санасында ер мен әйелге байланысты қалыптасқан ұғымдар мен түсініктердің теңеулерге образ ретінде алынған мысалдары да көп.

а) **әйел** (қыз, бикеиш, қатын, жеңге, ана, әже) образымен жасалған теңеулер: қыздай қылық көрсету, қыздың ерніндей, ұзатқан қыздай қоштасу, он төрт жасар сұлудай, арудың ақ бетіндей, үкілі бойжеткендей бұлғақтау, келіншекттей қылымсу, кербез әйел секілді паң, өсекші қатынша, мырза жеңгең секілді, ақ жаулықты анадай, қарт әжедей қарсы алу, т.б. Мысалы: *Қызғылы қыздың ерніндей, Бозғылы боздың өңіндей* (І. Жансүгіров); *Он төрт жасар сұлудай ай ортада, Иіліп тұр белінен аз-ақ сынбай* (І. Байзақов); *Мырзашөл бір мырза жеңгең секілді. Ақ дастархан жая берер алдыңнан* (С. Мәуленов).

ә) **ер** (бозбала, жігіт, әке, ата, шал) образымен жасалған теңеулер: ерше өлу, еркекше боқтау, бозбаладай ойқастау, жас

жгіттей атылу, ауылдың сал жгіттеріндей, қыз алдында тұрған жгіттей, әкеңдей қамқор, атадай ақ тілеулі, қаусаған шалдай, т.б. Мысалы: Кейбір жолдар жас жгіттей атылып, жарыса кеп төмен түскен тау, шыңнан (С. Мәуленов); Атадай ақ тілеулі Қостанай тұр, Арнаған бар қылығын баласына (Д. Әбілов).

Сонымен, гендерлік теңеулердегі негізгі ой желісі халықтың өзіндік тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, әдет-ғұрып ерекшеліктері, мінез-құлқы, болмыс-бітімі, интеллектуалдық, өнерпаздық қасиеттерімен сабақтастырылған.

Қорыта айтқанда, замандар бойы жалғасып келген таптаурын белгілер тілде айқын көрінеді. Сондықтан әйел мен ер жынысына тән гендерлектілер мен оларға байланысты қолданылатын сөз өрнектерін түзіп, зерттеп-зерделеудің гендерлік лингвистиканы дамытуда маңызы зор.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Таптаурын дегеніміз не?
2. Тілдік таптаурындар дегенді қалай түсінесіз?
3. Гендерлік таптаурындарды қалай ажыратамыз?
4. Қазақ тілінің лексика-паремологиялық жүйесіндегі гендерлік таптаурындардың рөлі қандай?
5. Гендерлік таптаурындардың фразеологизмдердегі көрінісін сипаттаңыз.
6. Гендерлік сипатты мақал-мәтелдердің таптаурындық мәнін түсіндіріңіз.
7. Гендерлік таптаурындардың тұрақты теңеулер түріндегі бейнелілігіне мысалдар келтіріңіз.
8. Ер бейнесінің гендерлік таптаурындану ерекшелігін көрсетіңіз.
9. Әйел бейнесінің гендерлік таптаурындану өзгешелігін айқындаңыз.
10. Гендерлік таптаурындарға салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасаңыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Рауан, 1996.
2. Байбурун А. К. Некоторые вопросы этногра-фического изучения поведения // Этнические стереотипы поведе-ния. – Л., 1985. – С. 7-21.
3. Маслова В. А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. – Минск: Тетре Системе, 2004.

4. Матурана У. Биология познания // Язык и интеллект. Сб. статей / Под ред. В. В. Петрова. – М., 1996. – С. 95-142.

5. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис, Стилистика. Поэтика. – Алматы: Ғылым, 2001. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977.

6. Краткий словарь когнитивных терминов / Под ред. Е. С. Кубряковой. – М.: Издательство МГУ, 1996.

7. Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1990.

8. Щепанская, Т. Б. Женица, группа, сим-вол (на материале молодежной субкультуры) // Этнические стереотипы мужского и женского поведения. – СПб., 1991. – С. 17-29.

9. Goffman E. *Gender Advertisements*. – New York: Harper Row, 1986 (1976).

10. Talbot D. *Language and Gender: an Introduction*. – Cambridge: Polity Press, 1998.

8-тақырып. Гендерлік жіктелімнің тіл деңгейлеріндегі көрінісі

- 8.1. Фонетика деңгейіндегі гендерлік ерекшеліктер
- 8.2. Гендерлік жіктелімнің лексикалық сипаты
- 8.3. Гендердің грамматикадағы көрінісі
- 8.4. Гендерлік жіктелімнің стилистикалық өзгешеліктері

Негізгі ұғымдар

Дауыс, дауыс тембрі, «еркек-әйел дауысы», дыбыстардың дифференциалдық қасиеттері, интонация, тілдің сегменттік және супрасегменттік деңгейлері, туыстық атаулар, табу мен эвфемизмдер, тұрмыстық лексика, гендерлік антропонимдер, гендерлік қаратпалар

8.1 Фонетика деңгейіндегі гендерлік ерекшеліктер

Гендерлік айырым белгілер тілдің барлық салаларынан табылады және де ол түрлі тілдерде, түрлі дәрежеде көрініс береді. Соның ішінде гендерлік фонетика-фонологиялық ерекшеліктер өз алдына үлкен бір қабат құрайды.

Алғашқы әлемдік өркениеттің тіл иеленушілерінің бірі ретінде шумерлерде эпикалық мәтіндер мен құдай аналар гимнінде, құдай аналар, әйелдер мен қызметкерлер сөзінде кездесетін өзгеше «әйел тілі» (*eme-sall*, акк. *ummisallu*) ажыратылып көрсетілген [Дьяконов 1967, 35-51 бб.]. Ол негізгі шумер тілінен (*eme-KU*) фонетикалық жағынан ерекшеленеді, ал лексикалық тұрғыдан айырмашылығы шамалы. Мысалы, негізгі шумер тілі (*EK*) мен «әйел тілі» (*ES*) арасындағы дауысты дыбыстар сәйкесімі **a>a**, **e>a**, **i** (мүмкін, екпіннің түсуіне байланысты); **i>e**; **u>e** түрінде көрінеді (*EK kiri* «бақша»>*ES ke-re*, *EK inim* «сөз»>*ES e-ne-em*, *EK digir* «тәңір»>*ES dem-me-er*). Шамасы, еркектер қолданатын айтылымдық ерекшеліктер әйелдер үшін табу сипатында болған. Әйел аталымдары түсінікті болу үшін мәтінде логограммасыз, фонетикалық жолмен, буындарға жіктеліп беріледі. Сол сияқты аккад тіліне ауысқан шумерлік сөздердің басым көпшілігі әйелдер тілі арқылы енген тұрмыстық сөздер екені анықталды. Жалпы ежелгі шумер

тілі жанрлық түрлерге, кәсіби тілдерге бөлінген. Атап айтсақ, негізгі тіл, жоғары тіл (ресми) тіл, ерекше тіл, теңізшілер тілі, малшылар тілі, т.с.с.

Зерттеулерге сүйенсек [Дьяконов 1967, 48 б.], осыған ұқсас жағдай Калифорния үндістерінің яна тайпасында орын алған. Мұнда еркектер әйелдермен әйелдер тілінде, ал өзара ерлер тілінде сөйлеседі. Әйелдер ерлер тілін тек олардың сөздерін мысалға алған кезде қолдануларына болады (мысалы, еркектің батырлығы баяндалатын ертегі жайлы сөз еткенде). Еркектер тілі – ресми сипатта, әйелдер тілі – ауызекі тілдік мәнде жұмсалады. Әйелдер тілінде этнографиялық белгілер мол сақталған. Ғалымдардың пікірінше, «әйел тілі» жергілікті тіл ерекшеліктерінің (аймақтық диалектілердің) негізі болуы мүмкін. Батыс Сібірдегі чукот тілі де сөйлеушінің жыныс ерекшелігімен байланысты фонологиялық тұрғыдан түрленіп отырады. Мұнда әйелдер айтуындағы **ц** дыбысы ерлердің **р** дыбысын айтуымен сәйкес келеді. Сол сияқты Монтанодағы gros вентр тайпасында ерлер мен әйелдерге тән дыбыстық айырмашылықтар қатаң сақталған. Мәселен, таңдай арты, шұғыл дауыссыз **/к/** дыбысын ер адам аффрикатпен алмастырып айтады. Сондықтан бұл тілдік жағдайда айтылым гендердің айрықша белгісі ретінде танылады [Коатс 2005, 75 б.].

Көне құбылыстар кейбіреуі қазіргі тілдерде де кездесіп қалады. Атап айтсақ, орыс говорларында **[р]** орнына **[й]** дыбысын қолдану – көненің көзі, бұлай сөйлеу тек әйелдерге тән (мысалы, *бйат (брат), бейоза (береза)* деу) [Мечковская 2001, 260 б.]. Осы ретте ғалымдар әйел тілінде бұрынғы қалып (консерватизм) басым деген пікірді жиі айтады. Дей тұрса да, бірқатар лингвистер әйел тілінің өскелең ұрпақ тәрбиесіне әсері мол, сондықтан да әйелдің сөйлеу тілінде әдеби тіл нормалары қатаң сақталған әрі қостілділік жағдайда әйел келешекте балаларына тиімді болар тілге көбірек мән береді деп көрсетеді [Потапов 1997, 53 б.].

Америкалық және британдық нұсқадағы қазіргі ағылшын тілі мен орыс тілі материалдары негізінде «**еркек-әйел дауысына**» қатысты акустикалық және айтылымдық ерекшеліктерді зерттеген В. В. Потапов фонетикалық жіктелім арқылы берілетін мәліметтің екі түрін бөліп көрсетеді:

1) фонетикалық мәлімет (мысалы, дауыс тембрі (әуені), бірқатар сегменттік, атап айтқанда, дыбыс пен буын деңгейіндегі

акустикалық-артикуляциялық белгілер және фразалық деңгейдегі суперсегменттік ерекшеліктер, дыбыстық мәтіндер);

2) әмбебаптық мәлімет (мысалы, «еркек-әйел дауысы» белгілерінің сөйлеу кезіндегі жасына, білім деңгейіне, тәлім-тәрбиесіне, әлеуметтік жағдайына, мамандығына, экономикалық факторларға («эконолингвистика» тұрғысынан) сәйкес функционалды корреляциялануы, сол сияқты диалектілік ерекшеліктерге, билингвалдық айтылымға, эмоционалдық және коннотативтік факторлардың әсеріне, басқа да түрлі жағдайларға байланысты дауыстың түрленіп келуі. Бұл мәліметтердің әрқайсысы, бір жағынан, жеке адамның нейрофизиологиялық, психикалық, антропөлшемдік ерекшеліктерімен, екінші жағынан, әлеуметтік және экономикалық факторлармен байланысты [1997, 52б.].

Дауыс – айтылғанның мәнінен (не айтылғанынан) бұрын сапасын (қалай айтылғанынын) бейнелейтін пәрменді күш. Айтылғанды ойға көшіріп, талқылып, қорыту алдында адам біраз уақыт дауыс жетегінде болады. Дауыс (сөздермен бірге не сөздерден тыс) санада сезімдік жауап ретінде қабылданады [Крейдлин 2000, 435 б.]. Айталық, әйелдер өзара әңгімеде жай (бірқалыпты) дауыспен сөйлеседі. Күнделікті қарым-қатынаста жай дауыс, ал шиеліністі немесе эмоциялық жағдайларда дауыс екпіні (кейде дауыс дірілі) күшейіп, әдеттегіден жоғары (қатты) дауыс түрі қолданылады.

Дауыс сапасында мәдени және табиғи белгілердің сабақтасып келуі еркек пен әйел дауысы мен дауыс әрекетін (просодиясын) ерекшелендірген [Коттхофф 2005, 575 б.]. Анатомиялық жағынан алғанда, еркек дауысы (нормаға сай) көмей мен дауыс шымылдығының кең, үлкен болуына байланысты әйел дауысынан ажыратылады. Әйел адамның дауыс шымылдығының қысқа болуы тербеліс жиілігін (герцпен өлшенеді) күшейтеді де, жоғары (жіңішке) дауысты көрсетеді. Ер адамның дауысы – төмен (жуан), орташа есеппен 100 гц өлшемге сәйкес келеді. Әрине, бұл жерде жеке адамға тән дауыс құбылулары болатынын ескеріп отырған жөн.

Бірнеше тілдер мен диалектілерді салыстыра зерттеу нәтижесі еркек пен әйел дауысы тек физиологиялық жағынан емес, әлеуметтік тұрғыдан да ерекшеленетінін көрсетті. Екі дыбыстың (мысалы, *екі дауысты* немесе *екі ызың дауыссыз*) біреуін әйел, екіншісін еркек дыбыстаған тәжірибеде фонетист-ғалым екеуін де «бірдей» деп анықтағанымен, дыбыс анықтағыш

құралдар формантты құрылымдағы айырмашылықтарды тіркеген. Спектрлі талдауға сәйкес, әйел дауысының спектрлік құрылымы ермен салыстырғанда, 18%-ға жоғары, бірақ бұл көрсеткіш дауыстылардың сапасына қарай өзгеріп отырады. Сонымен, әйел мен еркек дауысына тән гендерлік ерекшеліктер әсіресе оңтүстік ағылшындық, жалпы америкалық, нидерландтық үлгілер мен француз, швед тілдерінде және Мидленд (Англия), Утрихта (Нидерланд) диалектілерінде кездесетіндігі белгілі болды. Еркек пен әйел дауысының нормалық үлгісінің түрлі тілдерде көрінуі оның элеуметтік айырмасына және қоғамда қалыптасқан таптаурындық сипатына қатысты түсіндіріледі [Шевченко 1990].

Ал интонацияға келсек, талдауларда көбінесе тілдік біліктілік, озық үлгілер мен бұрынғы қалып, эмоционалды, элеуметтік мәртебе мен элеуметтік тіл негізге алынады. Мәселен, элеуметтік мәртебесі бірдей топтың ішінде білімді әйелдер интонациялық біліктілігін үнемі жетілдіріп, заманға сай озық үлгілерді игеріп отырады. Интонацияның әйелдің элеуметтік рөліне әсері тілдік қатынаста айқын көрінеді. Интонациялық нормадан ауытқу эмоционалды деңгейде орын алады. Көбінесе ер адамдар арасында (ашу үстінде, қуану сәтінде) байқалады. Мұндайда екпінді буындар интервалы – 6 пт құрап, 4 есеге дейін көтерілсе, әйелдерде – 5,8 пт көрсетіп, 2 есеге өседі. Гендерлік таптаурындар әйел тілінің эмоционалдығын (*жіңішке дауыс, жоғары диапазон, шапшаң сөйлеу*) баса көрсетеді [Потапов 1997, 56 б.].

Еркек пен әйел дауысының айырмашылық белгілерін тілдің сегменттік және супрасегменттік деңгейлерінен де кездестіруге болады. Соның ішінде сегменттік деңгейде дауысты дыбыстар қатарын зерттеу – әйел тіліне қатысты мәліметтерді толықтыра түсері абзал. Себебі әйел дауысының тембрі дауыстыларға негізделген. Сонымен, сегменттік салыстыруларға назар аударсақ, айтылым ерекшелігі әйелдерде – вокализмдер, ерлерде – консонантизмдер аясында көрініс тапқан. Бұл қарама-қарсылық еркек пен әйел дауысының просодикасына да қатысты. Фразадағы акцент түсірілген сөздің фонетикалық дыбысталуы әйел тілінде екпінді дауысты дыбыстардың, ерлерде дауыссыз дыбыстардың созылып айтылуымен ерекшеленеді. Екпінді дауыстылардың созылып айтылуы ауызша тілде кең қолданылады және дауыстың музыкалық қозғалысын айқындай көрсетеді. Әйел дауысының түрленіп,

құйқылжып отыруы дауысты дыбыстардың созылыңқылық сипатына байланысты. Әйел дауысына тән аталған ерекшелік белгілері түрлі тілдік ортада (мәселен, балаларымен қарым-қатынаста немесе пікір білдіргенде (бағалауыштық сипатта) пайдаланылады [Потапов 1997, 52-62 бб.].

Жалпы алғанда, әйел тілі интонациялық амалдарға бай. Ер адамдар мұндайда лексикалық және грамматикалық амалдарды тандайды (*Ой жарайсың! Бәрекеді! Жігітсің!*, т.б.).

Н.С. Трубецкой, К. Бюлердің ізімен, тілдік қатынаста дыбыстар арқылы берілетін мәліметтің үш түрін бөліп көрсетеді:

1) экспрессия немесе сөйлеушінің мінез-құлқы я айтылымды жеткізу шеберлігі;

2) аппеляция (тыңдаушының көңілін аудару);

3) экспликация (айтылатын ой, зат, ... туралы хабар) [2000, 29 б.].

Дыбыстардың дифференциалдық қасиеттері (кульминативтік, делимитативтік, дистинктивтік) туралы М. Жүсіпұлы еңбегінде кеңінен сөз болады. Ғалымның «Негізгі қызметтің тіл құралының құрамында болуы міндет, яғни мағына өзгертетін (айыратын) қызмет әр түрлі тілдерде әр түрлі дыбыстар (фонемалар) арқылы ғана емес, сол дыбыстау единицаларының қасиеттері арқылы орындалады» [1998, 127 б.] – деген пікірін келтіре отырып, тіліміздегі кейбір дыбыстардың жеке қасиеттері арқылы гендерлік ұғым да қалыптасатынына көз жеткіземіз.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде фонологиялық-экспрессивтік қызмет атқарып, сөйлеушінің тұлғалық келбетін сипаттайтын қасиетке ие дыбыстардың бірі – **h** фонемасы. Ол көбінесе араб-парсы тілдерінен ауысқан кірме сөздерде кездеседі. Өзге түркі тілдерінде айтылатын **h** спирантының қолданылу жайы мен айтылу күйі, фонетикалық қасиеті біркелкі емес. Қазіргі қазақ тілінде **h** бірде қатаңданып тіл арты қ-х дыбыстарына ауысса, бірде мүлде түсіп қалып айтылады: *айуан, хайуан, жаған, шағар*, т.б. Сонымен **h** дыбысын қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қазақ қоғамы әлеуметтік жыныстық жіктелімін айқындайтын фонетикалық ерекшелік деп тануға болады. Өйткені **h** дыбысының (араб тілінің нормасына сәйкес) айтылуы бойынша: 1) сөйлеушінің медреселік білімі (мұсылманша сауаттылығы); 2) жасы; 3) әлеуметтік жағдайы (дәулетті болуы); 4) жынысы (білімді ер адам) ажыратылатын болған. Бір сөзбен айтқанда, **h** дыбысы ер адамдар тілінде кездесетін гендерлік ерекшелік болған.

Кейіннен мұның өнер туындыларын сахналауда драматургтер, композиторлар, режиссерлер, либереттистер, актерлер тарапынан ескеріліп отырғандығын байқауға болады. Соның дәлелі ретінде М. Төлебаевтың «*Біржан-Сара*» операсындағы (либереттосы Қ. Жұмалиевтікі) молда үкімін бейнелейтін сахналық көріністі айтуға болады: (киімі, апеллятивтік, лексикалық амалдардан басқа) **h** дыбысының стильдік қолданысы шығарманың әлеуметтік идеясымен сабақтастырыла келіп, авторлық ұшқырлық пен актерлік шеберлікке тәнті етеді [Татубаев 1978, 64 б.].

Еркек-әйел дауысына тән фонетикалық белгілерді салыстыруда интегративтік айтылымның белгілі бір этносқа, этникалық ортаға байланысты ерекшеліктерін де ескерген абзал [Потапов 1997, 59 б.]. Өйткені сөйлеу тіліне этнолингвистикалық факторлардың әсері көп. Айталық, тіл алды дыбысталудың (артикуляциялық базаға тән ерекшеліктер) акустикалық өлшемдерге, соның ішінде дауыстың жоғары регистріне тікелей қатысы бар (мысалы, орыс халқымен салыстырғанда, неміс халқы ерлерінің дауысы төмен келеді; жоғары диапазон Қиыр Шығыс әйелдеріне тән, орта және төменгі диапазон Еуропа әйелдерінің дауысын ерекшелейді, т.б.).

Қазақ тіл білімінде жүргізілген арнайы гендерлік зерттеулер болмаса да, бірқатар ғалымдардың еңбектерінде еркек пен әйел тілінің фонетикалық жіктелімі мәселесі ішінара сөз болады. Солай бола тұрса да, мұндай мәліметтер гендерлік тілдік талдауларға негіз болары анық. Әйелдерге ғана арнаулы жүйелі тіл болмаса да әйел тілінің өзгешелігі қазақта жоқ емес. Сол өзгешеліктерді Қ. Жұбанов әйел тілінің арнайы белгілері арқылы көрсетеді: Мәселен, «ернін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шылып еткізу» (таңданғанда), «аузын быртылдату» (кекеткенде). Міне, мұның соңғы екеуінде үнсіз ым ғана емес, дыбыс шығару да бар. Бірақ дыбыс айырынды (членораздельный) емес»... [Жұбанов 1990, 41 б.].

С. Татубаев еңбегінде [1978] вокалдық тілдегі фонетикалық ерекшеліктер сөйлеу тілі фонетикасымен салыстырыла берілген. Гендерлік лингвистика үшін маңыздысы – автор қазақ әншілерінің ән айту форманттық аймағын (певческая формантная область) ішінара еркек-әйел дауысы арқылы эксперименттік әдіспен зерттеген. Бұл ретте ғалым дауысты дыбыстар спектріне талдау жасап, олардың әрқайсысына акустикалық сипаттама беруді мақсат еткен.

Музыкалық дауыс жас-жыныс айырмашылығына қарай арнайы бөлінеді: ересек еркек дауысының түрлері – төмен (*бас*), орта (*баритон*), жоғары (*тенор*); әйел дауысының түрлері – *альт*, *контральто*, *сопрано*, *меццо-сопрано*, *колоратурлық сопрано*. Әйел дауысының әншілік нормасы – жоғары дауыс (дауыс шымылдығының жіңішке, қысқалығына қарай дауыс жоғарылай түседі). Тілімізде ән айтумен байланысты туындаған сөздер мен сөз тіркестері жетерлік: *сыңғырлаған дауыс*, *әуезді дауыс*, *жақсы/жаман дауыс*, *жасанды дауыс*, *тамаша дауыс*, *дауысы таза*, *дауысы бар/жоқ*, *дауысына ие болу*, *дауыс диапазоны*, *даусын игеру*, т.б.

Қай тілде болса да, әуеннің рөлі ерекше және ол тілдің бірден-бір өзгешелік белгісі бола алады. Тілдің әуені адамның сөйлеу ерекшеліктеріне қарай құбылуы мүмкін. Әйтсе де ол құбылу сол тілдің әуенінің негізгі формаларынан тыс өзгеше ауытқи алмайды. Акустикалық жағынан қарағанда, әуен сипаты әр уақытта өзгеріп тұратын негізгі тон жиілігіне (частота основного тона) сәйкес. Сөйлеу тілінің негізгі тон жиілігі шамамен бір октава деңгейінде, ал ән айтуда әсіресе қазақ композиторларының операларында екі октава аралығында өзгеріп отырады. Сөйлеу тілінде ер адамның қалыпты диапазон жиілігі секундына 100-250 тербеліс, әйел дауысы 250-500 тербелісті шамалайды [Татубаев 1978, 49 б.].

Тағы бір ерекшелігі, ғалымдар дауыс өлшемдерінің түрлі мәдениеттерде қалыптасқан мөлшері болатынын да анықтаған. Мәселен, жапон әйелдеріне – 225 гц, испан әйелдеріне – 217 гц, америкалық әйелдерге – 214 гц және швед, голланд әйелдеріне – 200 гц тән деп көрсетілген. Сонымен бірге әрбір мәдениетте дауыс түрлеріне қатысты түрлі гендерлік таптаурындар да орын алған. Жапон тіліндегі дауыс ерекшеліктерінің гендерлік мәнін зерттеген И. Охара жоғары (жіңішке) дауысты жапон әйелдері тартымды, сүйкімді, нәзік, сыпайы, байсалды, жас әрі сұлу деп бағаланады да, төмен (жуан) дауысты әйелдер бірбеткей, тік, өзімшіл, ашық әрі күшті есептеледі дейді [Коттхофф 2005, 575 б.].

Орыс тілінде «*грудной голос*», қазақ тілінде «*дауысы ащы*» тіркесі әйелге қарата қолданылады. Ал ағылшын, неміс тілдеріндегі *rich voice* және *tiefe Stimme* ұқсас нұсқалары тек әйел дауысын ерекшелемейді [Крейдлин 2000]. Қазақ тілінде әйел дауысын бейнелейтін гендерлектілер: *еркек дауысты*, *дауыс қылды*, *дауыс етті (салды)*, *бажылдақ*, т.б. Мысалы: «*Дауысы еркек үндес*

боп, гүжілдеңкіреп, шығатын, жарықшақ үнді Ділде Әйгерімнің жүзінен көзін алмайды» (М. Әуезов, Абай жолы); *«Ол өлмесе, ана бажылдақ кемпір жыламас еді зой»* (М. Сүндетов, Балық аула).

Стильдік мәнде жұмсалатын орыс тіліндегі *«бабий голос»*, қазақ тіліндегі *«әйел/қатын дауысты»* тіркесі ер адамға қатысты пайдаланылады. Тіліміздегі еркек дауысын өрнектейтін гендерлектілер: *бұқа дауысты, гүжіл үнді, аюдай ақырды, арыстандай ақырды*, т.б. Мысалы: *«Еркек дауысты қатында ұят болмас, әйел дауысты еркекте қуат болмас»* (Мақал); *«Алыстан Түйебайдың аюдай ақырған дауысы естіліп, денені түршіктірді»* (Ә. Әбішев, Терең тамыр); *«Гүжілдек жігіт сөреге жетіп, бүйірін таянып тұра қалған келіншегін көтеріп алып, шыр көбелек айналдырып жүр»* (С. Бердіқұлов, Егеулі найза).

Жалпы алғанда, көптеген тілдерде әйелдермен салыстырғанда, ер адамдардың дауыс тембрі төмен (жуан) келеді, жастарға карағанда, қарттардың дауысы – бәсең, сөйлеу қалпы баяу болады.

Сонымен, ілгерідегі айтылғандарды саралай келгенде, еркек пен әйел тілінің фонетикалық ерекшеліктерін біріншіден, дауыс тембрі (акустикалық сипаттама), екіншіден, дыбыстық сигналдың сегменттік белгілері (вокализмдер мен консонантизмдердің акустикалық-артикуляциялық түрленуі), үшіншіден сөйлеу тілінің интегративтік супрасегменттік ерекшелігі (просодикалық құрылымы) тұрғысынан талдау қажет.

Қысқасы, гендерлік лингвистиканы фонетика-фонологиялық, просодикалық, интонологиялық тұрғыдан зерттеп, дамытудың қажеттілігі анық.

8.2 Гендерлік жіктелімнің лексикалық сипаты

Тілдің атауыштық жүйесінде ерге, әйелге тән концептілер, еркек пен әйелдің сөйлеу әрекеті де белгілі бір мәдениетте қалыптасқан нормаларға сәйкес әр түрлі белгіленеді, яғни әрбір мәдениетті ерекшелейтін гендерлік қарым-қатынас түрлері болуы мүмкін. Гендерлік жіктелім көбінесе лексикада айқын көрінеді

а) **Туыстық атаулар.** Гендерлік лексиканың құрамын туыстық және жақындық жүйесіне байланысты қалыптасқан гендерлектілер ерекшелейді. Олар сөйлеушінің жынысына, жасына және туыстық, жақындық қатынасына қарай (*ана-сіңлі, аға-қарындас*), үлкеннің атын атамау әдегіне, т.б. байланысты өзгеріп отырады.

Халқымыздың отбасылық дәстүрлерін зерттеген Х. Арғынбаев: «Қазақтағы туыстық және құдандалық жақындық жүйесінің атаулары айтушыға аталушының жасының үлкен-кішілігіне, жынысына қарай жіктеледі. Мұнымен бірге атаулар әке және шеше тарапынан туыстық, құдандалық жақындыққа байланысты жіктеледі. Айтушы ер не әйел жынысынан болуы мүмкін. Сондықтан оларға туыстарының не жақындарының арақатынасына қарай атауларда да өзгешелік болып тұрады. Қазақ халқында туыстық есеп еркектер тарапынан жүргізілгендіктен, айтушы еркек болған жағдайда, оның бабасынан бастап неменесіне дейін жеті атаға, яғни жеті ұрпаққа толады», – дей келіп, қазақтың туыстық жүйесін таптастыра отырып, жеті топқа бөліп көрсеткен [2005, 26-28 бб.].

Туыстық атаулардың бір ерекшелігі – олар атауыштық әрі қаратпа мәнінде жұмсалады. Мәселен, «аға» деген атаумен айтушының бірге туған ағасы, немере, шөбере, аталас жасы үлкен еркектер, әкесінің інілері аталса, «*жиен*» деген атаумен айтушының қызынан, бірге туған апа-қарындастарынан немесе немере, шөбере және аталас апа-қарындастарынан туған бөлелер аталады. Шешесінің еліндегі туыстарын атауда *нағашы* сөзі тіркесіп келеді: *нағашы апа, нағашы аға, нағашы іні*, т.б. Ал күйеуге әйелінің әкесі де, әйеліне күйеуінің әкесі де «*қайын ата*» делінеді. Сол сияқты *әке, апа, қарындас, аға, жеңгей, нағашы, қайны*, т.б. гендерлектілер бір жағынан туыстық атау болса, екінші жағынан, сөйлеу тілінде қаратпа сөз ретінде жұмсалады. Туыстық атаулардың құрамында ер адам лексикасын ерекшелейтін *қарындас, балдыз, бажса* гендерлектілері мен әйел адам лексикасын ерекшелейтін *сіңлі, қайын сіңлі, абысын, төркін* гендерлектілері де кездеседі.

Ғалымдар Тробиранд үстірті тұрғындарының тілін зерттеу барысында ер мен әйел қолданысындағы туыстық атаулардың екі түрлі белгісіне назар аударды: 1) жыныстық (бірдей / әр түрлі), 2) жас ерекшелігі (үлкен / кіші). Мәселен, тробирандықтарда «*ана*» ұғымын білдіретін сөздің сөйлеушінің жынысына және оның ағасы не апасымен арадағы жас айырмашылығына байланысты *luguta, tuwagu, bwadagu* деген үш түрлі атауы кездеседі, т.с.с. Тробиранд тілі де чикито, яна, т.б. тілдерге ұқсас сөйлеушінің жынысын негізге алады. Ағылшын және басқа еуропа тілдерінде туыстық қатынасты білдіретін атаулар жыныс жағына қарай жіктеледі [Коатс 2005, 76 б.].

Вьетнамдықтарда туысқандық дәреже аталық-аналық бойынша саналып, әкесінің туысқандары мен ағайындарын «*ішкі туысқан*» деп атаса, анасының жақындарын – «*сыртқы бауырлас*» дейді. Қытайдың өзара туысқандық жақындықтары «оң жақ» және «сол жақ» болып екі жаққа бөліну бойынша аталады. Оң жаққа ерлердің туысқандықтары саналса, сол жаққа әйелдердің бір-бірімен бауырластықтары белгіленеді. Ерлер бойынша: *эго* – бір атаның үлкені, *фу* – әке, *цзифу* – әкенің түпкі атасы, әкенің әкесі, *цзы* – баласы, *сунь* – немере, *цзэнь-сунь* – немерелер, *тан* – екі, үш ата бойынша туысқандар болып аталады. Әйелдер бойынша: *бяо* – апаның балалары, *тан бяо* – апаның немерелері (екі атаға дейін) деп кете береді. [Шалекенов 1994, 69-75 бб.].

Мадагаскар аралында әйел адамдар басқа әйелдермен сөйлескенде бір түрлі, еркектермен әңгімелескенде екінші түрлі лексика пайдаланса, ер адамдар, керісінше, әйелдермен сөйлескенде үшінші түрлі лексиканы пайдаланатын болған [Ахметов 1995, 36 б.]. Мұндай ерекшеліктерді Жозеф Вандриес былай түсіндіреді: «Очень часто специальный язык обязан своим существованием различию полов. Женщины пользуются другим языком, чем мужчины, даже понимая слова мужского пола, они не имеют права их произносить. Таким образом получают два различных, вполне параллельных словаря: каждый предмет имеет два наименования в зависимости от пола говорящего. У караибов, например, мужчины говорят по-караибски, а женщины по-аровакски» [1937, с. 26].

ә) **Табу мен эвфемизмдер.** Гендерлік лексикалық ерекшеліктер *табу сөздер* арқылы да айқын көрініс тапқан. Өйткені тыйымдардың бір алуаны адамдардың жыныс айырмашылығына байланысты тек әйелдерге немесе тек ер адамдарға салынады. Сөзге тыйым салу, астарлап, жасырып сөйлеу кісі есімдеріне қатысты көп кездеседі.

Әйел тілінің белгілері түркі халықтарының біразына тән *ат тергеу салтымен* байланысты қалыптасқан табу сөздер мен эвфемизмдерден байқалады. Тілімізде ат тергеу салтымен байланысты гендерлектілер мол. Келешекте оларды топтастырып, жүйелеп берудің реті бар.

Қай халықта болса да, әйелдер тіліне тән гендерлік ерекшелік көбінесе әйелдердің тұрмысына, әдет-ғұрыпқа байланысты болып келеді. «Белгілі этнограф А. Н. Самойлович ат тергеу салты тек қазақ пен қырғыз әйелдеріне ғана емес, сонымен қатар сарт,

теке (түрікмен), кырым татарлары, осман түріктері, карагас (тофалар) және алтай түріктерінің, атап айтқанда, телеут, сагай, қойбал, шор, теленгіт, сойот әйелдеріне де ортақ екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеген. Ғалым ат тергеу салтымен байланысты әйел адамдар қалыптастыратын ерекше лексиканы алтайлықтардың *naj* немесе *najla* деген терминдермен атайтындығын, сондықтан да ат тергеп отырған әйелді: «*najlan-jat*» (байлап жатыр) деген сөз тіркесі арқылы білдіретінін айтқан болса, белгілі тюрколог Н. А. Баскаков қазіргі алтай халықтарының тілдеріндегі табу сөздердің аңшылықпен байланысты қалыптасқан кәсіби лексиканы да, әйелдердің ат тергеу салтымен байланысты эвфемизмдерді де қоса қамтитынын және олардың екеуінің де *бай сөс* (*бай сөз*) немесе *байлаған сөстер* (*байлаған сөздер*) болып аталатынын көрсеткен [Ахметов 1995, 40-42 бб.].

Адыгей отбасында ескі дәстүр бойынша келінге күйеуінің есімін, ата-енесінің, қайын ағасы мен қайын апасының және күйеуінің басқа да туыстарының есімдерін атауға тыйым салынған. Сондықтан адыгей әйелдері көбінесе отбасылық-тұрмыстық қатынаста кең тараған жанама есімдердің бірін тандап қолданатын болған. Мысалға келтірсек, енесін – *Гуашьэ* (*Гуаше*) «княгиня»; атасын – *Пишы* (*Пиши*) «князь», «жол басшы»; қайынағасын – *Дэхэкъашь* (*Дахакаш*) = *дахэ* «әдемі» + *къашьэ* «үйлену» сөзбе-сөз аударғанда әдемі (қызға) үйленген (үйленетін), *Шьудах* (*Шиудах*) «салт атты», *Сидышъ* (*Сидыш*) «алтыным»; қайын апасын *Дэхэзакл* (*Дехезаач*) «сұлу», т.с.с. атайтын. Қайын ағасы мен қайын апасы да келінді өз атымен атамай *Нысэдах* (*Ниседах*) «әдемі келін», *Нысэъланл* (*Ниселял*) «қадірлі келін» тәрізді есімдер қоятын. Бұл дәстүр Адыгей халқында, әсіресе ауыл тұрғындарының арасында әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Қалмақ келіндеріне тән ат тергеу салты *хадм* деп аталады. Олар өздері тергейтін есімдердің, яғни күйеуінің туыстарының есімдерінің бір дыбысын өзгертіп, бұзып айтады. Мысалы: *Бадм* орнына *Ядм* немесе *Дорж* – *Ерж*, т.б. Ал грек отбасында ері мен әйелі өзара қарым-қатынаста болсын, көпшілік арасында болсын бір-бірінің есімін атай береді. Ерекшелігі, әйел күйеуінің әке-шешесінің атын атамай, әкесін *патера*, анасын *мана* дейді, күйеуінің жасы үлкен ер туыстарына қарата *афенди* сөзін қолданады. Көне грек тілінде *афендия* «беделді», «билік», «үстемдік» деген мағынаны білдіреді. Ата-енесі де келіннің атын атай бермейді, *нифи* «келін», «келінім» деп отырады [Системы личных имен у народов мира 1986].

Моңғолдарда әйел адам күйеуінің, қайын атасының, сол сияқты күйеуінің аға-інілерінің, жалпы ер жынысты туыстарының атын атамайтыны өз алдына, тіпті сол атауға болмайтын есімдермен сәйкес келетін сөздерді, үндес буындарды басқасымен алмастырып отырған. Мысалы, тыйым салынған есім *Shar* моңғол тіліндегі (*сары*) сөзімен сәйкес келуі себепті әйелдер оның орнына *angir* (*сары қауырсынды құс*) сөзін пайдаланады. Осы тәріздес *Harzuu* есімін (*xarax* (*қарау*) сөзінен туындаған) және сонымен үндес *xar* (*қара*) сөзін атамас үшін, моңғол әйелдері *bargaan* (*қара қоңыр, қараңғы*) сөзімен алмастыруға мәжбүр болады [Коатс 2005, 77 б.].

Мұндай гендерлік табу сөздердің ұқсас нұсқаларын үнді халқының және африканың кафр, зулус деп аталатын халықтарының әйелдері тілінен де кездестіруге болады. Мәселен, «үнді әйеліне күйеуінің атын айтуға тыйым салынған. Сондықтан ол күйеуін *тақсыр* немесе *үйдегі еркек* деп басқаша атаған. Африкалық зулус әйелдері де күйеуінің есімдерін атамаған. Күйеуіне қарап сөйлегенде не болмаса күйеуі туралы басқа біреумен сөйлескенде, балаларының біреуінің есімін қосып, «бәленнің әкесі» немесе «түгеннің әкесі» секілді тіркестер қолданатын болған. Тіпті күйеуінің есімімен үндес жалпы есімдерді де алмастырып отыруға мәжбүр болған» [Ахметов 1995, 35-36 бб.].

Ал «Африканың кафр» деп аталатын халқының мәдениетінде әйел адам күйеуінің, қайын атасының, сол сияқты күйеуінің жасы үлкен туыстарының бірде-бірінің атын дауыстап айтпақ түгіл, ойша, яғни ішінен де айта алмаған. Бұл тыйымның күштілігі сонша, атауға болмайтын есімдердің кез келген екпін түсетін буыны тілдегі басқа сөздермен сәйкес келетін болса, әйел адам соңғы сөзді де тұтас алмастырып айтуға мәжбүр болған. Егер олай етуге мүмкіндік таппаса, ең болмаса әлгі сөздің табумен үндес буынын өзгертіп айтуға тырысқан. Сөйтіп, осындай тыйымдардың салдарынан тек кафр әйелдеріне тән «әйел тілі» деп аталатын ерекше тіл пайда болған.

Сонымен, табу сөздер ықпалымен тек әйелдерге тән лексиканың пайда болуы, «*әйел тілінің*» ерекшеленуі гендерлік ғылымда алғашқы зерттеулерге негіз болады. Бұл сияқты табу сөздердің тілге тигізетін әсерін көрсететін деректер аз емес. Әрине, арнайы әйелге немесе ерге деп белгіленген тілдік бірліктер болмаса да, жыныс өкілдерінің сөз саптау стилінде гендерлік айырмашылықтар анық байқалады.

Гендерлік табудың келесі бір тобы еркек пен әйелге қатысты кейбір ұғымдардың атауларымен байланысты. Олардың көпшілігі қоғамда қалыптасқан этикалық нормалардың әсерімен астарланып келіп, эвфемистік мән алған. Мәселен, әйелге (қызға) байланысты «*байға тиді*», «*байға берді*» сияқты тіркестер орнына: *ерге шықты, тұрмысқа шықты, ұзатылды* сияқты тігісі жатық эвфемизмдер жиірек ауызға ілінеді. Ал ер адамға қатысты «*қатын алды*» гендерлектісі *үйленді, аяқтанды, отбасын құрды* сияқты эвфемизмдермен ауыстырылып отырады.

Демек, тілдегі гендерлік ерекшеліктердің пайда болуының тағы бір себебі адамдардың жыныс айырмашылығы мен олардың қоғамдағы әлеуметтік сатылардан алатын орнына байланысты қалыптасатын әр түрлі әлеуметтік тыйымдар да жатыр.

б) **Тұрмыстық лексика.** Тіліміздегі гендерлектілердің үлкен бір тобын *тұрмыстық атаулар (ұлттық тағам, ұлттық киім-кешек атаулары)* мен *зергерлік лексика* құрайды.

Қазақтың ұлттық киімдерінде халықтың ұлттық эстетикалық талғамдары, өмір сүру салты, әлеуметтік қатынастары өзіндік ерекшеліктерімен айқын көрініс табады. Киім белгілі бір дәрежеде адамдардың жас-жыныс айырмашылығын, әлеуметтік ерекшеліктері мен этникалық ортасын танытады. Осыған сай ерлер және әйелдер киімі, бойжеткен қыздың және күйеуге шыққан әйелдің киімі, күнделікті және мерекелік, иә тойда киетін киім, т.б. деп жіктеледі. Киім сонымен бірге этникалық (рулық, жүздік, аймақтық, т.б.) және жалпыұлттық ерекшеліктерді де бейнелеген.

Ерлер киім-кешегін ерекшелейтін *жейде, бешпет, шапан* (қаптал шапан), *шекпен* (түйе жүн шекпен), *шалбар, бас киім* атаулары ғасырлар бойы өзгеріссіз келген. Әлеуметтік айырмашылықтар киімнің молдығынан, тігісінен, пішімінен, әшекейлерінен көрінген. Ауқаттылар арасында аса құнды аң терілерінің пұшпағынан тігіліп, шұғамен, барқытпен қапталатын *пұшпақ ішік* жоғары бағаланған. Ішіктің ең сәнділеріне кәмшат, сусар терілері жаратылған. Сол секілді ер адам киім-кешегінде кездесетін аса сыпайы киім үлгілерінің атаулары ақбөкен, құлын терілерінен түсіне қарай іріктеп құрастырылатын *бешпет, көкірекше, кеудеше, жарғақ шалбар* болып есептелген.

Еркек киімі көпшілік жағдайда түймеленбейтіндіктен *белбеу* оның негізгі құрамдасы болған. Былғары белбеудің өте ертеден

келе жатқан атауы – *кисе*. *Кисе* – алтын, күміспен, жез үзбелермен безеп жасалған қалталы белбеу. Этнографиялық жағынан алғанда, қымбат саналатын кісені ер адамдар қиыншылық көргенде, тәңірге жалбарынғанда белден шешіп, мойнына салады екен. Ол тілімізде «*мойнына кісе салды*», «*кісесі мойнында*» секілді фразалық сөз орамы ретінде сақталып қалған. Түркі тілдерінің біразында кісе «*белбеудің қалтасы*», «*киімнің қалтасы*» мағынасында жұмсалады.

Еркектің бас киім атаулары да әр түрлі: *қалпақ, бөрік, тымақ, жалбағай, тақия*, т.б. Әлділер төбесі сүйірлеу келген құндыз немесе сусар бөріктің үстіне барқытпен (көбіне күрең түсті) қапталған, алтын зерлермен кестеленген аса биік қалпақ киген. Тымақ – ерлердің қысқы бас киімі. Оны аңның, малдың терісінен тігеді. Осыған орай ол түлкі тымақ, елтірі тымақ, сеңсең тымақ, пұшпақ тымақ деп те атала береді. Бұрын қазақ елі қай жүздің, қай рудың адамы екенін осы тымағына қарап та танитын.

Қазақ әйелінің киім-кешегі жас өзгерістеріне қарай ажыратылған. Жас деңгейіне қарай бөліну ер адам киімінен гөрі әйел адам киіміне тән. Себебі қыз, әйел киімі қашанда өзіндік салт-жоралық ерекшелігін ғасырлар бойы қатаң сақтап отырды.

Қазақ қыздары киімдерінің кеуделері қынамалы, омырауы мен жаға жеңдері кестелі, зерлі етіп тігілген. Көйлектері қос етекті, оюлы, бас киімдері үкілі, моншақты, аяқ киімдері биік өкшелі, жеңіл және қай кимі болса да алтын, күміс, меруерт моншақтармен әшекейленеді. Қыздар көбінесе құндыз бөрік, тақия киіп, шолпы тағып жүреді. *Қыз* киім-кешегін ерекшелейтін гендерлектілер: *қос етек көйлек, камзол, қыздың киім-кешегінде әсіресе белдік, тақия* ерекше әшекейленетін болған. Ерлер тақияны бала жастан қартайғанға дейін кисе, әйелдер тек қыз күнінде ғана киеді. Қалыңдық болғанда *сәукеле* киіп, келіншек кезінде *орамал* тартып, егде жаста *кимешек* киіп, *жаулық* салған.

Қыздардың киіміндегі бұл гендерлік ерекшелік жалпыға бірдей *әйел* киім-кешегінде қайталанбаған. Әйелдің көйлегі қос етексіз болған, барқыттан, шұғадан тігілетін, қаусырмасына кесте жүргізілетін, кейде бағалы аң терілерімен көмкерілетін, үстіңгі жағына нымша киілетін *белдемшені* киген. Ал басына *кимешек* киген, *жаулық* салған, көпшілік жағдайда *орамал* тартқан. Шапанының сыртына *кездеме белбеу* буынған. Кейуаналар жөн көйлектің үстіне *ұзын камзол, басына сәлде ораған кимешек* киген.

Қыз-келіншектер әшекейлеріне байланысты гендерлектілердің өзі – бір төбе. Атап айтсақ:

Киім-кешек үлгілері әр уақытта да адамның әлеуметтік жыныстық белгісінің, қоғамдағы дәрежесінің куәсі болып келеді. Әрбір халықтың тарихи кезеңдегі киім үлгілерінің пішімі, мата-сы және оның түсі, мата бетіне салынған ою-өрнектері, киімінің пішімі, әшекейлеу түрлері салт-дәстүрлік ерекшеліктерімен сабақтасып келіп, әлеуметтік-мәдени өмірінен терең мәліметтер береді. Айталық, жапон әйелдері мен ерлерінің киімі эстетикалық сипаты жағынан қарама-қарсылық көрініс береді. Жапондардың киімінде жыныс өкілдерінің жасы, беделі, байлығы, талғамы байқалып тұрады. Ежелгі Жапонияда ерлер – *«хакама»*, әйелдер – *«мо»* киімін пайдаланған. *Кимоно* – жапондардың ұлттық киімінің атауы. Әйелдер кимоносы ерлердікіне қарағанда қолтығы мен жеңі әрқашанда өрнектеліп тігіледі. Ерлердің кимоносы еңсіздеу әрі майда өрнекті матадан тігіледі. Мата бетіндегі әр түрлі үлгідегі нақыштардан адамның атағын, көңіл-күйін, т.б. аңғаруға болады [Жолдасбекова 2006, 40-43 бб.].

Жалпы мата суреті, мата бетіндегі ою-өрнектер халықтардың өмірге, табиғатқа деген көзқарасы мен салт-дәстүріне байланысты туындаған. Бұл әсіресе қытай, үнді халықтарының дәстүрінде ерекше орын алады. Мәселен, *«сари»* гендерлектісі үнді әйелінің киім үлгісін айрықшалайды. Сариді әзірлеу барысында оған түс беруге айрықша көңіл бөлінген. Екі бірдей бір-біріне ұқсас сари киген үнді әйелін кездестіру қиын. Сол сияқты қалыңдық киіміндегі, тұрмысқа шыққан әйел киіміндегі түрлі суреттер мен символдық ою-өрнектер, әшекейлер әртүрлілігін үнді халқының санғасырлық наным-сенімімен, салт-дәстүрімен астасып жатқан ерекшеліктер ретінде танып, гендерлік тілдік мәнін зерделеудің қажеті бар.

Ұлттық мәдениетіміздің тарихында зергерлік өнер ерекше орын алады. Мәдени мұрамыздың ең негізгілерінен саналатын зергерлік өнер халқымыздың өткендегі материалдық мәдениет дәрежесін, рухани мәдениетін бейнелейді. Қыз-келіншектер әшекейлеріне байланысты гендерлектілердің өзі – бір төбе. Атап айтсақ: *бет моншақ* – сәукеленің екі жағына, маңдайына салбырата қадап қоятын бірнеше қатар төгілмелі моншақ. Қазақта жас келіннің бет моншағының үзіліп түсуі ұят саналған. Құнтсыздықтан бет моншағының үзіліп, ыңғайсыз жағдайда қалған келіншектерге байланысты *«ұялды»* деудің орнына

«бет моншағы түсті», «бет моншағы үзілді» деп айту, «жас» деп айтудың орнына «бет моншағы үзілмеген» сияқты сөз орамдары пайда болған. Сол сияқты қызға құда түскенде, оны біздің болашақ келініміз деп оның құлағына сырға, яки үкі, моншақ тағу рәсімін өткізген. Қыз жеңгелерінің бойжеткен қыздарды «сырғалым», «үкілім» деп еркелетіп атауының бір жағы осыған байланысты. Қырғыз, алтай тілдерінде атастырылған қызды *сырғалы*, *сырғалы қыз* деп атаған. Ендеше, тіліміздегі зергерлік лексиканы гендерлік қырынан зерттеп, топтастыру қажет. [Шойбеков 1993, 9-35 б.].

Халқымыздың тағам түрлерін дайындау тәсілдері шаруашылық-мәдени сүлесімен (типімен) тікелей астасып жатады. Ал әрбір дәм-тағамды өзінің қасиетіне байланысты қадірлеу немесе кие тұту, әрбір адамның туыстық қатынасына орай немесе қоғамдағы орнына байланысты сыбағалы тағам дайындау, әрбір дәм-тағамды тұтынуға қатысты жасалатын ырым-жоралар мен салт-дәстүрлер, т.б. міне, мұның бәрі де өзінің нысаналы (символды) «тілімен», емеурін-белгісімен дәстүрі мәдениеттің ең бір жарқын айғағы болып табылады. Айталық, кәрі жілікті «*қартайғанша отырып қаласың*» деп қызға бермейтін, миды «*мидай былжсырап кетесің*» деп балаға бермейтін, толарсақты «*толғағың қатты болады*» деп жас келіншекке бермейтін ырым-дәстүрлер бар. Демек, әрбір адамның әлеуметтік-туыстық орнына, жыныс-жасына қарай тиісті кәделі мүшелерді ұсынуда жөн-жоралғылық, әдептік нышан басым.

Сондықтан ұлттық тағам атауларын да гендерлік сипатына қарай жіктеп көрсетуге болады. Мысалы: *күйеу табақ* (бір сан жілік пен төс салынады), *келін табақ* (ұлтабар мен жүрек салынады), *жеңге табақ* (асықты жілік, ұлтабар), *қыз табағы* (құйымшақ, бел омыртқа, қабырға), *құда табақ* (құйрық-бауыр), *құдағи табақ* (жақ, қарын, тоқ ішек), *жерік асының табағы*, *қалжа табақ*, *қыз алары* (жеке, арнаулы сыбаға, әдетте үйленбеген жігітке той-томалақта тартар сый-аяқ), т.с.с. [Сейдімбек 1997, 182-184 бб.].

Гендерлік лексиканың үлкен бір қабаты – *антропонимдер*. Кез келген халықтың антропонимиясында әйел, еркек есімдері болады, олар дүние туралы білімді толықтырады, өзінің аялық семантикасында ерге, әйелге тән тұжырымдық ұлттық дүниетанымды, мәдени-әлеуметтік құбылыстарды бейнелейді. Сондықтан жалқы есімдер жүйесін зерттеуге арналған гендерлік бағыт антропонимияны жаңа қырынан қарауға мүмкіндік береді.

Қазақтың қыздарға қоятын аттары ер балаларға қоятын аттарға қарағанда, әлдеқайда нәзік, әдемі, айтуға жеңіл, сыпайы болады. Қыз аттарына аспан әлемінің, сұлу, момын аңдардың, асыл тастар, қымбат маталар, нәзік және сирек кездесетін өсімдік аттары, т.б. пайдаланылатын. Мәселен, *Айман, Шолпан, Жұлдыз, Құралай, Маржан, Күміс, Жібек, Мақпал, Рауша*, т.б. Қазақ дүниетанымының эстетикалық бейнесі әсіресе қыз (әйел) есімдерінен айрықша көрініс табады. Ер балаға бұрынғы өткен ата-бабаларының, батырлар мен билердің, ақындар мен жыраулардың аттарын; баласы тұрмай жүрсе, ешкім ескеріп көзге түспейтін жұпыны аттарды (*Малбағар, Көтібар*, т.б.); бала туған жер, су, күн, ай аттарына байланысты (*Көлбай, Дүйсенбек, Қаңтарбай*, т.б.); төрт түлік малдың, жабайы аңдар мен құстардың (*Ақтайлақ, Бүркітбай, Құндызбай*, т.б.) әкесінің жасына байланысты (*Елубай, Алпысбай, Жетпісбай*, т.б.) аттар қойылатын. Сол сияқты тілімізде ислам дінінің әсерімен туындаған ер, әйел есімдері жетерлік. Мәселен, әйел аттары – *Фатима, Қадияша, Шарбану, Жамал*, т.б.; ер аттары – *Мұхамбет, Сүлеймен, Жүсіп*, т.б.

Қазақ антропонимиясына тән есімдердің бір бөлігі әйел тілінің гендерлік үлгісінде жасалған. Ол – туыстық қатынасты анықтайтын халқымыздың тұрмысымен байланысып жатқан ғұрыптардың бірі «**ат тергеу**» салты. Келіндердің ат тергеуіне қазақ жұртшылығы көп мән бергендіктен, қойылатын, өзгертілетін аттардың түрі, үлгісі өте көп. Айталық, халық дәстүрі бойынша қарт кісілер мен қайнағаларының аттарын атамау үшін оларға мазмұны бір басқа баламалар табатын. Мәселен, Қасқырбайды – *Бөрі ата*, Қазыбайды – *Топ ата*, Айтуғанды – *Түнгі жарық*, Алтыбайды – *Бестен артық* деп атайтын.

Көптеген халықтардың антропонимикалық жүйесінде еркек, әйел есімдері семантикасына қарай ажыратылады [Системы личных имен у народов мира 1986]. Әдетте, әйел есімдерінің этимологиясы сұлулық, мейірімділік, нәзіктік ұғымдарымен байланыстырылса, ер есімдері батырлық, ержүректілік, қайраттылықты аңғартады. Мұндай гендерлік ерекшеліктерді түркі тілдес халықтардың барлығынан да кездестіруге болады. Айталық, әзірбайжан тілінде әйел есімдерінің басым бөлігі гүл атауларын білдірсе (*Нэргиз, Лалэ, Рейхан, Гызылгюль, Ясэмен*, т.б.), ер есімдері өжеттілік, қайсарлық, еркіндік мағыналарын үстейді (*Полад, Рашид, Гейдар, Бахадыр*, т.б.). Басқа да халықтар тілінде, мәселен, моңғолдарда *цэцэг* «гүл»,

туяа «таң», одон «жұлдыз» сөздерімен келген есімдер әйелдерге тән болса (*Бадамцэцэг, Энхтуяа, Алтанцэцэг, Жаргалцэцэг*, т.б.), баатар «батыр», бат «қайрат», болд «болат» сөздерінен құралған есімдерді ер адамдар иеленген (*Хатанбаатар, Мунхбаатар, Бат-жаргал, Чинбат*, т.б.).

Әлем халықтарының мәдениетінде бір адамға бірнеше есім беру дәстүрі де бар. Мұндай есімдер адамның жасына, мінез-құлқына, дене тұрпатына және кәсібіне, қызметіне, әлеуметтік, діни жағдайына сол сияқты туған жеріне, тұрғылықты мекеніне сәйкес тандалады. Бірнеше есім иеленудің гендерлік ерекшелігін араб тілінің антропонимиялық жүйесінен де аңғаруға болады. Арабтарда бірнеше есім алу ер адамдарға тән, ал әйелдер арасында ол сирек кездеседі. Халыққа танымал, белгілі әйелдер ғана бірнеше есім иеленген. Бірқатар халықтардың (неміс, венгр, волоф, селькуп, ненец, чукот) антропонимиялық жүйесі еркек, әйел есімдеріне жіктеліп, қатаң шектелген болса, енді бір тілдерде (әзірбайжан, қытай, кхмер, эскимос) еркекке де, әйелге ортақ есімдер кездеседі [Системы личных имен у народов мира 1986].

Антропонимдердің ішінде халық тарихынан ерекше орын алған лақап аттардың, фамилия мен әке атының шығу тарихын, даму жолдарын гендерлік лингвистикалық тұрғыдан қарастырудың да өзіндік мәні бар. Әкенің балаға қатысын, баланың әкеге тәндігін білдіретін *ұлы, қызы, баласы* деген сөздер қазақ өмірінде ертеден-ақ өз атымен қосылып айтылып отырған. Бұл үлгі сонау көне түркі дәуірінен жалғасып келеді. Фольклорлық мәтіндерден (батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары) әке атымен аталуды жиі кездестіруге болады (Т. Жанұзақов). Тағы бір гендерлік ерекшелік, бұрын әке атын бір ғана ұлы иемденбеген. Сол адамның келіні, қызы, басқа да отбасы мүшелері иемденген. Мысалы: *Ақжанның ұлы Баян, Ақжанның қызы Күлжан, Ақжанның келіні Мағыш*. Ол кезде фамилия болмағандықтан, әйел адамдарды күйеуінің атымен – *Асқарбайдың әйелі* деп те атайтын. Әйелге қатысты мұндай гендерлік қолданыс қазірде де жоқ емес. Қазіргі қазақ антропонимиясында фамилия атасының атынан немесе әкесінің атынан жасалады. Фамилия ата қуалай беріліп, баладан балаға, ұрпақтан ұрпаққа тарап отырады.

Әр халықтың фамилиясы әр түрлі жолмен дамыған. Олардың қалыптасу, даму жолдары, гендерлік антропонимиялық тара-

лу деңгейі де алуан түрлі. Өзiрбайжан тiлiнде *-ов, -ев, -ова, -ева* журналдарымен қатар *оглы* сөзi қосылып фамилия жасалады. Осы *оглы* сөзi арқылы жасалған фамилиялар оларда екi жынысқа (ер, әйел) бiрдей тән. Тува тiлiнде де фамилия атадан балаға берiлiп отыратындықтан, әйел фамилиялары құрамынан есiм тудырушы *оол* «ұл» компонентiн жиi кездестiруге болады. Мысалы: *Светлана Биче-оол* (*биче-оол* «кiшкентай ұл»). Ендi бiр халықтар дәстүрiнде, мәселен, бирмандарда әке немесе шеше атымен аталу, фамилия иелену мүлдем жоқ. Ал Заирдың банту тiлдес халықтары арасында, сол сияқты Вьетнам елiнiң оңтүстiгiнде орналасқан эдэ халқында туыстық есеп шеше жағынан жүргiзiледi. Балалары анасының фамилиясын иемденiп, сол туыстық топқа енедi [Системы личных имен у народов мира 1986].

Жалпы алғанда, еркек пен әйел есiмдерi гендерлектiлер (гендерлiк тiлдiк бiрлiктер) ретiнде өздерiнiң тұжырымдық сипатына байланысты ғаламның гендерлiк бейнесiн әбден сомдай алады.

8.3 Гендердiң грамматикадағы көрiнiсi

Морфология мен синтаксисте гендерлiк жiктелiм жиi байқала бермейдi. Десек те, бiрқатар ғалымдар бұл мәселеге қатысты өз дәлелдерiн келтiредi. Iлгерiде атап өткенiмiздей, феминистiк лингвистика зерттеушiлерi андрозектiлiктiң дамуын грамматикалық тек категориясымен байланыстырады. Тек категориясының көптеген тiлдерге тән екендiгi бәрiмiзге белгiлi. Мысалы, көптеген көне тiлдер, авестиналық, санскрит, грек, латын, т.б. үштектiк жүйенi, ал хеттiк екiтектiк жүйенi көрсетедi. Бұл үндiеуропалық тiлдердiң грамматикалық құрылысының сипаттық белгiсi болып табылады.

Ағылшын тiлiнде аналитизмнiң дамуы жалқы есiмдердегi сөздердiң өзгеруiн бұзып, тектердiң қарама-қайшылығының жойылуына алып әкелдi, тек жасырын категорияға айналды..., ол тек қана анафористiк есiмдiктер *he, she, it* (он, она, оно) арқылы көрiнедi. Иран тiлдерiнде де тек категориясы айтарлықтай бұзылған... Тектiң айыру қызметi немiс тiлiнде (*der-die-das*) роман тiлiндегiдей (французша *un-une, le-la*) флексиядан артикльге көшедi... Кейбiр тiлдерде тек болмайды, мысалы, фин-угор, түркi, моңғол, банту, т.б. [Линг-

вистический энциклопедический словарь 1990, 417 б.]. Тиісінше, қазақ тілінде де грамматикалық тек категориясы жоқ, сондықтан да гендерлік ерекшелік мән-мәтіндік мағынадан ұғынылады.

Орысша-қазақша сөздікте келтірілген гендерлік аталымдарға зер салсақ [1978-1981], орыс гендері көбінесе әйел жынысына қатысты атауларда ерекше аударылады. Дәлірек айтқанда, қазақша аудармада жақша ішінде «**әйел**» сөзін тіркестіріп түсіндіру орын алған. Мысалы: *весовица – таразышы (әйел), курьерша – курьер (әйел), лгунья – өтірікші (әйел)*. Сонымен бірге гендердің бір тобы орыс тіліндегі нұсқасын сақтап берілген (*ассистент – ассистентка, оптимист – оптимистка, лаборант – лаборантка*), бірқатары тіліміздегі сөз тудырушы өнімді қосымшалар (**-шы, -ші, -лық, -лік, -дық, -дік, -лы, -лі, -ды, -ді, -шыл, -шіл, т.б.**) арқылы аударылған. Мысалы: *азиатка – азиялық әйел, завёртчица – ораушы әйел, мотровка – ысырапшыл әйел, работница – жұмысшы әйел, т.б.*

Қазақ тіліндегі гендерлік аталымдардың көпшілігі тіркескен я қосарланған сөздер түрінде келеді. Атап айтсақ:

а) **әйел гендерлектілері (аталымдары)**: *әйел заты, жесір дауы, жүкті әйел, кіндік шеше, қалың мал, қайын сіңлі, салпы етек, ұзатылған қыз* тәрізді тіркесті сөздер, *апалы-сіңлілі, бәйбіше-тоқал, келін-кепішк, кемпір-сампыр, қатын-қыз, қыз-қырқын* сияқты қос сөздер;

ә) **еркек гендерлектілері (аталымдары)**: *жез мұрт, жігіт ағасы, ер азамат, еркек кіндік, нағашы аға, немере іні, шал адам, аға-іні, әкелі-балалы, жігіт-желең, т.б.*

Гендерлік аталымдардың ендігі бір тобы қарама-қарсы мағынадағы (антонимдес) сыңарлардан құралған қосарлама қос сөздер арқылы берілген: *ата-ене, апа-жезде, әйел-еркек, әкешеше, бай-бәйбіше, еркек-ұрғашы, қыз-бозбала, іні-қарындас, ұл-қыз*. Бұлар бір жағынан, лексика-грамматикалық сипатына қарай топтау, жинақтау ұғымын білдірсе, екінші жағынан, гендерлік сипатына қарай әлеуметтік-жыныстық жіктелуді көрсетеді.

Орыс тіліндегі гендер негізінен ер тегі (мужской род) тұлғасына қосымшалар жалғану арқылы, яғни аффиксация тәсілімен өнімді жасалған. Сөйтіп әйел тегіне (женский род) сәйкес келіп отыратын әйел жынысына қатысты атаулардың туындауына ұйтқы болады. Ер мен әйел жынысына қатысты атауларды ерекшелеп, дербестеуге сөзжасам қосымшалар бейім. Бұл әсіресе орыс тіліне тән ерекшелік. Гендерлік сөз тудыруда жиі жұмсалатын аффикстер:

а) ер жынысын бейнелейтін атаулар жұрнақтары:

-**щик / чик**: буфетчик, весовщик, поливальщик;

-**ец**: горец, китаец, нанаец;

-**ник**: защитник, охотник, соратник;

-**ист**: автомобилист, очеркист, пессимист;

-**анин**: горожанин, молдаванин, южанин;

-**ор/ер**: комбайнор, лифтер;

-**тель**: исполнитель, читатель, целитель;

-**ант**: квартирант, музыкант, практикант;

-**ун**: игрун, прыгун, свистун, т.б.

ә) әйел жынысын бейнелейтін атаулар жұрнақтары:

-**к\а**: богачка, литовка, скрипачка;

-**щиц(а) чиц(а)**: брошюрщица, отметчица, перепесчица;

-**иц(а)**: мастерица, любимица;

-**ница**: мощенница, сказительница;

-**ш\а**: атаманша, бригадирша, кондукторша;

-**ј(а)**: резвунья, хвастунья;

-**их\а**: повариха, купчиха, пловчиха, т.б.

Орыс тілі гендері тұлғалық формаларының әртүрлілігіне қарамастан, қазақ тіліндегі аудармада басым түрде **-шы**, **-ші** нұсқасымен, түсініктемемен берілген. Қазақ тілінде гендерлік мағына тудырушы қосымшалар орыс тілімен салыстырғанда аз. Ішінара кейбір жұрнақтар жынысқа тән келіп, сөзге гендерлік сипат береді. Мысалы: **-ша** (*хан – ханша, азамат – азаматша*) мен **-а** (*мұғалім – мұғалима*) қосымшаларын ғана айтуға болады. Бірақ бұл тәсіл қазақ тілінде өнімсіз. Алайда бір түбірден өрбіген туынды сөздер, яғни гендерлік түбірлес сөздер тілімізде жеткілікті. Мәселен, *аға, ағажан, ағай, ағалық, ағасын; еркек, еркексі, еркексіре, еркектей, еркектік, еркекше; ана, анажан, аналы, аналық, анаш; шеше, шешей, шешелес, шешелі, шешелік*, т.б.

Көптеген тілдерде есімдіктер жүйесі ІІІ жақта жыныстық бөлінуді көрсетеді (*он/она he/she*). Жапон тілінде жыныс белгілері есімдіктердің үш жағын да қамтиды. І жақ *watakushi* формасын ерлер де, әйелдер де қолдана алады, бірақ ер адамдар оның орнына *boku*, ал әйелдер *atashi* (*watakushi* формасының қысқартылған түрі) деп атауға бейім тұрады. ІІ жақ есімдіктің екі түрі болғандықтан, *anata* түрі әйелге де, еркекке де қаратыла айтылады, *kimi* түрін тек ерлер ғана пайдаланады және де ерлерге қарата немесе өздерімен

элеуметтік жағдайы тең әлде төмен әйелдерге қарата қолданады [Коатс 2005].

Коасати (Луизиана) үндістері тілінде ерлер мен әйелдердің өзіндік арнаулы тұрақты қолданылатын етістік формалары болады [Вахтин, Головкин 2004, 49 б.]. Осыған ұқсас жағдай қазақ тіліндегі етістік саласында да кездеседі. Мысалы: жігітке байланысты *алып қашты* десе, қызға байланысты *қашып кетті* дейді. Сол сияқты әйелге байланысты қолданылатын етістіктер: *кетіп қалу, сәлем етті, құрсақ көтерді, табалдырық аттады, аяғы ауырлады, бала көтерді, бала тастады, дауыс салды, жерік болды*, т.б. атауға болады. Ал ерге байланысты қолданылатын етістіктер: *әйел тастады, шымылдық ашты, мұрнын бұзды, қу тізесін құшақтады, малдас құрды, аяқ салды, аяғын шырмады, талақ етті, сәлде орады*, т.б.

Еркектер көбінесе дерексіз (абстрактылы) зат есімді қолданса, әйелдер нақты зат есіммен (жалқы есімдермен) сөйлеуге әуес. Ерлер зат есім мен сын есімді қолдануға бейім болса, әйелдер етістікті көп қолданады. Сөздік қор ерлерге қарағанда, әйелдерде көп. Бұл әсіресе сын есім мен үстеуде анық көрінеді. 1000 сөз қолданысында ерлерде 243 сын есім және 81 үстеу болса, әйелдерде 234 және 164. Солай болғанымен де, еркектер заттар мен құбылыстарға сапалық жағынан қараса, ал әйелдер олардың түрі мен түсіне және әртүрлілігіне қарайды [Вейлерт 1976, 138-143 бб.].

Синтаксистік байланысты қолдану жағынан ер адам көбіне сабақтас сөйлемге ден қояды, сондай-ақ мезгіл, мекен мақсат бағыныңқылыны қолданады, ал әйелдерде қарсылықты бағыныңқылыны қолдану басым. Айталық, ер адам құрған сөйлем әдетте әйел құрған сөйлемнен қысқа болып келеді [Хасанұлы 2005, 17-18 бб.].

Қысқасы, еркек пен әйелге байланысты қолданылатын тілдік бірліктерді ажыратып, олардың сөз қолданысына тән гендерлік грамматикалық ерекшеліктерді айқындаудың да реті бар.

8.4 Гендерлік жіктелімнің стилистикалық өзгешеліктері

Ерлер мен әйелдердің қарым-қатынас жасау тәсілдері де әр түрлі. Әйелдердің көпшілігі үшін тілдесім – өзара қарым-қатынас орнатудың, түсіністікке жетудің амалы. Қарым-қатынаста әйелдерге эмоционалды стиль тән. Олар өздерінің сезімі мен эмо-

циясын ашық, еркін білдіре алады және қасындағылардың жай-күйімен де бөлісіп отырады.

Ер адамдарға рационалистік стиль тән. Аралас ортада (ерлер мен әйелдер) олар эмоцияға берілмей, өздерін қалыпты ұстайды, ең бастысы, қарым-қатынаста тәуелсіз болуды, мәртебе иеленуді, иерархиялық биік дәрежеге жетуді көздейді. Ерлер қолданысында көңіл-күйге байланысты айтылатын одағайлар көп және олар мағынасы жағынан ерекшеленеді. Олар айтылатын ойдың жалпы сарынына байланысты құбылмалы келеді. Сондықтан одағайлардың қай мағынада айтылып отырғанын интонациясына қарай ажыратуға болады. Мәселен, әйелдерге қарағанда, ер адамдар палуандар күресін, ат жарысын, ақындар айтысын көп тамашалайды. Бұл өнердің түрлері ерлерді серпілтіп, ерекше бір күйге түсіреді. Осындай сәттерде ерлер өз эмоцияларын, ризашылықтарын, таңырқау, қуану сезім-күйлерін одағай сөздер арқылы көтеріңкі дауыспен екпіндетіп жеткізеді. Әйелдер мұндай одағайларды көп қолдана бермейді.

Көңіл-күйге байланысты айтылатын ойдың жалпы аңғарына қарай, таңдану, реніш білдіру, күдіктену, т.б. алуан түрлі сезім құбылыстарын білдіретін – *Уа!* – *Уай!* – *Айт де!* (палуанға) – *Әп бәрекелді!* – *Жаса, жаса!* – *Жарайсың ерім!* – *Жігіт деп осыны айт!* – *Е, уай пәлі!* (ақынға), – *Уай, сабаз!* – *Уай деген!* (әншіге), – *Уа батырым, соқ, соқ!* (палуанға), *пай-пай!* – *пай-пай!* – *пәлі!*, т.б. бағалаушытық одағайлары ерлер тіліне тән. Ерлер қолданысындағы одағайлар көбінесе жиын-тойларда ақындарға, әншілерге, палуандарға қарата жұмсалады.

Ал әйелдер тілін ерекшелейтін одағай түрлеріне *Ойбай-ай!* *Сұмдық-ай!* *Құдай-ай!* *Ойбу!*, т.б. жатқызуға болады. Сол сияқты *не мене, қайтейін, тегі, қарашы, қойшы, бар зой, білдің бе? не бетімді айтайын?* сипатты қыстырма сөздер мен құрылымдар да әйелдердің сөйлеу тілінен жиі байқалады. Сұраулы сөйлемдер белгілі бір хабар алу мақсатында ғана емес, сөйлеушінің экспрессивті көзқарасын білдіру мақсатында да жұмсалып, айрықша стильдік мән-мағынаны танытады. Тыңдаушының назарын толығымен өзіне аударып, оған ой салу мақсатымен әйелдер көбінесе риторикалық сұрақ түрлерін қолданады.

Ер адамдар қатынастағы адамының жасын, жынысын, әлеуметтік орнын, т.б. жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық сөйлеу әдебіне сәйкес, қаратпа гендерлектілерді

тандап қолданады. Қаратпа сөздер көбінесе сыйлау, құрметтеу, т.б. мәнін үстейді. Ерлер арасында жас ерекшеліктеріне қарай (үлкен-кіші немесе қатарлас) *ақсақал, қария, бауырым, жігітім, інішек, бала, ағайын, батыр (батырым)* тәрізді қаратпалар көп пайдаланылады [Мамаева 2003].

Әйел адамдарға қатысты қолданылатын қаратпа гендерлектілер де (*әже, ана, тәте, шеше, апай, сіңлім, қызым, қарындас*, т.б.) олардың жас мөлшеріне, жынысына, туыстық қатысына қарай таңдалады. Айталық, *әже* деп қарт ананың өз немерелері ғана емес, сонымен қатар ауылдың үлкені мен кішісі, бейтаныс адамдар да қолдануы мүмкін.

Гендерлік қарым-қатынаста қаратпа сөздердің алатын орны ерекше. Олар туыстық қатынасқа, таныс-бейтанысқа, түрлі әлеуметтік жік пен ресми-биресмилік жағдайға байланысты құбылып отырады. Тіліміздегі ер мен әйелге қатысты гендерлект қаратпалардың басым көпшілігі туыстық атаулардан жасалған. Олар бірде атауыштық, бірде реттеуіштік қызметте жұмсалады да, гендерлік қарым-қатынасты білдірудің амал-тәсіліне айналады.

Туыстық атаулардан жасалған қаратпалар (*әке/шеше, аға/ана, ата/әже, жеңге/жезде, балдыз, жиен, бажса, нағашы, құда/құдағи, құдаша/ құда бала*, т.б.) туыстық байланысты (әке/шеше жағынан, некелік, құдандалық), туыстықтың алыс-жақындығын, жынысын, жас шамасын байқатып тұрады. Туыстық қарым-қатынаста қолданылатын қаратпалардың бірсыпырасы тиісті қосымшалар жалғанғанда (*-еке, -жан, -тай, -шым, -шім*) жақын тұту, еркелету, кішірейту, т.б. мәнін үстеп, түрлі стильдік реңк алады. Мысалы, ер адамға қарата айтылатын *ағажан, ағашым, ағатай, агеке, әкежан, әкешім, әкетай, атажан, атеке, қайныжан, жездеке, жездежан, бажсеке, құдеке*, т.б. қаратпалар мен әйелге қарата айтылатын *анаш, анашым, анажан, анатай, апажан, апеке, шешежан, шешеке, келінжан* тәрізді қаратпалар. Сол сияқты тәуелдік жалғауының (*-м, -ым, -ім, -сы, -сі*) қосымшалары арқылы жасалған қаратпаларды да атауға болады: *інім, бауырым, қайным, әкесі, шалым, отағасы, атасы, ағасы, ұлым; сіңлім, қызым, апасы, әжесі, шешесі, кемпірім* немесе қосымшаларды қабаттастыру арқылы *ағажаным, апатайым*, т.б. жасалады.

Туыстық атауларды қаратпа түрінде қолданудың өзіндік дәстүрлік әдебі бар. Айталық, *жеңге, жеңгей, жеңеше, жеңетай* тәрізді синонимдес қаратпалардың мағыналық реңкі бірдей емес.

Мәселен, *жеңге* – туыс, таныс адамдардың арасында, ал *жеңгей* – таныс-бейтаныс жағдайда да айтыла береді. Сол секілді *жеңеше* – таныстығы өте жақын адамдардың арасында айтылса, *жеңгетай* – жалыну, өтініш білдіру, еркелеу мәнінде жиі қолданылады.

Туыстық атаулардан жасалған қаратпалардың кейбіріне *й* қосымшасы жалғанып (*әкей, шешей, ағай, апай, тәтей, жеңгей*) екі түрлі қызмет атқарады: 1) туыстық жағынан жақын болғанда; 2) бөгде немесе бейтаныс адамға қарата айтылып, құрметтеу нышанын білдіреді.

Таныс-бейтаныс қарым-қатынаста қолданылатын қаратпалар да гендерлік сипат алған. Қарым-қатынастың бұл түріне тән гендерлік қаратпалардың басым көпшілігі туыстық атауларға *-й* қосымшасы мен тәуелдік жалғауының (*-м, -ым, -ім*) қосымшалары жалғану арқылы жасалатындықтан жас-жыныс айырмашылығы айқын көрініс береді. Мысалы, ер адамға қарата айтылатын *ағай, әкей, атай, інім, ұлым* және әйел адамға қарата айтылатын *апай, шешей, тәтей, жеңгей, әжсей, сіңлім, қызым* қаратпаларын атауға болады. Бірқатары кісі есіміне *аға/ағай, ана/апай, көке, тәте/тәтей*, т.б. тіркесіп келіп не болмаса кәсібін ерекшелеп *дәрігер ағай, мұғалима апай* түрінде де айтылады. Таныс-бейтаныс қарым-қатынаста жұмсалатын қаратпалар түрлі әлеуметтік ортада әр түрлі стильдік қызмет атқарады (мысалы, жөн сұрасу, танысу, ризашылық білдіру, сыпайылық таныту, сыйлау, құрметтеу, еркелету, ерекше бір қасиетін бағалау, т.б.). Солардың ішінде ерге қатысты қолданылатындары: *інішек, жігіт/жігітім, ақсақал, қария, бауыр/бауырым, батыр/батырым*, т.б., әйелге қатысты қолданылатындары: *қарындас, бойжеткен, бике, бикеиш, айнам, сәулем*, т.б. қаратпалар.

Ал ресми қарым-қатынаста, салтанатты жағдайда қолданылатын гендерлік қаратпалар ер адамға *азамат, мырза (лар)*, әйел адамға *азаматша, ханым (дар)* түрінде ерекшеленеді. Әр түрлі әлеуметтік топ өкілдері бас қосқан жиындарда бұларға құрметті, қадірлі тәрізді эпитеттер қосылып айтылып, ресмилікті, сыпайылықты білдіретін реңкті күшейте түседі.

Тіліміздегі гендерлік қаратпалардың бірқатары бұрынғы қазақ қоғамында әлеуметтік жікті саралап көрсетудің, яғни ел билеушілердің атақ-дәрежесін, мансабы мен қызметін білдіріп тұратын (*хан, бай, бек, би, мырза, сұлтан*, т.б.) мәртебелік мәнде

жұмсалғаны белгілі. Бұл мәртебелік аталымдар мұрагерлік сипат алып, хан, сұлтан балалары мен ұрпақтары *хан, сұлтан, мырза* болып, сол лауазымдарды иемденіп отырған. Ал әйел адамдар болса, *ханым, ханша, ханшайым, бекбике, бикеш* аталған. Әрине, бұл лауазымдар қоғам дамуына сай өзгеріп, түрленіп отырды. Соған байланысты олардың қызметтері де елеулі өзгешеліктерге ұшырады. Уақыт өте келе туыстық-әлеуметтік қатынасты көрсететін мұндай атаулардың кейбірі бұрынғы мазмұнынан ажырап, жалпылама ұғымда қолданыла бастады. Олардың бірі біріккен тұлғалы кісі аттарын жасауға қатысатын арқау-компоненттер болып қалыптасты, енді бірі қарым-қатынастың ресми типінде жиі қолданылатын жалпы «құрметтеу» мағынасын білдіретін гендерлік қаратпа атауға (*мырза, ханым*) көшті.

Осы тәріздес гендерлік тілдік ерекшеліктерді басқа да халықтар тілінен кездестіруге болады. Айталық, әзірбайжан тіліндегі *мирза, гаджи, казы, сейид, паша, хан, бек, везир, солтан*, т.б. мәртебелік аталымдар бұрын оқыған, сауаты бар, лауазымы жоғары ер адамдарға ғана қатысты қолданылатын гендерлік қаратпалар болған. Қазірде бұлардың көпшілігі қолданыстан шығып, ерлер есімінде ғана сақталып қалған: *Гаджи, Паша, Солтан, Эльхан, Алибек*, т.б. Сол сияқты бір кездері *муэллим* «мұғалім» сөзі өзінің негізгі мағынасынан тыс тұрып сыйлауды, құрметтеуді білдіретін қаратпа сөз ретінде жасы үлкен немесе қызметі жоғары ер адамға қарата айтылатын. Мысалы: *Насир муэллим, Кямилъ муэллим, Ахмед муэллим*, т.с.с.

Бүгінде әзірбайжан тіліндегі гендерлік қаратпалар ер адам есіміне *киши* «еркек» сөзін, әйел есіміне *арвад* «әйел» сөзін тіркестіріп айту арқылы ерекшеленеді, мысалы, *Гасан киши, Захар киши, Зулейха арвад*. Әйел адамды «құрметтеу, сыйлау» мағынасында *ханым* «құрметтім» қаратпасы қолданылады: *Лалә ханым, Нигяр ханым, Нәргиз ханым*, қызға қарата *ханым гыз* деп айтылады.

Таныс-бейтаныс ортада жасы кішінің үлкенге құрмет көрсетуі, ілтипат етуі мағынасында қолданылатын қаратпа түрлері туыстық атаулардан жасалған *хала* «нағашы апа», *халақызы* «нағашы апасының қызы», *биби* «апа» (әкесінің апасы), *бибиқызы* (апасының қызы), *баджиқызы* «жиен сіңлі», *баджиоглы* «жиен», *нэнә* «әже», *эми* «аға» (әкесінің ағасы), *дайы* «нағашы аға», *эмиоглы* «не-

мере іні», *баба* «ата», т.б. Туыстық қарым-қатынаста гендерлік қаратпаларға туысының есімі қосылып айтылады: *Хелимэ биби*, *Сабыр эми*, *Рашид дайны*, т.с.с. [Системы личных имен у народов мира 1986].

Армяндар да отбасылық-туыстық қатынаста қолданылатын қаратпалар әке/шеше жағынан туыстық байланысты ажыратып көрсетеді. Мысалы, әкесі жағынан *һорехбайр* (әкесінің ағасы), шешесі жағынан – *керры* (шешесінің ағасы), олардың әйелдерін *һорехбайр кник және керру кник* деп атайды, ал келінін – *һарс* немесе әкесінің атымен мәселен, *Далаки ахчик* (Далаканың қызы) қайнағасын – *ехбайр*, *ахпер* (аға), өкіл әкесін – *кавор*, оның әйелін *кавор кник* дейді. Бір рудан тараған барлық жасы үлкен ер адамға да осы *кавор* қаратпасын, сол рудың жасы үлкен әйелдеріне қарата *кавори кник* қаратпасын қолданады. Шешесінің руына жататындардың ішінде ерлерін – *керры*, әйелдерін – *керру кник* деп айырып атайды. Бұл салт ауылдық жерлерде әлі күнге дейін сақталған.

Күнделікті қарым-қатынаста армяндар кісі есіміне не фамилиясына *ынкер* (ер адамға), *ынкеруй* (әйел адамға) «жолдас» сөздерін қосып атайды. Мұндай гендерлік ерекшелік ауыл тұрғындарының сөйлеу тіліне тән. Үлкен кісілерді сыйлау, құрметтеу әдебімен *тихайр* «мырза», *тикин* «ханым» қаратпаларымен қоса көп ретте *һайрик* «әке», *майрик* «шеше» қолданылады. Ал құрбы-құрдастар арасында *ахпер* «аға», *куйрик* «апа» гендерлік қаратпалары кең қолданыс тапқан.

Әлем халықтарының көпшілігіне тән гендерлік тілдік ұқсастық белгілері ол жас-жыныс айырмасын жіктеп көрсететін туыстық атаулардан жасалған қаратпалар. Мәселен, қалмақтар жақын таныстарын өз есімімен атаса, бейтаныс адамдарға қарата туыстық атаулардан жасалған мына қаратпалардың бірін таңдап қолданады: *эгч* «апа», *ду кукун* «сіңлі», *ах* «аға», *де кевун* «іні», *эж* «шеше», *аав* «әке». Ресми қатынаста қызметі (кәсібі) қоса айтылады. Қытай, корей халықтарының дәстүрінде үлкен кісілердің атын атамау, туыстық атауларды пайдалану қалыптасқан жағдай. Бір ерекшелігі, қытай тілінде қаратпаларға туысының жас ерекшелігіне сәйкес сандық, т.б. белгілер қосылып айтылады: «үшінші аға», «алтыншы апа», «үлкен келін», т.с.с.

Гендерлік ресми қаратпалар ретінде қытайлар ер адамға – тектік есім + *сяньшэн* «мырза», «мұғалім», әйел адамға – тектік есім

+*тайтай* «ханым»), қызға тектік есім +*сяоцзе* «бикеш» үлгілерін қолданып келген. Кейін бұл қаратпалардың орнына жалпыға ортақ тектік есім + *тунчжи* «жолдас» сөзін немесе қызметін, лауазымын қосып айту (*директор Ван, дәрігер Лю, бөлім меңгерушісі Ли, мұғалім Чжан*) дағдыға айналды. Мұндай жағдай корей тілінен де орын алған. Корейлер бұрын ерге қатысты тектік есім + *сонсэнним* «мұғалім», «мырза», ал әйелге қатысты тектік есім + *ним* «ханым»), тектік есім + *сси* (құрмет тұту мағынасындағы грамматикалық көрсеткіш) үлгісін қолданған болса, қазір жыныс өкілдеріне ортақ тектік есім + кәсіп (қызмет) үлгісі басым жұмсалады.

Ресми ортада грек тілінде ерлерге қарата *кирие* (*кириос*) «мырза», әйелдерге *кирия* «ханым», *дестинис* (кафареvуса үлгісінде), *дестиниза* (демотика үлгісінде) «бикеш» сөздері қолданылады [Системы личных имен у народов мира 1986].

Бірқатар тілдерде гендерлік қаратпалар кісі есіміне арнайы фонетикалық, грамматикалық, т.б. көрсеткіштер қосу арқылы жасалады [Системы личных имен у народов мира 1986]. Жапондар бір-бірімен фамилиясын атау арқылы қарым-қатынас жасайды. Туыстық қарым-қатынастан басқа жағдайда адамды есімімен атау (*Танака*) дәрежелік болып саналады. Жапон тіліндегі қаратпалар фамилияға немесе есімге (еркек пен әйелге бірдей) *сан* жұрнағын қосу арқылы жасалады. Ерекшелігі, *кун* жұрнағын қосып айту жапон ерлерінің сөйлеу тіліне тән гендерлік белгі. Бұл гендерлік қаратпаларды ер адам өзінен жасы кіші немесе әлеуметтік жағынан төменгі сатыдағы ер жынысына қарата қолданады. Тағы бір атап өтерлігі, жігіттің (ер адамның) қызға қаратпасы осы *кун* жұрнағын қосып айтуымен ерекшеленеді және бұл жапон тілінде кең таралған гендерлік қаратпа түрі.

Бирман халқының дәстүріне сәйкес, әкесінен басқа ер адамдардың, соның ішінде орта жастағы әрі жұмыс істейтіндеріне у көмекші сөзін, ал уақытша болса да жұмыс істемейтін болса *маунг* көмекші сөзін қосып айту қалыптасқан. Сол сияқты *маунг* сөзін 25 жасқа дейінгі жасөспірімге (мектеп оқушысы, студент) қарата қолданады. 25-30 жас аралығындағы жігітке *ко* «аға» сөзін, қалғандарына ілгеріде көрсетілген у көмекші сөзін қолданады. Ал 30 жастан асқан жұмыстағы әйелге қарата *до* (*доо*) «ханым»,

құрметті ханым» деп жұмыста жоқ, жас әйелге немесе оқушы, студент қыздарға қарата *ма* көмекші буынын қосып атайды.

Кхмерлерде (Кампучии) гендерлік қаратпалар II жақ жекеше түрдегі *нэак* (адам) есімдігінен жасалған: ерге – *нэак*, әйелге – *нэак срэй*. Туыстық мәндегі қаратпалар тек үлкен-кіші қатынасын айқындайды, өйткені олар мағынасы жағынан жыныс өкілдеріне ортақ атауларды білдіреді. Мысалы: *банг* «аға», «апа» *о оун, поун* «іні», «сіңлі».

Ал ата-аналар жасөспірім жасқа келгенге дейін балаларын жынысына қарай бөліп атайды. Атап айтқанда, ұл бала есіміне *а* демеулігін, қыз бала есіміне *ми* демеулігін қосып ерекшелейді. Мысалы: *Асыэнг, Мисоуран*. Осы тәріздес гендерлік тілдік белгілерді Тям халқының (Кампучии) дәстүрінен де кездестіреміз. Олар ер адам есіміне *тя* демеулігін (*Тямам, Тяса*), әйел есіміне *ми* (*Мимах*) демеулігін қосып атайды. Жасы үлкендерге қарата туыстық терминдерді пайдаланады. Мәселен, *йех* «әке», *кай* «ата», *онг* «мырза» деп ер адамға, жасы үлкен әйелге *мек* «шеше», *мук* «әже» дейді. Ерлі-зайыптылар арасында ері әйеліне қарата *тай* «қарындас» қаратпасын қолданады немесе баласының атымен, мысалы, *Мектяхим* (Химнің анасы) деп атайды.

Ал ресми сипатта жиі қолданылатын гендерлік қаратпа түрлері ағылшын, неміс, француз тілдерінде кең қолданыс тапқан. Ағылшын тіліндегі гендерлік қаратпалар бейтаныс жағдайда сыйлау, құрметтеу әдебімен ер кісіге *mister* «мырза», әйелге *misteress* «ханым», қызға *miss* «бике» (жазбаша түрде *Mr, Mrs, Miss*) түрінде қолданылады. Аталған қаратпалардың қай-қайсысына да кісі фамилиясы тіркесіп жұмсалады. Жалпы таныс адамдар, әріптестер өзара қарым-қатынаста бір-бірін жеке есімімен не фамилиясымен атай алады. Туыстар арасында туыстық мәндегі қаратпалар жұмсалады. Бейтаныс жағдайда мына гендерлік қаратпалардың бірін таңдайды: *sir* «сэр» – еркекке, *madam* «мэдэм» – әйелге (екіні бірінші буынға түсірілген), ал *madame* «мэдэм» қаратпасы (екінші буындағы *а* созылып айтылады) шаштаразда, т.б. түрлі қоғамдық орындарда айтылады.

Неміс тілінде фамилия алдында еркекке – *Herr*, әйелге (тұрмысқа шыққан немесе тұрмысқа шықпаған жасы үлкен әйелге) – *Frau*, қызға (15 жастан жоғары) – *Fraulein* гендерлік қаратпалары қолданылады. Бұлармен қатар қызметтестер арасында жиі айты-

латын қаратпалар: *koolege* (ерге қатысты) және *koolegin* (әйелге қатысты). Француз тілінде қалыптасқан ресми мәнді қаратпалар кісі есіміне не фамилиясына тіркесе айтылатын *monsieur, madame, mademoiselle, camarade* түрлерімен ерекшеленеді [Системы личных имен у народов мира 1986].

Жыныс өкілдерінің сөз саптау стилін, сөйлеу әдебін ерекшелейтін гендерлектілер стилистикалық қырынан зерттелуі маңызды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тілдің гендерлік жіктелімі дегеніміз не?
2. Фонетика деңгейіндегі гендерлік ерекшеліктер қалай ажыратылады?
3. «Еркек-әйел дауысы» деген ұғымды қалай түсінесіз?
4. Дауыс, дауыс тембрі терминдерінің мәнін түсіндіріңіз.
5. Интонацияның гендерлік ерекшелігі неде?
6. Тілдің сегменттік және супraseгменттік деңгейлеріндегі гендерлік белгілерді көрсетіңіз.
7. Дыбыстардың дифференциалдық қасиеттері қалай анықталады?
8. Гендерлік жіктелімнің лексикалық ерекшелігін түсіндіріп беріңіз.
9. Туыстық атаулардың гендерлік лексикалық сипаты қандай?
10. Тұрмыстық лексикаға тән гендерлік тілдік белгілерді анықтаңыз.
11. Табу мен эфемизмдердегі гендерлік жіктелімді айқындаңыз.
12. Гендерлік антропонимдерді сипаттап беріңіз.
13. Гендердің грамматикадағы көрінісіне талдау жасаңыз.
14. Гендерлік қаратпаларды жіктеп көрсетіңіз.
15. Гендерлік аталымдардың сөздіктерде берілу деңгейін анықтаңыз.
16. Гендерлік жіктелімнің стилистикалық өзгешеліктерін белгілеңіз.
17. Көркем туындылар тіліндегі гендерлік образдарға талдау жасаңыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы: Қайнар, 2005.
2. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эфемизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995.
3. Вандриес Ж. Язык. Лингвистическое введение в историю. – М.: Соцэкгиз, 1937.

4. Вахтин Н. Б., Головкин Е.В. Социоллингвистика и социология языка. Учебное пособие. – СПб., 2004.
5. Вейлерт А. А. О зависимости количественных показателей языка от пола говорящего лица // Вопросы языкознания. 1976. № 5. С. 138-143.
6. Дьяконов И. М. Языки древней передней Азии. – М.: Наука, 1967.
7. Жолдасбекова С. А. Костюм тарихы: Оқу құралы. – Алматы: ИздатМаркет, 2006.
8. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998.
9. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.
10. Потапов В.В. Язык женщин и мужчин: фонетическая дифференциация // Известия АН СССР. Серия литературы и языка. Т.56. 1997. № 3. С. 52-62.
11. Орысша-қазақша сөздік (жалпы редакциясын басқарған Ғ.Ғ. Мұсабаев, Н.Т. Сауранбаев). 1-2 томдар. – Алматы, 1978-1981.
12. Мамаева Г.Б. Ерлер мен әйелдердің сөз қолданыстарындағы ерекшеліктер: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2003.
13. Мечковская Н.Б. Общее языкознание: Структурная и социальная типология языков: Учебное пособие. 2-е изд. – М.: Флинта: Наука, 2001.
14. Лингвистический энциклопедический словарь / Подред. В.Н. Ярцевой. – М.: Советская энциклопедия, 1990.
15. Коатс Дж. Женщины, мужчины и язык (перевод С. А. Коноваловой) // Гендер и язык. – М.: Языки славянской культуры, 2005. С. 33-235.
16. Коттхофф Х. Гендерные исследования в прикладной лингвистике (перевод М.В.Томской) // Гендер и язык. – М.: Языки славянской культуры, 2005. С. 563-623.
17. Крейдлин Г.Е. Голос и тон в культуре и языке // Язык о языке / Ред. Н. Д. Арутюнова. – М.: Языки русской культуры, 2000. С. 433-501.
18. Татубаев С Тайны звука. Очерки по фонетике казахского пения в сравнении с речью. – Алматы: Жалын, 1978.
19. Трубецкой Н. С. Основы фонологии. – М.: Аспект Пресс, 2000.
20. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномадени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997.
21. Системы личных имен у народов мира. – М.: Наука, 1986.
22. Шалекенов У. Әлем халықтарының этнографиясы (Оқу құралы). – Алматы: Санат, 1994.
23. Шевченко Т. И. Социальная дифференциация английского произношения. – М.: Высшая школа, 1990.
24. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 1993.
25. Хасанұлы Б. Қ. Жұбановтың гендерлік жіктелімдер жөніндегі пайымдаулары // «Жұбанов тағылымы»: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Ақтөбе, 2005. – 15-24 бб.

1. Аберкромби Н., Хилл С., Тернер Б.С. Социологический словарь (пер. с англ под ред. С.А. Ерофеева). – Казань: Изд-во Казанского университета, 1997. 402 с.
2. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Рауан, 1996. 158 б.
3. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар / Құрастырып, баспаға дайындаған Б.С. Сүлейменов. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1955. 415 б.
4. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. 368 с.
5. Антинескул О.Л. Гендер как параметр текстообразования: дис. канд. филол. наук. – Пермь, 2000. 172 с.
6. Антология концептов / Под ред. В.И. Карасика, И.А. Стернина. – М.: Гнозис, 2007. -512 с.
7. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы: Қайнар, 2005. 216 б.
8. Арутюнова Н.Д. Пропозиция // Лингвистический энциклопедический словарь / Под ред. В.Н. Ярцевой. – М.: Изд-во «Советская энциклопедия», 1990. с. 401.
9. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1998. 896 с.
10. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. 176 б.
11. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми орталығы, 2003. 376 б.
12. Байбурин А. К. Некоторые вопросы этнографического изучения поведения // Этнические стереотипы поведения. – Л., 1985. - С. 7-21.
13. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құрастырған Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. 464 б.
14. Бакушева Е.М. Социолингвистический анализ речевого поведения мужчин и женщин (На материале французского языка): дис. ...канд. филол. наук. – М., 1995. 197 с.
15. Баранов А. Н., Добровольский Д.О. Лео Вайсгербер в когнитивной перспективе // Известия АН СССР. Серия литературы и языка, 1990. - Т. 49. - № 5. - С. 451-458.
16. Валиханов Ч. Следы шаманства у киргизов // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Алма-Ата: Каз. сов. энциклоп., 1985. Т. 4. 460 с.
17. Вандриес Ж. Язык. Лингвистическое введение в историю. – М.: Соцгиз, 1937. 404 с.

18. Вахтин Н. Б., Головкин Е.В. Социоллингвистика и социология языка. Учебное пособие. – СПб., 2004. 336 с.
19. Введение в теорию гендера /под ред. А.Н. Нысанбаева, Б.Ж. Есекеева, Г.Г. Соловьева и др. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 1999. Вып. 1. 158 с.
20. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М.: Русские словари, 1996. 416 с.
21. Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языков. – М., 1999.
22. Вейлерт А.А. О зависимости количественных показателей языка от пола говорящего лица // Вопросы языкознания. 1976. № 5. С. 138-143.
23. Волков Ю.Г., Поликарпов В.С. Человек: Энциклопедический словарь. – М.: Гардарики, 1999. 520 с.
24. Воронина О.А. Теоретико-методологические основы гендерных исследований // Теория и методология гендерных исследований: Курс лекций / Под общ. ред. О.А. Ворониной. – М.: МЦГИ-МВШСЭН-МФФ, 2001. С. 13-95.
25. Вул С.М., Горошко Е.И. Судебно автороведческая классификационная диагностика: установление половой принадлежности автора документа // Современные достижения науки и техники в борьбе с преступностью: материалы научно-практической конференции. – Минск, 1992. С. 139-141.
26. Гак В.Г. Лексическое значение слова // Лингвистический энциклопедический словарь / Под ред. В.Н. Ярцевой. – М.: Изд-во « Советская энциклопедия», 1990. С. 261-263.
27. Геодакян В. А. Теория дифференциации полов в проблемах человека // Человек в системе наук – М.: Наука, 1989.
28. Гендер как интрига познания: Сб. статей. – М., 2000. -191 с.
29. Гендер и язык / Московский гос. лингвистический ун-т; Лаборатория гендерных исследований / Под ред. А.В. Кирилиной. – М.: Языки славянской культуры, 2005. 624 с.
30. Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады первой международной конференции. – М., 2001. 368 с.
31. Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады второй международной конференции. – М., 2002. -335 с.
32. Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады третьей международной конференции. – М., 2003. -126 с.
33. Гендерный фактор в языке и коммуникации: Сб научных трудов. – М., 1999. -136 с.
34. Гончаренко С.Ф. Гендерный фактор в концептуально-метафорической картине мира оригинального поэта и поэта переводчика:

- интрига и драма перевоплощения // *Актуальные проблемы межкультурной коммуникации. Сборник научных трудов МГЛУ.* – М., 1999. Вып. 444. С. 38-41.
35. *Городникова М.Д. Гендерный фактор и распределение социальных ролей в современном обществе: (На материале брачных объявлений) // Гендерный фактор в языке и коммуникации. Сб. научных трудов.* – М., 1999. С. 36-44.
36. *Городникова М.Д. Гендерный аспект обращений как фактор речевого регулирования // Гендер как интрига познания: Сб. статей.* – М., 2000. С. 81-92.
37. *Городникова М.Д. Гендер в коммуникативной интеракции // Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады второй международной конференции.* – М., 2003. С. 70-76.
38. *Горошко Е.И., Кирилина А. В. Гендерные исследования в лингвистике сегодня // Гендерные исследования.* - Харьков, 1999. - № 2. С. 234-241.
39. *Горошко Е.И. Интегративная модель свободного ассоциативного эксперимента (Монография).* – М.: Харьков: Ра-Каравелла, 2001. 320 с.
40. *Горошко Е.И. Гендерная проблематика в языкознании // Введение в гендерные исследования. Часть I: Учебное пособие / Под ред И. Жеребкиной. Харьков: ХЦГИ, 2001. С. 508-543.*
41. *Горошко Е.И. Языковое сознание (гендерная парадигма).* – М., 2003. 440 с.
42. *Горошко Е.И. Функциональная асимметрия мозга, язык, пол: Аналитический обзор.* – Москва; Харьков: ИД «ИНЖЭК», 2005. 280 с.
43. *Гриценко Е.С. Гендер и категоризация в социокультурной практике // Женщина и мужчина в современном обществе / Под ред. Л.Э. Семеновой.* – Нижний Новгород. МГЭИ, 2004. С. 5-18.
44. *Гриценко Е.С. Стилистика предвыборного дискурса и гендер // «Стилистика и теория языковой коммуникации»: тезисы докладов международной конференции.* – М.: МЛГУ, 2005. С. 73-75.
45. *Гриценко Е.С. Язык. Гендер. Дискурс. Нижний Новгород: Издательство ННГУ им. Н.И. Лобачевского, 2005. 267 с.*
46. *Грошев И.В. Образ женщины в рекламе // Женщина. Гендер. Культура.* – М., 1999. - С. 331-343.
47. *Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию.* – М.: Прогресс, 1984. 397 с.
48. *Гусейнов В.Н. Исследование акустических параметров гласных для автоматического синтеза русской речи с характеристиками женского голоса: автореф. канд. филол. наук.* – М., 1986.
49. *Гусейнова И.А. О некоторых формах представления гендерного аспекта в коммерческих дескриптивных рекламных текстах // Гендер как интрига познания: Сб. ст.* – М., 2002. С. 57-66.

50. *Дмитриев Л.Б. Основы вокальной методики. – М.: Музыка, 1968. 675 с.*
51. *Дмитрюк Н.В. Ассоциативные портреты – характеристики представителей русского и казахского этносов // Языковое сознание и образ мира. – М.: Институт языкознания РАН, 2000. С. 248-268.*
52. *Добровольский Д.О. Национально-культурная специфика во фразеологии // Вопросы языкознания. 1997. - № 6. - С. 37-48.*
53. *Долешаль У.О взаимосвязи грамматической категории рода и пола // Вербальные и невербальные дейксисы маскулинности и феминности / Под ред. Ю.А. Сорокина и А.М. Холода. – Кривой рог, 1997. - С. 143-157.*
54. *Дьяконов И.М. Языки древней передней Азии. – М.: Наука, 1967. 492 с.*
55. *Жанпеисова Н.М. Концепт мать/ана в казахской концептосфере (опыт контрастивно-лингвокультурологического анализа в аспекте казахско-русского билингвизма). Актобе: Изд. Центр АУ им. С.Баишева, 2003. 140 с.*
56. *Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы (лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау). – Алматы: Ғылым, 1971. 218 б.*
57. *Жельвис В.И. Стратегия и тактика брани: гендерный аспект проблемы // Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады первой международной конференции. – М., 2001. -С. 180-187.*
58. *Жолдасбекова С.А. Костюм тарихы: Оқу құралы. – Алматы: ИздатМаркет, 2006. 213 б.*
59. *Жүсіпов М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. 216 б.*
60. *Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. 450 б.*
61. *Залевская А.А. Введение в психолингвистику: Учебник. – М.: Рос. гос. гуманитарный ун-т, 1999. -382 с.*
62. *Земская Е.А., Китайгородская М.А., Розанова Н.Н. Особенности мужской и женской речи // Русский язык в его функционировании / Под ред. Е.А. Земской и Д.Н. Шмелева. – М., 1993. С. 90-136.*
63. *Зыкова И.В. Способы конструирования гендера в английской фразеологии. Учебное пособие. – М.: Едиториал, 2003. 232 с.*
64. *Ермолаев Е.В. К вопросу о фонетических характеристиках речи мужчин и женщин // Русский язык сегодня: Сб. статей / Отв ред. Л.П. Крысин. – М., 2000. Вып. 1. С.85-92.*
65. *Ерофеева Т.И. Социолект: Стратификационное исследование: дис. д-ра филол. наук. — СПб., -356 с.*
66. *Ильин Е.П. Дифференциальная психофизиология мужчины и женщины. СПб.: Питер, 2003. 544 с.*
67. *Ильин И.П. Постструктурализм. Деконструктивизм. Постмодер-*

- низм. Постмодернизм от истоков до конца столетия: эволюция научного мира. – М.: Интрада, 1996. 255 с.
68. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань. 1861.
69. Исина Г.И. Стереотипы и национальная языковая картина мира. Караганды: Изд-во КарГУ, 2007. –396 с.
70. Исмагулова Г. . Лингвокультурологический аспект гендерных отношений: сопоставительный аспект: на мат. рус., нем и каз. языков: дис. канд. филол. наук. Челябинск, 2005. 178 с.
71. Йокояма О Т. Языковые модели половых различий в языке русских детей младшего возраста // Социолингвистические проблемы в разных регионах мира: материалы международной конференции. – М., 1996. - С. 191-195.
72. Каган Е.В. Стереотипы мужественности и женственности и «образ я» у подростков // Психологический журнал. 1988. – № 5. - С. 53-62.
73. Каменская О.Л. Гендергетика – междисциплинарная наука // Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады второй международной конференции. – М., 2002. С. 62-63.
74. Камерон Д. Теоретические дискуссии в феминистской лингвистике. Вопросы пола и гендера (перевод О.А. Васьковой) // Гендер и язык. – М.: Языки славянской культуры, 2005. С. 539-563.
75. Кандиоти Д. Эволюция гендерных исследований. Обзор // Женщины и социальная политика (гендерный аспект). – М.: ИСЭПН, 1992. С.156-163.
76. Карасик В.И. Культурные доминанты в языке // Языковая личность: Культурные концепты. Волгоград-Архангельск, 1996. С. 3-15.
77. Карасик В.И. Язык социального статуса. Москва, Волгоград: ИЯЗ: Перемена 1992. 329 с.
78. Караулов Ю.Н. Показатели национального менталитета в ассоциативно-вербальной сети // Языковое сознание и образ мира. – М.: Институт языкознания РАН, 2000. С. 191-206.
79. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. 712 б.
80. Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы: Санат, 1995. 248 с.
81. Кирилина А.В. Категория gender в языкознании // Женщина в российском обществе. 1997. № 2. С. 15-20.
82. Кирилина А.В. «Мужественность» и «женственность» с точки зрения лингвиста // Женщина в российском обществе. 1998. № 2. С. 21-27.
83. Кирилина А.В. Гендерные стереотипы, речевое общение и «деловая» лексика // Имидж женщины-лидера. - Иваново, 1998. - С. 65-85.

84. Кирилина А.В. Развитие гендерных исследований в лингвистике // *Филологические науки*. 1998. №2. С.51-58.
85. Кирилина А.В. *Гендер: лингвистические аспекты*. – М.: Институт социологии РАН, 1999. 189 с.
86. Кирилина А.В. Семантика личных имен: гендерный аспект // *Аксиологическая лингвистика: Проблемы изучения культурных концептов и этносознания: Сб. научных трудов*. Волгоград, 2002. С. 135-141.
87. Кирилина А.В. *Гендерные исследования в лингвистике и теории коммуникации: Учебное пособие*. – М.: Российская политическая энциклопедия, 2004. 252 с.
88. Кирилина А.В. *Гендерные исследования в лингвистических дисциплинах // Гендер и язык*. – М.: Языки славянской культуры, 2005. С. 7-33.
89. Китайгородская М.В. Вариативность в выражении рода существительных при обозначении женщин по профессии // *Социально-лингвистические исследования / Под ред. Л.П. Крысина, Д.Н. Шмелева*. – М., 1976. - С. 144-155.
90. Клецин А.А. Предисловие редактора // *Гендерные тетради*. СПб., 1997. Вып.1. - С.5-11.
91. Клецина И.С. *Гендерная социализация: Учебное пособие*. СПб: Изд-во РГПУ, 1998.
92. Клецина И.С. *Психология гендерных отношений: Теория и практика*. – СПб.: Алетейя, 2004. 408 с.
93. Коатс Дж. *Женщины, мужчины и язык (перевод С.А. Коноваловой) // Гендер и язык*. – М.: Языки славянской культуры, 2005. С. 33-235.
94. Колесников Н.П. *Толковый словарь названий женщин: Более 7000 единиц/ Н.П. Колесников*. – М.: ТОО «Издательство Астрель», 2002. 608 с.
95. Колесникова М.С. *Гендерные асимметрии и стереотипы в лингвострановедческих словарях // Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады первой международной конференции*. – М., 2001. С. 212-219.
96. Колесникова М.С. *Лексикографические проблемы новых лингвистических исследований: Гендерный аспект // Филологические науки*. 2003. № 5. С. 106-114.
97. Колосова О.Н. *Когнитивные основания языковых категории (На материале современного английского языка): автореф. док. филол. наук*. – М., 1996.
98. Коновалова С.А. *Гендерная специфика выражения предикативных отношений в тексте русской народной волшебной сказки: автореф. дис. канд. филол. наук*. – М., 2005.
99. Коробцева Е. *К вопросу о различиях между мужской и женской речью в современном японском языке // Язык и общество на пороге*

- тысячелетия: итоги и перспективы: тезисы докладов международной конференции. – М.: Эдиториал УРСС, 2001. С. 162-164.
100. Коттхофф Х. Гендерные исследования в прикладной лингвистике (перевод М.В.Томской) // Гендер и язык. – М.: Языки славянской культуры, 2005. С. 563-623.
 101. Краткий словарь когнитивных терминов / Под ред. Е.С. Кубряковой. – М.: Издательство МГУ, 1996. 245 с.
 102. Крейдлин Г.Е. Голос и тон в культуре и языке // Язык о языке / Ред. Н.Д. Арутюнова. – М.: Языки русской культуры, 2000. С. 433-501.
 103. Кронгауз М.А. Sexus, или Проблема пола в русском языке // Русистика. Славистика. Индоевропеистика. – М., 1996. С. 510-525.
 104. Крысин Л.П. Речевое общение и социальные роли говорящих // Социально-лингвистические исследования. – М., 1976. С. 42-52.
 105. Крючкова, Т.Б. Некоторые экспериментальные исследования особенности использования русского языка мужчинами и женщинами // Проблемы психолингвистики / Под ред. К.А. Сорокина и А.М. Шахнаровича. – М., 1975. - С. 186-199.
 106. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. 240 б.
 107. Кубрякова Е.С. Эволюция лингвистических идей во второй половине XX века // Язык и наука конца 20 века. Сб. статей под ред. Ю. С. Степанова. – М.: РГГУ, 1995. - С. 144-238.
 108. Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. 776 б.
 109. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (он томдық). – Алматы: Ғылым, 1978-1986.
 110. Қазақша-орысша сөздік (редакциясын басқарған Р.Ғ. Сыздықова, К.Ш. Хұсайын) – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. 1008 б.
 111. Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы // Егемен Қазақстан. 2005. 2 желтоқсан.
 112. Қазақстанның әйелдері мен еркектері. Гендерлік статистика: Қысқаша статистикалық жинақ / А. Мешімбаеваның редакциялауымен. – Астана: Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігі, 2007. 120 б.
 113. Қашқари М. Түрік сөздігі. 3 томдық (ауд. А Егеубаев). 1-том. – Алматы: Хант, 1997. 589 б.
 114. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Екінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. 415 б.
 115. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Үшінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. 418 б.
 116. Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1990. 319 б.

117. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. 192 б.
118. Қордабаев Т., Қалиев Ф. Жалпы тіл білімі: Оқулық. – Алматы: Дәуір, 2004. 240 б.
119. Ласкова М.В. Грамматическая категория рода в аспекте гендерной лингвистики (Семантика и прагматика): дис. д-ра филол наук. Краснодар, 2001. 302 с.
120. Лакофф Дж. Когнитивная семантика (из книги «Женщины, огонь и опасные предметы») // Язык и интеллект. – М., 1996. С. 143-184.
121. Лейвен-Турновоца И. Левое и правое как мужское и женское (европейский ареал) // Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады первой международной конференции. – М., 2001. С. 233-234.
122. Леонтьев А. А. Психология общения. Учебное пособие. 2-е изд. – М.: Смысл, 1997. 365 с.
123. Лингвистический энциклопедический словарь / Под. ред. В. Н. Ярцевой. – М.: Советская энциклопедия, 1990. 685 с.
124. Малишевская Д. Ч. Базовые концепты культуры в свете гендерного подхода (на примере оппозиции Муж-чина/Женщина) // Фразеология в контексте культуры. – М., 1999. - С. 180-184.
125. Мамаева Г. Б. Ерлер мен әйелдердің сөз қолданыстарындағы ерекшеліктер: филол. ... ғыл. канд. дисс. Алматы, 2003. 156 б.
126. Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. 272 б.
127. Маслова В. А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. Минск: Тетре Системе, 2004. -255 с.
128. Матурана У. Биология познания // Язык и интеллект. Сб. статей / Под ред. В.В. Петрова. – М., 1996. - С. 95-142.
129. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік (құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева, т.б.). – Алматы: Раритет, 2004.- 320 б.
130. Мельникова А.А. Язык и национальный характер. Взаимосвязь структуры языка и ментальности. СПб.: Речь, 2003. 320 с.
131. Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика. – М.: Аспект-Пресс, 1996. 205 с.
132. Мечковская Н.Б. Общее языкознание: Структурная и социальная типология языков: Учебное пособие. 2-е изд. – М.: Флинта:Наука, 2001. 312 с.
133. Мошинская Л.Р. Влияние половозрастных особенностей субъекта на процесс вербальной коммуникации // Тезисы VI всесоюзного симпозиума по психолингвистике и теории коммуникации. – М., 1978. - С. 44-46.
134. Нарожная В.Д. Гендерный аспект в невербальной коммуникации // Психолингвистика и социоллингвистика: состояние и перспекти-

- вы: материалы международной конференции. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. С. 269-270.
135. Нарожная В. Д. Межкультурная коммуникация в гендерном аспекте // Языковое пространство Казахстана в новом тысячелетии и проблемы мировой лингвистики. Алматы, 2008. Т. 1. С. 868-875.
136. Нечаевский Д. Л. Маскулинность/фемининность как социокультурная характеристика (гендер как социокультурный феномен) // Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады первой международной конференции. – М., 2001. С. 71-72.
137. Нұрмагамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. -304 б.
138. Нуржанова З.М. Невербальные средства общения: гендерный аспект: автореф. канд. филол. наук. Алматы, 2005. 22 с.
139. Ольшанский И.Г. Гендерные исследования как одно из направлений социолингвистики // Проблемы социолингвистики и многоязычия / Под ред. К.С. Баламамедова и В. А. Татарина. – М.: Московский лицей, 1997. - Вып. 1. С. 22-34.
140. Ольшанский И.Г. Лексикографические аспекты гендерных исследований // Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады третьей международной конференции. – М., 2003. С. 81-82.
141. Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: АНАрыс, 2006. -312 б.
142. Орысша-қазақша сөздік (жалпы редакциясын басқарған Ғ.Ғ. Мұсабаев, Н. Т. Сауранбаев). 1-2 томдар. Алматы, 1978-1981.
143. Паскова Н.А. Женщина // Антология концептов / Под ред. В.И. Карасика, И.А. Стернина. – М.: Гнозис, 2007. - С. 346-356.
144. Попов А.А. К проблеме отражения гендерного аспекта в лексикографии // Гендерный фактор в языке и коммуникации. - Иваново, 1999. С. 60-62.
145. Попова З.Д., Стернин И.А. Очерки по когнитивной лингвистике. Воронеж: Истоки, 2001. 192 с.
146. Потапов В.В. Язык женщин и мужчин: фонетическая дифференциация // Известия АН СССР. Серия литературы и языка. Т.56. 1997. № 3. С. 52-62.
147. Потапов В.В. Многоуровневая стратегия в лингвистической гендерологии // Вопросы языкознания. 2002. № 1. С. 103-130.
148. Потапова Р.К. Мужская и женская речь как объект специального исследования в криминалистике // Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады второй международной конференции. – М., 2002. -С. 264-274.
149. Пузыренко Я. К проблеме гендерной реформы языка // Язык и общество на пороге тысячелетия: итоги и перспективы: тезисы докла-

- дов международной конференции. – М.: Эдиториал УРСС, 2001. С. 169-171.
150. Пушкарева Н.Л. Гендерные исследование: рождение, становление, методы и перспективы в системе исторических наук // *Женщина. Гендер. Культура.* – М., 1999. С. 15-35.
151. Реформатский А.А. О тембре голоса человека // *Лингвистика и поэтика.* – М., 1987. С. 260-268.
152. Розина Р.И. Человек и личность в языке // *Культурные концепты. Логический анализ языка / Под ред. Н. Д. Арутюновой.* – М., 1991. – С. 52-56.
153. Рябов О.В. *Женщина и женственность в философии серебряного века.* Иваново: Ивановский гос. ун-т, 1997. 159 с.
154. Рябов О.В. «Матушка-Русь» в немецкой историософии: к вопросу о гендерном аспекте межкультурной коммуникации // *Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады первой международной конференции.* – М., 2001. С. 47-61
155. Рябов О.В. Гендерные аспекты межкультурной коммуникации: социально-философский анализ // *Гендер как интрига познания: гендерные исследования в лингвистике, литературоведении и теории коммуникации.* – М., 2002. С. 37-47.
156. Сабитова З.К. *Гендерная оппозиция в языке: диахронический аспект: Учебное пособие.* – Алматы: Қазақ университеті, 2007. 157 с.
157. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. 464 б.
158. Сепир Э. *Избранные труды по языкознанию и культурологии / Пер. с англ.* – М.: Издат. Группа «Прогресс», 2002. 656 с.
159. Сергеева М.В. Гендерные асимметрии и стереотипы в иллюстративных контекстах словарей // *Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады первой международной конференции.* – М., 2003. С. 95-96.
160. Синельников А.С. Паника, террор, кризис. Анатомия маскулинности // *Гендерные исследования.* Харьков, 1997. - С. 211-227.
161. *Системы личных имен у народов мира.* – М.: Наука, 1986. 383 с.
162. *Словарь гендерных терминов / Под ред. А.А. Денисовой.* – М.: Информация XXI век, 2002. 256 с.
163. Слышкин И.А. Гендерная концептосфера современного русского анекдота // *Гендер как интрига познания.* – М., 2002. С. 66-73.
164. Сорокин Ю.А. Мужчина и женщина в интерьере «Русского ассоциативного словаря» // *Предложение и слово.* Саратов: Саратов. пед. ун., 1999. С. 202-205.
165. Сохацкая О.Л. Индоевропейские и праславянские реликты в древнерусской оппозиции «мужское-женское»: дис.канд. филол. наук. – Алматы, 2002. -119 с.

166. Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры: Опыт исследования. – М.: Языки русской культуры, 1997. 824 с.
167. Стернин И. А. Концепты и лакуны // Перевод и межкультурная коммуникация: материалы международной научной конференции. Н.Новгород, 2003. С. 158-170.
168. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолданылу тарихынан). 2-басылуы. – Алматы: Санат, 1994. -272 б.
169. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: Арыс, 2004. 288 б.
170. Сулейменова Э.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов / Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2008. 392 б.
171. Супранская А.В. К проблеме типологии антропонимических основ // Ономастика. Типология. Стратиграфия. – М., 1988. С. 26-32.
172. Таннен Дж. Ты просто меня не понимаешь: Женщины и мужчины в диалоге (перевод О. А. Васьковой) // Гендер и язык. – М.: Языки славянской культуры, 2005. С. 235-502.
173. Татубаев С. Тайны звука. Очерки по фонетике казахского пения в сравнении с речью. – Алматы: Жалын, 1978. 152 с.
174. Телия В. Н. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологические аспекты. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1996. 288 с.
175. Тимофеев М.Ю. «Новый русский мужчина»: знаки этнокультурной идентичности в журнале «Медведь» // Гендерные исследования и гендерные образования в высшей школе: материалы международной научной конференции. Иваново. 2002. Ч.2. С. 124-125.
176. Томская М. В. Гендерный аспект социального рекламного дискурса // Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады первой международной конференции. – М., 2001. С. 328-333.
177. Трубецкой Н.С. Основы фонологии. – М.: Аспект Пресс, 2000. 352 с.
178. Трубченинова А.А. Механизмы актуализации гендерных стереотипов в газетном спортивном дискурсе (на материале немецкой прессы) // Гендер: язык, культура, коммуникация: материалы третьей международной конференции. – М., 2002. С. 110-112.
179. Түйебекова З.Д. Гендерная контрастивистика: сфера морфологии // Психолингвистика и социолингвистика: состояние и перспективы: материалы международной конференции. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. С. 279-281.
180. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006. 280 б.
181. Уфимцева Н.В. Русские: опыт еще одного самопознания // Этно-

- культурная специфика языкового сознания / Под ред. Н.В. Уфимцевой. – М., 1996. – С. 139-162.
182. Ушакин С.А. Поле пола // *Женицина. Гендер. Культура.* – М., 1999. С. 35-45.
 183. Уэст К., Зиммерман Д. Создание гендера (doing gender) // *Гендерные тетради.* – СПб., 1997. Вып. 1. С. 94-124.
 184. Фатыхова Ф.Ф. Гендерный аспект возрастных категорий в башкирском языке // *Гендер: язык, культура, коммуникация: доклады первой международной конференции.* – М., 2001. С. 347-351.
 185. Фрумкина Р.М. «Теории среднего уровня» в современной лингвистике // *Вопросы языкознания.* -1996. № 2. С. 55-67.
 186. Фуко М. Воля к истине: по ту сторону знания, власти и сексуальности: Сборник / Сост., - пер. с фр. С. Табачниковой. – М.: Магистериум, 1996. 448 с.
 187. Халеева И.И. Гендер как интрига познания // *Гендерный фактор в языке и коммуникации.* Иваново, 1999. – С. 5-9.
 188. Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра (Қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). – Алматы: Жазушы, 1992. 272 б.
 189. Хасанұлы Б.Қ. Жұбанов мұралары: отандық жалпы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика бастаулары. Тіл саласындағы қуғын-сүргін. Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, 2000. 119 б.
 190. Хасанұлы Б. Концепция Х.К. Жубанова в контексте гендерной лингвистики // «Жұбанов тағылымы»: материалы республиканской научно-теоретической конференции. Ақтөбе, 2002. С. 23-28.
 191. Хасанұлы Б. Проблемы развития гендерных исследований в казахском языкознании и вопросы женского языка // *Язык и культура: функционирование и взаимодействие: материалы международной конференции.* Шымкент, 2003. С. 47-58.
 192. Хасанұлы Б. Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері // *Психолінгвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі күйі және болашағы: Халықаралық конференция материалдары.* – Алматы, 2003. 284-288 бб.
 193. Хасанұлы Б. Қыздың сөйлеу әдебі – ана тілінің ажары // «Қазақ қызы: өткені, бүгіні, ертеңі: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2003. 1-том. 98-107-б.
 194. Хасанұлы Б.Қ. Жұбановтың гендерлік жіктелімдер жөніндегі пайымдаулары // «Жұбанов тағылымы»: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Ақтөбе, 2005. -15-24 бб.
 195. Хасанұлы Б. Гендерлік лингвистика және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығының гендерлік сыны // *Сборник материалов международной научно-практической конференции.* Павлодар: ПГУ им. С. Торайгырова, 2005. 264-276 бб.

196. Хасанұлы Б. «Қазақ тілі « тұжырымы: пайымдаулардағы көрінісі. – Алматы, 2008. 60 б.
197. Холод А.М. Речевые картины мира мужчин и женщин. Днепропетровск, 1997. 205 с.
198. Хомская Е.Д. Об асимметрии блоков мозга // *Нейропсихология сегодня / Под ред. Е.Д. Хомской.* – М., 1995. – С. 14-27.
199. Хроленко А.Т., Бондалетов В.Д. Теория языка. – М.: Флинта: Наука, 2004. 512 с.
200. Чекалина А.А. Гендерная психология: Учебное пособие. -2-е изд. М: Ось-89, 2009. -240 с.
201. Ченки А. Современные когнитивные подходы к семантике: сходства и различия в теориях и целях // *Вопросы языкознания.* 1996. № 2. С. 68-78.
202. Шалекенов У. Әлем халықтарының этнографиясы (Оқу құралы). – Алматы: Санат, 1994. 208 б.
203. Шахмайкин А.М. Проблема лингвистического статуса категории рода // *Актуальные проблемы современной русистики. Диахрония и синхрония.* – М., 1996. С. 226-273.
204. Швейцгер А.Д. К разработке понятийного аппарата социолингвистики // *Социально-лингвистические исследования.* – М., 1976. С. 31-41.
205. Шевченко Т.И. Социальная дифференциация английского произношения. – М.: Высшая школа, 1990. 442 с.
206. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 1993. 192 б.
207. Шоқым Г. Қазақ тіл білімінің гендерлік тұжыры. – Алматы: Сервис и К, 2007. -312 б.
208. Щепанская, Т.Б. Женица, группа, символ (на материале молодежной субкультуры) // *Этнические стереотипы мужского и женского поведения.* – СПб., 1991. – С. 17-29.
209. Юссон Р. Певческий голос. – М.: Музыка, 1974. 262 с.
210. Янко-Триницкая Н.А. Наименования лиц женского пола существительными женского и мужского рода // *Развитие словообразования современного русского языка.* – М., 1966. С. 153-167.
211. Янчук Е.И. Гендер // *Новейший философский словарь / Сост. А.А. Грицанов.* – М., 1998.
212. Butler J. *Gender Trouble: Feminism and the Subversion of Identity.* – New York and London: Routledge, 1990.
213. Cameron D. *Feminism and Linguistic Theory. Second edition.* – Mc.Millan Press Ltd., 1992.
214. Cameron D. *Gender, Language and Discourse: A Review Essay// Signs: Journal of Women in Culture and Society.* 1998. Vol 23, No 4. – P. 945-971.

215. Coates J. *Women, Men and Language: A sociolinguistic account of gender differences in communication. Third edition.* – Harlow England; New York: Longman 2004.
216. Coates J. *Women Talk: Conversation between women friends.* – Oxford Blackweel, 1996.
217. Connell R. *Masculinities.* – Berkeley: University of California Prees, 1996.
218. Crawford M. *Talking Differenc: On Gender and Language.* – London, Thousand Oaks and New Delhi: SAGE Publications, 1995.
219. Christie C. *Gender and Language: Towards a Feminist Pragmatics.* – Edinburgh: Edinburgh University Prees, 2000.
220. Code L. *Encyclopedia of Feminist Theories.* - London: Routledge, 2000.
221. Eckert P., McConnel-Cinet S. *Language and Gender.* – Cambridge: Cambridge University Prees, 2003.
222. Footitt H. *Women, Europe and the New Languages of Politics.* Continuum: London, New York 2002.
223. Holmes J. *Women, Men and Politiness.* London: Longman 1995.
224. Goffman E. *Interaktion und Geschlecht.* – Frankfurt am Main, 1994 (engl. 1977).
225. Goffman E. *Gender Advertisements.* - New York: Harper Row, 1986 (1976).
226. Gumperz J. *Language and Sociol Identity.* - Cambridge: Cambridge University Prees, 1982.
227. Kramarae C. *Women and Men Speaking: Fundamentals for Analysis.* Rowley Mass.: Newbury House 1981.
228. Lakoff G. *Language Language Women' Plase.* – New York: Harper and Row, 1975.
229. Lakoff G. *Women, Fire and Dangerous Things.* – Chicago: The University of Chicago Prees, 1987.
230. Romaine S. *Communicating Gender.* – New Jersey, London: Lawrence Erlbaum Associates Publishers, 1999.
231. Talbot D. *Language and Gender: an Introduction.* – Cambridge: Polity Prees, 1998.

Антропоморфизм (грек. *anthropos* – адам, *morphe* – форма, пішін) – адамзаттық, халықтық дүниетанымдағы жаратылыс иелерін (құдайды, періштелерді, мал-жан иелерін), табиғаттағы нәрселерді (ғарыштық, жағырафиялық нысандарды, жан-жануарларды, өсімдіктерді, т.б.) адамға ұқсату құбылысы, өнердегі көркемдік әдіс.

Ассоциация – дүниені тануда адам санасындағы алғаш пайда болатын бейнелі ойлы (ментальді) сигналдар, білім арудың бір тәсілі. Ассоциация арқылы тану – бұрынғы тәжірибелер мен жаңадан қабылданған түсініктер арасындағы байланысты ұғу.

Ассоциациялар жиынтығы – белгілі бір мәдениет аясында адамның әлем бейнесі туралы таным-түсінігін, түрлі бағалаулары мен құндылықтарын қамтиды. Ассоциациялар жиынтығын адамның тілдік санасының үлгісі ретінде қарастыруға болады.

Архетип (грек. *arche* – бастау, *typos* – бейне) – алғашқы үлгі, түпнұсқа. Архетип жалпыадамзаттық рәмізділіктің негізіне, шығармашылық жасампаздық қиялдың нәр алатын бастауына жатады. Белгілі бір мәдениеттің архетипіне оның өзіндік болмысын неғұрлым бойына толығырақ жинаған салт-дәстүрлік және өзіндік сана ерекшеліктерін қалыптастырған және дербес жүйе ретінде өркениеттер сұхбатында орын алған мәдени түпнұсқа жатады.

Әлеуметтендіру – бұл жеке адамның қоғамдық өмірге қатысуына тартатын, мәдениетті түсінуге және әлеуметтік ортада, ұжымда өзін-өзі ұстау дағдысына үйрететін, өзін баянды ете түсетін және әр түрлі әлеуметтік рөлдерді орындаттыратын жалпы ортаның ықпалы.

Бейнелі ой (ментальді) лексиконы – адамның қоғаммен өзара әрекеті барысында жинақталған білімінің жадыда өңделген түрі, гендерлік білімнің гендерлік таптаурындар түрінде бейнеленген тілдік көрінісі.

Бейқұрылымдық талдау – бұл философиялық ілім, ол мағынаның мәтін тілінде қалай құрылатынын анықтайды, яғни философиялық мәтінді оның формалық құрылымында зерттеу, оның мәтінді типтерінің өзгешелігін және көпнұсқалығын көрсету, философиялық мәтіннің сахналық кеңістігін, оның синтаксисін ұғыну. Бейқұрылымдық идеясы бойынша, жұптық құрылымдарға негізделген логикалық теориялар мен тұжырымдық жүйелер өз күшін жояды. Бейқұрылымдық талдау әдістемесі мәтін мағынасын жете ұғыну, басқа мәтіндермен сәйкестілігін анықтау жолымен белгіленеді. Гендерлік зерттеулердің батыстық дәстүрінде гендердің дерриандық бейқұрылымдық талдау идеясы (Ж. Деррида ұсынған ұғым, постструктурализм заманының сыни-философиялық ұстанымы) – негізгі әдіс.

Гендер – (ағыл. *gender* – тек (род), жыныс) – әлеуметтік жынысты биологиялық жыныстан айыру үшін қолданылатын термин. Гендер

ұғымы өткен ғасырдың 60--жылдарынан белгілі болғанымен, ғылыми қолданысқа 80-жылдардан бастап енді. Ол биологиялық жыныс пен әлеуметтік-мәдени жыныстың (еркектік, әйелдік белгілерінің рөлдер бөлінісі, мәдени дәстүрлер, биліктік қатынастар арқылы тұжырымдалуы) шекарасын бөліп көрсету мақсатында енгізілді. Гендер терминінің синонимі ретінде *әлеуметтік-мәдени жыныс* ұғымы қолданылады.

Гендеризм – жыныстың институттандырылуы мен жоралануы, дәстүрленуі (ритуалдануы).

Гендерлект – бір тіл аумағында әлеуметтік жынысқа – әйелдер мен ерлерге байланысты және олардың әрқайсысының сөз саптауында кездесетін тілдік бірліктер (сөз, сөйлем, сөйлемдер мен сөз тіркесі, фразеологизм, мақал-мәтелдер, т.б.).

Гендерлік асимметрия – өмірдің түрлі салаларында әлеуметтік және мәдени нормаларға сәйкес ерлер мен әйелдерге белгіленген әлеуметтік рөлдердің теңгерімсіздігі.

Гендердің әлеуметтік құрылымы – ерлер мен әйелдер арасындағы әлеуметтік қатынастардың ұйымдасқан үлгісі. Оның даму негізіне гендерлік әлеуметтендіру, еңбек бөлінісі, қоғамда белгіленген гендерлік рөлдер жүйесі мен гендерлік сәйкестендіру жатады.

Гендерлік бейімделу (адаптация) – қоғамдағы гендерлік қатынастарға, қалыптарға, рөлдерге әлеуметтік психологиялық бейімделу.

Гендерлік дисплей – әрбір адам өзінің жаратылысына қарай (әйел, еркек) дәстүрлі (әйелдік/еркектік) мінез-құлық үлгілерін меңгеріп, соған бейімделуі.

Гендерлік жіктелім – ер мен әйелдің биологиялық айырмасы негізінде қалыптасқан әлеуметтік-жыныстық бөліну.

Гендерлік зерттеулер – әйелдер мен ерлердің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени мәртебесін, гендерлік рөлдері мен гендерлік қарым-қатынасын зерттеу.

Гендерлік идеалдар (мақсат-мұраттар) – еркек пен әйелдің жүріс-тұрыстары туралы мәдени түсініктер.

Гендерлік идеология – идеялар мен көзқарастар жүйесі, қоғамның құрылуы мен ондағы еркек пен әйелдің әлеуметтік жалпы қатынасы туралы түсінік. Гендерлік ерекшеліктер мен гендерлік стратификацияға құрылған идеялар жүйесі.

Гендерлік лингвистика – (ағылш. *gender* – грамм. тек (род) және франц. *linguistiques* лат. *lingua* – тіл) гендер мен тілдің өзара байланысын зерттейтін гендер мен лингвистика аралығындағы ғылым саласы. Гендерлік лингвистиканы қалыптастыратын жайт – адам тілінің синкретті үш қыры: бірі – тілдің ішкі құрылысы, екіншісі – тілге әсер етуші сыртқы жүйе, әлеуметтік факторлар, үшіншісі – тілде көрініс беретін ментальді құрылым, әлемнің жанама түрдегі бейнесі. Бұл – әлемнің тілдік бейнесі,

тілдік тұлғаның прагматикасы, тіл қолданушының тілдік санасы, ойлаудың этникалық құрылымы, қалыптасу үстіндегі өмір салты, ұлттық мінез-құлық, менталитет.

Гендерлік метафора – мәдени, әлеуметтік және саяси реалийлердің концептуалдануын бейнелейді. Гендерлік категориялаудың метафоралық табиғаты (аталық-аналық бастау) жансыз заттар мен құбылыстардың санада еркектік, әйелдік белгілермен ассоциациялануы арқылы айқын көрінеді.

Гендерлік нормалар – бұл белгілі бір ережелер тәртібі мен алғышарттар, «нағыз ер адам» және «нағыз әйел адам» қандай болу керек деген нормаларды қалыптастыратын гендерлік жүйе.

Гендерлік категориялау біріншіден, *«еркектік»*, *«әйелдік»* делінетін гендердің тірек категорияларының өзі адамның физикалық табиғатынан туындаған метафоралары ретінде танылуы, екіншіден, метонимиялық когнитивтік үлгілердің түптұлға мәнінде жұмсалыуы. Гендерлік категориялау мәселелері ментальді лексиконға сүйене отырып қарастырылады. Ол сөздер мен олардың эквиваленттік бірліктерін оның астарында күрделі экстралингвистикалық (энциклопедиялық) білімді таңытатын жүйе ретінде анықталады.

Гендерлік қарама-қарсылық (оппозиция) – жыныстық негізде қалыптасқан мәдени еркек – әйел бастауларын жұптық қатынастарда қарастыру дәстүрі. Жыныстық ерекшеліктер негізінде әлеуметтік ортаның тарихи даму барысында мәдени-әлеуметтік талаптар, ұйғарымдар, мінез-құлық, іс-әрекет, жүріс-тұрыстағы белгілі жұптық қасиеттер қалыптасады.

Дүниенің мифологиялық бейнесінде орын алған жұптық қарама-қарсылықтар: жоғары-төмен, жарық-қараңғы, оң-сол, т.б. сол сияқты философиялық жүйедегі биполярлық қарама-қарсылықтар: мәдениет-табиғат, белсенділік-әлсіздік, рационалдық-иррационалдық, ой-сезім, рух-тән, мазмұн-форма, билік-бағыну, т.б. белгілі. Аталған қарама-қарсылықтардың сол жағы – еркектік, оң жағы – әйелдік ұғымдарымен байланыстырылады. Қарама-қарсы жұптар адам жынысына тәуелсіз, олар өз алдына екіжақты, амбивалентті (екіұшты) құрылымдарды бейнелеуде қолданылады. Солай бола тұрса да, адамзат болмысына тән жыныстық диморфизм еркектік/әйелдік қырынан қарастырылып келеді. Әрбір жыныс өкіліне қоғамдық және жеке адамдық санада еркекке, әйелге тән деп саналатын түптұлға белгілер таңылады.

Гендерлік рөлдер – белгілі бір қоғамда және тарихи жағдайда қолданылатын әлеуметтік және мәдени нормаларға сәйкес ерлер мен әйелдер атқаратын әлеуметтік рөлдер. Соған сай, әрбір жыныс өкілінің қоғамда міндетті деп танылған сөйлеу әдебі, мінез-құлық, дене қимылы, т.б. талаптардың орындалуы. Гендерлік рөлдер әр қоғамда, әр түрлі этномәдени, діни, әлеуметтік топтар мен жіктер арасында бірдей емес.

Гендерлік таптаурындар (стереотиптер) – лайықты «әйелдік» және «еркектік» мінез-құлық, олардың мақсаты, әлеуметтік рөлдері мен қызметі туралы қоғамда жалпыға бірдей қабылданған орнықты көзқарастар. Гендерлік таптаурындар бір-бірімен және өзара көршілес гендерлектілермен тығыз байланыса отырып, әлеуметке тән мәдени түсініктер тізбегін құрайды.

Гендерлік саясат – қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет.

Гендерлік сәйкестілік (идентичность) – адамның тұлғалық қалыптасуы барысында қоғамда еркекке тән, әйелге тән деп танылған белгілер мен нормаларды қабылдап, соған сәйкес келуі, парапар болуы, теңдестірілуі.

Гендерлік статистика – ерлер мен әйелдердің әлеуметтік-саяси өмірдің барлық салаларындағы тиісті жағдайын бейнелеу және қоғамдағы гендерлік мәселелерді қамтиды.

Гендерлік стратификация – бұл әлеуметтік стратификацияның көмегімен жүзеге асатын үрдіс. Гендерлік стратификация әлеуметтік стратификациядағы негізгі категория болып саналады және тап, нәсіл, жас тәрізді өзгермелі стратификациялық категориялар қатарында қарастырылады.

Гендерлік теңгерім – ұйымдастырушылық құрылымның барлық деңгейлеріндегі ерлер мен әйелдердің теңдігі.

Детерминизм – табиғатта және қоғамда кездесетін оқиға, құбылыстарды, оның ішінде адамның еркі мен мінезінің өзара байланыстылығының себептерін, себептестігінің заңдылығын зерттейтін философиялық ілім.

Жора (ритуал) – әлеуметтік реттелген, рәмізделген жүріс-тұрыстың тарихи қалыптасқан бігімі. «Әдет-ғұрып», «салт-дәстүр» ұғымдары жора ұғымымен тығыз байланысты. Әрбір іс-қимылдың жоралық өлшемі бар. Жора барлық ұжымдық және қоғамдық жүріс-тұрысты реттейді, оған мән-мағына және мақсаттық сипат береді. Жора әр түрлі діни-құқықтық (мораль, заң, тәртіп), қорғаныс (қауіпсіздік, әскери) және шаруашылық-экономикалық (еңбек) қызметтер атқарады.

Жыныс – адамзат бойына туа біткен айырым белгі, әйелдер мен ерлер арасындағы психологиялық және әлеуметтік айырмашылықтарды танудың түп негізі. Жыныс категория ретінде екі компоненттен тұрады: биологиялық жыныс (*sexus*) және әлеуметтік жыныс (*гендер*).

Ер тілі мен әйел тілі – тіл бірліктерінің жыныстық жіктелуімен тығыз байланысты, әлеуметтік қарым-қатынасты жүзеге асырудың маңызды құралы.

Маскулиндік – еркек жынысына қатысты қалыптасқан мінезде-мелер немесе қоғамда еркектік деп танылатын белгілер (мінез-құлық, іс-әрекет, жүріс-тұрыс, т.б.).

Маскулиндік зерттеулер – қоғамда қалыптасқан ер адамдық нормалар мен талаптарды ажыратып, белгілі бір мәдениет аясында ерге тән тілдік белгілердің ерекшеліктерін анықтап, ер жынысының әлеуметтік құрылымдануын айқындауды көздейді.

Когнитивизм – бұл адамның зердесін, ойлау қабілеті мен ментальді әрекеттері және оның жай-күйін зерттейтін ғылыми бағыт. Адамның білімі мен танымы туралы, дүниені қабылдау және ұғыну тетіктері туралы ғылым. Когнитивизмнің басты зерттеу нысаны – адамзаттық когниция.

Таптаурын (стереотип)– білім алудың қайнар көзі, когнитивтік үлгі қалыптастырушы ментальді әрекет, яғни адам санасында туындайтын дүние бейнесінің бір үзгі. Таптаурындар қоршаған орта мен әлем жайындағы бейнелі (ментальді) түсініктердің қысқа әрі нұсқа сипаттама-сы – тілдік категориялаудың құрамдас бір бөлігі.

Тілдегі андрозектілік – тілдің қоғамдағы әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерді сипаттауда ер адамдық белгілерді негіз етіп алуымен байланысты, соның ішінде тілде еркектің басым бейнеленуі мен әйелдің қатысын жеке әрекетімен шектеп көрсетуі.

Тілдегі гендерлік асимметрия – ер мен әйел жынысын ерекшелейтін тілдік бірліктердің қолданылуындағы біркелкіліктің болмауы.

Феминизм – латынның *femina* сөзінен шыққан әйел дегенді білдіретін термин. Алғаш рет бұл терминді 1895 жылы Элис Росси қолданған. Қазіргі уақытта феминизмнің көптеген анықтамалары бар. Көбінесе феминизм жыныстардың теңдік теориясы, әйелдер бостандығы үшін күрес орайында түсіндіріледі. Феминизмнің алғашқы толқыны XX ғасырдың алғашқы жартысында пайда болды. Феминизм бірнеше бағытта дамыған: анархо-феминизм, консервативтік феминизм, гуманистік феминизм, буржуазиялық феминизм, радикалдық феминизм, либералдық феминизм т.б.

Фемининдік – әйел жынысына қатысты қалыптасқан мінездемелер, қоғамда әйелден күтілетін, әйелдік деп танылатын белгілер (мінез-құлық, іс-әрекет, жүріс-тұрыс, т.б.).

Феминистік лингвистика (*тілдегі феминистік сын*) – зерттеу нысанына сәйкес, өзіндік әдіснамасы бар, адам туралы ғылым салаларының (психология, әлеуметтану, этнография, антропология, тарих, т.б.) нәтижелерін лингвистикалық зерттеулерге кең пайдаланатын, тіл саясатын жетілдіру идеяларын берік ұстанған, ғылыми пікір-таласқа құрылған бағыт. XX ғасырдың 60-жылдарының соңы мен 70-жылдардың басында Америка мен Германияда «*әйелдердің жаңа қозғалысы*» әсерімен пайда болған бұл бағыт патриархатты, яғни қоғамдық және мәдени өмірдегі еркектердің басымдығын сипаттайды, тілдік дүниетаным тек антропоцентристік (*адамға бағытталған*) ғана емес, андроцентристік (*ер адамға бағытталған*) сипат алған деп түсіндіреді.

Экзистенциализм – нақты болмыстағы жеке тұлғалық адам тірлігіне негізделген философиялық ілім. Тұлғаның экзистенционалды мәртебесі ең алдымен жас пен жыныс категорияларына байланысты қарастырылады.

АЛҒЫ СӨЗ	3
1-ТАРАУ. ГЕНДЕРЛІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ	5
1-ТАҚЫРЫП. Тілдің гендерлік жіктелімін зерттеудің жалпы ғылыми алғышарттары	–
1.1 Гендер ұғымы жөнінде түсінік	6
1.2 Тіл мен гендер байланысы: философиялық тұжырымдар.....	11
1.3 Тілдің гендерлік жіктелімі: мәдени-әлеуметтік және тілдік-әлеуметтік мәні.....	16
2-ТАҚЫРЫП. Гендерлік лингвистиканың қалыптасуы	30
2.1 Тіл білімі тарихындағы тіл мен жыныс мәселелерінің зерттелуі.....	-
2.2 Әлеуметтік лингвистика аясындағы гендерлік зерттеулер	34
2.3 Феминистік лингвистика және тілдегі феминистік сын.....	40
2.4 Маскулиндік және этно-лингвомәдениеттанымдық зерттеулер	48
3-ТАҚЫРЫП. Гендерлік лингвистиканың даму бағыттары	51
3.1 Шетелдік гендерлік-лингвистикалық зерттеулердің негізгі бағыттары.....	–
3.2 Қазақ тіл білімінің гендерлік бағытының даму ерекшеліктері.....	59
2-ТАРАУ. ГЕНДЕРЛІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ТІЛ ҒЫЛЫМЫ ЖҮЙЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ	70
4-ТАҚЫРЫП. Гендерлік лингвистика: ғылыми сипаттамасы	–
4.1 Гендерлік лингвистика, мақсаты мен міндеттері	–
4.2 Гендерлік лингвистикадағы биодетерминистік және социодетерминистік бағыттар.....	76
4.3 Тілдегі гендерлік асимметриялар типологиясы.....	78

5-ТАҚЫРЫП. Гендерлік лингвистиканың когнитивтік сипаты.....	88
5.1 Гендерлік категориялау.....	–
5.2 Гендерлік категориялаудағы когнитивтік үлгілер.....	90
5.3 Гендерлік категориялаудың метафоралық табиғаты.....	95
5.4 Радиалды және кластерлік үлгілер.....	97
6-ТАҚЫРЫП. Гендерлік концепт және концептосфера	101
6.1 Гендерлік концепт.....	-
6.2 «Еркек» концептосферасы	105
6.3 «Әйел» концептосферасы	112
7-ТАҚЫРЫП. Гендерлік таптаурындардың тілдегі көрінісі.....	119
7.1 Гендерлік таптаурындар.....	–
7.2 Қазақ тілінің лексика-паремологиялық жүйесіндегі гендерлік таптаурындар	121
8-ТАҚЫРЫП. Гендерлік жіктелімнің тіл деңгейлеріндегі көрінісі	138
8.1 Фонетика деңгейіндегі гендерлік ерекшеліктер	–
8.2 Гендерлік жіктелімнің лексикалық сипаты.....	145
8.3 Гендердің грамматикадағы көрінісі	156
8.4 Гендерлік жіктелімнің стилистикалық өзгешеліктері.....	159
Әдебиеттер.....	169
Терминдер сөздігі.....	183

Гүлжан Шоқым

ГЕНДЕРЛІК ЛИНГВИСТИКА НЕГІЗДЕРІ

Оқулық

Компьютерде беттеген
Мұқаба дизайнері

**Ақылова А.Т.
Байболатов Қ.Қ.**

Басуға 01.11.2012 ж. қол қойылды. Пішімі 60×90^{1/16}.
Баспа табағы 12,0. Шартты баспа табағы 9,12.
Есептік баспа табағы 11,16. Офсеттік басылым.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс 3/103-12.

«Экономика» баспасы» ЖШС
050063, Алматы қаласы, Сайын көшесі, 81-үй